



Издательство
«Северный Казахстан»

Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспанов, З. Тайшыбай

АТАМЕКЕН АТАУЛАРЫ

**Солтүстік Қазақстан облысының
топонимикалық атаулары**

Петропавл қаласы, 2015

Солтүстік Қазақстан облыстық тілдерді дамыту
басқармасының тапсырысы бойынша дайындалған.
Солтүстік Қазақстан этномәдени ғылыми зерттеулер
институты Ғылыми кеңесі мақұлдаған, хаттама № 1
30 қыркүйек 2015 жыл.

УДК 81.373.2
ББЖ 81.2-3
А 94

Пікір жазғандар:

Е. Тоқшылық, әлеуметтік ғылымдар магистрі
С. Мәлікова, тарих ғылымдарының кандидаты
А. 94. **Атамекен атаулары**

(Солтүстік Қазақстан облысының
топонимикалық атаулары. Ғылыми басылым)

Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспанов, З. Тайшыбай
Петропавл, «Северный Казахстан», 343-бет.

ISBN 978-601-7247-70-6

Еңбекте қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын аумақтың жер-су, елді мекендер атаулары тарихи және этнолингвистикалық тұрғыда зерттелген. Уақыт жағынан алғанда 1830-2015 жылдар аралығын қамтиды. Облыстағы ономастикалық жұмыстың жайына шолу жасалған және бұл тараптағы тәжірибе мен Қазақстан заңнамалары талданған.

Кітап ономастика жұмысымен айналысатын мамандарға, мемлекеттік қызметшілерге, өлкетанушыларға, студенттер мен жоғарғы сынып оқушыларына арналған.

УДК 81.373.2
ББЖ 81.2-3
ISBN 978-601-7247-70-6



*Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен Күнім.
Мағжан Жұмабаев.*

БЕТАШАР ОРНЫНА БІР-ЕКІ АУЫЗ СӨЗ

«Туған жердің түтіні де тәтті» дегенде түтіннің тура мағнадағы дәмі емес, оның туған жерден шығып тұрғаны тәтті көрінеді екен ғой. Кіндік қаның тамған жерді сағынғандықтан, сәбилік шағың өткен, бала болып ойнап, ес жиып, етек жапқан, оң қол-сол қолыңды таныған шағыңның куәгері болған соң тәтті көрінеді ғой. Солтүстік өлкенің сүйікті ұлы, жалынды жыршысы Сәбит Мұқанов атамыздың туған жер туралы толғаныстары, атамекеннің әр тасы мен төбешігі, айнадай жарқыраған көлдері мен шоқ-шоқ тоғайларының атын жасынан жаттап өскен жершіл азаматтың жазбалары Отансүйгіштік оқулығындай жетелеп отырады.

«Петропавлға келе сұрастырсам, – дейді жазушы. – Жаманшұбар жерінің қай совхозға қарауын білетін адам жоқ екен. Оларды кіналауға да болмайды, – географиялық картада ондай ат жоқ. Бірақ, мен Жаманшұбардың жолын ешкім айтпай-ақ табам», деп алады да бастаушы алмай-ақ жүріп кетпек болады. Ойша құрған жоспары бойынша тас жолмен жылдамдатпай, сағынышын басып, көкірек кере тыныстап, қазақ даласының өгей ұлдары түсіне бермейтін көркем келбетін тағы тамашалап құмарынан шыққысы келген болуы керек, өзі ежелден жаңылмайтын жол сорабын қағазға былайша түсірген: «...білетінім, ауыл арасының жолы. Ерте кезде, ұсақ ауылдарды аралап қиқаң-сиқаңы көп болатын бұл жолмен... Петропавл, Архангельск, Бүгілім (Боголюбовка), Талапкер, Жекекөл, Орталық, Жекекөл (Благовещенка), Майбалық. Одан әрі жайлау – Жаманшұбар». Сәбең 1930 жылы келгенде: «Маршрутым: Бескөл, Надеженка, Боголюбов, Өрнек, Алтай-Мұрат, Қоржынкөл, Жекекөл, Майбалық, өз ауылым».



Міне, бүгінгі замандастарымыз көңіл аударып, «Сәбит жолы» деп арнайы атап, құжаттап, хаттап, туристік маршрут жасайтын тарихи сапар жолы – осындай-ақ болар. Өзге емес, Сәбеңнің өзі аңсап, зор құрметпен артына аманат ретінде жазып, таңбалап кеткен сорапты ұмытуға бола ма? Жол бойы тұнып тұрған шежіре, әр ауылы теріскейді ежелден мекендеген халықтардың әрілі-берілі тарихынан сыр шертеді. «Жаманшұбар Докучаев атындағы совхоздың қарамағында екен... Жолда «Жамбыл» және «Украина» аталатын екі совхоздың жерінен өту керек. Олардың жерлері де маған таныс: «Жамбыл колхозының негізінде «Жарқын», «Суаткөл», «Есперлі» ауылдарынан құрылған», деп келеді де, Сәбең Иван Шухов деген жерлес жазушының осы маңда туып-өссе де, осы совхоз туралы сол жылы жарияланған очеркінде бірде-бір қазақтың атын атамағанына реніш те білдірген. «Украина» орнаған жерде бұрын «Уақ-шоға» деп аталатын көп ұсақ ауылдар отыратын еді... Орталығы бұрын Шәліңке аталатын қыстаудың орнына салыныпты, ол – бізге белгілі ақын Баймағамбет Ізтөлин туып-өскен жер».

Жазушы шығармасында жер-су атауларын түсіндіріп, ерекшелігін ежелгі қазақ тұрмысымен қабыстыра баяндап кетеді: «Бұл маңайда, бұрын үш ауылдың қыстауы болушы еді, Жаманшұбар, Батпақкөл және Өтей-Дәуіш. Жаманшұбарда көл жоқ, суды құдықтан ішетін, бірақ құдық суы тапшы болып, кейбір қыста малдары да, жандары да қарды еріткен сумен күн көретін. Батпақкөлді қыстаған Мәмек пен Аңдамасқа көлдің суы кейде жетіп, кей жылда тапшы болып, сондықтан, олар да қар ерітіп күн көретін».

Қадірлі қаламгердің қазақ тарихына да, әдебиеті мен мәдениетіне, ғылымына салған жолы ұрпақтар санасында осылайша жаңғырып, жарқырап жатқандығын көрсететін шағын мысалды келтіре отырып, жер-су атаулары туралы «топонимика» деп аталатын ғылымның танымдық, тәрбиелік маңызына назар аударғымыз келді.

Әлдеқандай біреудің сұрауымен немесе ұйғарымымен атала салмаған, халық тарапынан қойылған жер-су атаулары – сол жердің табиғи құжаты болып табылады. Әрбір географиялық атау географиялық картада, ресми құжаттарда



өз орнын табуы керек. Ол үшін ел болып жұмылып, түзетіп, қалпына келтіру, зерттеулер жүргізу, баршамыздың міндетіміз болғандықтан, авторлардың шағын тобы осы шаруаны қолға алғалы бірталай уақыт өтті.

Зерттеушілердің есебі бойынша Қазақстанда шамамен 2,7-3 млн. шамасында әртүрлі географиялық атау бар деп есептелінеді. Өкінішке орай, осындай халықтың рухани байлығы қазіргі уақытқа дейін жүйелі түрде толық. Осы кезге дейін ірі масштабты топокарталар географиялық атаулардың бірден-бір сақтаушысы ретінде саналуда. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан топонимикалық кеңістігінің әлі шешімін таппаған мәселесі көп. Жер-су атауларын жинақтау, оларды реттеу, дұрыс таңбалау, тарихи атауларды қалпына келтіру, аймақтық сөздіктер, анықтамалықтар шығару сияқты топонимиялық, теориялық және қолданбалы мәселелерге республика үкіметі үлкен мән беріп, тиісті Бағдарлама, заңнамалық актілер қабылдады.

Осы орайдағы Бағдарламада терминологиялық және ономастикалық сөздіктер шығаруға, әкімшілік-аумақтық карталарды мемлекеттік тілде сөйлетуге жан-жақты көмек көрсету, қаржыландыру мәселелері көрсетілген.

Бағдарлама шеңберінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша қазақ тілінде «Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі» (2007) атты монография, Павлодар облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша алғаш рет қазақ тілінде «Павлодар облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы» (2007), «Ертістің – Аққулы өңірінің жер-су аттары» (2007), әкімшілік-аумақтық карталар топтамасы (Ақсу, Екібастұз, Ақтоғай, Ертіс, Баянауыл, Железин аудандары). Осындай іргелі еңбектер Қарағанды облысында¹, жеке аудандарға арналған топонимикалық сөздіктер, анықтамалықтар Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай т. б. облыстарда жарық көрді.

1. Жартыбаев А. Е. «Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері Алматы, 2006.



Соңғы 10 жылдың мұғдарында жазылған, шыққан ғылыми еңбектерде әр аймақтағы топонимдерінің пайда болуы, дамуы, қалыптасу тарихы, тілдік қабаттарының құрамы, олардың тарихи өзгеру, қалыптасу заңдылықтары жергілікті халықтың тарихы, тұрмысы, экономикалық-әлеуметтік байланыстарымен сабақтастырыла баяндалған.

Қазіргі таңда ұлттық мәртебемізді әлемге танытатын құжат деп атауға тұрарлық Қазақстан Республикасы географиялық атауларының каталогтары құрастырылуда. Оны жасау бірер адамның қолынан келмейді және осы орайда Йан Маклеод есімді ғұламаның «Тарих – тым жауапты іс, оны тарихшыларға сеніп тапсыруға болмайды» деген терең мәнді сөздері еріксіз еске түседі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы География институтының топонимика тобы карталардағы топонимдерге объективті түрде ғылыми баға беруде, сондай-ақ әрбір облыстың бұрмаланған атауларын қалпына келтірген «Географиялық атаулардың каталогтарын» жасап, басып шығаруда. Мәселен, осы күнге дейін Ақмола, Алматы, Қарағанды, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының (1-2 т.) каталогтары т. б. дайындалды.

Тіл мамандары, тарихшылар мен географтардың бірлесіп жұмыс істемеуі салдарынан топографиялық карталардағы атаулардың жартысынан көбі үлкен бұрмаланумен берілгендігі соңғы кезде мінбелерден айтылып, мерзімді баспасөзде жазылып та келеді. Қазақстан картасын қазақша сөйлетеміз деп жүрген азаматтар тілді жетік білмегендіктен, оның үстіне тіл мамандарымен, топонимистермен, жер жағдайын жақсы танитын ақсақал-қарасақалдармен ақылдаспағандықтан, өз еңбектерінде өрескел қателер жіберді. Міне, осындай олқылықтарға жол бермеу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің География институты, Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтымен және Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорымен» бірлесіп, «Қазақстан Республикасының географиялық атауларын қазақшадан орысшаға аудару және



орыс тілінде қалыптасқан атауларын қазақша берудің нұсқаулығын» даярлап, маңызды бір сауапты іс жасады. Сөйтіп, бұл еңбек Тәуелсіздік алғаннан бері қарай жүзеге асып келе жатқан ұлттық саясат пен тіл идеологиясының аясында сұранып тұрған, өмірлік маңызы ерекше тарихи, қоғамдық-саяси үдерістердің арнасына жаңа леп болып қосылды.

Қолдараңыздағы ұжымдық еңбек Солтүстік Қазақстан облысы топонимиялық кеңістігін осындай деңгейде ғылыми-зерттеудің бастамасы, кейінгі берекелі ізденістерге жоралғы болар деп қабылдаңыз. Бұл жұмысқа дерек көзі ретінде облыс тарихының ХҮІІІ ғасырдың екінші ширегінен бері қарай жарық көрген материалдар алынды. Оның ішінде, әсіресе Ақмола облысының Естелік кітапшалары деп аталатын ресми басылымдардың жөні бөлек. Мемлекеттік тапсырыспен, арнайы білімі бар қызмет адамдарының ресми есеп-санақ құжаттарын негізге ала отырып дайындаған жинақтарындағы мәліметтерге сенбеуге болмайды. Бұл арада Зерттеушілер тобы «Ақмола облысының Естелік кітапшаларының» 1887, 1913, 1914, 1915, 1916 жылдары шыққан нұсқаларын зерттеп, кәдеге жаратты. Билік орындарының жинаған, сұрыптаған материалдары соның алдындағы жылдармен салыстырылып берілуі есеп-санақ деректерінің нақтылығына жетелейді деген ойдамыз. Осы еңбектерден сүзіп алып, деректану тұрғысынан тексеріп, ретке келтіріп, қазақша нұсқасын жасадық.

Есеп-санақ жинағының қазақша толық атауы: «Жерге орналастыру және егін шаруашылығы бас басқармасы». Ақмола облысындағы қазақ шаруашылығы. ІІІ т. – Петропавл уезі. 1901 жылы жасалып, 1908 жылы қайта тексерілген. СПб. –1910 жыл. Мағлұматтар толық болуы үшін сол кездегі Петропавл уезінің әкімшілік-аумақтық бөлінісімен шектеліп қалмай, Солтүстік Қазақстан облысы аумағының қазіргі жағдайын бейнелейтіндей дәрежеде, бұрынғы Көкшетау уезіне тиісті болған, қазіргі Ақмола және Қостанай облыстарына қарайтын аумағынан тиісті бөлік алынды. Сөйтіп, өз облысымыздың қазіргі топонимиялық кеңістігі мүмкіндігінше тарихи түрде қамтылды. Бұл деректерді шартты түрде «тарихи топонимика» деп алдық. Нақты ғылыми атау тала-



бына сәйкес келе қоймаса да, деректердің тарихилық бағасын береді-ау деген ойдамыз.

1901 жылы қағазға түсіп, 1908 жылы қайта түсірілген жер пайдалану жағдайының тізбесі (бұдан былай, қысқаша «Тарихи топонимика») сол кездегі Ресейдің отарлаушы әкімшілігінің жасаған кестесіне сәйкес, бірнеше бағандарға бөлініп жазылған. Алдымен жер иесінің, яғни шаңырақ иесінің аты мен әкесінің аты (кейде «ов» қосылып, кейде қосылмай берілген), одан кейін қыстау-мекенінің аталуы, жердің кадастрлік сапасы, көлемі, қандай зонаға жататыны, ақырғы бағанда, қазіргі біздің түсінігіміздегі «мекен-жайы» дегенді білдіретін болса керек, «ауыл кімнің атымен аталады, руы немесе ауыл ақсақалы» деген мәлімет берілген. Осылардың ішінен ғылыми-зерттеу мүддесі үшін: 1) қыстау-мекен иесінің аты-жөнін (антропоним), 2) қыстау-мекенінің атауын (ойконим) және 3) руын немесе ауыл ақсақалының атын (этноним) сүзіп алдық.

Аталған мәліметтерді ғылыми сұрыптаған кезде: кісі саны 4590 болды, мұның ішінде қайталап келетіндерінің санын жақша ішінде көрсетіп, (мысалы екі Ахмет, төрт Омар, он Оспаннан бір-бірден ғана) тек жалқы есімдерді ғана алғанда, барлығы 2544 есім (антропоним) болды; қыстақ-мекендердің атаулары да солай жасалды – санағанымызда 2255 қыстау, немесе шаңырақ (түндік-жеке шаруашылық) болса, қайталанып келгендерін есептемегенде 1356 атау (ойконим) іріктелді. Тізбенің соңғы бағанындағы «ру-тайпа атаулары немесе ауыл ақсақалының аты» деп 764 этноним теріп алынды. Бұларға қоса 1833 жылдан 1917 жылғы революцияға дейін, Кеңес өкіметі кезінде, дәлірек айтқанда Ақмола губерниясы, Қызылжар округі, Қарағанды облысы, ең аяғы Солтүстік Қазақстан облысы құрамындағы әкімшілік-аумақтық бөлініс тарихын кеңінен көрсету мақсатымен, Ресей құрамындағы қазақ және орыс болыстарының, казак станицаларының, 56 ауданның, ауылдық, селолық және поселкелік советтер мен селолық округтердің 481 атауы тізіліп, бүгінге дейінгі жағдай қамтылды.

Жұмыстың тақырып аясына сәйкес, тек қана топонимдер зерттелді, олардың жасалу жолдары, семантикасы, апелляция-



тивтік қызметі қарастырылды, жекелеген типтерге бөлінді. Кісі есімдері мен этнонимдер жеке зерттеуді қажет ететіндіктен, олар тек қана анротопонимдерде кездескен жағдайда ғана қаралды. Зерттеу тақырыбына симаитындықтан, «тарихи топонимика» тізіміндегі көптеген атаулардың қазіргі жағдайы толық тексерілген жоқ, кейбір тұстарда ғана еске алуға тұрарлық факт ретінде аталды. Кітап авторлары қолдағы антропонимдер мен этнонимдердің, басқа да жалқы есімдердің облыс аумағынан жинақталған қоры келешекте талай қызықты зерттеулерге арқау боларына сенеді.

Сара тақырып арнасы «Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық атаулары» болғандықтан, топонимиялық кеңістіктің қазіргі жағдайына едәуір көңіл бөлуге тура келді. Бұл тұрғыда бізге нақты дерек көзі болған «Государственный каталог географических названий Республики Казахстан. Том 2. Издание третье, переработанное и дополненное. Северо-Казахстанская область. Алматы, 2011» және «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 2 том. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, 2012 ж.» деген басылымдар.

Бұлардың алғашқысы 2011 жылдың 1 ақпандағы мәлімет бойынша жасалған. Түсіндірмеде «Каталогты жасау үшін оның негізгі деректері ретінде масштабы 1:100 000-дық мемлекеттік картада берілген атаулар қабылданғаны, сондай-ақ оған География институтының топонимикалық картотекасының деректері, ведомстволық, статистикалық және басқа да мәліметтер пайдаланылғаны айтылған. Мұнда 7 мыңнан астам таулардың, шоқылар мен төбелердің, қоныстар мен мекендердің, өзен-көлдердің, камыстар мен томарлардың, тоғайлар мен шоқ ағаштардың... басқа да географиялық нысандардың атаулары берілген.

Екінші каталог Солтүстік Қазақстан облысының тарихында тұңғыш рет қазақша шығарылған және білікті мамандардың ықтиятты жұмысының жемісі деп бағалауға тұрарлық еңбек болып шыққан. Кейбір селкеу кемшіліктері болғанымен, мынадай маңызды бастаманың ақталған нәтижесі деп білеміз. 2001 жылы жасалған каталогты қайта өң-



деп, құрастырушылар, өткен уақыт аралығында орын алған өзгерістерді қамтыған, географиялық атаулардағы ағаттықтарды жөндеген, әсіресе, топонимдердің қазақша және орысша дұрыс жазылуына мұқият қараған. Бұл екі каталогта тек қана анықтамалық құралдар емес, өлкеміздің өткен тағдырына, келешегіне ден қойған саналы азаматтың әрбіреуіне ой салады деп есептеуге әбден болады.

Бұларға қоса, бағалы дерек ретінде облыстың өткен 80 жыл ішіндегі әкімшілік-аумақтық бөлінісіне шолу жасалды. Бұл бөлімнен елді мекендердің, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атаулары қалай қалыптасып, қалай өзгергені, жоғалғаны туралы нақты мағлұматтарды, мемлекеттік деңгейдегі құжаттарға сілтеме жасай отырып, бергенді жөн көрдік.

Осы тақырыпты зерттеп, еңбек ретінде қалыптау барысында облысымыздың әкімшілік-аумақтық бөлінісінің тарихына да едәуір орын берілді. Осы тұрғыдағы тұңғыш талпыныс болғандықтан, Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл, Солтүстік Қазақстан облысының шаңырақ көтергеніне 80 жыл толып отырғанда, еліміздің өткен тарихын бір шолып қайтуды артық көрмедік. Сондықтан, XX ғасырдың басындағы күрделі қоғамдық-саяси сілкіністердің салдарынан, заман өзгеріп, Кеңес өкіметінің билігі орнады. Осыдан кейін Қазақ автономиялы Республикасының құрамында Ақмола губерниясының қалай құрылғанына, сол губернияның, одан кейін Қарағанды облысының орталығы болған Петропавл қаласының және Тәуелсіз Қазақстан экономикасы мен өндірісінің, мәдениеті мен ғылымының аса маңызды аймағындағы әрбір елді мекен мен ауданның қалай қалыптасып, дамығанын көрсетпекке ниет еттік. Сексен жыл ішіндегі ірілі-уақты өзгерістер, бәрі біздің өткен тарихымыз болғандықтан, әрқайсының себебі мен салдары нақты құжат түрінде көрсетілді.

Бір сөзбен айтқанда, «Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Қазақстан халқының бір бөлегі мекендейтін Солтүстік өлкенің осынау құнарлы да құтты жерлерін қиын-қыстау заманды бастан кешіп, біз үшін сақтап қалған аталарымыздың еңбегі осы шағын еңбектен байқалса деген үміттеміз.



Жер шарындағы ең көлемді Еуразия құрылығы болса, соның бес пайызын алып жатқан Қазақстан жерінің ауданы бойынша дүние жүзінің ең ірі мемлекеттерінің бірі болып табылады және осы көрсеткіш бойынша «Ұлы дала» дүние жүзінде Ресейден, Канададан, Қытайдан, Ақш-тан, Бразилиядан, Аргентинадан кейінгі 9-орын алады. Осындай кең-байтақ аумақта жасалып, қорланған миллиондаған эндогендік топонимдер халықтың жадында сақталуының арқасында біздің заманымызға дейін жетті. Бірақ, өкінішке орай, бұл орасан көп атаулар әлі күнге дейін бір жерге толығымен жиналмай, жүйеленбей және жан-жақты зерделенбей келеді².

Кеңес заманында бұл мәселеге айрықша көңіл бөлінбей, ежелгі жер-су атауларын зерттеу мәселесімен жекелеген «жанкешті» зерттеушілер айналысты. Соның өзінде, Қазақстаннан басқа республикаларда ономастика мәселесіне ден қоюшылар қатары біртіндеп болса да көбейе берді. Әсіресе, ономастиканың топонимика сияқты маңызды саласы, соңғы жылдары даму үстінде. Қазақстан Республикасының өз Тәуелсіздігін жариялауына 25 жыл толып отырғанда, өз облысымыздың топонимикасына да зер салып, ата-мекен атауларына Отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралы ретінде танып, бұл атауларға тек тіл білімі тұрғысынан ғана емес, педагогика, тарих, әлеуметтану ғылымдары тұрғысынан қарап, қайта зерделу жөн болар еді.

Тарихи топонимика, дәлірек айтқанда, тәрбиенің пәрменді құралы болып табылатын тарихи өлкетану талпыныстарының қайнар көзі. Еліміздің жас жеткіншектері өз Отанын мақтан еткенде, оның әр ауылының, өзені мен көлінің, төбесі мен тауының, тіпті шоқ-шоқ ағашының қалай аталғанын білгісі келетіні табиғи қажеттілік. Ендеше осы қажеттілікті өтеу әр облыс пен аудандағы мемлекеттік мекеме ғана емес, жеке кәсіп иелерінің, әрбір сауатты азаматтың міндеті.

Жоғарыда айтқанымыздай, Кеңес дәуірінде географиялық атауларды жинау және жүйелеу мәселесі тек шару-

2. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 2 том. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, 2012 ж. 4-бет.



ашылық аймақтардың бөлісі, экономика мүддесі тұрғысынан қаралды. Бұрынғы Қазақ ССР-ында географиялық атауларды каталогтау жұмыстары Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінде, кейбір салалық министрліктер мен жеке ведомстволарда ғана жүргізілді. Олар белгілі бір тапсырма алғаннан кейін ғана, арнайы тізімдер жасады, солардың негізінде жеке аумақтық анықтамалықтар шығарып тұратын. Тәуелсіздіктің алдында, яғни 1989 жылға дейін, ең жоғарғы мемлекеттік деңгейде, үкімет тапсырмасы негізінде айналысқан ғылыми мекемелердің бастамасымен дайындалған, «Әкімшілік-аумақтық бөлініс» деп аталатын анықтамалықтың таралымы өте аз болғандықтан, олар тек ресми қызметтік құжат түрінде қызмет етті. Топонимиканың аса маңызды ғылыми-танымдық, тәрбиелік, тіпті эстетикалық көркемдік маңызына көңіл бөлінбеді. Бұл басылымдар мәдениет тарихын, этнографияны, қажет десеңіз, философия тарихын арнайы зерттеушілер үшін дерек көзі қызметін атқаруы да маңызды құбылыс деуіміз керек.

Мысалы, осындай анықтамалықтың соңғысында 10,8 мыңға жуық әкімшілік-аумақтық бірліктер жинақталды. Сөйтіп, олар түрлі географиялық карталар мен атластар жасағанда басшылыққа алатын негіз түрінде кәдеге жаратылды. Пайдасы осы десек, мұндай анықтамалықтардың тілдік, ұлттық танымдық қасиеттері ақсап жататын. Бір кезде естіліп, ауызша тараған жер-су аттары орысша бергенде адам танымастай өзгеріп, елді мекен атаулары, жол белгілері ретінде тоқтаусыз таралып, зиянды әсерін көбейте берді. Шынын айту керек, мұндай бассыздыққа Тәуелсіздік жылдары, Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы қабылданып, жүзеге аса бастаған кезде ғана тиым салынды.

Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл Білімі институтының күшімен жасалған анықтамалықтың негізінде «Қазақстан Республикасының топонимикасы» деген атпен 2001 жылы жаңа анықтамалық басып шығарылды. Басылымның айрықша құндылығы – мұнда географиялық нысандардың атаулары қазақша және орысша жарыстырып берілді. Сөйтіп, бұл кітап алдымен, ономастикалық сауат ашу құралы ретінде құнды болса, бір кезде өзге тілге аударылғанда бұрмаланып,



сол күйі қалыптасып кеткен атаулардың түп-негізі қандай болғанын көрсететін танымдық құны бар ғылыми еңбек түрінде дүниеге келді.

Игі іс осылай басталып, сең қозғалды дегенмен, бұл кітаптың таралымы аз болды, атамекен атауларына зер салғысы келетін, зерттеулерді кеңейткісі келетіндердің қолына түспейтін құрал болып қалды. Құрал деуіміздің өзі артықтау болар, осындай құнды еңбектің сараптамадан өткені де күмәнді, Қазақстан Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастика комиссиясы оны бекітпеген еді. Осылайша әуесқойларға ғана арналғандықтан, нормативтік құжат болып саналмады.

Еліміз Тәуелсіздік туын көтеріп, талай-талай құндылықтарды қайта қарап, тарихи әділетті қалпына келтіруге бағытталған талпыныстарға сай, ономастикалық жұмыстарға қойылатын талаптар да өзгерді. Елді мекендер мен әкімшілік-аумақтық бөліністер ретке келтіріліп, бірлік болып табылатын нысандардың бұрмаланған атаулары түзетіле бастады. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы қаулысына сәйкес, кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелер мен басқа да физикалық-географиялық нысандарды атау мен қайта атаудың, атауларды өзгертудің тәртібі бекітілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 1998 жылғы 17 наурызда еліміздің шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездескенде, қатысушылар тарапынан осы мәселе де қозғалды. Сонда, Елбасымыз ашық та, айқын былай деген болатын: **«...ономастикалық саясатты босандатуға болмайды. Жалтақтай беретін ештеңе жоқ. Отаршыл заманды еске алып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің өзіндік заңдылығын, табиғи үндестігін бұзып тұрған атауларды да ауыстырмай болмайды...»**³

3. Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Астана, 2004, 106-бет.



Әрине, бұл жұмыстар оңай атқарылып келе жатқан жоқ. Жалпы республиканы тұтас алып қарағанның өзінде ономастикалық жағдайлардағы баяулық пен енжарлық барлық аймақтарда біріне-бірі өте ұқсас «Олар – әлі де жалтақтықтың басымдығы, нақты тәжірибенің аздығы, кей ретте көзбояушылықтың орын алу, нақты тетіктерді тауып, қосуға деген ерік-жігер мен білім-біліктің, белсенділіктің жетіспеуі, қажетті қаржы мөлшерімен қамтамасыз ету мәселесінің шешімін таппауы, көптеген басшылардың осы мәселелерге қатысты өздерінің жеке жауапкершіліктерін әлі терең сезінбей жүргендігі және оларға бұл ретте тиісті талап қойылмай келе жатқандығы, т.б»⁴.

Жер-су атауларына зер сала қараған адам, сол атаулардың астарындағы ғажайып сырларды танып, қайран қалар еді. Әрбір халықтың санасында бұл атаулар ғасырлар қойнауындағы қазына ретінде бағаланады. Қазақ халқы ежелден елді мекендердің, жер, су, өзен, көл атауларының мән-мағынасына, тарихына ерекше көңіл бөлген. Әр дәуірдің ескерткіші ретінде халық тарихының, ұғым-нанымның дерегі саналып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын тарихи жәдігерлерді құрметтеп, аялап сақтап білу – азаматтық борыш болуға тиіс.

Бұл атаулар тек географиялық белгі ғана емес, мәдениетіміз бен сан ғасырлық тұрмысымыздың, тіліміздің барша тарихы мен заңдылықтары да осы атаулардан табылады. Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың қазіргі кезеңінде ономастика мәселесі тек қазақ тіл білімінің аясымен ғана шектелмей, саяси-әлеуметтік, тарихи, мәдени мәні зор, ұлттық, құқықтық, идеологиялық, моральдық шешімді талап ететін өте күрделі құбылыс болып саналады. Сондықтан да, ономастика проблемаларына мемлекеттік маңыз беріліп отыр.

Ономастика – кең мағнасында (гректің «onomastikys» – атау беру) – тіл ғылымының меншікті есімдерді, олардың шығу тарихын, ұзақ уақыт тұрақты қолдану нәтижесінде түрленуін, дамуын, таралуын зерттейтін саласы. Ықшам

4. Ономастика: бүгінгі мен болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Астана, 2002, 4-бет.



мағынасында әртүрлі жағдайдағы меншікті есімдер, жалқы есімдер, атаулар жүйесі.

Топонимика – гр. «*topos*» – *жер, мекен* және «*опута*» – «*ат, атау*» деген сөзінен шыққан географиялық атауларды, оның мән-мағынасын зерттейтін ономастиканың негізгі бөлігін білдіреді, *топонимия* – белгілі бір елді мекеннің (*аудан, облыс, елдің* т. б.) географиялық атауларының кешені деген сөз. Әрбір нысанның бейнелі топонимдік атаулар сипаты бойынша төмендегідей негізгі түрлерге бөлінеді:

- гидроним – гректің «*hydor*» – «су» деген сөзі, яғни су нысандарының атауы;
- ороним – гректің «*oros*» – «тау» деген сөзі жер бетіндегі бедерінің кез-келген бірлігінің жалқы атауы, оның ішінде *тау, төбе, шоқы, құз* және т. б. атауы;
- ойконим – гректің «*oikos*» – «*тұрғылықты мекен*» дегенді білдіреді, кез-келген елді мекеннің жалқы атауы, оның ішінде қала типтегі атау – *астионим*, ауыл типтес елді мекен – *комоним* деп аталады;
- Ал, нысандардың көлемі бойынша топонимдердің мынадай екі деңгейі атап көрсетіледі:
- макротопонимия – ірі табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандардың және саяси әкімшілік бірлестіктердің атауы;
- микротопонимия – шағын географиялық нысандардың, әсіресе жергілікті ландшафтың (*орман, тоғай, алаң* т. б.) атауларын жекелей атау⁵.

Қазақ этносы ежелден мекендеп, күні бүгінге дейін осы жерді жайлап- қыстап, осы жерде өсіп-өніп, әр ұрпақ алдыңғы ата-бабаларының салт-дәстүрлерін сақтап, байытып, келер буынға табыстап келе жатқан ұлы тарихымыздың куәсі – туған жеріміздегі әрбір атауға ие белгілер. Бұл белгілерді ғылым тілінде географиялық нысан десек, солардың әрқайсының ономастика деген жалпы атауға кіретін, топонимика деген – географиялық атаулар туралы ғылымға лайық есім-атаулары бар екен. Топонимиканы зерттеу ғылымы

5. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. 1, 327 б.



тіл, тарих және география деген ұштағаннан тірек табады, солармен нәрленеді, солар арқылы айқындалады. Осыдан былайғы сөз саптасымыздан байқалатындай, «топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысында шешіле бермейді, ...онымен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді⁶».

ТАРИХИ ШОЛУ

Солтүстік өлкеде жер-су аттарының орынсыз өзгеруі, шамамен осыдан 230-250 жыл бұрын басталған болатын. Айталық, отарланған елді мекендердің қазақша атауларын орысшамен айырбастау туралы әскери губернатор Г. Меншиковтың бұйрығы 1774 жылғы 1 қаңтардан орындала бастады. Әкімшіліктің зорлық күшімен өзгерген алғашқы атаулар, мысалы, мыналар екенін еске салайық:

Омбы уезіндегі Атқы-Мөңтік-Сары Қарауыл болысының атауы Николаев болысы, Петропавл уезіндегі Матақай-Сыбан-Керей болысының атауы Пресногорьковская болып өзгертілді⁷. Бұл атаулар күні бүгінге дейін отарлау саясатының ескерткішіндей сақталып қалды. Бұл үрдіс тоқталмай, жалғаса берді.

Мысалы, 1830 жылғы географиялық картаның бетіндегі көлдер мен елді мекендер аттарының жаппай орысшалануы да көп нәрседен хабар бергендей.

1832 жылы Омбы облысының аймағын әскери-топографиялық картаға түсіру үшін подполковник Бутковскийдің басшылығымен арнайы экспедиция құрылды. Экспедицияның 1833 жылы дайындаған есеп-санақ сипаттамасында Көкшетау округінде (қазіргі СҚО аймағын да қамтиды -авт.) тұратын халықтың әкімшілік болыстарға бөлінгендегі жағдайы көрсетілді⁸.

6. Дияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана, 2013, 19-бет.

7. ООМА. 3-қор, 1-тізбе, 11863-іс, 4-6-беттер.

8. Аристов Н. Н. Заметки об этническом составе тюркских племен. СПб., 1897, С.101.



1. Майлы Балта-Атығай болысы (ондағы негізгі рулар: бабасан 286 түтін, сүйіндік-қара 228 түтін, елтоқ 150 түтін, сарыбаласы 342 түтін, қадыр 280 түтін).
 2. Атығай-Бағыш (оның ішінде доңқай 150 түтін, рысқұл 198 түтін, құлансу 80 түтін).
 3. Қырғыз (долана-қырғыз 155 түтін, (Андағұ, Жұмық этноним, Жантелі, басай-қырғыз 180 түтін).
 4. Дауылбай-Қарауыл (дүйсен 110 түтін, серке 75 түтін, күлдей 63 түтін).
 5. Құттымбет-Қарауыл (ноқай 205 түтін және малай 205 түтін).
 6. Қылды-Қарауыл (жанған 176, тарағай 150 және қуандық 66).
 7. Едікбай-Қошқар-Қарауыл (байқошқар 145, елікбай 150).
 8. Баба-Атығай (оның ішінде баба 490 түтін)
 9. Қойлы-Атығай (қарабалық 207 және әлмәмбет 307 түтін)
 10. Рысай-Атығай (есенгелді 376 түтін).
 11. Құдайберді-Атығай (көшкұлы және ораз 249 түтін, андағұл және жұмық 330, жантелі және ақмәліш 236 түтін).
 12. Ноғай-Қарауыл (есенгелді 219 түтін).
 13. Атығай-Бағыс (назар, байназар және серке 612 түтін).
 14. Балта-керей (балта 184 түтін).
 15. Құрсары-керей (бураз және құрман – 45 түтін)
 16. Уақ (шоға – 132 түтін)
 17. Бәйімбет-Атығай (айбас 385 түтін).
- Аманқарағай округінен қосылған:
- Уақ (байдалы 500, жансары 525, барғана 450, шайгөз 225, сіргелі 50, ергенекті-уақ 50 түтін).
- Керей (көшебе 700, сибан 500, матақай 1000, самай 500, есенбақты 200, еменәлі 150, қантай 250, тазда-керей 100, дәулетімбет 100, нұрымбет 380, қақсұт 540, шағалақ 100, қаракемпір 8, құрама-құлтаба 180 түтін).
- Арғын (таз) 700, өтей 500, қалуқай 500, оқташ 510, тағаш 100, жиёмбет 200, қанжығалы 500, кубет-ұзын-торайғыр-қыпшақ 350, бағаналы 300, арғын-ақшаты 100, арғын-сүгір 40, матақай-керей 500, арғын-сарыжетім 300, арғын-жолтай 135 түтін).



Моншақты округінен қосылған:

21. Құрсары-керей 4011 түтін, ақсары-керей 208 түтін, қашақты және шұбар қарауыл 2100, қанжығалы 6420, әжібай – 1580, қанжығалы 2000, ақсары-керей 3592 түтін. Қарапайым есеп сияқты көрінгенімен, бұл мәліметтер бір кезде осы аталардан тараған ұрпақтардың санын дәл көрсетеді де, «осылардан қазір қалғаны қанша екен?» деген қайғылы ойға жетелейді.

Подполковник Бутковский экспедициясының санақ мәліметтері бойынша 1832 жылы Сібір әкімшілігіне қарайтын 8 округте 116500 түтін болған, мұның 60 мыңы батыс және орталық округтердегі арғындар. Олар негізінен атығай, төртуыл, қанжығалы, қарпық, алтай, бэсентин, қарауыл, шаншар, шақшақ, әжібай және басқа рулардан құралған отбасылар еді. Ал, 15 мыңға таяу керей тайпасының өкілдері батыс және орталық округтерді мекендеді. Олар негізінен құрсары, ақсары т. б. керейлер еді. Қышшақтардың басым бөлігі Торғай округінде болған.

Патшалық Ресейдің отарлау саясатының негізгі бағыты аумақтық және саяси-әлеуметтік бірлігі тұтас, ынтымақтаса ұйып отырған қазақ руларын бөлшектеп, әрбір әкімшілік бөліске таратып жіберуге бағытталғаны осы құжаттан көрініп тұр. Жоғарыдағы кестеде бір рудың адамдары әртүрлі болыстарда қайталанып келе беруінің мәнісін санақ жүргізушілер өз әлінше түсіндірген: «Қазақ руларының ұсақ топтарға бөлініп, араласып кетуі округтік приказ құру, әкімшілік болыстарға бөлу салдарынан. Осылайша, тарихи рулардың бұрынғы атаулары өз мәнін жойды»⁹. Бұл айтылғандар 1822 жылғы реформаның нәтижелеріне қатысты мәліметтер және кейін облыс, аудан, совхоз құру кезінде мүлде асқынып, тұтас қазақты тас-талқан етіп бытыратып, шашып жіберді. Бір рудың, бір атаның ұрпақтары бірін-бірі танымай, суысып кетуінің тамыры осындай тарихи құбылыста жатыр.

Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі аймағы ежелден арғынның атығай, қарауыл руларының, керей мен уақтың

9. Аристов Н. Н. Заметки об этническом составе тюркских племен. СПб., 1897, С.103.



атамекені болған. ХҮ-ХҮІ ғасырдың өзінде осы рулардың батырлары мен билері өз жерлерін көздің қарашығындай сақтап, жат жұрттықтардан ерлікпен қорғай білген.

Арғы дәуірлерден жазба дерек сақталмаған, соның өзінде ХҮІІІ ғасырдың ортасындағы құжаттарда әр рудың ұлы-старға бөлініп, өз билеушілері болғанын мұрағат құжаттары дәлелдеп отыр. Мысалы, көрші Қытай мемлекетінің барлау қызметі 1756 жылдары жинаған деректер мынадай:

«Орта жүзде: тарақты, арғын, найман, керей, уақ, төлеңгіт, қыпшақ қатарлы 7 тайпа бар, делінген бір құжатта. – [Солардың ішінде:]

...Қанжығалы арғынның 2000 отбасы Бөгембай батырдың билігінде;

Атығай-арғынның 1000 отбасы Жәпек батырдың,
Қарауыл-арғынның 2000 отбасы Итқара батырдың,
Бәсетиін-арғынның 2000 отбасы Жанұзақ батырдың,
Қозған-арғынның 1000 отбасы Төлеуке бидің,
Төртуыл-арғынның 2000 отбасы Бабеке бидің,

Арғын майлы-балта руының 1000 отбасы Итқара батырдың,

Баба-арғынның 500 отбасы Бабаназар бидің қарауында;
Ашамайлы-керейдің 10000 отбасы Тұрсынбай батырдың билігінде;

Абақ-керейдің 1000 отбасы Қожаберген батырдың билігінде;

Ителі-керейдің 1000 отбасы Жантөре батырдың билігінде;

Уақ тайпасының 1000 отбасы Сары Баянның билігінде;

Уақ тайпасының 1000 отбасы Тілеу батырдың билігінде.

Уақ тайпасының Бармақ батыры 500 отбасын басқарады.

Ергенекті-уақ руының 1000 отбасы Есенкүл батырдың билігінде.

Жаңа уақтың 500 отбасы Сары батырдың билігінде...»¹⁰
Одан беріде атығайдың құдайберді-бәйімбет тармағын Байжігіт тархан және оның інісі Күсес батыр, Қорамса мырза,

10. Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай., Екі томдық, Алматы, «Ел-шежіре», 1-том, 529,530-беттер.



одан беріде Жылқара Байтокин биледі. Құлсары тармағын Құлсарының үлкен ұлы Құлыбек батыр; Жәпек тармағын Аю батыр; Бабасан тармағын Төбет батыр Төлеұлы, Ақбота батыр, Құдайназар би; Қойлы-атығайды Мырзатай батыр, Ақшүкір Баубекұлы ұстап отырды.

Күрлеуіт қыпшақты басқарған Төлеген батыр, Иман сұлтан; орта-керей болысын Дәулеткерей сұлтан; уақ болысын Сарғалдақ қожа, Қуанбай би; көшебе-керейді Таңқаттың Қалыбегі, Шалқардың Қаратоқасы, Сағындықтың Көшенейі деген ел ағалары, сибан-керейді Сейіттің Естемесі; қанжығалыны Айтбай батырдың ұлы Жаманқарас билеген.

Міне, кейінгі ұрпақ өз ата-бабаларының алдындағы перзенттік парызын терең түсініп, ел болуымыздың тірегі, жеріміздің қорғаны әрі көркі болған осы аталарымыздың есімін мәңгі жадымызда сақтауға қатысты жұмыстар жасау керек. Бұл – кейінге қалдыра беретін іс емес. Өлі де, алды тоқсаннан асып, арты жетпіске ілігіп отырған аға ұрпақ өкілдері баршылық. Міне, солардың естіген-білгендерін қағазға түсіріп, сол арқылы қазақ жерлерінің байырғы, тарихи атауларын орнына келтіру – маңызды міндет.

Еліміздің Солтүстік аймағы тарих тәлкегіне ерте ұшырап, Ресей отаршылығына душар болғаны мәлім. Есіл шебі деп аталатын бекіністер негізінен осы күнгі солтүстіктегі, Ресеймен екі арадағы қазіргі шеғараға сәйкес келетіні кездейсоқ емес. Бабаларымыз бізге мұра қылған байлық осы.

Абылай ханның сара саясатының арқасында Орта жүздің осынау солтүстік аймағы, ежелгі қазақ жерлері Қазақстан шебінде сақталып қалды. Ұлы ханның айбары атамекенге қорған болды. Абылай хан дүниеден өткеннен кейін ғана Ресей империясы бұл жерлерге келімсектерді «ерікті» және «еріксіз» қоныстандыру амалдарын жасай отырып, Есіл өзені бойындағы тоғайлардан, өзеннің шұрайлы аңғарынан қазақтарды күшпен ығыстыра берді.

Біздің замандасымыз А.И. Семенов деген автор «Город Петропавловск за 200 лет (1752–1952)» «деген кітабында, қазіргі Петропал қаласы тұрған жерде, тіпті облыс аймағында 1752 жылы Ресей мемлекеті бекіністер желісін салғанша, «қазақтар қоныстанбаған, тіпті, мысалы, 1694



жылы осы жермен Түркістанға қарай Есілді жағалап өткен Сібір казактары «бірде-бір тірі жанды көрмеген» деп жазады. Одан әрі, «бекініс қазақтарды жоңғар шапқыншылығынан қорғау үшін» яғни қазақтардың мүддесі үшін салынған болатын, дейді. Бұл – тарихтан хабары жоқ, ақиқатқа көпе-кернеу қиянат жасаушының сөзі. Себеб, 1745 жылы күзде Қалдын Серен қайтыс болғаннан кейін-ақ, оның ұрпақтары, отбасы хан тағына таласып, өзара қырқысты бастап, он жылға жетпей Жоңғар хандығының шаңырағын ортасына түсті де, ошағына су құйған көрші Қытай бір кездегі әлуетті мемлекетті жер бетінен жоғалтып жіберген.

Әлбетте, бұл арада Ресей империясының отарлау саясатының себептері мен салдарларына тоқталып, түсіндіріп жату міндет емес, талай талқыға түсіп, басы ашылған даусыз шындықты қайталап, уақыт алмаймыз. Ал, Көшім хандығының бүкіл Батыс Сібірдегі меншікті иеліктерін қосып алғанда, Есілдің Қызылжарға ұрымтал өңірінің тұтастай, қазақтың мекені болғанын мойындайтын кез келді.

Рас, қазақ жерлерінің Ресеймен іргелесе екені, екі мемлекеттің халықтары төсекте басы, төскейде малы қосылып, көп уақыт араласып келген. Тіптің XIX ғасырдың ортасына дейін Ресейдің жарияланып, тараған географиялық карталарында «Есіл шебі» немесе «Ащы көлдер шебі» деп аталып келген бөліктен оңтүстікке қарай «қазақтардың жері» екені тайға таңба басқандай көрінеді. 1920 жылы межелеудің алғашқы талпыныстарынан күні бүгінге дейін екі жақтың ұстанымы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Ресей мен Қазақстан арасындағы аумақтық мәселелер толық реттелген. 2005 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей Президенті Владимир Путин қол қойып, 7400 шақырымдық Қазақстан-Ресей шекарасын белгілеп, келіскен шартты екі елдің де Парламенттері бекіткен. Яғни, бұл күнде мәңгілік екі көршінің арасында жер дауы жоқ.

1752 жылы Ресейдің оңтүстік шекарасын қауіпсіз ету мақсатында Ертістен Бағланға дейін тізбектеле тартылған қорғаныс бекіністерінің бірі – Петропавл бекінісі бо-



луына байланысты Қазақстанның солтүстік аймағының әкімшілік-саяси, экономикалық орталығына айналды.

Қазақстан Республикасының қазіргі әкімшілік-аумақтық бөлінісіне тоқталмас бұрын, XIX ғасырдың басынан бері қарай, облысымыздың, оның орталығы Петропавл қаласының басынан өткен жағдайларға тарихи шолу жасап, біраз мағлұматтар берген жөн сияқты.

Мысалы, қазіргі жер-су аумағымыз әуелде 1803 жылы Ресейде құрылған Сібір генерал-губернаторлығына қарады. Сібірдің бас губернаторы болып 1819 жылы М.М. Сперанский тағайындалды. Ресейдің осынау көрнекті мемлекет қайраткерін еске алып отырғанымыз, қазақ даласында хандық билікті жойып, «Сібір қазақтарының жарғысы» деп аталатын құжат негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа түрін енгізген осы губернатор болатын. Ол 1821 жылы кетіп болды. Сол жылы Абылайұлы Уәли хан қайтыс болды. Хандық билік Айғанымда қалды, тіпті ол Шыңғысұлы Тортай сұлтанға тұрмысқа шықса да, Ресей патшасы оның қолындағы билікті алған жоқ.

1822 жылы Сібір екіге бөлінді де, Қазақстанның солтүстігі Батыс Сібір губернаторлығына қарады. Аталған әкімшілік бөлініс Тобыл және Том губерниялары мен Омбы облысын қамтыды. Әкімшілік мекемелер Тобыл қаласында болса да, осының ішінде Орта жүздің қазақтарының билігі Омбы облысында қалды. Бұл облыс іштей Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен округтері болып жіктелді. Және Семей мен Петропавл «орта қалалар» санатына, Омбы мен Өскемен «шағын қалалар» санатына жатқызылды.

Уәли хан дүниеден өткеннен кейін орнына хан сайланбағаны белгілі. Айтпақшы, 1816 жылы Ресей патшасының рұқсатымен Орта жүздің қаракесектері Бөкей сұлтанды хан сайлап алғаны тағы бар.

«Сібір қазақтарының жарғысы» бойынша сот істері қылмыстық және әкімшілік болып, екіге бөлінді. Қазақ ішінде билер соты жүйесі сақталғанымен, неғұрлым ауыр қылмыстар (кісі өлімі, ауылды шауып алушылық, орыстарды тұтқынға алу, үкімет билігіне қарулы қарсылық т. б.) орыс сотының қарауына алынатын болған.



«Жарғының» медициналық деп аталатын арнайы бөлімінде «әрбір округте екі дәрігері бар аурухана болатыны» жазылған. «Діни мәселелер» деген бөлімде халық ағарту мәселелері қаралған.

Бұған дейін ешкімге тәуелді болып, алым-салық төлеуді білмеген атам қазақ жаңа низам бойынша үкімет пайдасына салық төлеп тұратын болды. 1730-40 жылдары Ресейге бодандық шартымен (шерт, серт, ант...синонимдер. – **авт.**) «ясақ» аталған бағалы аң терісі түрінде жазылып, Абылай заманында төленбей қалған салық жүйесі жанданды. Шаңырақ басы әрбір жүз малдан бір мал (мұның ішінде түйе жоқ) төлеп тұру парызы міндеттелді. Жарғыда осылай делінгенімен, алғашқы бес жыл бойы «Сібір қазақтары» (Орта жүз деп оқыңыз. – **авт.**) салықтан босатылды.

Осылайша, қазақтарды мемлекеттік тәуелсіздігінен біржола айырып, нағыз отарлауға кіріскен патша үкіметі Кіші жүзде де билік жүйесін өзгертті. 1922 жылы Орынбордың бас губернаторының есіміне қосақталған «Игельстром» реформаларына сәйкес, мұнда да хандық билік жойылды Екі жылдан кейін жаңа губернатор П.К. Эссен дайындаған «Орынбор қазақтары туралы» жарғы мақұлданып, күшіне енді. Басқару билігі Шегара комиссиясына берілді.

Қазақстанды бөлшектеп басқару тәжірибесі Кіші жүздің мысалында сыналып, Гурьевтен Звериноголовскіге дейінгі аумақ 32 бөлшекке – дистанцияларға бөлініп тасталды. Дистанция бастықтары отаршылардың көңіліне жағады-ау деген ел ағалары мен төре тұқымынан іріктелді.

Бұдан кейін ұлттың тіршілігі мен қоғамдық құрылысында тәуелсіздіктің нышаны да қалған жоқ. Қазақ жерлерін баса-көктеп иеленген отаршы билік, әкімшілік-аумақтық бөлініс дегендеріңізді миластырып жіберді. Ру, ата, ауыл болып көшіп-қонатын жерін өз қолайына қарай таңдауға тиым салынды. Дистанция әкімшілік-аумақтық құрылым ретінде мойындала қоймады, қазақтар ішкі шегараларды сақтауға пейілді болмады.

Дистанция бастықтары биліктен айырылып қалды. Қазақтар мұндай әскери-саяси билеп-төстеуге көнбеді.



Әлбетте, Ресейдің жоғары билігі тарапынан жасалып жатқан бұл реформалардың көздегені – ен-байтақ қазақ даласын бөлшектеп, құнарлы жерлерді тартып алып, оған мемлекеттің ішкі өлкелерінен қоныстаушылар шақыру еді. Бұл қоныстанушылар, әуелде негізінен ел ішінде «қазақ-орыс» атанған казактар болатын. Олардың жартылай әскери салт-дәстүрі, ұрыс-жанжалға бейімдігі, қару сілтеп, соғысқа кіруге дайындығы сияқты қанға сіңген ерекшеліктері үкімет үшін таптырмайтын «қолшоқпар» еді. Яғни, Ресейдің патша сарайы қазақ жерлерін тартып алушылардың алдыңғы шебіне казактарды салуының мәнісі осы болатын. Отарлаудың осындай амалының мысалдары Солтүстік Қазақстанда толып жатыр. Мысалы, әскери топограф Какулиннің есебі бойынша 1839 жылы Өскеменнен Омбыға дейінгі Ертіс бойының 158 мың шаршы шақырымы казактарға кесіп берілген. Сондай-ақ, Ор бекінісіне Троицкіге дейінгі аралықтағы 10 мың шаршы шақырым тағы сол казактарға үлестіріліп, казактар тұрғын атамекенінен қырға қарай қуып тасталды.

1822 жылы Сібір қазақтары туралы Жарғы жарияланып, мемлекеттік билік жүйесі жаңартылысымен, хандық билік жүйесі жойылды. Қазақ даласында округтер құрылып, оларды сайланып қойылған аға сұлтандар басқаруға тиіс болды. Сонымен бірге, қазақтардың мемлекетке мал түрінде салық төлеуге міндеттелуі де ұнамсыз жаңалық еді.

1822 жылы алғашқы екі округ құрылды. Орталық Қазақстандағы Қарқаралы округіне Бөкей ханның немересі Жамантай Шыңғысұлы Тұрсын, Көкшетауға Абылай ханның немересі Ғұбайдолла Уәлиұлы аға сұлтан болып тағайындалды. Ғұбайдолла Ресей билігіне мойын ұсына қоймай, Қытай үкіметіне қарайлай бергені үшін жазалы болды да, оның міндетін біраз уақыт, аға сұлтандыққа Абылай Көшкенбай Ғаббасов сайланғанша, Байтоқа ұлы Жылғара атқарды.

Біздің облыстың аумағына, иә сонымен қатар Көкшетау атырабына ел аузында қазақ-орыс деп аталған казактардың арнайы жіберіліп, қоныстануы 1826 жылдан басталады.

1838 жылы Омбы облысы таратылды да, оның орнына Омбы, Петропавл және казак станицаларынан тұратын



шегара билігі құрылып, Тобыл губерниясының қарауына берілді. Ал, Ертіс бойындағы Семей, Өскемен қалалары мен казак станицалары Том губерниясына бағынды. Осыған орай қазақтарды жеке билеп-басқарудың арнайы ережесі жасалды. Айта кететін бір құбылыс, сол жылы Ертіс бойындағы қыпшақ болыстары қазақтардан бөлініп, жеке шаңырақ көтермек те болғаны құжаттардан көрінеді.

Бұдан кейін тура 10 жылға созылған Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың кезеңі келеді. Ол өз алдына жеке тақырып. Ал, Ресей мемлекеті тарапынан арнайы бағдарламамен солтүстік Қазақстанның егіншілікке жарамды, құнарлы жерлеріне орыс және украин қарашекпендерін әкеліп қоныстандыру 1846 жылдан арналып, қарқын ала бергенін байқаймыз. Содан, бір ғасыр өткенге дейін, бұл аймақта көптеген бекіністер мен қамалдар салынып, Ресейдің орталық өлкелерінен, Украинадан келген қоныс аударушылар Сарыарқаға қаптап ене бастады.

Ақмола облысына қоныс аударушыларды толтыру үшін ең маңызды әрі күрделі шара өлкені отарлау болатын 1752 жылы Есіл бойында осы Петр және Павел ағзамдар бекінісі салынып, атауы кейін Петропавл болып өзгертілді. Бірақ қазақ даласының солтүстігі мен солтүстік шығысын түгелдей жапқан бекіністер, қамалдар мен күзет қосындары 1716 жылы іргесі қаланған Омбы бекінісіне қосылған болатын. Сол кезден бастап, үкіметіміз үшін қазақ даласын отарлау бірінші кезекте маңызды саналды. Айталық, 1824 жылы Көкшетау мен Қарқаралы округтері, 1832 жылы Ақмола және 1839 жылы Атбасар округтері ашылды. Дегенмен, қоныс аудару саясаты үкімет атынан арнайы қаулы алынып, Украина казактары мен Орынбор және Саратов губернияларындағы қарашекпендерге арнайы шақыру жарияланғаннан кейін ғана тәртіпке келіп, мемлекеттік маңызға ие болды.

Бұл 1846-50 жылдары болатын. Шақырумен келгендердің алғашқы легі 3652 жан қазақ жеріне келіп. Ірге тепкендердің басы болар деп есептейміз. Көкшетау уезінің ең шұрайлы деген жерлеріне қазық қағып, емін-еркін иемденіп алғаннан кейін олар өсіп-өніп, әбден байып, күшті-



күшті станицалар салып тастады. Бұлардың өкшесін баса жеткен тағы екі қауым ел Ақмола және Атбасар уездеріндегі екі станицаға негіз болды. Осылайша, солтүстік өлкенің жақсы жерлеріне жоспарлы түрде қоныстандыру ісі жөнге келе бастады. Ақмола облысы құрылғанша, оның қазіргі аумағында тұратындар барлық халық саны саны еркек-әйелі бар - 375.700 адамға жетті. Оның ішінде отырықшылары 101.910 жан. Талдап көрсетсек, Петропавл қаласында 9,6 мың, 44 селосында 25829 адам, Көкшетау қаласында 1,7 мың, 15 селосында 16,4 мың, Ақмола қаласында 5 мың адам.

Елуінші жылдардың соңына дейін келгендер тек казактар ғана, орыс шаруаларының (қазақтар оларды шаруа демейді, крестьян дегенді «қарашекпен» деп қазақшалап алған. – авт.). 1889 жылы қоныс аудару туралы Ресей заңы шыққанша, қарашекпендердің өз бетімен келгендері басым еді. Мысалы, 1866 жылдың өзінде-ақ Көкшетау уезіндегі Саумалкөл деген көлдің жағасына Пермь және Тобыл губернияларынан ауғандар қоныстанып, 4 жылдың ішінде 50 шаңыраққа дейін көбейген. Алғашқы лектегілер әуелде егін салу үшін жалға жер алушылар болатын. Петропавл уезіндегі Есіл өзенінің жағасынан ірге теуіп, Явленное деген, Көкшетау уезіндегі Құмдыкөл деген елді мекен құрағандар, ешбір шақырусыз, рұқсатсыз келіп жерді басып алғандар. Жергілікті халықтың наразылығына қарамастан, зорлықпен қоныс тебушілер көбейе берді.

Қоныс аудару толқыны, әсіресе, Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездерінде күшейе берді. Есіл өзенінің қос қапталындағы түгін тартсаң, майы шығатын құнарлы топырақ, белуардан келетін шетсіз-шексіз көк шалғын, ошақ-ошақ болып үйірілген бұйра толқындай тербетілген қайың тоғайлар, күміс теңгедей жарқыраған ащылы-тұщылы балықты көлдер туралы аңыз жеткен жерлерден шұбырған халықта жік болмады. Аз уақыттың ішінде, тұрғыны көп, шаруашылығы мелдегінен толысқан Явленное, Коновалов, Марийнское сияқты 2,5-3 мың адамға қоныс болған мекендер саны өсе түсті. Бұл өңірге, негізінен, Са-



мара, Воронеж, Харьков, Дон облыстары сияқты ішкі губерниялардан ауғандар жайғасты.

1875 жылғы мәлімет бойынша қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын аумақтағы болыстық бөліністердің атаулар өзгертілді. Бұл өзгертулерге негіз болған себеп, қазақ рулары мен аталарының есімдері болыс атауында айқын көрінбей, ұмытылсын деген мақсат екені танылып-ақ тұр. Енді осы өзгерістерімен қағазға 1889 жылы түскен «Ведомость о числе киргизских волостей, аулов и кибиток в Акмолинской области (на трехлетие 1887-89 гг.)» деген құжаттан үзінді келтірейік.

Омбы уезі:

Омбы болысы, бұрын Баба-бағыс аталған (Атығай руы) 5 ауыл, 964 түндік;

Николаев болысы, бұрын Жауар-қарауыл атанған (Қарауыл-уақ рулары) 7 ауыл, 1402 түндік;

Покров болысы, бұрын Төлеке-құрсары-керей атанған (Керей руы) 7 ауыл, 1548/түндік;

Қорған болысы, бұрын Бақтыбай-малай-керей атанған (Керей руы) 5 ауыл, 1043 түндік;

Шарлақ болысы, бұрын Құлатай-қыпшақ болысы аптанған (Қыпшақ руы) 8 ауыл, 1515 түндік.

Петропавл уезі:

Петропавл болысы, бұрын Андағұл-ырысай-қойлы атанған (Атығай руы) 10 ауыл, 1813 түндік;

Тайынша болысы, бұрын Бабасан атанған (Атығай руы) 8 ауыл, 1016 түндік;

Полуден болысы, бұрын Шоға-бабасан атанған (Атығай болысы) 7 ауыл, 1149 түндік;

Становой болысы, бұрын Еменәлі-керей атанған (Керей руы) 9 ауыл, 1554 түндік;

Преснов болысы, бұрын Самай-керей атанған (Керей болысы) 10 ауыл, 1828 түндік;

Пресногорькое болысы, бұрын Матақай-сибан-керей атанған (Керей руы) 9 ауыл, 1397 түндік;

Средняя болысы, бұрын Жансары-уақ атанған (Қарауыл, уақ рулары) 7 ауыл, 967 түндік;

Құсмұрын болысы, бұрын Байдалы-баржақсы-уақ атанған (Қарауыл, уақ рулары).



Көкшетау уезі:

Көкшетау болысы, бұрын Атығай-бағыс атанған (Атығай руы) 9 ауыл, 1592 түндік;

Қотыркөл болысы, бұрын Есенбақты-керей, Майлы-балта болысы атанған (Керей руы) 9 ауыл, 1730 түндік;

Восточная болысы, бұрын Мөңтік-қарауыл атанған (Қарауыл, уақ рулары) 6 ауыл, 976 түндік;

Зеренді болысы, бұрын Қараша-жаулыбай атанған (Атығай руы) 11 ауыл, 1940 түндік;

Мезгіл болысы, бұрын Жақсылық-есенбай атанған (Қарауыл, уақ рулары) 6 ауыл, 1095 түндік;

Шалқар болысы, Шұңқырша-шоқтыбай атанған (Атығай руы) 7 ауыл, 1134 түндік;

Айыртау болысы, бұрын Көшкұлы-ноғай атанған (Қарауыл, уақ рулары) 11 ауыл, 1842 түндік;

Жыланды болысы, Қылды-ноғай атанған (Қаорауыл, уақ рулары) 10 ауыл, 1366 түндік.

Бір ғажабы сол атаулар, бертінге дейін әкімшілік-аумақтық бөліністерді белгілуге негіз болып келді.

Енді сол жылғы ресми құжаттар бойынша біздің аймақтағы әкімшілік билік құрамынан біраз дерек берсек:

Айыртау болысының басқарушысы Тоқсанбай Сасықов, кандидаты (орынбасары деп түсінізіз. – авт.) Мұқан Тоқмырзин. Ауыл билері: Молдабай Шоқатов, Нұрғожа Жаулыбаев, Ыбырәлі Қоржынов, Күдербек Әкімов, Мүсіреп Бұрабеков, Көбе Қопаков, Мұқан Бекқожин, Ақпанбет Бостауов, Баймырза Жаңаберженов, Догалақ Алдаберженов, Әлібай Шалов, Шоқан Шегенов, Исабай Қиқымов және Мырзахмат Қозыбеков.

Восточная болысының басқарушысы Жанұзақ Сәрсенбаев, кандидаты Омар Жортушин. Ауыл билері: Темірболат Жүсіпов, Бисен Наурызбаев, Боқан Байсүгіров, Қожамсүгір Шоңов, Сүлеймен Аймағанов, Ақан Байтөрин, Құсайын Күтеулин, Қожақмет Етекбаев және Бектас Ермеков.

Жыланды болысының басқарушысы Сүлеймен Кемелов, кандидаты Әнәпи Кемелов. Ауыл билері: Салық Қалақов, Дәуітбай Көбеев, Тасет Оспанов, Мұсабек Нұртаев, Жүсіп Қылышбаев, Тілеулі Шоқаев, Қазыбек Сейітов, Ақ-



жан Жаманшалов, Төлтөре Есенбеков, Күшен Жандосов, Әлішбай Қашқынов және Беркінбай Айдарбеков.

Зеренді болысының басқарушысы Күшік Тыржанов, кандидаты Мақат Нұртаев. Ауыл билері: Қоңыр Тортаев, Шақабай Тоғызбаев, Әйтей Данияров, Жүсіп Жарқынов, Ордабай Төлегенов, Имекен Жаңабатыров, Ыбырай Шоев, Жантілеу Нәдіркүлов, Мәтен Күнтаев, Мұқан Бекеев, Шаң Таскин, Қашаған Манаев, Қоңырқұлжа Опанов, Боран Жамауов және Ыбырай Бәжіғұлов.

Көкшетау болысының басқарушысы Тәжіғұл Қосдәулетов, Кенжеболат Ақылбаев. Ауыл билері: Жолтай Шалов, Мұқан Дүйсенов, Қашқын Шотанов, Мұқан Шолақов, Жарқын Құлшықов, Жадай Сейтенов, Махамбет Айдосов, Мыңбай Жанмұхамбетов, Құлмырза Тәтібеков, Тоқыбас Жаныбаев, Сүлеймен Өтепов және Омар Мұстафин.

Қорған болысының басқарушысы Дүйсен Жанғосқин, кандидаты Дүйсенбі Жанғосқин. Ауыл билері: Жиенәлі Досқожин, Қосшығұл Жанкин, Дүйсен Тілеулин, Шілік Мәтин, Кенжеболаыт Атығұлов, Мұқан Жолдыбаев, Сәрсемабай Бүкин және Елесіз Жандыгеров.

Қотыркөл болысының басқарушысы Тоқсанбай Алшыбеков, кандидаты Өмірқұл Тоғалақов. Ауыл билері: Баба Балбыров, Кенжесары Құнанбаев, Тілеп Саябаев, Битан Жантілесов, Баймақ Базаров, Оразәлі Майлыбаев, Көбен Ескенин, Әбіш Бекбаев, Сүлеймен Бақин, Сәтбай Раев, Мұқан Байғожин және Бекмағамбер Байсарин.

Мезгіл болысының басқарушысы Шалабай Тынекин, кандидаты Қошан Шауыпкелов. Ауыл билері: Жақи Шалдықов, Биснбай Шалов, Шорағұл Сатыбалдин, Қадырма Тілеубаев, Сәйпи Бесбаев, Тілеуберген Тілепов, Иісбай Байғожин, Әли Шауыпкелов және Бәйіш Райымбеков.

Николаев болысының басқарушысы Біләм Шылымбаев, кандидаты Рахымбай Назаров. Ауыл билері: Айтқожа Бөпин, Бөртебай Биғозин, Шәріп Жұрқабаев, Қойбағар Қашқынов, Өтеубай Тоқин, Әбу Олжабаев, Қожахмет Сүлейменов және Қошқарбай Сағынаев.

Омбы болысының басқарушысы зауряд-хорунжий Хасен Көкенов, кандидаты Байболат Жапақов. Ауыл билері:



Тілембек Жандыров, Мұса Әбдірейісов, Бұлқайыр Тұрдыбеков, Ыбырай Жаналов, Қайыпберген Тоқбаев, Самай Бисекенов, Бибатыр Құлақов және Ам анбай Азнабаев.

Покров болысының басқарушысы Мұса Шуақбаев, кандидаты Исабек Тойжанов. Ауыл билері: Домақ Жүсіпов, Дүйсенбай Жамангарин, Телжан Әдіков, Тасжан Етекбаев, Әмеңке Жантілеуов, Тәжен Жартышев, Кәбен Бужанов және Бөгембай Қостанов.

Шалқар болысының басқарушысы Қошқарбай Өтепов, кандидаты Мұқан Мырзалин. Ауыл билері: Байман Сауытбеков, Райымбек Алдабергенов, Ерәлі Бегәлин, Самрат Жанәлин, Жүзім Өтин, Мұса Ордабаев, Қараменде Таласов, Ғали Төлепбергенов, Жәпек Аяпов, Назар Бабасов және Құдайберген Нүсірбаев.

Шарлақ болысының басқарушысы Шәймерден Шортанбаев, кандидаты Айтжан Байтілесов. Ауыл билері: Нұрмұхамбет Исин, Сайын Кеңесбаев, Құдайберген Байсыманов, Ыбырай Әбенев, Тоқтөре Боқаев, Қараман Арыстанғұлов, Ахмет Тәйтіков, Әміржан Сәттібаев, Кәке Малайсарин және Сұлтан Жанғозы Нүрәлин.

Құсмұрын болысының басқарушысы Битен Сатыбалдин, кандидаты Қозыбай Есенғұлов. Ауыл билері: Медеубай Төлегенов, Жұмат Өмірқұлов, Шалбай Төлемісов, Қосшығұл Шақабаев, Мәтіш Бектеміров, Сандыбай Жомартов, Томақ Жарқынбаев, Жантемір Жарылғамысов, және Битей Аманбаев.

Орта болысының басқарушысы Сатай Сандыбаев, кандидаты Байғасқа Сандыбаев. Ауыл билері Кәрішал Сейітқұлов, Қадырма Қайдауылов, Тұрлыбек Шәнкин, Данияр Садыров, Алдай Белдеев, Баймұрат Әйтiмбетов және Есеней Қылышев.

Полуден болысының басқарушысы Сатыбалды Қуанышев, кандидаты Жұман Рысқұлов. Ауыл билері (ең төменгі әкімшілік қызметкер, қазақша «ауылнай» деп аталатын. – авт.) Елеуіш Салпықов, Шекен Төлектеміров, Басшығұл Мұсабаев, Байғажа Манақов, Бекберген Шалжанов, Тәкей Жұмықов және Балтабас Байболин.

Преснов болысының басқарушысы Күнiaz Жолдыяқов, кандидаты Күлен Жолдыяқов. Ауыл билері: Бекқұлы



Қараменов, Бисақал Тәңірбергенов, Нұрғожа Құрымбаев, Жабал Қылышбаев, Рамазан Майлин, Әдімбай Құлыбеков, Мұса Тастеміров, Тәштит Тәбеев және Қисық Сағындықов.

Пресногорьков болысының басқарушысы Самрат Ерменев, кандидаты Сибан Жантасов. Ауыл билері: Өтеш Ақбасов, Сүткен Жанбауов, Садық Кетебаев, Нұрбай Жанақов, Құсайын Бектенбаев, Шопан Тыманов, Түркенбай Игіліков, Бейсембай Еділов және Өткерей Төлеубаев.

Становой болысының басқарушысы Мендіғұл Дүйсенев, кандидаты Елеусіз Шабақов. Ауыл билері: Қуандық Қозғанбаев, Тоқбай Жаманбаев, Жанашыр Жанғыршин, Ұлбай Байжұбанышев, Айтқұл Нұралин, Мұхаметқали Манабаев және Айып Қосшығұлов.

Тайынша болысының басқарушысы Күшік Бердәлин, кандидаты Құлмағамбет Көшенәлин. Ауыл билері: Махамбет Жантелин, Омар Тұжықов, Сыздық Томпақбаев, Байжігіт Бердәлин, Малдай Сексенбаев, Қамарық Макин және Қосым Мұжықбаев.

Сол 1889 жылы Петропавл қаласындағы бессыныптық қалалық училищеде 182 бала оқыған. Оқу орны мемлекет тарапынан қаржыландырылған. Қыздар прогимназиясында (бастауыш білім беретін) 120 оқушы болғаны тіркелген.

Мешіттердің жанында ашылған медресе-мектептер туралы мына мағлұматтарды келтіруге болады. № 1 мешітте 45 ұл мен 35 қыз, № 2 мешітте 56 ұл мен 65 қыз, № 3 мешітте 15 ұл мен 7 қыз, № 4 мешітте 19 ұл мен 2 қыз, № 5 мешітте 15 ұл және № 6 мешітте 46 ұл оқып жатқаны жазылған. Мешіт жанындағы бұл мектептерді мемлекет қаржыландырмаған.

Ескерту ретінде: Тарихи зерттеулерде байқап жүргеніміздей, қазақтар орыс үкіметінің жан санағында да, мал санағында да нақты мәліметті кемітіп беретініне көзіміз жетті. Себебі, «Сібір қазақтары туралы» низамда түндік салығы, мал салығы, т. б. алым-салықтар болған ғой.

1889 жылы 13 шілдеде шаруалардың қоныс аударуын тәртіптеу жөнінде Мемлекеттік совет дайындаған ұсынысқа патша қол қойғаннан кейін қазақ даласын отарлаудың жаңа кезеңі басталды. Оның мәнісі неде еді? Бұл заң бойынша,



«қазынының бос жатқан жеріне талап қылғанның бәрі өз бетімен барып, қоныстана беретін аймақтар тізіміне Ақмола облысының енгізілуінде еді. Осыдан бастап, келімсектер тасқыны тіпті күшейе түсті. Сол жылдың соңына дейін, Ресейдің Еуропа бөлігінің 32 уезінен көшіп келушілер саны 15 мыңнан асып кеткені туралы жазбаша мәлімет сақталған. Айталық, 1890 жылдың жазында бір ғана Орынбор арқылы Ақмола облысына 5326 жаны бар, 905 отбасы өткен болса, соның тең жартысы Самара төңірегінен екен.

Қазақстанға сырттан ауып келгендер туралы арнайы зерттеу еңбегін жазғандар, мысалы, 1891 жылы Ресейдің Еуропа жағында қатты қуаншылық болып, Орал таулары іргесіндегі, Батыс Сібірдегі ашарықтар Қазақстанға жаппай ағылғанын, жол үстінде қыс ерте түсіп, кездесекен казак станицалары мен орыс поселкелеріне бей-берекет қыстап қалғанын жазады. Босқындардың аянышты халін ескерген үкімет тартпынан оларға көмек көрсетіліп, «бос жерлерге» орналасуға рұқсат етілген.

Сібір теміржолы туралы 1893 жылғы 4 наурызда патша бекіткен Ережеге сәйкес, бұрынғы қонысын тастап, ауа көшкендерге теміржол желісі бойына орнығуға рұқсат етілген.

Қорытып айтқанда, 1894-1906 жылдары Ақмола облысына 228 мың келімсек келіп, 299 елді мекенге орналасқан. 1907 жылы тағы да жаңа тәртіп енгізіліп, Петропавл уезіне бір жылда ғана 5,5 мың жан, 983 отбасы, Көкшетау уезіне 14,1 мың жан, 2744 отбасы, Атбасар уезіне 5,5 мың жан, 854 отбасы, Ақмола уезіне 15 мың жаны бар түндік көшіп келген. (Пам. Кн. 1909 г 73-78-беттер).

Отарлау саясатының осылай асқынуына байланысты, қазақ даласындағы билік жүйесін өзгертіп, жаңа әкімшілік-аумақтық бөліс қалыптастыру қажеттігі туды. Ақыры, 1864 жылы Сібір комитетінің басқарушысы В.П. Бутковтың басшылығымен «арнайы комиссия» құрылып, ол Орынбор және Батыс-Сібір бас губернаторлықтарындағы жаңа әкімшілік-басқару жүйесінің жобасын әзірледі. Бірақ, бұл комиссияның әзірлеген жобасы әскери және ішкі істер министрліктерін қанағаттандырмаса керек, 1865 жылы шілде айында, қазақ өлкесіндегі жаңа басқару жүйесінің жобасын



әзірлеу үшін, тағы бір арнаулы «Дала комиссиясы» құрылды¹¹.

Осындай дайындық жұмыстарының негізінде 1861 жылғы 21-қазанда «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша Ережеге» Ресей патшасы II Александр қол қойып, заң күшіне енгізді¹². Бұл төртеуіне оңтүстіктегі Жетісу және Сырдария облыстарын қосқанда, Қазақстанда барлығы 6 облыс құрылды.

Әкімшілік-аумақтық бөліністі түбірімен өзгертіп жіберіп, көпке дейін сақталған реформа 1868 жылы дүниеге келген. Оның қысқаша мазмұны мынадай: 1821 жылғы «Сібір қазақтары туралы» жарғы күшін жойды. Округтік приказдарға негізделген сұлтандық билік тиылды. Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстары мен оларға бағынышты уездер жүйесі қалыптасты. Айталық, Батыс Сібірде Ақмола және Семей облыстары, тиісінше, 1869 жылдың басынан облыстық басқармалар құрылды. Бізге қатысты Ақмола облысының құрамында Омбы, Петропавл, Көкшетау және Ақмола уездері, оңтүстікте Сарысу уезі (1881 жылы атау Атбасар уезі болып өзгерген) болады деп ұйғарылды.

1882 жылы бұл жүйе біршама кеңейіп және жетілдіріліп, Түркістан генерал-губернаторлығы болып қайта құрылды. Негізгі өзгешелігі Қазақстанның оңтүстігін, яғни Жетісу облысын қоса қамтуы еді.

Бұрынғы Петропавл уезі ежелден Ақмола облысының құрамында болғаны мәлім. Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі шегі тұтасымен Петропавл уезін, Көкшетау және Омбы уездерінің біраз аймағын қамтиды. Сондықтан, өлке топонимикасы туралы сөз болғанда, жер аумағын қазіргі облыс шегінен кеңірек қамтуға тура келетінін ескертеміз.

«Уақытша Ереженің 6-бабында «Ақмола облысы – бұрынғы Сібір қазақтары облысының Көкшетау, Атбасар, Ақмола округтерінен және Сібір қазақтары әскери округінің 1, 2, 3, 4, 5 полктерінен, Омбы және Петропавл қалаларынан

11. Сүлейменов Т.С. Подготовка реформы 1867-1868 гг. в Казахстане//Известия Казфилиала АНССР. Серия: история, 1946, № 2.

12. Материалы по истории политического строя Казахстана. 1-том, Алма-Ата, 1960, С.282-316.



құрылатыны» көзделді¹³. «Ақмола облысының орталығы – Ақмола қаласы. Бірақ онда облыстық басқару жүйесі қалыптасқанша, уақытша Омбы қаласы орталық болады»¹⁴, – деп шешілді. Кейінгі тарих көрсеткендей, Ақмола облысының орталығы қазақ жеріне көшірілмей, атауы ғана сақталып, 1917 ақпан төңкерісіне дейін Омбы қаласында қалып қойғанын білеміз.

1919 жылғы 27 тамызда Сібір төңкеріс комитеті, қысқаша Сибревком құрылды. Орталығы Петропавл болған Ақмола және орталығы Семей болған Семей губернияларына да Сібір ревко-мының билігі жүрді.

Тиісінше, 1919 жылғы 23 қарашада Петропавл уездік ревкомы, ал, 8 желтоқсанда Ақмола және Семей уездік ревкомдары құрылды. Жер-жерде ауылдық және болыстық ревкомдар құру науқаны басталды. Сақталған мұрағат құжаттарына қарағанда, бұл жұмыс оңай жүрмеген. Халықтың еркінен тыс, сырттан таңылған билік тамырын терең жібере қоймады. «Петропавл уездік ревкомының нұсқаушылары 1919 жылғы 7 желтоқсаннан 1920 жылғы 20 қаңтарға дейін ауылдық және болыстық ревком құру үшін 72 елді мекенді аралап шықты-, деп жазылған бір құжатта. – Нұсқаушылардың жетіспеуінен уездің бүкіл мекендерін тез арада қамту мүмкін болмады. Уездік ревкомның жазбаша нұсқа-уына сай, жергілікті ревкомдар құруды жеделдету қажет».

Азамат соғысының салдарынан өңірдегі халықтың басына зобалаң туды. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдай асқынып, аш-жалаңаш, қайыршы хал үйреншікті жағдайға айналды. Ақтарды қуып шығып, қалаға қайта ие болған, 5-армияның саяси бөлімі Петропавлда қайта ревком құрды. Өкімет билігі ревкомға берілді.

1920 жылғы 20 шілдеде Петропавлда Кеңестердің қалалық және уездік съезі болды. Соның шешімімен бес күннен кейін ревком таратылып, қала-уездік атқару комитеті билікті қолына алды. Азамат соғысының аяқталғаны нышан беріп, солтүстік өлке бейбіт тұрмысқа бейімделе бастағанда «Есіл

13. ҚРОМА. 25-қор, 1-тізбе, 1817, 2-бет.

14. Сонда.



көтерілісі» деген атпен тарихта қалған әйгілі тап күресі, Кеңестік, большевиктік билікке қарсы қарулы көтеріліс бұрқ ете түсті. Кезінде әртүрлі бағаланған қанды соғыстың егжей-тегжейіне тоқталу бұл кітаптың тақырып аясынан тыс, жеке мәселе.

1917 жылғы көктем мен жаз айларында берекесі кетіп, тыныштығы шайқалған Ресейдің өз ішінде Уақытша өкімет, Колчак өкіметі, ақтар мен қызылдар соғысы деген оқиғалар бірімен-бірі алмасып жатқанда, қазақ зиялылары саяси ұйым құруға талпынды. Қазақстанның басым аумағында, ірі қалаларда ұлттық белгідегі «қазақ съездері» өтіп, күйреген Ресей империясының қоламтасын қайта қыздырмай-ақ, ұлттық билікті қолға алу үшін күрес жүргізілді. Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары Алаш ұранды саяси партия құрып, Бүкілқазақтық екі съезд өткізді.

Бүкіл қазақ халқының қолдауына ие болған Алаш партиясының көсемдері 1917 жылғы 13 желтоқсанда тәуелсіз қазақ мемлекеті дүниеге келіп, оның үкіметі Алашорда құрылғанын жариялады. Алашорда үкіметінің астанасы Алаш қаласы болды». Алаш қаласы дегеніміз – Семейдің сол кезде «Заречная слободка» деп аталатын бөлігі. Аталған тарихи оқиғаның нәтижесі ретінде, Уақытша Ұлт Кеңесі деген атаумен Қазақстан Үкіметі, оның төрағасы, Үкімет мүшелері сайланды. Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейхан автономияның жұмысқа кіріскені туралы жан-жаққа жеделхат жолдады.

Қазақ тарихында аса маңызды орын алған осы оқиға туралы Алаш көсемдерінің бірі Әлімхан Ермеков сол кезде Семейде шығатын Алашорданың органы – «Сарыарқа» газетіне былай деп жазды «...декабрьдің 14-сі күні түс ауа, сағат 3-те дүниеге Алаш автономиясы келіп, азан шақырылып, ат қойылды. Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қазақ-қырғыз жұрты өз алдына ауыл болды, Отансыз жұрт Отанды болды». Алайда, тәуелсіз болу үшін, шын Тәуелсіздік алып, өз қолымыз өз аузымызға жету үшін әлі 73 жыл күту керек еді...

1918 жылғы қаңтарда Бүкілресейлік Советтердің үшінші съезінде Еңбекші және қаналушы халықтың Декларация-



сы мен «Россия республикасының федералдық мекемелері туралы» қаулы қабылдады. Осылайша, бұрынғы Ресей империясының басым аумағында тұңғыш социалистік республика құрылғаны жария етілді. Бұл құжаттарда жаңа мемлекеттің құрамына кірудің еріктілігі, федерацияның «негізгі бастаулары», әрбір ұлттың федералдық мекемелердің ісіне дербес қатысы, «Федерация мүшелері құқыларының бұзылмайтындығы» да айтылған. Бірақ, бұл қағидалар ұмытылып, РСФСР-дың 1918 жылғы Конституциясында Ресейдің мемлекеттік құрылымы ғана жарияланды. Тіпті, федерация мүшелерінің орталық билікке қатысу формасы да айтылмаған еді. Бұл тұрғыда ол – шын мәніндегі унитарлық мемлекет болатын. Яғни, жоғарғы билік ешкімнен сұрамай-ақ, азамат соғысы кезінде басып алған аумақтардың басын қосып, заңдастырған десек дұрыс. Федералдық органдар бәрін шешеді, жергілікті биліктің ешқандай мән-маңызы жоқ болатын. 1918 жылғы Конституция бойынша іс жүзінде бүкіл билік иесі Советтердің Бүкілресейлік Советі мен Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті деген сөз.

Әрбір ұлт өз мемлекеттілігіне ие болады деген түсінік далада қалды. Ресейдің ішінде алғашқы ұлттық шекара белгілері 1918 жылдың соңы мен 1919 жылдың басында, Еділ бойы немістерінің Еңбек коммунасы және Башқұрт АССР түрінде ғана пайда болды. Бұл үрдіс табиғи түрде белең ала бастады да, 1922 жылдың аяғына қарай РСФСР құрамында 19 автономиялық республика мен облыс және ұлттық негізде құрылған 2 еңбек коммунасы болған. Дегенмен, бұлардың барлығы да, ешқандай ұлттық дербестігі жоқ, әлжуаз құрылымдар еді. Мемлекет құрушылардың ойынша, Ресей Федерациясы – революция мен совет үкіметі үшін күрес кезеңдерінде тас-талқаны шыққан Ресей империясының бұрынғы құдіретін қалпына келтіретін ірі социалистік мемлекет болуға тиіс еді. 1918 жылдың ортасына дейін РСФСР мен Украина ғана тәуелсіз мемлекет тұрғысында көрінді де, кейін Белоруссия мен Балтық бойының үш, Кавказдың үш республикасы пайда болды.

1918 жылғы көктемде Ресейдің шығысы мен Сібірде Совет үкіметі құлап, аз уақыт бойы сергіген Қазақстанда Ала-



шорда бастаған тәуелсіз мемлекет құру үміті пайда болды. Алайда, большевиктік үкіметпен қиян-кескі соғыс жүргізіп жатқан ақ гвардияшыл Сібір билігі де қазақтарға тәуелсіздік беруден үзілді-кесілді бас тартып, Колчак үкіметінің құзырымен Алашордашыл қазақ үкіметі таратылды. Қызылжарда Алашшыл жастардың «Жас азамат» газеті шығатын кез (31.07. 1918-02.1949 жж.) осы.

1919 жылдың күзінде большевиктер партиясының орталық комитеті мен Совет үкіметі Қазақ өлкесін (Қазақстанды деп оқыңыз. – **авт.**) басқару жөнінде Әскери-революциялық комитет құрды. Оны басқару орыс большевигі Пестковскийге жүктелді де, мүшелеріне қазақтардан Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев, Сақыпкерей Арғыншиев, Әліби Жангелдин, Ахмет Байтұрсынов және басқалары бекітілді. Шын мәнінде басқарудың бұл түрінде тиісті әлует те, дербестік те болған жоқ. Ол, көбінесе большевиктер басқарған Түркістан майданының, дәлірек айтқанда әскери командирлердің айтқанымен жүрді. Қазақ өлкесінің, ондағы халықтардың ерекшелігін де, мұң-мұқтажын да жеткілікті дәрежедегідей ескере алмады. «Әскери-революциялық» деген атауынан-ақ көрініп тұрғандай, «Кирвоенревком» (бұдан әрі Қазвоенревком. – **авт.**) нағыз әкімшіл-әміршіл, алыпкел-шауыпкелдің өзі болғаны – тарихи шындық.

Соған қарамастан, 1919 жылғы 10 шілдедегі өкімет декреті бойынша өз құзырындағы Семей, Ақмола, Торғай және Орал облысы мен Бөкей ордасындағы халықтың күнделікті тыныс-тіршілігіне байланысты мәселелерді шешіп отыруға, Совет автономиясын құруға дайындық ретінде Жалпықазақ съезіне әзірлік бастауға тиіс еді. 1920 жылғы ақпанда жарияланған қаулыда осы мәселелер атап көрсетіліп, әскери-ревкомдар «Ресей құрамына кіретін республикалармен қатынасты қалыпты жағдайға келтіріп, әсіресе орыс емес ұлттар арасында ұйымдастыру-түсінік жұмыстарына көңіл бөлуі» керектігі көрсетілуі тегін емес.

Осы айтылғандарды жүзеге асыру үшін жаңа биліктің мүшелерінде ауызбірлік болуы қажет екені түсінікті. Іс жүзінде олай бола қоймады. Қазвоенревком құрамындағы қазақтардың пікірі еленбей қала берді. Мысалы, Түркістан



майданы РВС, 1-армияның реввоенсоветі мен саяси бөлімі өкілдерінің мәжілісінде Орынборды Қазақстанға беру мәселесі 10 қыркүйек күні Кирвоенком қызметкерлерінің ұсынысымен күн тәртібіне қойылды. Қазвоенревком төрағасы С.С. Пестковский, әрине Мәскеудің ұстанымын қолдады, «Орынборды Қазақстанға беру керек», деген пиғылда болды. Ал, компартия билігінің өкілдері А.А. Коростелев пен И.Д. Мартынов бастаған топтың тағы алты адамы керісінше, «орысы көп Орал облысы мен Ақтөбе уезін, Ақмола облысын Орынборға қосуды» жақтады. Сондай-ақ, жаңадан құрылатын Қазақ республикасының астанасын, сол елдің «түкпірінен іздеу» керектігін айтты.

Бұл мәселеге тәтпіштеп тоқталуымыздың мәнісі бар, Қазақтың дербес мемлекетінің тағдыр-талайы түптің түбінде оның астанасының қайда, қандай екенімен байланысты боларын Алаш көсемдері сол кезде-ақ білген болатын. Орынборды астана жасауға А. Байтұрсынов, С. Меңдешев және М. Тұнғаншин қарсы болды. Олардың атынан сөз алған Ахмет Байтұрсынов «мұндай жағдайда біз дауыс беруге қатыспаймыз» дегенге дейін барды. Өйткені, астанасы Ресейдің ішіндегі қала болған республикада дербестік болуы мүмкін емес еді. Демек, кері айналып, 1917 жылы желтоқсанның 12 күні түстен кейін жарияланған Алаш автономиясының кіндігі ретінде Семейдің Алаш бөлігі неге таңдалғанына ой жіберсек, мәселе түсінікті еді. Дегенмен, күрделі түйіннің шешуі тек қана Мәскеудің қолында еді ғой.

Орынбор губкомының, губерниялық атқару комитетінің және Түркістан майданы мен 1-армияның біріккен жиналысы шақырылып, оған «қазақ, башқұрт мәселелерін шешуге» Мәскеуден Михаил Калинин келіп қатысты. А. Байтұрсынов өз пікірінен айныған жоқ, дауыс берген де жоқ. Ақыры, Қазақ автономиясының астанасы Орынборда қалды (2).

Расында да ұлан-байтақ Қазақстанды бір қиырда, Ресей жерінде жатқан Орынбордағы орталықтан басқару оңай емес еді. Сол себепті, кейін, 1921 жылы қыркүйекте Қазақ облыстық партия комитетінің хатшысы Г.А. Коростелев Сталинге хат жазып, қазақтардың 5-6 ай бойы өз наркоматтарын танымай тіршілік кешіп жатқандығына шағынуы



тегін емес. Тұрар Рысқұлов Ташкентті қазақ астанасы ету жөнінде 1920 жылы білдірген өз идеясын есіне алып, 1922 жылы Сталинге ұсыныс түсірді. «Не қазақ республикасын осы күйінен тарату қажет (бұған қазақтар ренжімейтінін ол білген), немесе астананы басқа жерге көшіру керек. Аумағы үлкен республиканы басқаруға Орынбор лайықты емес, ол елге ешқандай пайдалы ықпал ете алмай отыр.». (ЦК РКП (б) – ВКП (б) и национальный вопрос. Книга 1. 1918-1933 гг. М., 2005. С. 120).

Осылайша, большевиктер басқарған совет өкіметі белең ала берді. Ресейдегі төңкеріс нәтижесінде ұлттық тәуелсіздікке, басқа ұлттармен теңдікке қолымыз жетеді деп үміттенген қазақ жұрты социалистік құрылыстың келешегінен ерте-ақ түңіле бастады. Оған айқын дәлел ретінде, Қазревком мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының Ресей мемлекетінің ең жоғарғы мемлекеттік және саяси билік иесі Владимир Ленинге жазған хатынан мынадай үзінді берсек, жағдай түсінікті болар: «Қырғыз (бұдан әрі – қазақ. – **авт.**) ревкомы құрылған уақыттан бері 10 ай өтті. Ревкомның он айлық жұмысының қорытындысын шығара келгенде, ол өзінің ештеңе тындырмағанын айтуға тура келеді. Ревком жұмысы берекелі болмауын көптеген себептермен түсіндіруге болады, бірақ негізгі себеп ЕКЕУ:

1) Қазақ өлкесін басқаруға қойылған Орталықтың өкілінде айқын көзқарас болған жоқ. Мұның себебі Қазақ өлкесінің әлеуметтік жағдайларының өз ерекшеліктері не байланысты орталықтың өзінде «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» мен Р.К. П. бағдарламасындағы принципті нұсқауларынан басқа қазақ мәселесі жөнінде айқын көзқарас болмауы және 2) Орталықтың өкілі мен халық арасында өзара сенім жоқтығымен түсіндіруге болады.

Патша үкіметі тұсында ұлттық езгі көріп, құлдыққа түскен қазақтардан артық бұратаналар болған жоқ шығар. Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай тұра алмайды. Езілген ұлттың бойында езушілерге қарсы жиіркеніш пен өшпенділік сезімі үнемі дами бермесе де, сенбеушілік сезімінен басқа сезім ояна қоймайды. Қазақтарды ғасырлар бойы тонап, езгіге салып келген орыс ұлтының пролетариаты өзін



патша чиновниктерінің орнын басып, езілген халықтардың мойнына мініп алғысы келетін құлдыққа салушы жаңа мырзалар емес, қайта оларды азат етуші ретінде іс жүзінде дәлелдеп, көрсетуге тиіс. Солай бола тұрса да, жергілікті коммунист жолдастар қазақтарды ешнәрсе түсінбейді деп ойлайды, құйтырқы саясатқа салып, еңбекші қазақ халқына олардың тұрмысын кеңестер негізінде құруына туысқандық көмек көрсетуді ұсынбай, қайта оларға әртүрлі қулықпен өз үстемдігін танытып отыр.

Өздерін интернационалист-коммунистер деп атаумен ғана орыстар патша үкіметінің айла-шарғылы саясатымен ғасырлар бойы таныс орыс емес ұлттардың сенімін оята алмайды. Қазақта: «Сары орыстың бәрі - орыс» деген мәтел бар... Қазақ халқын алдайтын үміт артылған айла-шарғылы саясат сырттай жылтырағандықтан басқа елеулі ешнәрсеге жете алмайды...

Мәселе мынада: қазақтар арасында халқы толық сенетін және жазатайым жаңылса да, жеке басының игілігі мен пайдасын көздеп, өз халқын ешқашанда саналы түрде сатып кетпейтін зиялылардың белгілі бір бөлігі бар.

Қазақтардың сеніміне ие болғысы келетін орыс пролетариаты үшін ең төте жол осы зиялылар арқылы өтеді. Бірақ бұл үшін осы зиялыларға Кеңес өкіметі сенім көрсетуі керек...¹⁵»

1920 жылдың маусымында ССРО басшылығы қырғыз-қайсақтардың (ол кезде қазақтарды қырғыз не қырғыз-қайсақ деп, ал қырғыздарды қара-қырғыз (қара-киргиз) деп атаған. – авт.) мекен еткен жерлері Орал, Торғай, Семей облыстары, Каспий сырты облысының Адай уезі, Бөкей Ордасы және Орынбор облыстары аумағынан қазақтардың ұлттық автономиялық республика құратыны мәлім болды да, 20 тамызда Бүкілодақтық Орталық атқару комитеті (БОАК) атынан тиісті шешімі қабылданды. Республика астанасы – Орынбор қаласы деп жарияланды.

1920 жылғы 26 тамызда Ресей Халық комиссарлары Советінің төрағасы Владимир Ленин мен РСФСР ОАК төраға-

15. Тайшыбай З.С. Мағжанның Қызылжары, Астана, «Полиграфия» – 2007. 118-бет..



сы Михаил Калинин «Қазақ автономиялы Республикасын құру» туралы декретке қол қойғаннан кейін жас Қазақ мемлекетінің жер-суын түгендеу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Қазақстандағы заңды билік иесі – Қазақ әскери-революциялық комитеті болашақ Қазақ республикасының құрамына бұрын Ресейге қараған Ақмола және Семей облыстарының аумағын енгізуге шешім қабылдады. (1868 жылғы реформа бойынша құрылған Ақмола облысының уақытша орталығы Омбы қаласы болып, ақыры өзгермей қалған. Ақмола облысының жер аумағы қазіргі Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстарының Жамбыл және Алматы облыстарының Балқашпен шектесетін бірқатар елді мекендерін қамтыды).

Қазақ әскери-революциялық комитетінің мүшесі әрі Қазақстан билігінің Бүкілресейлік Орталық атқару комитетіндегі өкілдігі алқасының төрағасы ретінде Әлімхан Ермеков 1920 жылғы 18 мамырда Мәскеуге барып, Қазақ республикасының шекара жігін анықтау, нақтылау, даулы мәселелерді одақтық мекемелер арқылы шешумен айналысты.

«Мәскеуге келген бетте мен В.И. Лениннің төрағалығымен өткен кеңеске қатысып, Қазақстандағы жағдайды баяндадым. – деп еске алады Ә. Ермеков. – Менің алдымда Сафаров жолдас баяндама жасады. Қызуқанды, батыл да шешен адам екен, шет аймақтардағы ұлттардың, оның ішінде қазақтардың тұрмыс-тіршілігі ауыр екенін қолға ұстатқандай, дәлелмен айтып берді. Келімсектерден қысым көріп отырған жергілікті халықтың өз жерін қайтып беру керек. Тек, сонда ғана халқымыз бостандықты түсініп, революцияның жемісін тата бастайды, – деді ол. Ленин бұл ұсынысты қолдап, Түркістанда таяу арада жер реформасын жүргізу қажеттігін айтты. Мен Столыпин реформасы дегеннің кезінде қазақтардың жері жаппай тартып алынғанын, Ертістің сол жағасындағы оншақырымдық жолақ 1904 жылы казак-орыстарға беріліп, қазақ халқының қуылып тасталғанын, Каспийдің солтүстік жағасына қазақтардың жолдай алмай отырғанын... айттым»¹⁶.

16. Кыдыралина Ж. У.. Алимхан Ермеков. Алматы, 2012. 100-105-бет.



Бұдан кейін бұрын Түркістан Республикасы құрамында болған қазақ жерлері түгенделіп, Қазақ автономиялы республикасының аумағы алғаш рет белгіленген болатын. Құжат түріне келетін болсақ, РСФСР Совнаркомының 1919 жылғы 10 шілдедегі «Қырғыз өлкесін басқаратын Төңкеріс комитеті туралы» декретінде былай делінген: «Қырғыз өлкесінің аумағы анықталғанша, Төңкеріс комитетінің... қарауына Астрахан губерниясындағы қырғыз жерлері және Орал, Торғай, Ақмола және Семей областары қарайды».

Бұл жерде түсіндіре кететін бірнеше мәселе бар. Мұндағы «Қырғыз өлкесі», «қырғыз» жерлері деген тіркестерді «Қазақ өлкесі», «қазақ жерлері»... деп оқыған дұрыс. РСФСР Совнаркомы дегеніміз, 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін құрылған Ресейдегі үкімет билігі. Қазақша толық атауы «Ресей Федерациясы Халық комиссарлары кеңесі» болғанымен, тарихи әдебиетте орысша ықшам жазылған түрін қолдандық. «Қырғыз өлкесін басқаратын Төңкеріс комитеті» дегеніміз, төңкерістен кейін уақытша құрылған әскери биліктің атауы. Мұны да түсінікті болуы үшін «Кирревком», немесе дәлірек «Казревком», Сібір төңкеріс комитетін «Сибревком» деп алдық. Құжаттағы «Ақмола облысы» деген бөлініс қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының аумағын толық қамтиды. – авт.).

Осы декретке қол қойылғаннан кейін, Қазақстанның солтүстігі Колчак әскерінен босатылды. Сибревкомның бас кеңсесі 1920 жылдың бас кезінде бұрын Новониколаевск деп аталған, Ресейдің қазіргі Новосибирск қаласында болатын, кейін Омбыға көшірілді. Ресейдегі орталық үкіметтің әлсіздігін пайдаланған Сібір билігі Ресеймен іргелес ежелгі қазақ жерлерін империя аумағында қалдырудың айла-амалын жасап, бірнеше заңсыз әрекеттерге барды. Атап айтқанда:

«Ақмола облысы» делініп, орталығы Омбы қаласы болып 1868 жылдан аталып келген ұлан-байтақ аймақты 17 ақпанда аяқ астынан Омбы губерниясы деп атап жіберді, яғни, қазіргі Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары Қызылжардан Балқашқа дейін, Баянауылдан Ұлытауға дейін Ресейдің қарауында қалды.



Бұған қоса, ішкі Ресейден қоныс аударып келген казак-орыстар мен орыс қарашекпендері басып қалған казак жерлерін жаңа үкімет жағдайында солардың меншігіне заңдастырып беру мақсатында, «Ақмола және Семей облыстарындағы уездердің, қарашекпен болыстары мен казак-орыс станицаларының және казак ауылдарының ара-жігін анықтау үшін ведомствоаралық комиссия» дегендерді құрып тастады. Өз жерінің ежелгі иесі казак халқының еркінен тыс, заңсыз әрекет бастаған бұл комиссия, айталық, Петропавл уезінің аумағындағы дербес әкімшілік бірлік ретіндегі мына станицаларды былайша «анықтады» (СҚО ММ, 43-қор, 1-тізбе, 1-іс, 38-парақ):

1. Лебяжье станицасы (Лебяжье, Конюхов, Первотаровская мекендері);
2. Булаев станицасы (Булаев, Полтавка, Чистый, Медвежий, Ганькино, Рявкино, Успенка елді мекендері);
3. Тоқушы станицасы (Тоқушы, Полуден, Плоская, Камышловская, Раевский, Сергеевский елді мекендері);
4. Архангельск болысы (Архангельск, Кривоозерный, Бескөл, Новокаменск);
5. Вознесен станицасы (Вознесенка, Надежинская);
6. Боголюбов станицасы (Боголюбов, Новоникольск);
7. Дубровная станицасы (Дубровная, Сенжар, Маловознесенский, Михайлов);
8. Новорыбинская станицасы (Новорыбинская, Мирлобовский, Богатинский, Кладбинский, Железенский);
9. Преснов станицасы (Преснов, Новомихайловка, Қазан, Усердинский, Лоншинский, Островной, Екатерина, Қабан);
10. Пресногорьков станицасы (Пресногорьков, Камышловский, Починов, Сібір, Богоявленский, Крутоярский, Пресногорьков редуты).

Жергілікті өкімет билігі болып табылатын Петропавл ревкомының, кейінірек «Жұмысшы, шаруа және қызыләскер советтерінің Петропавл уездік атқару комитеті» болып өзгерген билік мекемесінің 1919 жылғы 5 қарашадан 1919 жылғы 20 шілдеге дейінгі құжаттарын қарап отырсаңыз, Петропавл уезінің нақты шеғарасы қандай және ол Қазақстан құрамына кіре ме, жоқ па? деген мәселе көтерілмегенін



байқайсыз. Бұған көз жеткізу үшін облыстық мұрағатта сақталған «Ақмола облысын таратып, Омбы губерниясын құру туралы Сибревкомның қаулысы» деген құжаттан үзінді келтірейік:

А) Ақмола облысы таратылады.

Ә) Омбы облысы құрылады, оның құрамына қазіргі шегарасы жағдайында губерниялық Омбы қаласы мен мына уездер беріледі: Омбы, Көкшетау, Петропавл, Есіл, Текелі, Тара, Калачин.

Б) Алдағы уақытта, Қазақ Советтік республикасымен келісім орнатылғанша, Атбасар және Ақмола уездері де қазіргі шегарасы жағдайында Омбы губерниясына беріледі.

Сибревком төрағасы Смирнов. 1920 жылғы 17 ақпан. № 391¹⁷.

Осылайша, Сибревкомның шешімі бойынша 1920 жылдың басына дейін Петропавл уезі Қазақстан аумағынан тыс қала берді.

Ескерте кету керек, бұл құжат көпе-көрнеу заңсыз еді, себебі: біріншіден, ірі әкімшілік-аумақтық бөліс мәселесін шешуге Сибревком сияқты уақытша өлкелік әскери билік құзырлы емес болатын. Екіншіден, Қазақ өлкесін басқаратын Қазревком алда құрылатын Қазақ республикасының шегарасын анықтау жөнінде комиссия жасақтауға Орталық биліктен тапсырма алған болатын. Мұндай комиссия 1920 жылғы мамырдың 16 жұлдызында құрылды.

Демек, Қазақстанның жер аумағын сол комиссия белгілеп, ақтық шешім құзыры Омбыдағы Сибревком емес, Ресей Халық комиссарлары советінің төрағасы Владимир Ленин, Орталық атқару комитетінің төрағасы Михаил Калинин мен Ұлт істері жөніндегі Халық комиссары Иосиф Сталин үшеуінің ғана құзырында еді.

Сонымен, Қазревкомның комиссиясы құрылды және оның жасаған жұмысы бойынша, шегара туралы қорытынды ұсыныстарын қарап, Қазақстан аумағын белгілеп бекі-

17. СҚО ММ,43-қор. Жұмысшы, шаруа және қызыләскер советтерінің Петропавл уездік атқару комитеті. 1-тізбе, 1-іс, 60-парақ.



тетін, В. Лениннің басшылығымен өтетін үлкен жиналыс дайындалды. Жиналысқа Қазақстанның заңды шегарасын белгілеу мәселесіне қатысы бар, мүдделі қызметкерлер, айталық іргелес облыстардың, өлкелердің бірінші басшылары, Мәскеудегі Орталық биліктегі министр шеніндегі халық комиссарлары түгел шақырылды. Қазақстан тарапынан негізгі баяндаманы Әлімхан Әбеуұлы Ермеков жасайтын болды. Ленин мен Сталин басқарып, жүргізген бұл кеңес 1920 жылы тамыздың 20 жұлдызында Мәскеуде өтті. (Осынау кеңеске қатысты құжаттардың біразы тұңғыш рет 1957 ж. «Образование Казахской АССР» (Сборник документов и материалов. Издательство Академии Наук Каз. ССР.) деген кітапқа қосылып, жарық көрді. Алма-Ата, 1957. – авт.)

Осы кітаптағы мына құжаттармен таныса отырып, Отанымыздың шегарасын белгілеудің қандай жағдайда өткеніне көз жеткізуге болар еді.

1) Қазақ АССР шегарасын белгілеу жөнінде РСФСР СНК төрағасы Ленинге Қазревкомның жеделхаты. *«1920 жылғы 21 мамыр. Тамыз айында Жалтықазақ съезін шақырайық деп отырмыз. Осы мәселе қаралатын Мәскеудегі кеңеске әлі шақыру алғамыз жоқ. Тез шақыру жіберіңіздер және даулы болып отырған (Семей және Ақмола) облыстарын уақытша басқарудың тәртібін көрсетіңіздер»¹⁸.*

2) Петропавл уезі қазақ болыстары қала-уездік съезіне қатысушылардың Ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариатына жолдаған жеделхаты.

«1920 жылғы 4 тамыз. Біз, Омбы губерниясы Петропавл уезі 15 болысының қазақтары Петропавлдағы қала-уездік съезге жиналып, болашақ Қазақ республикасының шегарасын анықтауға арналған комиссияның құрылуын қолдаймыз және этнографиялық, тарихи және экономикалық жағынан тығыз байланысты Петропавл уезі Қазақ Өлкесінің құрамына енуі керектігіне

18. Каз.ССР. ОМ, 1353-қор, 1-тізбе, 4, л. 34; «Образование Казахской ССР», стр. 211.



*сенім білдіреміз*¹⁹. Құжатқа қоса басылған түсініктемеде, мұрағатта осы жеделхатқа қол қойған болыстардың өкілдері туралы хаттама сақталғаны көрсетілген. Олар, Келтесор, Сарыайғыр, Тайынша, Жамантүз, Еменәлі, Таузар, Смайыл, Аққусақ және Анастасьев болысының қазақтары екен.

Сонымен, 1920 жылғы 20 тамызда Ресейдің ең жоғарғы билік дәргөйінде Қазақ автономиялы Советтік Социалистік республикасын құру туралы жалпыға мәлім құжат қабылданды. Мұнда, Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері және Омбы уезінің бір бөлігі Қазақ автономиясы деген дербес шаңырақтың астына қосылғаны туралы анық жазылды. Ал, Омбы губерниясы деген әкімшілік-аумақтық бөліністің болған-болмағаны туралы еске алынған да жоқ.

1920 жылғы 4 қазанда Орынбор қаласында Қазақ АССР советтерінің Құрылтайы ашылып, оның күн тәртібіне 26 тамыздағы декреттің қағидаларын талқылау, оның ішінде қазақтың жерін түгендеу мәселесі қойылды. Бір ғажабы – Бүкілқазақ құрылтайына Петропавл уезінен тек қана қазақтар қатысқан. Бұл туралы Петропавлда шығып тұрған «Мир труда» газетінің 1921 жылғы 24 тамызда шыққан 175-санында анық жазылған. Орынборда Құрылтай съезі жүріп жатқанда, съезд төралқасына Петропавлдан келген жеделхат жеткізілді. Онда былай делінген: *«Біз, Омбы губерниясы Петропавл уезіндегі 15 болыстан сайланған қазақ депутаттары Қазревкомды еңбекші қазақ халқының басшысы деп мойындаймыз және езгідегі халыққа Совет өкіметі жариялаған бостандықты алып бергені үшін оған барынша қолдау көрсетеміз, қазақ автономиясы жүзеге асады, деп сенеміз»*. Бұл жеделхат сол кезде, «Известия Киргизского края» деген басылымның 1920 жылғы 9 қазандағы санында жарық көрді²⁰. Съездің соңғы күні қабылданған әкімшілік мәселесі бойынша қаулының екінші тармағында жазылған мына топшылауға назар аударайық. *«Семей және Ақмола губернияларының Қазақ*

19. ЦГАОР СССР, 1318-қор, 1-тізбе, 141-іс, 59-бет; «Образование Каз. АССР», стр. 244.

20. Кітапта: «Образование Казахской АССР», стр. 259.



Республикасы үкіметінің қарауына бірден өтіп кетуі бұл губерниялардағы жұмысқа қиындық тудыруы мүмкін екені ескеріліп, оларды әзірше, яғни 1921 жылдың 1 қаңтарына дейін Сибревком қарауында қалтыра тұру... ұйғарылды»²¹.

Құрылтай съезінің шешімдеріне қарамастан, жаңадан құрылған Қазақ Республикасының шығыс шегараларына қатысты түйткіл мәселелер 19251 жылдың басында да шешіле қоймады. Айталық, Қазақстан Орталық атқару комитетінің (КазЦИК) төрағасы әрі Қазақстан шегарасын реттеу туралы төтенше комиссияның төрағасы Сейітқали Меңдешевтің есімімен байланысты мына бір құпия құжат біраз ойға жетелейді: 1921 жылы 19 наурызда Петропавлдан Мәскеуге жолдаған жеделхатында ол былай деп жазыпты:

«Құпия. Мәскеу. Қазақстан өкілдігіне. БОАК мүшесі Мырзағалиевке. Шегара жөніндегі пікірім мынадай: Семей губерниясы, Ертіс және Павлодар аудандарын Қазақстанға қалдыру мәселесінде табанды болыңыз. Ал, Омбы қаласын Қазақстанға қосу жөнінде мәселе қиындап кететін болса, күштемей-ақ қойыңыз. Ертісті иемдену (яғни, Ертіс өзеніне қол жеткізу. – авт.) туралы біздің ұсынысымызды өткізу қажет. Ең болмаса, Омбы уезінің қазағы басым бөлігін алып, Ертіске қол жеткізумен шектелуге болар. Есіңізде болсын, бұл мәселені федералдық биліктің алдына қойғанда, бұл қазақтар Омбы уезінде қалса, сөзсіз қырғынға ұшырайды, біз оларды аман сақтап қалуға күш салып отырмыз дегенбіз, осыны айқын жеткізіңіз²².

Сақталған құжаттардағы шындық сол, Орынбордың да, Омбының да тарихи жағынан Қазақстанға тиесілі екендігін дәлелдеп, Алаш қайраткерлері бұл жөніндегі мәселені Кеңес өкіметіне ашық айтып, күн тәртібіне қойған. Әлбетте, ойлағанның бәрі орындала бермеген ғой...

Реті келіп тұрғанда, ұрпақтарға айта кететін бір шындық бар. Ол – бүгінгі барымыз бен жоғымыз туралы. Барымызды көріп отырмыз, танимыз, білеміз. Кең байтақ Қазақстанның

21. ЦГАОР Каз. ССР, ф. 5, оп. 1, д. 21, л. 266; «Образование Казахской АССР», стр. 294.

22. СҚО ММ, 43-қор, 1-тізбе, 7-іс, 1-парақ.



жері, ата қонысымыз, байлығымыз осы. Оған ешкімнің тала-сы болмас. Осының көбі – Кеңес заманында жасалған іс болып көрінгенімен, Алаш көсемдерінің жанқиярлық еңбегінің жемісі екендігін біреу білсе, біреу білмейді.

Алашорда мемлекетін құру туралы бастама аяғына жетпей, амалсыздың күнімен Кеңес өкіметін, коммунистік партия билігін еріксіз мойындауға мәжбүр болған Алаштың зиялы қайраткерлері осы кеңестік құрылыс жағдайында да, қазаққа берілген жасанды, қуыршақ автономия жағдайында да өз ұлтына аз уақыт болса, қызмет етіп, бірқатар үлес алып берді. Кейін түгелге жуық құртылса да, сол азаматтардың қолынан келіп, жүзеге асқан тарихи игіліктер бүгінгі ұрпаққа мұра болды, Тәуелсіз мемлекетімізге іргетас болды. Тағы бір қайталап айтсақ, олар: тұңғыш рет заңдастырылып, шегарасы белгіленген Қазақстан Республикасының ресми аумағы, білім-ғылым, мәдениет пен денсаулық қорғау ошақтары, негізгі бағыттары сол кезде айқындалған экономика мен өндіріс ошақтары, әкімшілік-аумақтық бөліністің басшылыққа алынған қағидалары сол отызыншы жылдары қалыптасып болған еді.

Қазақстан әуелі автономиялық, одан кейін Одақтық республика болып, шаңырақ көтеріп, буынын бекіте бастағанда билікке араласа отырып, қалыптасқан қазақтың саяси элитасы Мәскеудегі орталықтың бермесін тартып алардай қуатты түрде қалыптасып келе жатқанда, ССРО-РСФСР-Қазақстан түріндегі мемлекеттік құрылымның негізгі қайшылықтарының құрбаны болып кетті. Әдетте, Алаш трагедиясын Кеңес өкіметі басындағы жеке тұлғалардың, мысалы И. Сталиннің, Л. Берияның, Ф. Голощекиннің зиянкестігімен, қазақтың өз ішіндегі жеке қайраткерлердің қателерімен байланыстыратындар бар. Алайда, шындық тереңде, саяси басшылық жүйесінде жатқанын мойындайық... Бәлкім, мемлекет басшыларының жалпы білім деңгейі, саяси мәдениеті төмен болған шығар, өркөкірек, ұрдажық мінез, іштарлық, әлеуметтік жіктердің талап-тілегін ескермеу, нақты жағдайды бағалау, келешекті болжау тұрғысындағы қателіктер де болған шығар...

Тарихқа қайта оралатын болсақ, 1868 жылы «Уақытша Ереженің» 15-бабына сәйкес, Ақмола облысы: Омбы, Пе-



тропавл, Көкшетау және Ақмола аталған төрт уезге бөлінген. Облысты басшылығына, яғни әскери губернатор қызметіне генерал-майор А. Окольничий тағайындалды. Ол сонымен қатар, Сібір казак әскерінің атаманы болып есептелді²³. Ал, уездерді басқару дворян тектілер мен казак офицерлеріне тапсырылды. Сонымен, 1868 жылғы реформа казак даласына әскери билік әкелді.

1868 жылы 20 қараша күні облыс аймағында Ақмола, Омбы, Петропавл, Көкшетау уездерін басқару туралы бұйрық шықты. Келесі 1869 жылы 30 қазанда орталығы Атбасар станицасы болып Сарысу уезі ашылды. Ол көп ұзамай Атбасар уезі деп атала бастады.

Енді уездердің ішкі құрылымын, ондағы негізгі ұлт болып саналатын қазақтардың жағдайымен аз-кем таныстыра кетейік.

Ақмола уезі: «Айтқожа-Қарпық, Қареке – Алтай, Тінәлі – Қарпық, Темеш, Құлан-Қыпшақ, Ақсары – Құрсары-Керей, Құрман-Құрсары-Керей, Қанжығалы-Жетіру, Қанжығалы-Жапар, Қанжығалы-Тентек болыстарын қамтыды. Халқының 93,28 проценті қазақтар. Негізінен арғынның қуандық руынан тарайтын алтай, қарпық, беріш, ағыс, қалқаман және темеш тармақтары, оларға қоса, арғынның қарауыл (уездің солтүстік-батыс бөлігі) және қанжығалы рулары (солтүстік-шығысында), батыс жақтан біраз қыпшақтар, солтүстікте керей тайпасының ақсары, құрсары рулары қосылды»²⁴.

Атбасар уезі: Сайдалы-Алтай, Енем-Түнғатар, Мойын-Алтай, Ақсай-Алтай, Әлеке-Байдалы-Алтай, Төмен және Алшын болыстары. Мұндағы қазақтардың үлес саны 1870 жылғы дерек бойынша 98,8 процент²⁵. Атбасар уезінде негізінен арғындар мен наймандар мекен етті.

Петропавл уезі (1900 жылғы мәлімет бойынша) солтүстігінде Тобыл губерниясымен, шығысында Омбы

23. ҚРОМА. 25-қор, 1-тізбе, 1817, 4-бет.

24. Востров М. С., Муқанов М. С. Родоплеменной состав расселения казахов (конец XIX – начало XX в). Алма-Ата, 1968, С.187.

25. Бекмаханова Н. Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М, 1986, С.142.



уезімен, батысында Торғай облысымен шектесіп, 60953 шаршы шақырым жерді қамтыды. Жергілікті қазақтар 45250 шаршы шақырым, яғни облыс жерінің 74 процентін иеленді²⁶.

1870 жылғы мәлімет бойынша уездегі қазақ саны 89887 адам, яғни барлық тұрғындардың 58,8 проценті²⁷.

Уездің аумағындағы әкімшілік бөліс көрінісі:

Андағұл-Рысай, Қойлы-Атығай, Байдалы-Уақ, Самай-Керей, Матақай Сыбан-Керей, Байдалы-Уақ-Ақтам-Қанжығалы, Еменәлі-Керей, Бабасан, Бабалы-Атығай болыстарымен бұрынғы Көкшетау округінің Бағыш болысының 350 шаңырағы²⁸.

Басқа уездерге қарағанда мұнда қазақ халқының үлес салмағы аз екенін өлкедегі отарлаудың қарқынына байланысты тарихи жағдайлардың ықпалы өктем болғанымен дәлелдейміз. Петропавл уезінде арғынның атығай және қарауыл, қанжығалы рулары, керейдің сыбан, көшебе, балта рулары, уақтың шоға және ергенекті рулары мен қыпшақтардың торайғыр, бұлтың рулары мекендеді²⁹.

Көкшетау уезінің аумағы 63.688 шаршы шақырым болса, мұның 53.372 шаршы шақырымы (84 процент), ал қалған 10.296 шаршы шақырымы казактардың иелігінде деп есептелді.

Бұл уездің әкімшілік түзілімі: Шоқтыбай-Есенбай, Көшкұлы-Бәйімбет, Қылды-Ноғай, Қараша-Жайылбай, Атығай-Бағыс, Есенбақты-Керей, Майлы-Балта және Қарауыл-Мөңтік болыстарынан құралды³⁰.

Көкшетау уезінде негізінен арғынның атығай, қарауыл, керейдің ақсары руларынан тараған ұрпақтар мекендеді³¹.

26. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Т. 18. Киргизский край. СПб. 1903, С.358, 367.

27. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М, 1986, С.142.

28. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты – КРОММ, 345-қор, 1-тізбе, 967-іс, 57-58-беттер.

29. Востров М.С., Муканов М.С. Родоплеменной состав расселения казахов (конец XIX – начало XX в). Алма-Ата, 1968, С.196-198-200.

30. Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты – ООММ. 3-қор, 6-тізбе, 8172-іс, 228-229-беттер.

31. Муканов М. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. А, 1974, С.173-174.



Омбы уезінің жері ХХ ғасырдың басында басқалармен салыстырғанда шағын болды, яғни 41049 шаршы шақырым. Мұның 77 проценті қазақтардың үлесінде екені көрсетілген³².

Омбы уезінде бұрынғы Көкшетау округінің: Бағы-Бағыс, Ақты-Мөңтік, Сары-Қарауыл болыстарынан, Ақмола облысының: Төлеке-Құрсары-Керей, Майлы-Бақтыбай-Құрсары-Керей, Құлатай-Қыпшақ, Қанжығалы болысының 65 шаңырағы және Баянауыл округіндегі қанжығалының 40 отбасы қосылды.

Омбы уезінің негізгі халқы Орта Жүздің арғын, қыпшақ және керей тайпаларының қазақтары еді. Мұнда жалпы тұрғындардың ішінде қазақтардың үлес салмағы 1870 жылғы есеп бойынша 43, 45 процент болды³³.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін қазақтардың қауқары кеміп, ата қонысынан ығыстырылып, өңшең шөлейт қырға қоныстана бастағаны, әсіресе, дәл осы кез екендігін атап кеткіміз келеді. Жоғарыдағы деректерде «қазақтарға тиесілі» деп тіркелген жерлер аумағы жағынан өте көп көрінгенімен, адамдардың тіршілік-шаруашылығына қолайсыз, құнарсыз жерлер болатын. Оның бір ғана айғағын Ертіс, Есіл, Нұра, Тобыл өзендерінің екі жағалауындағы топырағы құнарлы, сулы-нулы аймақтардағы жер-қоныс атауларының арасында басқа тілдегісі басым, қазақшасының осы уақытқа дейін сирек екендігінен-ақ білуге болады. Мұндай шұрайлы жерлерді басып алған «қоныстанушылар» кейін дауға қалмас үшін, сол жерлерді өз қалауынша тезірек орысшалап, «шоқындырып» жіберген.

Керісінше, егін шықпайтын, тастақ, суы сораң немесе ащы, қырға қарай қазақша атаулар көбейе береді. Бұл жағдай әлі де сол күйінде, өзгерместен сақталып отыр. Себебі, бұл жерлерді «еуропалық ұлт өкілдері» мекендеп келген.

Көп ұлтты империяға айналған Ресей ХҮІІІ ғасырдың аяғында, Абылай хан дүниеден өтісімен-ақ, қазақ қоғамын,

32. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Т. 18. Киргизский край. СПб. 1903, С.381.

33. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М, 1986, С.142.



қазақ елін мемлекеттік тұтастығынан айыру, сол арқылы қазақ жеріне баса-көктеп ену саясатын жүйелі және мақсатты түрде жүргізді. Уақыты келді-ау дегенде 1822 және 1868 жылғы реформалар нәтижесінде Ресей өкіметі қазақ даласында әскери-феодалдық басқару жүйесін орнатты.

Соның салдарынан өзін-өзі қорғау қабілетінен айырылған қазақ қоғамы Ресей империясының экспансиялық саясатына жалпыұлттық деңгейде қарсылық көрсете алмады. Оның мәнісін Абай атамыз айтып кеткендей, «Бас-басына би болған өңшең қиқым...», «Арқаға ұлық қаққанға маз болған парақор болыстар...» билікке келген болатын. Сөйтіп, қазақ халқы ғасырлар бойы қан төгіп, қорғап келген жерінің ең құнарлы, шаруашылыққа қолайлы бөлігінен бірте-бірте айырылды. Патша әкімшілігі тәуір жерлерді «артық жер», «көшпелі және отырықшы норма», «жерге орналастыру» сияқты әдістерді қолданып, тартып алды³⁴.

Әлбетте, бұл кездейсоқтық емес еді. Ресей патшалығының біртіндеп, мемлекеттік деңгейде жүргізген отарлық саясатының нәтижесі осындай. Тіпті, бергін келе, ХХ ғасырдың басында да Қазақстанның барлық аймақтарындағы құнарлы жерлерді түгелге дерлік қазақтардан тартып алғаннан кейін де, бұл мәселеге шектеу жасалмады. Мұның бәрі жер-су атауларының өзгеріп, ежелгі иелеріне жат болуына әкеп соқты.

1907 жылы Петербургте қазақтардың жер мәселесі бойынша наразылық арыздары қаралғанда, Ресей егіншілік департаментінің директоры Крюков өз баяндамасында мына сөздерді айтқаны тарихтан белгілі: «Америкалықтар үндістерді туған жерінен шөл және шөлейт жерлерге қуып, қандай саясат жүргізсе, бізде қазақтарға сондай саясат ұстануымыз керек»³⁵.

Қазақстанның солтүстік аймағының географиялық жағдайы мен мекендеген халықтың ұлттық құрамына байланысты бұл өңірде жер-су аттарының орынсыз өзгеріске

34. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995, 65-75-беттер.

35. Ваганов А. Земельная политика царского правительства в Казахстане (1907–1914)// Исторические записки, М., 1950, № 31, С.66.



түсуінің тарихы мүлде әріден басталатынын айттық. Ресей отаршылығымен бетпе-бет келген өңірдегі қазақтардың тілі мен діліне, ұлттық салт-санасына нұқсан келтіре отырып, жергілікті халықты маргиналдық санадағы тобырға айналдыру екі жарым ғасыр бойы империялық саясат негізінде жүйелі түрде жүргізілді.

Зерттеуші В. Н. Алексеенконың жинаған деректері бойынша 1870-1906 жылдар арасында, яғни 36 жыл бойы Қыр өлкесіне Ресейден ауып келгендер саны 521 мың адам болса, Столыпин реформасы деп аталатын 1906-1914 жылдарда ғана 714 мың адам қоныс аударған...Осылайша, 1910 жылдың өзінде Ақмола облысына Екатеринослав, Полтава, Самара, Харьков, Херсон губернияларынан екі жүз мыңдай қарашекпен көшіп келді. 1917 жылғы мемлекеттік мәлімет бойынша Ақмола облысында славян нәсілді жұртшылық 882 мың 300-ге жеткен екен³⁶.

Қоныс аударушылар қазақ жеріне аяқ басысымен, сол жерге өз тілінде ат қоятын. Сөйтіп, ежелгі Ащыкөл, Тұщыкөлдер – Горькое, Пресное болып шыға келді.

Мысалы, қазіргі Мамлют ауданының орталығы Мамлютка қаласының атауы жөнінде мынадай мағлұматтар анықталды.

Ресей империясының 1822 жылғы «Сібір қазақтары жөніндегі» Жарғы (Сперанский жарғысы) бойынша Қазақстанның солтүстік өңіріндегі әкімшілік өзгерістердің заңды жалғасы ретінде 1824 жылы 29 сәуірде Көкшетау сыртқы округі құрылғанын айттық. Округ немесе дуан құрамына кіретін қазақтар алдымен «Ақ патшаға» адалдық антын беруге тиіс болды. Ол үшін орыс әкімшілігінің өкілдері Көкшетауға өздерімен бірге бірнеше татар молласын ала келген. Олардың ішінде бұл өңірмен Абылай заманынан бұрыннан қарым-қатынасы бар, мал саудасымен айналысатын Усман Мәулітов деген молла да болған. Ол Жылғара Байтоқиннің «тамыры», яғни жақсы сыйласқан досы екен.

36. Алексеенко В. Н. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав 1870-1914 гг.). Алматы, 1981, С.55.



Көкшетау дуанының аға сұлтаны Ғұбайдолла Уәлиханұлы Усман молланы бала оқытуға шақырып, қоныс беруге уағдаласады. Сол Усман Мәулітов 1830 жылғы наурызда Рысай-атығай болысының аумағына көшіп келеді. Оған Есіл өзенінің жағасында, Новоникольск редутынан қырық шақырым жердегі «Тасыбек тоғайы» деген жерден үй салуға, Қарағаш деген жерден (Кіндікті, Талдыкөл, Жалтыркөл маңайы) пішен дайындауға жер кесіліп беріледі³⁷.

Алғашқы 4 жылда Мәулітовтер үш үй салып алады. Ірі кара өсіріп, кәсіппен айналыса бастайды. Усман мектебінде қазақтың елу баласы дәріс алады. Бұл елді мекеннің салынуына байланысты архив құжаттарында ел ағасы Шана (немесе Шона), оның інілері Сүйік және Мәтен Онышевтар, Кәмәл Жұматай, Табылды Тасыбеков деген адамдардың есімдері аталады. (Қазір де ұрпақтары болуға тиіс). Тасыбек тоғайынан алты шақырым жерде Шаңырақ қарасу деген көл аты кездеседі.

Жылдар өтіп, бұл елді мекеннің аты Мәуліт, орысшасы Мамлютка болып өзгеріп кеткен.

Жер-су атын өзгерту – жай әуесқойлық емес, сол маңайда бұрын ешқандай халық мекендемеген, демек, иесіз жерге қазық қағуға болады деген жымысқы саясатпен әдейі жасалған шара екені мәлім. Және мұндай ат қою немесе байырғы қазақы атауларды өзгерту ешқашан тоқтамастан, бірте-бірте жүргізіліп келді. Бұған, сонымен қатар, қазақы атаулардың өзінің транскрипциясын өзгертіп, адам танымастай қалыпқа түсіргендікті де қосу керек (Мысалы: Шабакты – Чебашье, Тереңкөл – Торангул, Тоқыш – Токушино, Асан – Асаново т. с.с).

М. Сперанскийдің жобасы қазақтың кең даласын бір ғана Ресейдің бодандығына түбегейлі көшіру жоспары болатын. Орта Жүздің ханы Уәли Абылайұлының қазасын сәтті келген жағдай деп есептеп, Ресей империясы Қазақстандағы хандық билікті мүлде жойып жіберді. Омбы деп аталатын жаңа облыс құрылғанда, «Сібір қазақтары-

37. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты – СҚО ММ. 158-кор, 1-тізбе, 69-іс, 9-бет.



ның Жарғысы» деген құжат өмірге келді. Отарлау саясатының білгір мамандарының бірі Корф бұл жоспар жөнінде кезінде былай деп жазған болатын: «Қазақ даласын осы бір ғана құжат арқылы бейбіт жолмен басып алудың маңызы өз кезінде қалай бағаланса да, тарихи тұрғыда бұл өзі аса зор маңызды факт болатын»³⁸.

Ал, Сперанский Капцевичке жазған құпия хатында өз жоспарының ішкі сырын былайша ашқан: «Қазақ даласына қарай басқан әрбір қадамымыз батылдық болып көрінетіні рас. Бірақ, Жарғыда бұл қадамдар – мақсат, түпкі бағыт, беталысымызды түзеп алу тұрғысында көрсетілген. Бәлкім, бұл мақсатқа жарты ғасыр өткеннен кейін жетерміз. Әзірше сенімсіздеу, баяу жылжып келе жатсақ та, айқын жоспарымыз бар, бағытымыз дұрыс. Жергілікті жағдайлардың аңысын аңдып, қолайлы сәтті қалт жіберіп алмасак болғаны.

Осылайша, Қыр өлкесіне қарай жылжып, азаматтық өзгерістерді («жер-су атауын өзгертуді» деген сөз. – авт.) қазақ арасына бірте-бірте енгізіп отыру – Глазенап марқұмының үшінші шекара шебін тарту жөніндегі ұсынысына қарағанда, ең қолайлы әдіс»³⁹.

Қазақ жерлеріне қарай жылжудың екінші кезеңі Қыр өлкесінің генерал-губернаторы Х. Гасфорттың кезінде, 1854 жылы Омбы облысы таратылып, Ақмола және Семей облыстарының құрылуы еді. Сөйтіп, Қазақстанның ұлан-байтақ солтүстік, шығыс және орталық аймақтары немесе Орта Жүздің жері Ресей империясының қарауына сұраусыз, жоқтаусыз өтіп жатты.

«Русский инвалид» газетінің 1857 жылғы 12-қарашадағы санында «Омбыдан хат» деген тақырыппен жазған автор, қуанышын жасыра алмай былай деп жазыпты: «Жаңадан екі облыс құрылуына байланысты «қазақ жерлері», «Орта Жүз бен Ресей шекарасы» деген түсініктер мүлде жойылды. Ешбір шығынсыз, әуре-сарсаңсыз, қауырсын қаламның ұшымен бір-ақ сызып, осынау үлкен елдің

38. Граф Сперанскийдің өмірі. СПб., 1861, Т. II., 142-бет.

39. Сонда, 247-бет.



аумағын империя шегіне енгізіліп, үзілді-кесілді қосып алдык»⁴⁰.

Ал, социалистік идеяны ту еткен кеңес үкіметі тоталитарлық зорлау, қинау, жазықсыз жазалауды өмірге ендіру арқылы бір қалыпқа түсірілген «үйретінді» менталитетті қалыптастырудың нәтижесінде жаңа атаулар саясатын одан әрі жалғастырды. Осы арқылы халықтың тарихи жадының бір саласы ретінде қалыптасқан тұрақты тарихи ұлттық ұғымына айналған елді мекен, жер атауларын зорлықпен өзгертіп, одан қол үздірді⁴¹.

Кеңестік дәуірде колхоздастыру, тың игеру науқандарына байланысты өңірдің байырғы елді мекендерінің атаулары аяусыз өзгертілгенін айтып жеткізу мүмкін емес. Оған қоса қызыл империяның саясатына сай, идеология мүддесіне орай ешқандай мәні жоқ, даңғаза қазақша атаулар енгізілді. «Жаңа тұрмыс», «Алғабас», «Жаңа талап», «Жаңалық», «Орталық», «Бірлік», «Мәдениет» т. б. атаулар бұрынғы тарихи топонимиканы ел санасынан өшірді, басқасы жаппай орысша болып кетті.

Сонымен бірге коммунистік партия мен үкіметтің басшыларының аттары мәңгі есте қалдыруға лайық деп танылғанын білеміз. Олардың арасында, тіпті ақылға сыймайтындары да бар. Бір ғана мысал, Петропавлдан 40 шақырым жерде Смирнов елді мекенінің бұрынғы аты «Дәрмен», яғни станцияның аты да солай аталмақ екен. 1921-22 жылдары Қазақстаннан тартып алынған астық пен етті Ресейдің орталық аймақтарына жедел жеткізу үшін Көкшетауға теміржол тарту жұмысын азық-түлік халық комиссарының орынбасары Смирнов деген басқарыпты. «Дәрмен» атын өзгертіп, Смирновтың атын беруді «еңбекшілер жалынып сұраған соң» оның аты қойылыпты...

Ал, екінші бір долбар, 1917 жылғы төңкеріске байланысты оқиғалардың салқынымен, Кеңес билігін орнату үшін Омбыда құрылған Сібір революциялық комитетінің төраға-

40. Бұрбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана, 2001, 26-бет.

41. Мырзахметұлы М. Қазақ топонимдері мен антропонимдері.// Ономастика: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2002, 20-бет.



сы Смирнов деген болғаны да шындық. Әйтеуір халықтың жадында сақталмаған, жыл өткен сайын күңгірт тартып келе жатқан есім туралы: кім, неге, қашан? деген сұрақтар көп. Осы бір ғана фактінің өзі ономастика мәселесінің жеңіл-желпі, жүре сөйлеп, бас шұлғитындай оңай еместігін көрсетеді.

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1921 жылғы 21 сәуір күні Петропавл қаласындағы Луначарский атындағы театрдың үйінде Петропавл қала-уездік II партия конференциясы болды. Конференция төралқасына сайланған жеті адамның ішінде жергілікті коммунистерден Айсарин мен Бейсенев бар. Сонымен, Қазақ автономиялы республикасының құрамында Ақмола губерниясын құрған және губерниялық партия ұйымы мен губревкомның ұйымдасқанын жариялаған осы конференция болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысының, оның ішінде Петропавл уезінің Ресей мемлекетінен бөлініп, Қазақ республикасының құрамына енген күнін ол дәл осы 1921 жылғы 21 сәуір деп салтанатты түрде атап өтуге болады. **Тіпті, тәуелсіз Қазақстанның құрамына Петропавл қаласының, облыс аймағының, қазіргі Ақмола және Қарағанды облыстарының кірген күні осы. Оған 2016 жылы 95 жыл толады.**

Партия конференциясын Орынбордағы Қазақ облыстық партия комитеті атынан Қазақстан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, қазіргіше Республиканың вице-президенті Смағұл Сәдуақасов құттықтады. Сол мінбеден «Қазақ республикасы және қазақтар арасындағы жұмыс туралы» баяндама жасады.

Жаңа құрылған губерниядағы бүкіл әкімшілік билік Әбдірахман Әйтиев басқарған губерниялық төңкеріс комитетіне (губревком) берілді. Оның құрамына Барлебен, Коротков, Шарипов, Иванов және Асылбеков сайланды.

1921 жылы 26 сәуірде Петропавлда шығатын «Мир труда» газетінде ҚазЦИК төтенше өкілетті комиссиясы мен



Бүкілқазақтық кеңестердің бірінші съезінің қаулылары және Сібір ревкомымен келісім-шарт жарық көрді. Бұл құжат бойынша:

1. Петропавл, Көкшетау, Ақмола және Атбасар уездері Омбы губерниясының құрамынан шығып, Россия Советтік федерациясының Қазақ Социалистік Советтік Республикасына кіретін Ақмола губерниясын құрайды.

2. Жаңа құрылған Ақмола губерниясының орталығы Пет-ропавл қаласы болып табылады».

Ақмола губерниясының аумағы 37 мың шаршы шақырым еді. Оған 15 уезд, екі жүзден аса болыс және мыңнан артық елді мекендер қамтылды.

1921 жылғы 23-маусымда болған КирЦИК-тің (Қазақ ССР Орталық атқару комитеті) екінші сессиясында Төралқа атынан жасалған Бөкейхановтың баяндамасында: «Ақмола облысында бұрынғы биліктің негізінде мемлекеттік басқару аппараты құрылды... Осылайша, бұл облыс Қырғыз (Қазақ) Республикасының құрамына енді», деп хабарлады.

Ал, Мәскеуден шығатын «Известия» газеті бұрынғы уездік деңгейдегі ғана шағын қала Петропавл ұлан-байтақ губернияның орталығы болды деп жазды.

Алайда, солтүстік өңірде бүлікшілік асқынып, Кеңес өкіметіне қарсы қарулы бас көтерулер өршіп тұрған жағдайда бейбіт өкімет билігін құру мүмкін болмады. Сондықтан, жергілікті атқарушы орган ретінде губревком, яғни губерниялық төңкеріс комитеті тұрғысында «майдан шебіне іргелес» әскери билік құру жөн деп табылды.

Губревкомға, қысқа қайырып айтқанда, әскери билікке мынадай міндеттер жүктелді:

– жергілікті жерде ескі билікті жойып, жаңа мемлекеттік аппарат құру;

– Кеңес өкіметіне қарсы көтерілісшілерді ибасып, жаншып, түбірімен құрту;

– қоғамдық тәртіпті сақтап, ел ішінде тыныштық, қауіпсіздік орнату;

– орталық үкімет орындарының бұйрық-жарлықтарын орындату, оларға губерниядағы саяси-шаруашылық ахуал туралы хабарлап отыру.



Әрине, жаңа жүйені түсіндіріп, оның әділдігіне, өміршеңдігіне қалың бұқараның көзін жеткізу үшін, ревкомның күнделікті жұмысы үгіт-насихаттық бағытта құрылды. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, әкімшілік-ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру қажет еді.

1921 жылғы 28 сәуір күні ҚОАК төрағасы С. Меңдешевтің «Петропавл қаласының еңбекші жұртшылығына» деген Үндеу-хаты «Мир труда» газетіне басылып шықты.

Қаланың Қазақстан құрамында қалуына байланысты мерекелік мәдени шаралар өткізілді. Мысалы, «Мир труда» газетінің 13 мамыр күнгі санында Петропавл қаласындағы Қазақ клубының музыкалы-драма тобының күшімен қазақ авторларының «Жебір бай», «Әйел бостандығы», «Алтын сақа» деген пьесалардың қойылғаны хабарланды.

1921 жылғы 2 маусымда губерниялық партия комитетінің қаулысымен Петропавл уезінде 5 әкімшілік ауданы құрылды. Олар: Булаев, Явленный, Жаңа Павлов, Новорыбинский және Пресногорькое аудандары еді. Қаулыда олардың барлығы да бұрынғы орыс болыстары екені атап көрсетілді. Осылайша қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы орналасқан аймақта кеңестік тәртіпке негізделген әкімшілік-аумақтық бөлініс қалыптаса бастады.

Осыдан кейін Ақмола губерниялық I халық ағарту конференциясы өтті. Конференцияда Байділдин Әбдірахман, Бейсенов Мұхаметжан, Қазыбеков Смағұл сөз сөйледі. Жиында уезд бойынша бірінші басқыш мектептер саны 106 және екінші басқыш бір мектеп бар екендігі көрсетілді. Әбдірахман Байділдиннің баяндама сында қазақтарды оқыту, олардың мәдени дәрежесін көтеру жөнінде айтылды. «Ұлттардың теңдігі қамтамасыз етілсін, отаршылдық пиғылдар мен көріністерге жол берілмесін» деген айқын мәлімдеме жасалды.

Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің 1921 жылғы 6-шілдедегі 2554-қаулысында: «Орыс және қазақ тілдері ресми тіл деп танылсын, мүмкіндігінше қазақ тіліне басымдық берілсін», деп көрсетілді.

Әуелгі кезде түрлі қолайсыз жағдайлар да болып қалғанын баспасөз бетінен байқаймыз. Мысалы, «Мир труда»



газеті 8 мамыр күні: «6 мамырдан бастап ораза басталады, сондықтан қаладағы әскери жағдай тоқтатылсын және бұл жөнінде әскери гарнизон командирі мен милиция бастығы тиісті бұйрық берді», деген хабар басылды. Шынында, мұндай қаулы қабылданбаған екен. Біреулер: «Губревком төрағасы Ә. Әйтиев ауызша нұсқау берді», деген қауесет таратып жіберген болып шықты. Бұл жөнінде губревком атынан Коротков түсінік беріп, газеттің 11 мамыр күнгі санында жаңсақ хабарды теріске шығарды.

1921 жылғы 11 қыркүйек. Сол күні кешкі сағат бесте Петропавлда губерния кеңестерінің тұңғыш құрылтай съезі болды. Қазақ республикасы халық комиссарлары Кеңесі мен губревком атынан съезді Әбдірахман Әйтиев ашты. Съезге қатысушыларды Қазақ Орталық атқару комитеті атынан Смағұл Сәдуақасов құттықтады. Мұрағатта сақталған хаттамада Смағұлдың сөздерінің қысқаша мазмұны тезис түрінде беріліпті, сірә, алдын-ала дайындалған жазбаша мәтіні болмағанға ұқсайды: «Қыр баласы өзін ғана, малын ғана ойлап еркімен жүрген шақта, Ресейдің отаршыл билігінің шеңгеліне тап болып еді... Енді бас еркі өзінде, өз елін өзі билейтін болады...» деп бастаған екен.

Алға қойылған осындай міндеттер біршама орындалды-ау дегенде, бүкіл аймақты 4 ай 11 күн билеген губревкомы және Петропавл қала-уездік ревкомы жұмысын тоқтатты. 1921 жылы 17 қыркүйекте доғарылып, советтердің губерниялық бірінші съезінде сайланған Ақмола губерниялық атқару комитеті билікке кірісті. Жаңа сайланатын атқару комитетінің міндетін С. Сәдуақасов былай белгілеп берді: «Төңкеріс комитетінен атқару комитетіне ауысу – заңды уақыт талабы. Әскери-төңкеріс тәртібінен бас тарту керек. Жеке-дара билеп-төстеуге жол берілмесін».

Дәл сол күннен бастап, осы аймаққа билік жүргізіп келген Омбыдағы Сібір ревкомы жанында 1920 жылдың 14 қазанында құрылған Қазақстан өкілдігі таратылған болып есептеледі.

Ақмола губерниялық атқару комитетінің басшылығы мынадай болып бекітілді:



Әйтиев – төраға, Шумский – оның орынбасары және экономика комиссиясының төрағасы, Патрикеев – азық-түлік ко-миссары, Бейсенев – әкімшілік кеңестің төрағасы, Қазыбеков – іс басқарушы. Атқару комитетінің құрамына:

Сабыр Шәріпов, Ғаббас Тоқжанов, Жұмағали Тілеулин, кандидаттығына Жанұзақ Жәнібеков сайланды.

«Мир труда» газетінің сол күнгі саны: «Жеке бақырды ортақ қазанға айырбастайық!» – деген социалистік ұранмен шықты.

1921 жылғы 18-24 қазанда мәжіліс өткізген губерниялық кәсіподақтар советі «Аз ұлттар (олардың ішінде қазақ та бар. – авт.) мен орыстардың діни мейрамдары туралы» қаулы қабылдап: Мұсылман мейрамдары мыналар:

«Пітір айты – 2 күн демалыс, Құрбан айты – 2 күн демалыс, Жаңа жыл – 1 күн демалыс, Ашура – 1 күн және Мәуліт күні – 1 күн демалыс болып белгіленсін. Бұл даталар жұмыс күніне келіп қалса, кейін өтелуге тиіс», – деп белгіледі.

Қазақ автономиялы республикасына қосылған Ақмола облысында ұйымдастыру шаралары, жалпы алғанда, Семейге қарағанда біршама ыңғайланып қалғанымен, әлі де көп қиындықтар тұр еді.

Бұрынғы Сібір ревкомы негізінде құрылған губерниялық және уездік мекемелерде қазақ қызметкерлері аз болды. Соның салдарынан, деп атап көрсетілді сессияда, мынадай күрделі мәселелер бар:

«1) Қазақ республикасының заң жүзінде құрылғандығы орыс тілді ортада мойындала қоймады.

2) Қазақ республикасының мүддесі деген түсінік тез қалыптаспады.

3) Қазақ республикасының территориясын түгендеп, айқындау мәселесі елеулі кедергілерге кездесіп отырды.

4) Ұлыдержавалық, ұлыорыстық шовинизм тиісінше көптеген жерде қазақтар тарапынан керітартпа ұлтшылдық көріністерін туғызды.

5) Қазақтардың бұрынғы патшалық Ресейдің отарлық бұ-ғауынан босадық, өз алдына ел боламыз деген талпынысы тұсала берді, ертеңге деген сенімі күмән туғызды.



б) Білімі төмен, отаршыл кеудемсоқтықтан арылмаған шолақ белсенді орыстілді коммунистердің озбырлығына жол ашылды».

Осындай жағдайлардың кеселді қырсығы кеңес заманында да ұзақ жылдар бойы қазақ халқын кемсітуге себепкер болғанын тарих көрсетіп берді.

Заң жүзінде Қазақ автономиялы республикасы 1920 жылғы 26 тамызда құрылып, орталық заң шығарушы және атқарушы билік органдары сайланса да, Петропавл, Семей уездерінің ұлты қазақ емес басшылары Мәскеумен, Омбымен тікелей байланысты аңсай берген. Сол кезде Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылжарға мынадай жеделхат келуі де тегін емес: «ҚССР құрамына кіретін барлық атқару комитеттері осы жедел хатты алған сәттен бастап, ҚССР үкіметімен тікелей байланыс жасай-тын болсын. ҚОАК 1921 жылғы 5 сәуірдегі қаулысы бойынша РСФСР Ішкі істер Халық комиссариатымен тікелей байланыс жасау тоқтатылсын».

Ақмола кеңестерінің бірінші съезі 1921 жылы қыркүйектің 13-дегі таңертеңгі мәжілісте мынадай қаулы қабылдауға мәжбүр болды:

«Биліктің ревком сияқты түрінен атқару комитеті түріне ауыса отырып, губерниялық атқару комитетінің жаңа құрамы жергілікті мәселелерді шешуде жұмыстың әскери принциптерінен бас тартуы тиіс, губерниялық, уездік орталықтарда жеке-дара басып-жаншуға жол берілмесін, мәселелер халыққа ауырт-палық салмайтындай дәрежеде шешілетін болсын...»

Совет Одағында 1924, 1936, 1977 жылдары үш Конституция қабылданған сайын облыстардың, аудандардың әкімшілік-аумақтық бөлінісіне айтарлықтай өзгерістер енгізіліп отыратын.

1988-1991 жылдары, тарихта «қайта құру» деген атпен қалған өтпелі кезеңде Совет Одағында қабылданған жаңа заңдардың негізінде мемлекеттік билік: СССР халық депутаттарының съезі, СССР Жоғарғы Советі, СССР Президенті түрінде, тиісінше Қазақстанда да: Қазақ ССР халық депутаттарының съезі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі, Қазақ ССР Президенті түрінде қалыптасты.



Совет Одағының тарихында коммунистік жеке идеологияға негізелген тоталитарлық жүйенің әсерінен қоғам дамуын тежеген, халық басына неқилы ауыртпалықтар әкелген оқиғалар мен құбылыстар орын алды.

Елді коллективтендіру (1928 ж.) және индустриаландыру (1934 ж.) науқандары тап күресі деген желеумен жаппай қуғын-сүргін, ойдан шығарылған «халық жауларымен» күрес мындаған адамдарды орны толмас қайғы-қасіретке салды, жазықсыз жандардың өмірін қиды. Екінші дүниежүзілік соғыста орны толмас көп шығынмен елді басқыншылардан сақтап қалған халық ерлігі тарихта қалды. Таптық идеология, бір ғана коммунистік дүниетанымға негізделген ойлау машығына күшпен таңылған Совет қоғамы басқа мемлекеттермен «қырғиқабақ» соғысқа душар болып, оқшаулана берді. Соның салдарынан жылдар бойы әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшырады.

Қазақстан үшін, әсіресе оның ауылшаруашылықты аймағы Солтүстік Қазақстан облысы үшін мемлекеттің сол кездегі бірінші басшысы Никита Хрущевтің кеудемсоқ саясаты көп қиындық әкелді. Жеделдетіп, Тың және тыңайған жерлерді игеру деген желеумен аумақтың құнарлы қыртысы аз жылда жаппай жыртылып, жел эрозиясына ұшырау қаупіне таяды. Мал шаруашылығын дамыту деңгейі күткендегідей нәтиже бермеді. Солтүстік аймақтың демографиялық жағдайы мүлде ушығып, қазақ халқы өзінің туған Отанында азшылыққа айналды. Қазақ тілінің құрып кету қаупі төнді. Мектептер мен арнаулы оқу орындары жергілікті ұлт тілінде маман даярлай алмайтын дәрежеге жетті.

Адамзат қоғамының даму заңдылықтарын аяққа басып, кеуде соққан менмендіктің салдарынан Советтік қоғамның өзінде жылдар бойы қалыптасқан жүйе мен үдеріске соққы берілді. Әкімшілік, саяси басқару тетіктері мүлде шатасты. Жылда бір «жаңалық енгізудің» салдары мемлекеттік құрылымның тиімділігін ақсатты. Мұны Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің өзгеру тарихынан айқын көруге болады.

Мысалы: 1928 жылғы 3 қыркүйекте Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің «Болыстық бөліністерді жойып, ау-



дандар жүйесін енгізу туралы» қаулысына сәйкес, Қазақ автономиялы советтік социалистік республикасының Орталық атқару комитетінің 1928 жылғы 17 қаңтарда болған екінші сессиясында Петропавл (Қызылжар) округі құрылды. Бұл туралы қаулыда жаңа округке Ақмола губерниясының Петропавл уезінің аумағы толық қамтылып, оған Атбасар мен Көкшетау уездерінің кейбір болыстары қосылғаны, сөйтіп, округ аумағында барлығы 21 аудан болғаны айтылған.

Олардың ішінде Арықбалық ауданы (орталығы Арықбалық селосы), Бейнетқор ауданы (орталығы Шолақ Досжан ауылы), Булаев ауданы (орталығы Булаев селосы), Көкшетау ауданы (орталығы Көкшетау қаласы), Красноармейск ауданы (орталығы Ново-Сухотино селосы), Ленин ауданы (орталығы Явленка селосы), Преснов ауданы (орталығы Пресновка селосы), Рузаев ауданы (орталығы Рузаев селосы), Төңкеріс ауданы (орталығы Майбалық селосы), Щучинск ауданы (орталығы Щучье селосы), Еңбекшілдер ауданы (орталығы Казгородок селосы) болды.

Ескерте кететін жағдай сол, бұрын Қызылжар аталып келген әкімшілік-аумақтық бірлік дәл сол 1928 жылдың мамыр айының 10-жұлдызында Петропавл уезі деп өзгертілген. Бұл шешімді қабылдаған да Республиканың Орталық атқару комитеті. Осыдан кейін екі жылға толмай, Мәскеудегі орталық билік, дәлірек айтқанда, Бүкілодақтық атқару комитеті Қазақстанның әкімшілік-аумақтық жаңа бөлінісін 1930 жылғы 23 шілдеде қайта бекітті. Бұл қаулы бойынша округтер, әлбетте, олардың ішінде Петропавл округі де бар, таратылып, ірілендіріліп, жаңадан құрылған аудандар Республика орталығына тікелей бағынатын болды.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАРАТЫЛҒАН, НЕМЕСЕ БАСҚА ОБЛЫСТАРҒА БЕРІЛГЕН АУДАНДАР ТУРАЛЫ АҚПАР

1. Арықбалық ауданы (орталығы –Арықбалық селосы). Алғаш рет бұл аудан ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округ-



гінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. 1939 жылы 14 қазанда жаңадан құрылған Ақмола облысының құрамына қосылды да, 1944 жылы 15 наурызда Көкшетау облысының құрамына берілді. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы № 3482 жарлығына сәйкес, Арықбалық ауданы таратылып, оның аумағы Көкшетау облысындағы Айыртау ауданына қосылды. Қазір Айыртау ауданы Солтүстік Қазақстан облысының құрамында.

2. Атбасар ауданы (орталығы Атбасар қаласы), 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. 1939 жылы 14 қазанда жаңадан құрылған Ақмола облысына берілді.

3. Бейнетқор ауданы (орталығы –Шолақ Досжан селосы). Алғаш рет бұл аудан ССРО Бүкілодақтық атқару комитетітінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1940 жылғы 31 шілдедегі жарлығымен Бейнетқор ауданының аты Совет ауданы болып өзгертілді. Ал, 1941 жылғы 23 мамырдағы Жарлық бойынша, Шолақ Досжан селосы Смирнов елді мекені болып өзгертілді. Қазақ ССР жоғарғы Советі Президиумының 1999 жылғы 11 наурыздағы шілдедегі жарлығымен Совет ауданының атау Аққайың ауданы болып қайта аталды.

4. Бескөл ауданы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1967 жылғы наурыздағы қаңтардағы жарлығымен құрылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1999 жылғы 11 наурыздағы шілдедегі жарлығымен Бескөл ауданы Қызылжар ауданы болып қайта аталды.

5. Булаев ауданы (орталығы – Булаев селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетітінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында бол-



ды. Қазақстан Президентінің 2000 жылғы 23 қарашадағы жарлығымен Мағжан Жұмабаев ауданы болып қайта аталды.

6. Уәлиханов ауданы орталығы Авангард селосы болып Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 4 желтоқсандағы жарлығымен құрылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 4 желтоқсандағы жарлығымен Авангард деп аталған аудан орталығы 1971 жылы 29 наурызда Уәлиханов селосы деп өзгертілді.

7. Возвышен ауданы (орталығы Возвышенка селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен құрылып, Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы 3528-жарлығымен таратылды.

8. Жамбыл ауданы (орталығы Благовещенка селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 4 желтоқсандағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамында құрылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы жарлығымен таратылған көрші Преснов ауданының есебінен іріленіп, орталығы Преснов селосына көшірілді.

9. Есіл ауданы орталығы Қима селосы болып ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. 1939 жылы 14 қазанда жаңадан құрылған Ақмола облысының құрамына қосылды.

10. Петропавл қаласының Теміржол ауданы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы 21 қазандағы жарлығымен құрылып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 7 шілдедегі жарлығымен таратылған.

11. Зеренді ауданы (орталығы Зеренді селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1935 жылы 31 қаңтарда Қарағанды облысының құрамында құрылды. ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды.

1939 жылы 14 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығымен жаңадан құрылған Ақмола облы-



сына беріліп, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен жаңадан құрылған Көкшетау облысына қосылды. Зеренді ауданы Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамынан алынып, Ақмола облысының құрамына берілді.

12. Қазан ауданы, орталығы Казанка селосы болып Көкшетау облысының құрамында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 19 жылғы 22 қазандағы жарлығымен құрылып, сегіз жылдан кейін таратылған.

13. Калинин ауданы орталығы Журавлевка селосы, ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. 1939 жылы 14 қазанда жаңадан құрылған Ақмола облысының құрамына қосылды.

14. Келлер ауданы (орталығы Келлеровка селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. 1944 жылы 15 наурызда жаңадан құрылған Көкшетау облысының құрамына қосылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен таратылды да, оның аумағы Көкшетау облысы Тайынша ауданының (03.05. 1997 ж. бастап- Солтүстік Қазақстан облысы) құрамына берілді.

15. Қызылту ауданы, орталығына Қызылту ауылу белгіленіп, ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен Қызылту ауданы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамына өтті. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен Уәлиханов ауданы деп қайта аталды. Көкшетау облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің шешімімен Қызылту ауданының орталығы Кішкенекөл кенті деп өзгертілді.

16. Көкшетау қаласы орталығы болып, 1928 жылы Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында құрылған Көкше-



тау ауданы 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен Көкшетау ауданы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамына өтті. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен таратылды. Оның аумағы қазіргі Ақмола облысы Зеренді ауданында.

17. Красноармейск ауданы (орталығы Ново-Сухотино селосы) 1928 жылы 3 қарашада Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында құрылған. жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен Көкшетау ауданы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамына өтті. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы 3482-жарлығымен Тайынша ауданы деп аталатын болды. Аудан орталығы Красноармейск Тайынша қаласы болып өзгертілді. 1997 жылғы 3 мамырдан бастап, Тайынша ауданы Солтүстік Қазақстан облысына қарайды.

18. Киров ауданы Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 25 желтоқсандағы жарлығымен құрылған, 1988 жылы 9 маусымда таратылған.

19. Конюхов ауданы (орталығы Конюхов селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 8 мамырдағы жарлығымен құрылған, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1952 жылғы 3 сәуірдегі жарлығымен аудан орталығының атауы Қарақоға болып өзгертілді. Аудан 1963 жылғы 2 қаңтарда таратылған.

20. Куйбышев ауданы (орталығы Куйбышев кенті) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1969 жылғы 28 мамырдағы жарлығымен құрылған, 1997 жылы 2 мамырда аудан атауы Целинный болып өзгерді. Қазақстан Президентінің 2002 жылғы 11 маусымдағы 890-жарлығымен Ғабит Мүсрепов ауданы деп қайта аталды.

21. Петропавл қаласының Куйбышев ауданы Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1970 жылғы 25 желтоқсан-



дағы жарлығымен құрылған, 1988 жылы 9 маусымда таратылған.

22. Ленинград ауданы (орталығы «Ленинград» совхозының орталық мекені) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 22 қазандағы жарлығымен құрылған. 1988 жылы 9 маусымда таратылған. Қазақстан Президентінің 19972 мамырдағы таратылып, жер аумағы Ақжар ауданының құрамына берілді.

23. Ленин ауданы, орталығына Явленка селосы белгіленіп, ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының атауы Есіл ауданы болып өзгертілді.

24. Ленин ауданы (орталығы Талшық кенті) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1973 жылғы 25 желтоқсандағы жарлығымен Көкшетау облысының құрамында құрылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен Көкшетау облысы Ақжар ауданы болып өзгертілді.

25. Макин ауданы (орталығы Вознесенка селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 14 желтоқсандағы жарлығымен жаңа құрылған Ақмола облысының құрамына берілді.

26. Молотов ауданы (орталығы Балкашино селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 14 желтоқсандағы жарлығымен жаңа құрылған Ақмола облысының құрамына берілді.

27. Мәскеу ауданы (орталығы Корнеевка селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы 19 нау-



рыздағы жарлығымен құрылған. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі жарлығымен таратылып, жер аумағы Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының (қазіргі Есіл ауданы) құрамына берілді.

28. Петропавл ауданы ірілендірілген аудан ретінде ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен және ҚазАССР Халық комиссарлары советінің қаулысымен 1930 жылғы 17 желтоқсанда құрылып, Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің 1-2 ақпандағы қаулысымен таратылған болатын. Осы аудан Петропавл қаласының құрамында 1942 жылғы 19 наурызда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының наурыздағы жарлығымен қайта құрылды да, 1957 жылғы 14 қыркүйекте таратылды.

29. Орталығы Полудин селосы болған Полудин ауданы ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында саналды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен таратылды.

30. Преснов ауданы (орталығы – Пресновка селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы 865-қаулысымен таратылып, аумағы Жамбыл ауданының (орталығы Преснов селосы) қарамағына қосылды.

31. Пресногорьков ауданы Солтүстік Қазақстан (ол кезде Қарағанды) облысының құрамында 1936 жылғы 29 шілдеде Қостанай облысының құрамына берілді.

32. Приишим ауданы (орталығы Боголюбово селосы) Қарағанды облысы болып тұрған кезде 1935 жылғы 31 қаңтарда құрылған. ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен таратылды. Аудан-



ның аумағы Солтүстік Қазақстан облысының Совет және Мамлют аудандарының құрамына қосылды.

33. Петропавл қаласының Өнеркәсіп ауданы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының құрамында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы 21 қазандағы жарлығымен құрылып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 7 шілдедегі жарлығымен тараған.

34. Рузаев ауданы (орталығы – Рузаев селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 16 наурыздағы жарлығымен жаңадан құрылған Көкшетау облысының құрамына берілді. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы 3482-жарлығымен таратылды. Аумағы Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсрепов атындағы ауданның құрамына қосылды.

35. Соколов ауданы (орталығы Соколовка селосы) 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында ұйымдастырылған. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығы бойынша таратылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1964 жылғы 31 желтоқсандағы жарлығымен қайта құрылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі 3461-жарлығымен таратылды. бойынша таратылды. Ауданның аумағы Қызылжар ауданының құрамына берілді.

36. Сталин ауданы (орталығы Алексеев селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 14 желтоқсандағы жарлығымен жаңа құрылған Ақмола облысының құрамына берілді.

37. Төңкеріс ауданы (орталығы Майбалық елді мекені) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулы-



сымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1940 жылғы 21 мамырдағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Төңкеріс ауданының атауы Октябрь ауданы болып өзгертілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының атауы Сергеев ауданы болып қайта аталды. Қазақстан Президентінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы 294-жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының атауы Шал ақын ауданы болып өзгертілді.

38. Целинный ауданы (орталығы – Ақсуат стансасы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1980 жылғы 17 қазандағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамында құрылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1988 жылғы 9 шілдедегі жарлығымен таратылды. Аумағы Сергеев және Тимирязев аудандарының құрамына қосылды.

39. Петропавл қаласының Орталық ауданы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы 21 қазандағы жарлығымен құрылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 7 шілдедегі жарлығы бойынша таратылды.

40. Чистопольский ауданы (орталығы –Чистополье селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 22 қазандағы жарлығымен Көкшетау облысының құрамында құрылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы 3482-жарлығымен таратылды. Аумағы Көкшетау облысы Целинный ауданының (03.05.1997 ж. бастап Солтүстік Қазақстан облысы) құрамына қосылды.

41. Чкалов ауданы (орталығы Чкалово селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 16 қазандағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамында құрылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамына берілді. таратылды. Ау-



мағы Сергеев және Тимирязев аудандарының құрамына қосылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы 3482-жарлығымен таратылды. Аумағы Көкшетау облысы Красноармейский ауданының (03.05.1997 ж. бастап Солтүстік Қазақстан облысы) құрамына қосылды.

42. Щучье ауданы (орталығы Щучье селосы)) 1928 жылы 3 қарашада ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 14 қазандағы жарлығымен Щучье ауданы Солтүстік Қазақстан облысының құрамынан алынып, жаңа құрылған Ақмола облысының құрамына өтті. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен аудан Ақмола облысының құрамынан жаңа құрылған Көкшетау облысына берілді. Көкшетау облысының таратылуына байланысты Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 3 мамырдағы 3483-жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірді. Қазақстан Президентінің 1999 жылғы 8 сәуірдегі жарлығымен аудан Ақмола облысының құрамына енгізілді.

43. Еңбекшілдер ауданы (орталығы – Казгородок селосы) 1928 жылы 3 қарашада ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 14 қазандағы жарлығымен Еңбекшілдер ауданы Солтүстік Қазақстан облысының құрамынан алынып, жаңа құрылған Ақмола облысының құрамына өтті. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен аудан Ақмола облысының құрамынан жаңа құрылған Көкшетау облысына берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 3 маусымдағы жарлығымен аудан орталығы Казгородок селосынан Степняк қаласына көшірілді. Облыстық мәслихат пен облыс әкімінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі шешімі бойынша



ауданның орыс тілінде «Энбекшильдерский» деп жазылуы «Еңбекшильдерский» болып түзетілді.

Көкшетау облысының таратылуына байланысты Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 3 мамырдағы 3483-жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірді. Қазақстан Президентінің 1999 жылғы 8 сәуірдегі жарлығымен аудан Ақмола облысының құрамына енгізілді.

ПЕТРОПАВЛ – ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ

Ақмола губерниясының Петропавл уезінен және Атбасар мен Көкшетау уездері кейбір болыстарынан, барлығы 21 ауданнан петропавл (қызылжар) округін құру туралы Қазақ ССР орталық атқару комитетінің 1928 жылы 17 қаңтарда өткен 2-сессиясында бекітілген шешім, бүкілодақтық оақ «болыстық бөліністерді жойып, аудандар жүйесін енгізу туралы» қаулысы бойынша қолдау тапты.

1928 жылдың басында Қазақ АССР-ы Орталық Атқару комитеті Қызылжар округі деген атауды «Петропавл округі» деп өзгертті.

1930 жылдың соңын ала, дәлірек айтқанда 17 желтоқсанда Петропавл округін жаңадан аудандастыру туралы Қазақ АССР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары Советінің қаулысы жарық көруіне байланысты Ақмола губерниясында жаңа аудандар құрыла бастады. Петропавл округін жаңадан аудандастыру туралы Қазақ АССР ОАК және ХКК қаулысы. (Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісі (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) туралы Анықтамалық. А. –1959 ж. 212-251-беттер. А. 1959. 76-81-беттер.) (Солтүстік Қазақстан облысы. 1973 жылғы 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Петропавл. 1973.100,105,114,118,122,129,131,136-беттер.)

Солардың алғашқыларының бірі – Қарағанды ауданының аты Тельман ауданы деп өзгертіліп, орталығына қазіргі Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 40 шақырым жерде, бұрын Спас зауыты тұрған елді мекен белгіленуі 1931



жылғы наурыздың 20 жұлдызы еді. Демек, Солтүстік Қазақстан облысының тарихында еліміздің маңызды өнеркәсіп орталығы Қарағанды көмір ошағының дамуына тигізген тікелей ықпалы жарқырап көрінеді.

Болашақ ірі қала мен Сарыарқа кіндігіндегі әлуеті зор Қарағанды облысының алғашқы қазықтарын қағу туралы кесімді шешімдер біздің Петропавл қаласында қабылданғанын ұрпақтарымыз білуі тиіс. 1931 жылғы 22 мамырда Октябрь ауданының орталығын Көктал ауылы, Тельман ауданының орталығын Токаревка селосы және Еңбекшілдер ауданының орталығын Казгородок кенті етіп бекіту туралы Қазақ АССР ОАК қаулысы мәлім болды. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісі 1931 жылғы шілденің 3 жұлдызында Бейнетқор ауданынан ауысқан сегізінші ауылдың атауы Первомай деп өзгертіліп, Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен бекітілді. (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) туралы Анықтамалық. А. –1959 ж. 212-251-беттер. А. 1959. 216-бет.) Күзге қарай Булаев, Ленин, Совет және Төңкеріс аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы ҚазОАК Төралқасының қаулысы шығарылып, аудандардың бас-аяғы бүтінделе берді

1932 жыл басталысымен, қазір өзіміз көріп жүрген аудандар қалыптасты. Ленин ауданының орталығы Явленск селосынан Мәуліт (өкінішке қарай орысша Мамлют деп қате жазылып, осы уақытқа дейін түзетілмей кеткен. – авт.) селосына көшірілді. Ал, Бейнетқор ауданының орталығы Шолақ Досжан ауылынан (қазіргі Смирнов стансасы) Қиялы станциясына қоныс аударды.

Бір айға жетер-жетпес мерзімде Петропавл ауданы таратылып, оның бір бөлігінен Мамлют ауданы құрылды. Осы өзгерістердің соңы Солтүстік Қазақстанда тұңғыш рет облыс құру қажеттігіне алып келді. Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің 1932 жылы 20 ақпандағы қаулысымен Республикада құрылған алты облыстың біреуі 10 наурызда шаңырақ көтерген Қарағанды облысы деп аталды, орталығы – Петропавл қаласы.

Тарихтан мәлім, бұл бір ел басына нәубет түскен қиын жылдар болатын. Халқы ашаршылыққа ұшырап, көрші



мемлекеттерге босып кеткен, оларды бұрынғы мекеніне қайтармақ болып әлек болған үкімет орындары өз басымен өзі әлек, үркіншілік заман еді. Ауыртпалықтың беті қайтты-ау деп, шет елден Қазақстанға мал әкеліп, шаруаларға үлестіріп болған кезде, облыстағы аудандардың орталық мекендерін ретке келтіру, әкімшілік-аумақтық бөліністі тиянақтау шаралары жасалды. 1935 жылдың алғашқы күндері мен апталарында мынадай шешімдер қабылданды:

Арықбалық ауданының орталығы Арықбалық селосы, Бейнетқор ауданының орталығы Шолақ Досжан селосы болып еді, көп ұзамай, бұл шешім өзгертіліп, аудандық мекемелер Қиялы станциясына көше бастады.. Есіл ауданының әкімшілік орталығына Қима селосы, Қызылту ауданы – Қызылту селосы лайық танылды. Көкшетау ауданы – Көкшетау селосы, Қорғалжың ауданы – Казгородок кентін орталық қылатын болды. Еркіншілік ауданының орталығына Благодарное селосы таңдалды.

Қазақстанның солтүстігінде облыс құрылуына дайындық шараларының бірі ретінде солтүстіктегі Ресеймен екі арадағы шегара жігіне байланысты айқындалмаған мәселелер бірте-бірте шешіле бастады. Батыс Сібір өлкесінің Есілкөл ауданынан: Бар (кейін Октябрь аталған), Березняк, Зарослый, Камышлов, Куломзин, Суворов селолық советтерін алып, Булаев ауданына беру және Есілкөл ауданына Первотар сельсоветін беру туралы Бүкілодақтық атқару комитетінің арнайы қаулысы 1932 жылғы 2 наурызда жария көрді. Бір аптадан кейін, 10 наурыз күні орталығы Петропавл қаласы болатын Қарағанды облысын құру туралы Мәскеудегі ең жоғары биліктің шешімі Қазақстанның экономикалық дамуында жаңа қадам болды.

1935 жылдың басында орталығы Петропавл қаласы болған Қарағанды облысы құрамында мына аудандары бар жаңа әкімшілік аумақтық бірлік болып қалыптасқаны жария етілді: Ақмола, Айыртау, Арықбалық, Атбасар, Бейнетқор, Булаев, Вишневский, Есіл, Зеренді, Калинин, Қарағанды, Қызылту, Көкшетау, Красноармейский, Қорғалжың, Ленин, Макинский, Мамлют, Молотов, Нұра, Петропавл, Преснов, Пресногорьков, Приишим, Полудин, Рузаев, Сталин, Тель-



ман, Төңкеріс, Щучье, Еңбекшілдер және Еркіншілік ауданы. Бұл, сөз жоқ, облыс тұрғындары өмірінде есте қалғандай тарихи оқиғалар еді.

Облыстың ішкі аумақтық бөлінісі де өз жөнін тауып, тәртіпке келе бастауы заңды құбылыс. Айталық, № 13, № 20 ауылдар мен Александровский, Вишневатский, Волгодонский, Вячеславский, Михайловский, Николаевский, Ново-Владимировский, Ново-Георгиеватский, Ольгинский, Сарыюба, Харьков селолық советтері Ақмола ауданынан алынып, Вишневатский ауданына беру туралы Қарағанды облыстық атқару комитеті 1935 жылғы 10 ақпанда маңызды шешім қабылдады. Сол жолы № 3 ауыл, Бірлік және Сұлукөл селолық советтері Ақмола ауданынан шығарылып, Қорғалжын ауданына берілді.

Ол кезде кейін, 1939 жылы, жеке облыс болған Ақмола аймағы да осы Петропавлға жүгінетін. Мысалы, Ақмола қаласы орталығы болған Ақмола ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда көзге елестетіңіз: № 1, № 2, № 4, № 5, № 6, № 10, № 12 ауылсоветтері, Воздвижен, Елизаветград, Елизавета, Красноярский, Максимов, Мирзоян, Приречное, Рождественский, Романов, Семенов, Софиев, Шалқар селолық советтері.

Немесе, орталығы Володар селосы болған Айыртау ауданына мына Айыртау, Ақсу, Володар, Горноозёрный, Ерназар, Жаңасу, Жетікөл, Интернациональный, Каменноброд, Қамсақты, Карамсыл, Камышный, Қаратал, Қоскөл, Краснозёрный, Красный, Луначарский, Октябрьский, Теренкөл, Трудовой, Украинский, Шалқар селолық советтері қарады.

Арықбалық ауданына тән Балкашин, Балкашин совхоз, Бастримов, Богородский, Богословский, Васильев, Веселов, Владимиров, Дорогинский, Қалмақкөл, Каменский, Максимов Михайлов, Ново-Городский, Ново-Дубровинский, Ново-Кронштадтский, Ново-Никольский, Ново-Романовский, Преображенский, Сандықтау, Тучнинский селолық советтері Молотов ауданына берілді де, Арықбалық селосы болатын Арықбалық ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлісін мына құрамда бекіді: Аққанбұрлық, Гусаков, Имантау, Константинов, Лобанов, Матвеев, Мищенский, Төменгі



Бұрлық, Проньков, Привольный, Светлов, Тахтоброд, Цуриков, Жақсы Жаңғызтау селолық советтері.

Орталығы Атбасар қаласы болған Атбасар ауданы да Қарағанды облысының аумағына кірді. Бейнетқор ауданының орталығы Шолақ Досжан ауылы болатын. Бұл ауданға жер ыңғайы және қарым-қатынасқа оңтайлы болуы себепті мына селолық советтердің елді мекендері бағынатын: Аралағаш, Аяқкөл, Голощёкин, Григорьев, Иванов, Исаев, Қиялы, Көктерек, Кучков, Молотов, Полтава, Сарытомар, Сенный, Шағалалы.

Тәуелсіздік алғаннан кейін туған ауылының атын иеленген қазақтың ұлы ақыны, Алаш көсемдерінің бірі Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның әкімшілік-аумақтық құрылымы алғаш рет орталығы Булаев селосы болған Булаев ауданы болып, 1935 жылғы 10 ақпанда мына нұсқада бекітілген болатын. Березняк, Булаев, Веселов, Возвышенский, Ворошилов, Воскресенье, Екатерина, Зарослинский, 2-Камышлов, Колосов, Конюхов, Куломзин, Лебяжинский, Медвежинский, Надежда, Ново-Успенский, Октябрь, Первомай, Писарев, Полтава, Пролетарский, Суворов, Успенс, Чистов, Чистянский селолық советтері. Ресейдің Омбы облысымен шектес бұл аудан ертеректе Полудин болысы деп аталған. Полудин дегеніміз шығыс дегенге мегзейді, яғни Қызылжар бекінісінің батысы деген сөз.

1935 жылғы 10 ақпанда Орталығы Полудин селосы болатын Полудин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Бугров, Ганькин, 1-Камышлов, Ленин, Метлишин, Николаев, Ново-Бытовский, Ново-Георгиевский, Ново-Никольский, Полудин, Раевский, Рявкинский, Скворцов, Совет, Тоқушы, Тоқушы-совхоз, Еңбекшілдер селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-40-парақтар.).

Осы ауданмен бір кезде, орталығы Қима селосы болатын Есіл ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына құрамда бекітіліп, заңдастырылды. Братолюбово, Бузулук, Дальный, Дон, Елтай, Еркіндік, Есіл селолық, Есіл совхоз, Жирен, Запорожье, Ишимский, Қызылсу, Қызылту, Краси-



вый, Кумак, Савинков, Талдыкөл, Талдысай, Таңқан, Тасоба, Тассуат, Таубасар, Терісаққан, Үлгілі, Шұрымсай, Ярославль селолық советтері. Содан бері өткен уақыт ішінде, бірде Көкшетау, бірде Солтүстік Қазақстан облыстарының қарауына өтіп, өзгеріске ұшыраған тағы бір ауданымыз

Сол 1935 жылғы 10 ақпанда Орталығы Зеренді селосы болатын Зеренді ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісіне назар салсақ, оның өзі басқа аудандардан ауыстыру, алық-берік жолымен құрылғаны байқалады. Айталық, Көкшетау ауданының Виктор, Дорогов, Зеренді, Ленин, Лосев, Олжай, Тарағай, Темірбеков, Троицк, Шындәулет селолық советтері Зеренді ауданына берілді. Сол сияқты Молотов ауданының Красилов селолық советі мен Щучье ауданының Исаков селолық советі Зеренді ауданына қосылды.

Облыстың шығысындағы қиырда жатқан Шоқан Уәлиханов атындағы ауданның тұрғындары да сексен жыл ішінде бірнеше әкімшілік-аумақтық бөліністерге куә боды. Әуелде Қызылту селосын орталық етіп, Қызылту ауданы деген атаумен құрылғандағы құрамы мынау: Алабота, Борсықбай, Жарқын, Карағаш, Қаратерек, Қаудантал, Кішкенекөл, Қулықөл, Кішіқарой, Мартын, Сағын, Сарыкөл, Теке, Үлкен Қарой селолық советтері. Селолық советтер кей жылдары ауылдық деп те аталды.

Орталығы Ново-Сухотино селосы болатын Красноармейск ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы: Андреев, Богодуховка, Блюхер, Большеизюм, Виноградов, Драгомировка, Қаратомар, Келлер, Кременчуг, Многоцветный, Ново-Дворовский, Ново-Приреченский, Ново-Сухотинский, Тернов, Чермошнян селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы 1935 жылғы 10 ақпанда шықты. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-20-парақтар.)

Солтүстік Қазақстан облысы болып құрылғаннан кейін, Красноармейск ауданындағы Омбы теміржолына қарасты Тайынша станциясы маңындағы елді мекендерді жұмысшы поселкелері қатарына жатқызып, Тайынша жұмысшы поселкесі деп атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президи-



диумының 8 сәуірдегі 1940 жылғы Жарлығы шыққан соң, аудан орталығы осылай атала бастады.

ҚазОАК Төралқасының 1936 жылғы 23 қазандағы қаулысы бойынша Волынск, Богодуховка, Глубокое, Горький, Драгомиров, Келлер, Краснодольск, Краснополяск, Краснокаменск, Кремечуг, Летовка, Нагорный, Озерный, Подлесный, Ростов, Степной, Чернигов және Южный сельсоветтерін Красноармейск ауданынан Келлер ауданына берілді. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 12-15-парақтар).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 16 қазандағы «Қазақ ССР-нда жана аудандар құру туралы» Жарлығына іштей өзгерту енгізіп, Солтүстік Қазақстан облысының Красноармейск ауданына үш колхоздан тұратын (Чкалов ауданына қосылған Сәуле, Жаңаталап колхоздарынан басқа) беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 28 қазандағы Жарлығы күшіне кірді. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 124-бет.).

XIX ғасырдағы географиялық картада «Новоявленное» деген атаумен таңбаланған қазіргі Явленка селосының тарихына түсінік бере кеткен артық болмас. Әуелде, жаңа қоныстанушы келімсектер болашақ мекеніне ат қойғанда, ырым көріп христиан дінінің Библия аңыздарын басшылыққа алғаны мәлім. Сол аңыздың бірінде Ғайса пайғамбар қайта тіріліп келіп, үмметерімен қауышқан сәт қасиетті саналған. Сондықтан да қазақ даласының бір пұшпағында, ерке Есілдің жағасынан ойып алған құтты мекенін қазақша «Ғайса пайғамбардың қайта оралуы», немесе орысша «Новое явление Иусуса Христа» деген төрт сөзді ықшамдай қысқарта беріп, тіпті сол діни түсініктің қасиетті астарын түсінбей, әуелгі маңызын ұмытқан ұрпақтар немкеттілеу етіп «Явленка» атай салғанын еске саламыз. Білетіндердің айтуынша, бұл мекен Байтоқа, одан Жылғара болса, сол Жылғараның Мұса деген ұлының қыстауы, не күзегі болса керек. Сондықтан, кей уақытта орысша «Мусин» дегенді қазақшалап, «Мүсін» деп атапты дегенді құлақ шалды. Жері құтты, орналасу жағдайы тыныс-тіршілікке қолайлы осы бір



тұста Солтүстік Қазақстан облысының Ленин атын иеленген, кейін Есіл өзенінің атымен аталған аудан құрылғалы да не заман.

1936 жылғы 23 қазанда Вагулин, Глубокое, Долматов, 1-Дубровин, Красноярск, Кустовск, Лебедков, Налобин, Сивков, Соколов, Сумский сельсоветтерін Мамлют ауданынан алып, Соколов ауданының құрамына беру туралы. ҚазОАК Төралқасының қаулысы жарық көрді. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 166-іс. 12-15-парақтар). 1937 жылғы 25 маусымда Сталин сельсоветін тарату туралы Мамлют ауаткомының шешімі қабылданды. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 293-іс. 29-парақ).

9 маусым 1940 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданындағы Омбы теміржолына қарасты Мамлют станциясы маңындағы елді мекендерді жұмысшы поселкелері қатарына жатқызып, Мамлют селолық советін Мамлют жұмысшы-поселкелік советі етіп қайта құру және оны Мамлют аудандық советіне бағындыру туралы.

10 ақпан 1935 жылғы ақпанның 10-жұлдызында Қарағанды облыстық атқару комитеті орталығы Явленка селосы болатын Ленин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін өзінің қаулысымен мына құрамда бекітті. Александров, Бірлік, Заградов, Ивано-Павлов, Ивано-Петров, Ильинский, Қарағаш, Красноармейск, Леонидов, Летовка, Малиновка, Жаңаөзен, Петров, Покров, Совет, Тарангульский, Тұңғиық, Явленка, Янов селолық советтері. Осы тізімдегі «Тарангул» көл атауы екен.

Зер сала қарап, байыппен көңіл аударған адам, Қазақстанның теріскейінде тораңғы ағашының өспейтінін білсе керек. Жерсінбеген, өспейтін өсімдіктің аты жер-су атына қойылмайды. Демек, бұл көлдің, тиісінше елді мекеннің аты сол жердегі көлге тікелей қатысты «Тереңкөл» дегенді білдірсе керек. Келімсектердің тілі келмеген соң, шұбарланып, тіпті мүлде түсініксіз болып өзгерген гидронимнің тағдыры осындай. Айта берсе, уақыт өткен сайын шатысып-бытысып жүрген топонимдер жалғыз бұл емес. Тәуелсіздік алып, ес жиып, осындай орынсыз бұрмалауларды дұрыстау қажеттігі туды. Халықтың қазынасы, ға-



сырлар бойы сақталған зердесі болып табылатын жер-су атауын құрметтеп, таза сақтай білсек, қандай жақсы. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев, қазақ үкіметі бұл шаруаны естен шығарған емес. Осы облыстағы топонимдерге байланысты ағаттықтар бірнеше мәрте түзетілді және бұл іс тоқтамауға тиіс.

Облыс орталығымен қанаттасып, сабақтасып жатқан елді мекендерді бұзып айту, қате жазуға байланысты әкімшілік-аумақтық өзгерістер жиі болып жататыны байқалады. Бұл тұрасында орталығы Мәуліт селосы болып отырған Мәуліт ауданын мысалға келтіруге болады. Бұл топонимнің Мамлют емес, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген жерлесіміз, Мәуліт Усманов деген адамның атымен байланысты екені тарихи-танымдық дерек түрінде осы кітапта арнайы айтылғандықтан, оған тоқталмауға болады. Алайда, бүкіл құжаттарға жазылып, ұрпақтар санасына сіңіп кеткен орысша қалпында «Мамлютка», қазақша Мамлют атауы ресми түрде түзетілмегендіктен, орысша-қазақша жазылуын сол күйінде қалдырудан басқа лаж жоқ. Әр нәрсе, өз кезегінде ретін таппақ. Олай болса, Мамлют ауданының сол 1935 жылғы жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына құрамда болғанын хабарлаумен шектелу керек.

Орталығы – Мамлют селосы, немесе ауылы. Оның қарауында Белово, Вагулинский, Воскресенов, Глубокое, 1-Дубровинский, 2-Дубровинский, Долматов, Калугин, Коваль, Кустов, Красноярск, Лебедков, Мамлют, Михайлов, Налобин, Сенжар, Сивков, Сливнинский, Соколов, Становой-совхоз, Сумский, Щучинский селолық советтері.

Орталығы Балкашин селосы болатын Молотов ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Балкашин, Балкашин-совхоз, Бастремов, Богородский, Богословский, Васильев, Веселов, Владимиров, Дорогин, Каменский, Қалмақкөл, Ленин, Михайлов, Максимов, Новгородский, Ново-Романовский, Ново-Дубровинский, Ново-Никольский, Ново-Кронштадтский, Преображенский, Сандықтау, Тучнин селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы 1935 жылы 10 ақпанда жарық көрді.



Сол күні Петропавл ауданы да құрылып, жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына құрамда бекітілді: Орталығы Петропавл қаласы, оған қарайтындар Архангельск, Бескөл, Кривозёрный, Ново-Каменский, Ново-Павловский, Петерфельд, Плоский селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-23-парақтар.)

Орталығы Полудин селосы болатын Полудин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына құрамда 1935 жылғы 10 ақпанда бекітілген: Бугров, Ганькин, 1-Камышлов, Ленин, Метлишин, Николаев, Ново-Бытовский, Ново-Георгиевский, Ново-Никольский, Полудин, Раевский, Рязкинский, Скворцов, Совет, Тоқушы, Тоқушы-совхоз, Еңбекшілдер селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-40-парақтар.)

Облыстың өзінің, оның аудандары мен селолық, ауылдық советтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісінің тарихына қарап, отырсақ, олардың әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде 1935 жыл бойы тоқтамай, бірінен кейін бірі қалыптасқанын байқауға болады.

Айталық, 10 ақпанда Айымжан, Баян, Жарқын, Қарақамыс, Майбалық, Николаев, Орман, Спас сельсоветтерін Төңкеріс ауданынан алып, Преснов ауданына беру туралы Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шықты. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-22-парақтар.)

Сол жылдың басында орталығына Преснов селосы белгіленіп құрылған Преснов ауданына көрші Төңкеріс ауданынан сегіз селолық және ауылдық советі қосылып, жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі былайша бекітілді: Айымжан, Архангельск, Баян, Благовещенка, Екатериновка, Жарқын, Железин, Казанск, Қарақамыс, Кладбинск, Лапушин, Майбалық, Николаев, Новорыбинск, Ольга, Орман, Островский, Петровка, Преснов, Рождественский, Святодуховка, Спас, Троицк сельсоветтері. Тиісінше жер жағдайына, халықтың әлеуметтік тұрмысы мен халық шаруашылығының мүддесіне қарай, Преснов ауданынан 11 селолық советті бөліп алып.



Пресногорьков ауданына беру туралы Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шықты. Сондай-ақ, Төңкеріс ауданының бес сельауылсоветі Пресногорьков ауданына қосылды. 1940 жылғы 30 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Буденный ет-сүт совхозын Островский сельсоветінің әкімшілік қамтуына беру туралы Жарлығы шықты. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 136-бет.).

Нәтижесінде орталығы Пресногорьков селосы болатын Пресногорьков ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына тәртіпте бекітілгені байқалады: Евгеньев, Елтай, Исаев, Кабан, Казанск, Камышловский, Ксеньевский, Крутояр, Макарьев, Марков, Песчан, Петропавлов совхоз, Починов, Пресногорьков, Пресноредут, Рясский, Сибирь, Сретен, Фёдоров сельсоветтері. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-22-парақтар).

Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын құру және Қарқаралы округін тарату туралы БО ОАК 1936 жылғы 20 шілдедегі қаулысы бойынша Қостанай облысына берілген Усерденск және Екатерина сельсоветтерін Қостанай облысы Пресногорьков ауданынан алып, Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына беру туралы және Преснов ауданының Қарақамыс ауылсоветін Қостанай облысының Пресногорьков ауданына беру туралы ҚазОАК қаулысы шықты. (Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. –1953 ж) анықтамалық. П. 1953 ж. 115-бет).

1935 жылғы 10 ақпанда орталығы Боголюбов селосы болатын Приишим ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Боголюбов, Бостандық, Верхне-Чириков, Владимир, Вознесенский, Калинов, Қызыләскер совхоз, Надежда, Ново-Михайловский, Ново-Никольский, Өрнек сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-23-парақтар) қабылданып, тиісті Республикалық деңгейде қолдау тапты.



10 ақпан 1935 жыл. Орталығы Алексеев селосы болатын Сталин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы Богдан, Боярский, Ворошилов, Голощёкин, Гуляйполе, Елтай, Интернационал, Каз.ЦИК атындағы совхоз, Калинин, Канкринский, Кеңес, Қосқарағай, Көшкін, Наумов, Никольский, Ново-Рыбинский, Орнек, Приозёрный, Трудовой, Еңбек сельсоветтері Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күн. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-24-парақтар.).

10 ақпан 1935 ж. Орталығы Токарев селосы болатын Тельман ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі Ақтөбе, Арбайтер, Астахов, Вольный, Долинка, Жаңаауыл, Колхоз, Красно-Кутский, Покорный, Ростов, Сенокос, Токарев сельсоветтері болып Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысымен қалыптасты. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-24-парақтар.).

Орталығы Марьевка селосы болатын Төңкеріс ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Голощёкин, Городец, Дмитриев, Есіл, Жалтыр, Исаев, Кеңес, Коновалов, Крещенский, Марьевска, Төменгі Бүрлік, Семиполка, Сергеев, Степной сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күні –10 ақпан 1935 ж.. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-24-парақтар.).

Бұл күнде Ақмола облысына қарайтын Еңбекшілдер ауданы, орталығы Казгородок селосы болып, 1935 жыл, ғы 10 қаңтарда жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына құрамда бекіту туралы Қарағанды облыстық атқару комитеті қаулы алды: Амандық, Беккер, Восточный совхоз, Жаңарқа, Заурал, Исаев, Макин, Маркс, Мирзоян, Шошқалы совхоз сельсоветтері.. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-24-25-парақтар.). Орталығы Благовещенко селосы болған Еркіншілік ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі сол күні мына құрамда бекітілген болатын: Благодатный, Бестоғай, Еремін, Звенигород, Каратал, Қарғалы, Қызылағаш, Көкшалғын, Қоржынкөл, Нецветаев, Ново-Марковский, Павлов, Сілеті сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-25-парақтар).



ПЕТРОПАВЛ – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ

1936 жылғы 29 шілдеде Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын құру және Қарқаралы округін тарату туралы Мәскеудегі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті, яғни Кеңестер Одағының ең жоғарғы өкімет билігі сол жылы қабылданған ССРО жаңа Конституциясына сәйкес қаулы қабылдады. (Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) анықтамалық. А. 1959 ж. 235,253-беттер).

Және дәл сол құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысында Келлер және Соколов аудандары құрылған болатын. (Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) анықтамалық. А. 1959 ж. 253-бет). Осыған дейін Қарағанды облысына қарап келген Пресногорьков ауданын Қарағанды облысынан алып, жаңадан құрылған Қостанай облысына беру туралы. БО ОАК қаулысы шықты. (Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) анықтамалық. А. 1959 ж. 253-бет)

10 ақпан 1935 жыл. Орталығы Алексеев селосы болатын Сталин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы Богдан, Боярский, Ворошилов, Голощёкин, Гуляйполе, Елтай, Интернационал, Каз.ЦИК атындағы совхоз, Калинин, Канкринский, Кеңес, Қосқарағай, Көшкін, Наумов, Никольский, Ново-Рыбинский, Өрнек, Приозёрный, Трудовой, Еңбек сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күн. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-24-парақтар.).

10 ақпан 1935 ж. Орталығы Токарев селосы болатын Тельман ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Ақтөбе, Арбайтер, Астахов, Вольный, Долинка, Жаңаауыл, Колхоз, Красно-Кутский, Покорный, Ростов, Сенокос, Токарев сельсоветтері болып Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысымен қалыптасты. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-24-парақтар.).



Орталығы Марьевка селосы болатын Төңкеріс ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Голощёкин, Городец, Дмитриев, Есіл, Жалтыр, Исаев, Кеңес, Коновалов, Крещенский, Марьевска, Төменгі Бүрлік, Семиполка, Сергеев, Степной сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күні –10 ақпан 1935 ж. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 17-24-парақтар.).

1939 жылғы 20 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Приишим ауданындағы Рыков селосының атауы Луговое селосы болып өзгеруі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен заңдастырылды. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары.. 1934. № 4. 12-бет.). Айта кету керек, Алексей Иванович Рыков орыс революционері, Лениннің серіктерінің бірі, төңкерістен кейін Кеңес үкіметінің төрағасы қызметіне дейін өскен болатын. Алайда, Компартияның ең жоғарғы тобының өз ішінде алауыздық туып, И. Сталинге жақпай қалғаннан кейін жалалы болған. Бір кезде аты шыққан қайраткердің есімін ел жадынан өшіру салты бойынша, оның атымен аталған Қазақстанның Солтүстігіндегі түкпірде орналасқан кішкене ғана селоның атауы да өзгертілгені сол кездің саяси «ойындарының» бірі екендігін ескертеміз.

Жаңадан құрылған кәсіпорындарға, елді мекендерге Кеңес үкіметінің, Коммунистік партияның жетекші қызметкерлерінің есімін беру, әсіресе, XX ғасырдың алғашқы ширегінде салтқа айналған болатын. Сонда ол адамдарды кісілік қасиеті, халқына, немесе сол маңайға сіңірген еңбегі үшін, айта қалғандай, жанқиярлық еңбегі үшін емес, жаңа биліктің биік сатысындағы лауазымы үшін ұлықтайтын. Осылайша, өкімет билігін мойындату, билікке бағындыра отырып «силату» дегеніміз идеологиялық тәрбие құралы ретінде санаға сіңірілді. Керісінше, жоғарғы билікке жақпай, «жазықты» болып қалса, ондай тұлғалардың есімі ел санасынан жедел өшірілетін. Осындай «антропотонимдермен ойнау» үрдісінің мысалдары солтүстік Қазақстанда да жеткілікті.

Жоғарыда айтылғандай, Компартия көсемдерін топонимдер арқылы дәріптеу 1925 жылдары-ақ басталғанда, әр жыл-



дары Қазақ автономиясы Орталық атқару комитетінің төрағасы болған Сейітқали Меңдешев, Әліби Жангелдин, Жалау Мыңбаев, Елтай Ерназаровтың, үкімет басқарған Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов, Ораз Исаев, Ұзақбай Құлымбетов есімдері, Республика компартиясының Голошкекин, Мирзоян сияқты көсемдері Ленин, Троцкий, Дзержинский, Цурюпа, Сталин, Молотов, Ворошилов, Каганович, Ежов сияқты лауазымды қызметкерлермен иық тіресіп, өз аттарымен байырғы қазақ жеріне «көрік беріп» тұрған дәуір болған. Тарих дөңгелегі алға айналған сайын, табиғи іріктеу үдерісінің нәтижесі деуге тұрарлықтай өзгерістер болып жатты. 1937 жылы басталып, бірден күшейіп берген саяси қуғын-сүргін науқанында «халық жауы» атанып, ұсталық кеткен кешегі қайраткерлердің есімдерін жаппай өшіру науқаны қоса жүрді.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлініс тарихын қарап отырсаңыз, мемлекеттік құрылыс ісінде орын алған талай орынсыздық пен көпе-көрнеу бұрмалаушылықты көресіз, Мысалы, 1935-36 жылдары Солтүстік Қазақстан облысындағы 6 сельсоветке Ораз Исаевтің аты берілген екен де, 1937 жылы ол тұтқындалған соң, сол татауларды жойып, тиісінше, Ленин, Совет, Октябрь т. с.с. «телпекбай» атаулар жеделдетіп қойылған. НКВД «қарақшысы» атанған Ежов, СҚО обком хатшысы Беккер, Құлымбетов, Тухачевский, Блюхер атындағы елді мекендердің атауы өзгертілген.

1936 жылғы 29 шілдеде Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын құру және Қарқаралы округін тарату туралы Мәскеудегі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті, яғни Кеңестер Одағының ең жоғарғы өкімет билігі сол жылы қабылданған ССРО жаңа Конституциясына сәйкес қаулы қабылдады. (Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) анықтамалық. А. 1959 ж. 235,253-беттер). Облыстың аумағы 25 ауданнан құралып, былайша сипатталды: және дәл сол құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысында Келлер және Соколов аудандары құрылған болатын. (Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) анықтамалық. а. 1959 ж. 253-бет). Солтүстік Қазақстан облысына бұл аудан-



дармен қатар, облысқа бағынатын қала санатындағы Степняк қаласы да қарады.

Рет саны	Ауданның атауы	Орталығы	Советтер саны
1	Айыртау	Володар селосы	22
2	Арықбалық	Арықбалық селосы	17
3	Атбасар	Атбасар қаласы	19
4	Бейнетқор	Шолақ Досжан селосы	14
5	Булаев	Булаев селосы	25
6	Есіл	Қима селосы	26
7	Зеренді	Зеренді селосы	12
8	Калинин	Журавлевка селосы	16
9	Келлер	Келлер селосы	18
10	Қызылту	Қызылту селосы	14
11	Көкшетау	Көкшетау қаласы	14
12	Красноармейск	Новосухотин селосы	22
13	Ленин	Явленка селосы	19
14	Макин	Вознесенка селосы	14
15	Мамлют	Мамлют селосы	12
16	Молотов	Балкашино селосы	22
17	Полудин	Полудин селосы	17
18	Преснов	Преснов селосы	13
19	Приишим	Боголюбово селосы	11
20	Рузаев	Рузаев селосы	16
21	Соколов	Соколов селосы	11
22	Сталин	Алексеев селосы	21
23	Төңкеріс	Марьев селосы	15
24	Щучинск	Щучье селосы	12
25	Еңбекшілдер	Казгородок кен	10



Облыс құрамынан жаңа құрылған Келлер ауданын нығайту мақсатында ҚазОАК Төралқасының 1936 жылғы 23 қазандағы қаулысымен Волинск, Богодуховка, Глубокое, Горький, Драгомиров, Келлер, Краснодольск, Краснополянск, Краснокаменск, Кремечуг, Летовка, Нагорный, Озерный, Подлесный, Ростов, Степной, Чернигов және Южный сельсоветтері Красноармейск ауданынан Келлер ауданына берілді. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 12-15-парақтар). Осы қаулымен Соколов ауданының аумағы Мамлют ауданынан Вагулин, Глубокое, Долматов, 1-Дубровин, Красноярск, Кустовск, Лебедков, Налобин, Сивков, Соколов, Сумский сельсоветтерін Мамлют ауданынан алып беру арқылы толықты. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 166-іс. 12-15-парақтар).

1936 жылы ССРО-ның жаңа Конституциясының қабылдануы Қазақстан мемлекеттілігі тарихындағы тағы бір елеулі кезең болды. Қазақстан РСФСР құрамынан шығып, одақтық республика санатында Советтік Социалистік Республикалар Одағының толық құқылы мүшесі болды. 1937 жылы Қазақ ССР советтерінің кезектен тыс V съезінің шешімімен бекітілген Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақстанның Орталық және жергілікті билік органдары жаңаша түзілді. Барлық деңгейдегі өкілетті органдар жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттарының Советтері деп аталатын болды. Тиісінше, Солтүстік Қазақстан облысының ең жоғарғы билік және өкілетті органы облыстық атқару комитетінің төралқасы болды да, ол 1939 жылғы сайлаудан кейін облыстық атқару комитеті деп аталды.

23 қазан 1936 ж. Волинск, Богодуховка, Глубокое, Горький, Драгомиров, Келлер, Краснодольск, Краснополянск, Краснокаменск, Кремечуг, Летовка, Нагорный, Озерный, Подлесный, Ростов, Степной, Чернигов және Южный сельсоветтерін Красноармейск ауданынан Келлер ауданына беру туралы. ҚазОАК Төралқасының қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 167-іс. 12-15-парақтар).

23 қазан 1936 ж. Вагулин, Глубокое, Долматов, 1-Дубровин, Красноярск, Кустовск, Лебедков, Налобин, Сивков, Соколов, Сумский сельсоветтерін Мамлют ауданынан Соколов



ауданына беру туралы. ҚазОАК Төралқасының қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 166-іс. 12-15-парақтар).

1937 жылдың көктемінде басталған саяси қуғын-сүргін науқанының жаппай сипат алуына байланысты Кеңес Одағының ең жоғарғы үкімет және партия билігіндегі басшы қызметкерлерге «халық жауы» деген атақ тағылып, түрмеге қамалды. Демек, бұрын елді мекендерге аттары берілген кеңес қайраткерлерінің аттарын өшіру науқанына байланысты Солтүстік Қазақста облысының топонимикасына да көптеген өзгерістер енгізілді. Жағдайларға байланысты өзгерген атаулар толықтырылады. Мысалы, Беккер атындағы үш селолық совет, Құлымбетов, Елтай Ерназаров атындағы екі селолық совет, Блюхер, Қазақстан Үкіметінің төрағасы болған Ораз Исаев атындағы төрт селолық совет, Филипп Исаұлы Голощекин атындағы екі селолық совет, Мирзоян, Голощекин т. б. аты өшіріліп, жедел түрде басқаша атала бастағанын көреміз.

31 наурыз 1937 ж. Жарсуат аулсоветін Солтүстік Қазақстан облысы Калинин ауданынан Қарағанды облысының Ново-Черкасск ауданына беру туралы. ҚазОАК қаулысы. (Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі туралы (1920 ж. –1953 ж) анықтамалық. 1953 ж. 101-бет.

25 маусым 1937 ж. Сталин сельсоветін тарату туралы Мамлют ауаткомының шешімі. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 293-іс. 29-пара қ).

1938 жылғы 28 шілдеде Усерденск және Екатерина сельсоветтерін Қостанай облысы Пресногорьков ауданынан алып, Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына беру туралы. Преснов ауданының Қарақамыс ауылсоветін Қостанай облысының Пресногорьков ауданына беру туралы. ҚазОАК қаулысы жарық көрді. (Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. –1953 ж) анықтамалық. П. 1953 ж. 115-бет).

1938 жылғы 3 тамызда Рузаев ауданы Исаев ауылсоветін Каганович аулсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облаткомы төралқасының қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 365-іс. 43-парақ) және Октябрь ауданы



Исаевский аулсоветін Ленин аулсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облаткомы төралқасының қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 365-іс. 134-парақ).

«Халық жауы» атанғандардың соты болып, тиісті жаза тағайындапқан соң, олардың есімі берілген елді мекендердің атын өзгерту туралы мынадай құжаттар қабылданған.

14-15 қараша 1938 ж. Ленин ауданындағы Исаев ауылсоветін Ежов аулсоветі деп, Бейнетқор ауданындағы Исаев селсоветін Каганович сельсоветі деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысы. (СҚО ММ. 2112-қор. 1-тізбе. 19в-іс, 121-парақ.).

13 қаңтар 1939 ж. Бейнетқор ауданы Голощекин ауылсельсоветін Амангелді ауылсельсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төралқасының қаулысы. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 547-іс. 160-парақ).

20 сәуір 1939 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Приишим ауданындағы Рыков селосын Луговое селосы деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары.. 1934. № 4. 12-бет.).

29 қыркүйек 1939 ж. Солтүстік Қазақстан облысындағы бұрынғы Красноармейск совхозынан Дмитриев, Октябрь, Комсомол және Ворошилов сельсоветтерін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары.. 1934. № 4. 12-бет.). 1939. № 9. С. 34.).

1939 жылғы 14 қазанда Қазақ ССР-ның құрамында Семей, Ақмола, Жамбыл облыстарын құру туралы жарлыққа сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Степняк қаласы мен Арықбалық, Атбасар, Есіл, Зеренді, Калинин, Макинский, Молотов, Рузаев, Сталин, Щучинск, Еңбекшілдер аудандары Ақмола облысының құрамына берілді. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы. (ҚР ОММ. 1109-қор. 5-тізбе. 46-іс. 19-парақ.). ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 14 қазандағы Жарлығы бойынша Қазақ ССР-ның құрамында Семей, Ақмола, Жамбыл облыстары құрылды. Солардың ішінде жаңадан құрылған



Ақмола облысының құрамына Солтүстік Қазақстан облысының Степняк қаласы мен Арықбалық, Атбасар, Есіл, Зеренді, Калинин, Макинский, Молотов, Рузаев, Сталин, Щучинск, Еңбекшілдер аудандары берілді. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы. (ҚР ОММ. 1109-қор. 5-тізбе. 46-іс. 19-парақ.).

Содан екі күннен соң, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылту, Көкшетау, Красноармейск және Еңбекшілдер аудандары есебінен орталығы Чкалов селосы болатын Чкалов ауданы құрылып, оның құрамына Қызылту ауданының Алабота, Көкшетау ауданының Аймақ, Красноармейск ауданының Андреев, Белояр, Вишневка, Дон, Зеленогай, Калинин, Қаратомар, Константинов, Краснокиевск, Новодворовск, Новогречановск, Ново-Березовск, Петров, Подольск, Чкалов и Яснополянк; Еңбекшілдер ауданының Амандық ауылдық-селолық советтері берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 122-123-беттер.).

28 қазан 1939 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 16 қазандағы «Қазақ ССР-нда жаңа аудандар құру туралы» Жарлығына іштей өзгерту енгізіп, Солтүстік Қазақстан облысының Красноармейск ауданына үш колхоздан тұратын (Чкалов ауданына қосылған Сәуле, Жаңаталап колхоздарынан басқа) беру туралы.. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 124-бет.).

1940 жылдың басында ССРО ішкі Істер министрі болған Ежовтың өзі тұтқындалып, одан кейін ату жазасына бұйырылған соң, Ленин ауданындағы бұрынғы Ежов ауылсоветі Арал аулсоветі болып қайта аталатын болды.

Облыстың әкімшілік-аумақтық бөлінісін ретке келтіру 1940 жыл бойы одан әрі жалғасты. Мысалы, 8 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Красноармейск ауданындағы Омбы теміржолына қарасты Тайынша станциясы маңындағы елді мекендерді жұмысшы поселкелері қатарына жатқы-



зып, Тайынша жұмысшы поселкесі деп атау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарыққа шықты. Келесі жылы 10 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданында Смирнов жұмысшы поссоветін құру туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті шешімі қабылдады. (СҚО ММ. 1189-қор. 1-тізбе. 973-іс. 212-парақ.). Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданы Смирнов елді мекенін жұмысшы поселкелері қатарына жатқызып, Смирнов жұмысшы поселкесі деп атау туралы.. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 145-бет.

21 мамырда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының тиісті Жарлығы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Төңкеріс ауданының аты Октябрь ауданы болып өзгерді.

31 шілде 1940 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Бейнетқор ауданын Совет ауданы деп қайта атау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлығы жарияланды (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 115-бет.).

30 қараша 1940 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Буденый ет-сүт совхозын Островский сельсоветінің әкімшілік қамтуына беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 136-бет.).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы 23 наурыздағы Жарлығы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл селолық ауданы мына құрамда құрылды: орталығы Петропавл қаласы. Архангельск, Бескөл, Кривозерск, Ново-Каменска, Ново-Павлов, Петерфельд және Плоское селолық советтері. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 149-бет.).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы 23 наурыздағы жарлығы бойынша Совет ауданының ор-



талығын Шолақ Досжан ауылынан Смирнов селосына көшірілді (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 145-бет.).

1944 жылғы 15 наурызда орталығы Көкшетау қаласы болатын Көкшетау облысы құрылып, оның құрамына: Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау, Келлер, Қызылту, Көкшетау, Красноармейск, Чкалов аудандары және Ақмола облысы құрамынан Арықбалық, Зеренді, Рузаев, Щучинск, Еңбекшілдер аудандары берілетін болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 159-бет.

Сол 1944 жылы 8 мамырда Солтүстік Қазақстан облысында орталығы Конюхов елді мекені болатын Конюхов ауданы құрылып, жаңа ауданның құрамына Булаев ауданының Березняки, Воскресен, Заросленский, Камышлово, Колосов, Конюхов, Куломзин, Лебяжье, Ново-Успенск, Октябрь, Пролетар, Суворов, Чистянк сельсоветтері берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 160-бет.

Көкшетау облысы Көкшетау ауданының орталығы 1945 жылғы 24 шілдеде Көкшетау қаласынан Красный Яр селосына көшіру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарық көрді. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 181-бет.). ҚР ОММ. 1109-қор. 5-тізбе. 1-іс. 92-парақ

1948 жылғы 16 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, орталығы Совет ауданындағы Совет астық совхозы болған селолық совет Булаев ауданының әкімшілік қамтуына берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 181-бет.).



Петропавл қаласындағы Железнодорожный, Промышленный, Центральный аудандары 1948 жылғы 7 шілдеде тарту туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы күшіне енді. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 181

1950 жылғы 18 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы Есіл ауыл советін «Өрнек» колхозымен бірге Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданындағы Арал ауылсоветіне беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шықты. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 185-бет.).

Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданындағы Совет астық совхозының орталық мекенінде 1950 жылғы 29 сәуірде селолық советтің құқындағы Селекті поссоветін құру туралы. Оған Совет астық совхозының бөлімшелеріндегі Селекті, Сарыайғыр, Сейфуллин және Литовка елді мекендері қосылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 187-бет.)

1950 жылғы 14 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы Дубровский елді мекені «Жылқызыл» колхозымен бірге Кеңес сельсоветінен алынып, Көкшетау облысы Айыртау ауданындағы Красный селолық советіне берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 189

Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданындағы Қарақоға теміржол станциясы жанындағы елді мекен 1952 жылғы 29 қаңтардан бастап құрылған Қарақоға поссоветіне қарайтын болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1952. № 2.).

1952 жылғы 6 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданының орталығы Конюхов селосынан Қарақоға



селосына көшіру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1952. № 4.).

Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының Ынтымақ елді мекені 1952 жылдың 3 мамырында Жалтыр ауылсоветінің құрамынан Октябрь ауданының Дмитриев сельсоветіне ауыстырылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1952. № 2, 2-бет.).

Дәл сол күні Солтүстік Қазақстан облысы Ақкөл елді мекені Еңбекшілдер ауылсоветінен алынып, Солтүстік Қазақстан облысы Полудин ауданының Камышловский сельсоветіне берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1952. № 5).

Тағы да осы құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданы Көктерек, Амангелді, Каганович және Аралағаш ауылсоветтерінің шегаралары ішінара өзгертілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1952. № 5).

Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданы Красноярск, Кустов, Долматов, Сивков және Дубровин сельсоветтерінің шегарасын өзгерту туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы 1952 жылғы 3 мамырда шықты. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1952. № 5).

Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданының Лебедев сельсоветін таратып, оның аумағын Налобин сельсоветіне беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 6 мамырдағы Жарлығы шықты. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 199-бет.). Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1952. № 5.).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданы Явленск ет совхозының орталығынан селолық совет құқындағы Бескұдық поссоветі құрылды.



(Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 199-бет.). Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1952. № 5.).

Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданының «Свет» және «Красное» елді мекендерін Ново-Успен сельсоветінен алып, Ново-Успенского сельсовета Конюховского Чистян сельсоветіне беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы 1952 жылғы 10 мамырда шықты. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1952. № 5.).

1952 жылғы 3 маусым күні Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Приишим совхозының орталық мекенінде сельсовет құқындағы поссовет ұйымдастырылып, ол Приишим поссоветі деп аталатын болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 200-бет.). Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1952. № 6.).

Сол құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Токарев, Смирнов және Новый Свет елді мекендері Дубровин сельсоветінің құрамынан алынып, Становой сельсоветіне берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 200-бет.). Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1952. № 6.).

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы құрамында Покровка сельсоветі 1952 жылғы 3 шілдеде құрылды. Орталығы Покровка селосы болып белгіленді де, оған Покровка, Окуневка, орман шаруашылығы мен теміржолдың 99,101,104,106 және шақырым құжыралары; Зорино және Кондратов орман питомнигі мен Зорино елді мекені қаратылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 200-бет.).



Бүкіл Қазақстандағы сияқты, 1954 жылдың көктемінен басталған «Тың және тыңайған жерлерді игеру» деген мемлекеттік деңгейдегі саяси-шаруашылық науқанға байланысты Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі де түбірімен өзгеріп, елді мекендердің аты өзгертіліп, жаңадан құрылғандарына идеологиялық тұрғыды «жағымды» атаулар қойыла бастады. Сол кезеңдегі біраз совхоздың атаулары: «Агроном», «Александров», Баррикады», Ворошилов», «Восточный», «Восход», «Заря», «Золотая нива», Ильич, «Ишимский», «Коммунизм», Краснофлотский, «Кузбасс», «Ленинград», «Мичурин», «Молодая Гвардия», «Молодежный», «Раздольный», «Ялтинский», Невский, «Озерный», «Парижская Коммуна», Рублев, «Тихоокеанский», Толбухин, Щорс атындағы т. с. с.

Өлке топонимиясына өшпес із қалдырған бұл кезеңнің тарихы біршама зерттелгенімен, ономастикалық тұрғыда тұңғыш рет қарастырылып отыр.

Марксизм-ленинизм деп аталған саяси ағымға сай, бүкіл мемлекеттік істер, бала тәрбиесінен күрделі шаруашылықтарға дейін, экономиканың түйінді мәселелері жаппай бақылауға алынған заманды бұл күнде «тоталитаризм дәуірі» деп атайды. Сол дәуірдегі мемлекеттік билікке тән ерекшелік, «пролетарлық интернационализм» деген ұранды басшылыққа алып, дүниетаным түсінігі «таптық көзқарас» деген қағидаға бағындырылған. Бұдан туатын негізгі және бұлжымас ұстаным – «пролетариатта ұлт болмайды» немесе қоғамның сипаты «өндіргіш күштердің кімнің қолында екеніне қарай айқындалады» деген тұғырнама болатын. Міне, осы таптық көзқарас, коммунистік партиялық идеология дегендердің зардабы, қалдырып кеткен мұрасы, осы уақытқа дейін жеріміздің бетіндегі топонимдер түрінде таңбаланып қалды.

Және де бұл таңбаның солтүстік өңірде ерекше көзге түсетін, бедерлі таңба екендігіне негізгі себеп, әлбетте, жеріміздің құнары болатын. Осынау ұшы-қиырына көз шеткісіз құнарлы далаға осыдан 300 жыл бұрын көз тіккендер аз болған жоқ, осы құнарлы аймақтан азық іздеп, пана тауып, тіршілік етіп келе жатқан ұрпақтардың әрқайсының ізі қалған бұл топырақта.



Міне, мына құжат соның айғағы десе болғандай.

1954 жылғы 4 маусымда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлық шығарып, Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Хрущев атындағы совхоздың орталығында сельсовет құқындағы Комсомол поссоветін құруды ұйғарады. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 206-бет.).

Осы құжатта аты аталған Хрущев деген азаматтың кім екенін қазіргі шәкірттер білмес. Тарих сабағында естігені болмаса... Никита Хрущев деген адам бұрынғы кеңес одағының бірінші басшысы, яғни патшасы болған. Жаңағы «Тың игеру» науқанын мен бастадым, деп кеудесін соққанға иланып қалған жағымпаздар «Тың игерудің немен, қалай аяқталатынына көз жеткізбей тұрып-ақ, патшаның атын егін шаруашылығына беріп-ақ жіберген. Басқасын айтпағанда, сол Хрущевтің Кеңес одағына, оның ішінде Қазақстанға қандай жақсылық әкелгенін тарих біледі. Жақсылық әкелген жоқ, көп дүниені бүлдіріп кетті. Бірақ, айтарымыз ол емес, осы 1954-1960 жылдар арасында облыстың, оның аудандары мен төменгі бөліністерінің қайта-қайта тынымсыз өзгеріске түскендігіне назар аударамыз. Сол өзгерістерді тізіп, мазмұндағандағы жағдай мынадай.

1954 жылғы маусым айының төртінші жұлдызы Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне көптеген өзгерістер әкелген күн ретінде есте қалғаны шындық. Олар: Булаев ауданында сельсовет құқындағы Жаркөл поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 209-бет.).

Октябрь ауданы «Тимирязевский» астық совхозының орталығында Целинный поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 209-бет.).



Булаев ауданы «Ждановский» астық совхозының орталығында Жданов поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 209-бет.).

Октябрь ауданы «Октябрьский» совхозының орталығында Октябрь поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Ишимский» совхозын беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 209-бет.).

Преснов ауданындағы «Украинский» астық совхозының орталық мекені болып табылатын кентте селолық совет құқындағы поссовет құрылып, ол Украинский поссовет аталды.. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 210-бет.).

Октябрь ауданы «Докучаевский» совхозының орталығында Северный поссоветі құрылғаны да сол күн. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 210-бет.).

Октябрь ауданы «Дзержинский» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Ақсуат поссоветі шаңырақ көтерді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 210-бет.).

Булаев ауданы «Булаевский» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Майбалық поссоветін құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы да сол күні шықты. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 210-бет.).

Октябрь ауданы «Москворецкий» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Москворецкий поссоветін



құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарияланды. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 211-бет.).

Октябрь ауданы «Степной» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Дос поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Интернациональный» астық совхозын беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығына қол қоңйылды. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 211-бет.) 1957 ж.). А. 1958. 210-бет.).

1954 жылғы 26 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Қызылту ауданы «Сталинградский» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Сталинград поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 212-бет.).

Сол күні Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Западный» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Западный поссоветі құрылған болатын. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 212-бет.).

Көкшетау облысы Қызылту ауданы «Степной» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Степной поссоветін құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шыққан күн де 26 маусым 1954 жыл. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 212-бет.).

Көкшетау облысы Айыртау ауданы «Айыртау» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Жаркент поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шыққан күн де сол. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 213-бет.).



Қарап отырсаңыз, жаңадан құрылған мемлекеттік шаруашылықтар шоғырланған мекенде кеңес мекемелерін құру ісінің тездетілгені соншалық, бір күнде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірнеше Жарлығына қатарынан қол қойылған тәртіпті байқайсыз. Бұл да біздің бастан кешкен тарихымыз. Енді сол өзгерістер елді мекен атаулары түрінде жерімізде таңбаланып қалды. Мысалы:

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Қызылту ауданы «Майский» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Май поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 214-бет.).

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Қызылту ауданы «Горьковский» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Горький поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 214-бет.).

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Жаркульский» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Жаркөл поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 214-бет.).

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Целинный» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Целинный поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Дружба» астық совхозын беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Заңдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлықтарының жинағы. (1938 ж. – 1957 ж.). А. 1958. 214-бет.).

31 наурыз 1962 ж. Тың өлкесі Көкшетау облысы Красноармейск ауданының Тайынша қалалық поселкесін ауданға бағынатын қалалар санатына жатқызып, Красноармейск қаласы деп атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1962. № 18).

Көктемнің аяғына қарай Қазақстанда аласапыран өзгерістердің салқыны тимеген бірде-бір облыс, не аудан мен ауыл қалған жоқ. Ең алдымен, елдің онсыз да әлжуаз эуономикасына орасан зиян келтірген өзгерістердің мәні мен мақсатын халық түсінген де жоқ. Әйтеуір бұзу, қайта құрастыру, өзгерту немесе түзеу т. с. с.

11 сәуір 1962 ж. Булаев ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 149-парақ).

11 сәуір 1962 ж. Конюхов ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 151-152-парақтар).

11 сәуір 1962 ж. Ленин ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 154-парақ).

11 сәуір 1962 ж. Мамлют ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 156-парақ).



11 сәуір 1962 ж. Октябрь ауданында орталығы Сергеев селосы болатын Сергеев сельсоветін құру туралы және одан әрі: Марьев сельсоветінің Аққан-Барақ, Алатай, Байгел, Бағанаты, Жалтыр, Сергеев, Чапаев, Шоқат және Марьев совхозының орталығы елді мекендерін Сергеев сельсоветіне беру туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 158-парақ).

11 сәуір 1962 ж. Полудин ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 161-парақ).

Преснов ауданы Архангельск және Троицк сельсоветтерін біріктіріп, Преснов сельсоветі деп атау туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО Приишим ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, тарату, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 165-парақ). ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 163-парақ).

Совет ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 167-парақ).

Соколов ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 169-парақ).

Рузаев ауданындағы Ашанино селосын қалалық поселкелер санатына жатқызып, Трудовой поселкесі деп атау туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1962. № 39.).



8 тамыз 1962 ж. Ленин ауданында орталығы Петровка селосы болатын Петров сельсоветін құру туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 176-парақ).

Тағы сол күні:

Октябрь ауданында орталығы Городецкое селосы болатын Городецкий сельсоветін құру туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4130-іс. 161-парақ).

Пришим ауданы орталығы Ново-Никольское селосы болатын Ново-Никольский сельсоветін құру туралы. (Сельсоветтерді біріктіру, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 170-парақ).

14 қараша 1962 ж. Көкшетау ауданы Алексеевка селосын қалалық поселкелер санатына жатқызу туралы. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1962. № 11.).

11 желтоқсан 1962 жыл. Полудин ауданы Ленин сельсоветін Светлопольский сельсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 186-парақ).

22 желтоқсан 1962 ж. Арықбалық ауданының Аққан Бұрлық сельсоветінің орталығын Құсбек селосына көшіріп, Аққан Бұрлық сельсоветін Құсбек сельсоветі деп қайта атау туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1962. № 18.).

Өзгертулер мұнымен тынған жоқ, енді Қазақстандағы селолық аудандарды ірілендіру туралы әңгіме басталып, аяғы жаңа жылдан бастап, қызу науқанға ұласып кете барды.

2 қаңтар 1963 ж. Көкшетау облысындағы аудандардың орнына селолық аудандар құру туралы. Володар селолық ауданы, орталығы Володар селосы; Қызылту селолық ауданы, орталығы Қызылту селосы; Көкшетау селолық ауданы, орта-



лығы Красный Яр селосы; Красноармейский селолық ауданы, орталығы Красноармейск қаласы; Ленинград селолық ауданы, орталығы Ленинград селосы; Рузаев селолық ауданы, орталығы Рузаев селосы; Чистопольский селолық ауданы орталығы Чистополье селосы; Щучинский селолық ауданы, орталығы Щучинск қаласы; Еңбекшілдер селолық ауданы, орталығы Степняк қаласы. (Сельсоветтерді беру туралы). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1963. № 12.).

2 қаңтар 1963 ж. Қазақ ССР-ның әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов, Полудин, Приишим, Соколов аудандарын таратып, Тимирязев ауданын құру, Октябрь ауданын Сергеев деп қайта атау туралы жарлықтар дүниеге келді.

Солтүстік Қазақстан облысындағы бұрынғы бар аудандардың құрылымын, бағыныштылығын өзгертіп, оларды орнына «селолық аудандар» деп аталатындар құрыла бастады. Олар: Булаев селолық ауданы, орталығы Булаев қалалық поселкесі; Ленин селолық ауданы, орталығы Явленка қалалық поселкесі; Мамлют селолық ауданы, орталығы Мамлют қалалық поселкесі; Преснов селолық ауданы, орталығы Преснов селосы; Сергеев селолық ауданы, орталығы Сергеев селосы; Совет селолық ауданы, орталығы Смирнов жұмысшы поселкесі және Тимирязев селолық ауданы, орталығы Сулы селосы.

Преснов ауданының Приишим сельсоветі Сергеев ауданының құрамына берілгені жөн деп табылды.

Тимирязев селолық ауданына мына сельсоветтерді беру туралы: Қостанай облысы бұрынғы Пресногорьков ауданынан Мичурин және Хмельницкий; Солтүстік Қазақстан облысы бұрынғы Октябрь ауданынан; Ақсуат, Дос, Интернациональный, Ишимский, Комсомол, Москворецкий, Целинный; Преснов ауданынан Северный; Кокчншетау облысы Рузаев ауданынан Ленин және Мичурин. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1963. № 12.). Солтүстік Қазақстан облысының 1973 жылғы 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. 97-98, 116, 120, 153-154-беттер.).



4 қаңтар 1963 ж. Мичурин атындағы және «Озёрный» совхоздарын Петропавл қалалық советінен алып, Совет ауданы Бескөл селолық советінің әкімшілік-аумақтық қатуына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4292-іс. 1-парақ).

Қазақ ССР-нда өнеркәсіп аймақтарын құру және кейбір қалалардың, қалалық поселкелер мен елді мекендердің әкімшілік бағыныштылығын өзгерту туралы қаулыға сәйкес, 1963 жылдың 10 қаңтарынан бастап, Тың өлкесінің: Көкшетау, Щучинск, Красноармейск, Петропавл, Макинск қалалары өлкеге бағынатын санатына жатқызылды.

Өнеркәсіп аймақтарының, қалалардың және қалалық поселкелердің өлкеге тікелей бағынатын болғанына байланысты Батыс Қазақстан, Тың және Оңтүстік Қазақстан өлкелеріне кіретін селолық облыстық советтердің атқару комитеттерінің атауы «Селолық облыстық советтердің атқару комитеттері» деп аталатын болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4214-іс. 10-13-парақтар).

1963 ж жылғы 3 мамырдағы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімімен ауданының Гавринск сельсоветі Булаев ауданының құрамына берілді де, тиісінше бірнеше ауданның аумағына өзгерістер енгізіле бастады. (Солтүстік Қазақстан облысы. 1973 ж. 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Петропавл. 1973. 103-бет.

Ленин ауданының құрамында орталығы Бұлақ селосы болатын, Бұлақ сельсоветін құру және оның мына құрамы туралы: Бұрын Заградов сельсоветіне қараған Бұлақ, Ақтас, Қарағай елді мекендері. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 39-40-парақтар).

Ленин, Преснов, Сергеев және Совет аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельауылсоветтерді біріктіру, тарату, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 39-40-парақтар).

Көкшетау облысы Щучинск селолық ауданының Бурабай қалалық поселкесі Щучинск қалалық советінің әкімшілік-а-



умақтық қамтуына беру туралы. Еңбекшілер депутаттары Тың өлкелік Советінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1963.№ 27).

31 мамыр 1963 ж. Булаев және Мамлют аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы. (Сельауылсоветтерді біріктіру, тарату, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4111-іс. 58-парақ).

14 маусым 1963 ж. Арықбалық, Имантау, Лобанов сельсоветтерін Чистопольский ауданының құрамынан алып, Володар селолық ауданына беру туралы. Приишим сельсоветін Рузаев селолық ауданының құрамынан алып, Чистопольский ауданына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (ҚР ОММ.1109-қор. 5-тізбе. 632-іс. 71,76,255,243,246,248-парақтар).

24 шілде 1963 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев және Тимирязев аудандары жекелеген сельсоветтерінің атауын өзгерту туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4292-іс. 90-парақ).

1963 жылғы 26 тамыз. Қостанай облысы Демьянов ауданы Қарақамыс сельсоветін Тың өлкесі Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының құрамына беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4215-іс. 3

1963 жылғы 18 қыркүйек. Көкшетау облысы Красноармейск ауданы Богодуховка селосын Рошинское деп қайта атау туралы. (Сельсоветтің атауын өзгерту). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы. (Көкшетау облысы. 1972 ж. 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 21-бет.

1963 жылғы 16 қараша. Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Ортақшыл ауылын Мирный сельсоветінен алып, Благовещенск сельсоветіне беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4292-іс. 121-парақтар).

19 ақпан 1964 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Пресноредут сельсоветін Қабан ауылын сол



ауданның Первомай сельсоветіне беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4430-іс. 31-парақтар).

1964 жылғы 27 ақпан. «Шарыкский» және «Парижская коммуна» совхоздарын Володар ауданынан алып, Рузаев ауданына; «Арықбалық», «Правда» газеті ат. совхоздарды Чистопольский ауданынан алып, Володар ауданына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (ҚР ОММ 730-қор.).

1964 жылғы 17 наурыз. Володар ауданы Украин сельсоветіне қарасты Бұрлық мал бордақылау совхозын Ерназар сельсоветіне беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (ҚР ОММ 730-қор.).

1964 жылғы 6 сәуір. Тың өлкесі Красноармейск қаласын ауданға бағынатын қалалар санатына жатқызып, оны Көкшетау облысы Красноармейск селолық ауданына беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1964. № 19.).

1964 жылғы 20 сәуір. Володар ауданы Никольск Бұрлық теміржол станциясын М.Е. Янко атындағы станция деп қайта атау туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (ҚР ОММ 730-қор.).

1964 жылғы 4 мамыр. Красноармейск ауданы Красноармейск қаласын ауданға бағынатын қалалар санатына жатқызу туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (ҚР ОММ 730-қор.).

1964 жылғы 4 мамыр. Октябрь елді мекенін Ленинград ауданы Железнодорожный сельсоветінің құрамынан алып, Красноармейск ауданы Абай сельсоветіне беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (ҚР ОММ 730-қор.).

1964 жылғы 20 мамыр. Тың өлкесі Көкшетау облысы Қызылту селолық ауданы Қызылту селосын қалалық поселке санатына жатқызу туралы. Кішкенекөл сельсоветін Қызылту поссоветі етіп қайта құру туралы. Тың өлкелік және Көкшетау облыстық советтері атқару комитеттерінің шешімдері. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1964. № 40.). ГААО. Ф. 730.).



1964 жылғы 21 тамыз. Көкшетау облысы Чкалов ауданы Севастополь совхозының орталығында сельсовет құқындағы Севастополь поссоветін құру туралы. (сельсоветтерді тарату, елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1964. № 40.).

1964 жылғы 4 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Булаев, Ленин және Сергеев аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту енгізу туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі шықты. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4430-іс. 44-парақтар).

Совет Одағы кезінде елдің билік басындағы тұлғалардың көзі тірісінде қызметтен кетпеуі Иосиф Сталиннің өнегесіндей көрінетін. Мемлекеттің бірінші басшысына шексіз табынған, коммунистік идеологияға шын берілген, шын берілмесе де жанынан қорыққан қалың қауым Мәскеу, Кремль не айтса, «бәрі дұрыс, бұлжытпай орындаймыз!» деп бас шұлғығаннан басқа тәртіп, жөн-жоба болады-ау дегенді қаперге алмайтын. Тоталитарлық тәртіп дегеніміздің өзі осы болатын. Істеген ісің түгілі, ойлаған ойың, қиялың да қалтқысыз, қатаң бақылауда болды.

Сталин өмірден озған соң, мемлекет билігін басып алған Никита Хрущев заманы он жылға жалғасты. Бұл дәуірдің халық өмірінде қандай орын алғаны – жеке тақырып. Екі ауыз сөзбен бағамдасақ, Никита Хрущев Сталин заманындағы өрескел қателіктерді «Жеке басқа табынудың зардаптары» деген атпен таңбалап, әсіресе 1937 жылғы жаппай қуғын-сүргінге «әділетсіздік» деген баға беріп, әшкереледі. Жазықсыз жапа шеккен, ажал құшқан мыңдаған тұлғалар ақталды. «Жылымық» деп тарихқа кірген саяси науқан осылай аяқталып, елдің бойы кеңіп, демократияға жол ашылғандай тарихи жаңа дәуір басталмай жатып, қайта қыса бастады.

Елдің экономикасын көтеруді «Тың игеру» сияқты шұғыл әрі орынсыз кең көлемді шаралар мемлекеттің берекесін алды. Сол кездегі апта сайын, ай сайын болып жатқан «жаңалықтарға» еті үйреніп кеткен халық, бүгін бір ауданда ұйықтаса, ертең басқа ауданда оянуға көндігіп кеткен еді.



Билік басындағылардың тағы бір тобы бұған көне қоймай, Никита Хрущевтің кеудемсоқ, ойсыз саясатына батыл қарсы шығып, 1964 жылғы 13 қарашада оны тақтан тайдырды. Мемлекеттің кең құзырлы бірінші басшысы Леонид Брежнев бастаған топ, әдеттегіше, бұрынғы патшаның «бұзып, бүлдірген» шаруаларын теріске шығарып, қайтадан жаңа өзгерістер бастады. Бұл өзгерістер, ең алдымен, ССРО-ның, оның ішінде Қазақстанның аумақтық-әкімшілік бөліністерін бұрынғы қалпына келтіру әрекетінен басталды.

Демек, әуелі Тың өлкесін таратып, одан кейін 1965 жылдың басында басталған іркес-тіркес өзгерістер, әрине Солтүстік Қазақстан облысын айналып өткен жоқ.

Никита Хрущевті орнынан алып, Леонид Брежневті сайлаған Совет Одағының ең жоғарғы саяси және әкімшілік билігі шоғырланған Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1964 жылғы қараша пленумының шешімдеріне сәйкес, елдегі жағдайлар содан он жыл бұрынғы қалпына 1964 жылдың аяғы, 1965 жылдың басынан-ақ келе бастаған болатын. 1964 жылғы 17 желтоқсанда Мәскеудегі ең жоғарғы билік деңгейінде мынадай құжаттар қабылдана бастады.

Олар:

Қазақ ССР-нда еңбекшілер депутаттары кейбір «өнеркәсіптік және селолық) советтердің атқару комитеттерін біріктіру, кейбір қалалардың, қалалық поселкелердің басқа да елді мекендердің әкімшілік бағыныштылығын өзгерту туралы. Еңбекшілер депутаттары Көкшетау және Солтүстік Қазақстан селолық облыстық атқару комитеттерін еңбекшілер депутаттары Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеттері деп қайта атау туралы.

Тиісінше, облыстар мен аудандардың өз ішінде бір жыл ішінде осыншама құжат негізінде жасалған өзгерістерге таң қалуға болмайды.

Көкшетау облысының Көкшетау және Щучинск қалаларын, Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласын өлкелік бағыныштылықтан облысқа бағыныштылыққа ауыстыру туралы. Макинск қаласын ауданға бағынатын қалалар санатына жатқызу туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Пре-



зидиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4349-іс. 195-196-парақтар).

1964 жылғы 31 желтоқсан. Қазақ ССР-нда жаңа аудандар құру және басқа әкімшілік-аумақтық бөлініс өзгерістері туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша Тың өлкесі, Көкшетау облысы, орталығы Чкалов селосы болатын Чкалов ауданын құрылды (сельсоветтерді беру);

Солтүстік Қазақстан облысы, орталығы Соколов селосы болатын Соколов ауданы (сельсоветтерді беру) құрылды.

(СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4349-іс. 202-205-парақтар).

1965 жылғы 19 қазанда Қазақстанда Тың өлкесі таратылды. Оның құрамындағы Көкшетау, Қостанай, Палодар, Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстары Қазақ ССР-ның мемлекеттік органдарына тікелей бағынатын болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4487-іс. 136-парақ).

1965 жылғы 4 маусым. Соколов ауданы Оңтүстік Орал теміржолы 106-шақырымдағы құжыраны Мамлют ауданына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4543-іс. 236-парақ).

1965 жылғы 9 маусым.. Совет ауданы Ақбас сельсоветін тарату туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4543-іс. 236-парақ).

1965 жылғы 24 маусым. Жамбыл елді мекенін Заградов сельсоветінен алып, Ленин ауданы Бұлақ сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4543-іс. 126-парақ).

1965 жылғы 1 шілде. Соколов ауданында Прибрежный сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4544-іс. 117-парақ).

21 шілде 1965 ж. Соколов ауданында Прибрежный сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4544-іс. 117-парақ).



4 тамыз 1965 ж. Көкшетау және Щучинск аудандарының шегарасына өзгеріс енгізу туралы. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

14 тамыз 1965 ж. Жамбыл сельсоветін Көкшетау ауданының құрамынан алып, Щучинский ауданына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1965. № 44.).

5 қазан 1965 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданында құрылған сельсоветке «Прибрежный» атауын беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4487-іс. 121-парақ).

8 қазан 1965 ж. Щучинск ауданы Жамбыл сельсоветін тарату туралы.. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1965. № 44.).

12 қараша 1965 ж.. Қызылту-Ертіс-Толбухин теміржол желісі бойындағы теміржол станциясына атау беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 55-бет.).

16 желтоқсан 1965 ж. Көкшетау облысы Щучинск ауданында орталы Чистяков селосы болатын Чистяков сельсоветін құру туралы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1966. № 49.).

16 желтоқсан 1965 ж. Володар ауданы Камышный сельсоветін тарату туралы. (Елді мекендерді беру) Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1966. № 6.).

16 желтоқсан 1965 ж. Чкалов ауданы Абай сельсоветінің Октябрь селосын Железнодорожный сельсоветінің құрамына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ.730-қор.).

16 желтоқсан 1965 ж. ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ.730-қор.).



1965 жылғы 31 желтоқсан. Көкшетау облысы, Чкалов ауданы Новогречан сельсоветін Новодворовский сельсоветі деп атау туралы. (сельсоветтердің орталығын көшіру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ. 730-қор.).

10 ақпан 1966 ж. Чистопольский ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру, сельсоветтердің орталығын көшіру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ.730-қор.).

23 наурыз 1966 ж. Көкшетау облысы Чкалов ауданында орталығы Петровка селосы болатын Петровка сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ.730-қор.).

Көкшетау облысы Чкалов ауданында орталығы Петровка селосы болатын Петровка сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ.730-қор.).

21 маусым 1966 ж. Архангельск және Петерфельд сельсоветтерін Соколов ауданынан алып, Мамлют ауданына беру туралы. (Солтүстік Қазақстан облысының 1973 жылғы 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. 97-98, 116, 120, 153-154-беттер. СҚО ММ. 1189-қор, 1-тізбе. 4704-іс. 3-парақ.).

30 маусым 1966 ж. Щучинск ауданы Қарашілік елді мекенін Златопольский сельсоветінің құрамынан алып, Дмитриев сельсоветіне беру туралы. (АО ММ.730-қор.).

2 тамыз 1966 ж. облысы Володар ауданындағы Казгородок селосының атауын Сырымбет селосы деп өзгерту туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісі анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 8-бет.).

9 тамыз 1966 ж. Архангельск сельсоветінің Мамлют сортынау учаскесін «Изобильное» селосы деп атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысының 1973 жылғы 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. 97-98, 116, 120, 153-154-беттер. СҚО ММ. 1189-қор, 1-тізбе. 4704-іс. 14-парақ.)

9 тамыз 1966 ж. № 2 Степной совхозының № 2 бөлімшесін Тимирязев ауданы Степной сельсоветінің құрамынан



алып, Тимирязев сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облысының 1973 жылғы 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. 97-98, 116, 120, 153-154-беттер. СҚО ММ. 1189-қор, 1-тізбе. 4704-іс. 8-парақ.)

19 тамыз 1966 ж. Преснов ауданы Первомайский, Майбалық, Благовещенский, Архангельский, Троицкий, Пресноредутский, Озёрный сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгеріс енгізу туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облысының 1973 жылғы 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. 97-98, 116, 120, 153-154-беттер. СҚО ММ. 1189-қор, 1-тізбе. 4704-іс. 16-парақ.)

5 қараша 1966 ж. Щучинск ауданы Дмитриев және Чернояр сельсоветтерін қосып, бұрынғы Дмитриев сельсоветін Урумқай сельсоветі деп қайта атау туралы. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ.730-қор.).

26 қазан 1966 ж. Көкшетау облысы Красноармейск ауданында орталығы Теңдік селосы болатын Теңдік сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру). (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1966. № 45.).

26 қараша 1966 ж. Көкшетау ауданы Дороговский сельсоветінің атауын Пухальский сельсоветі деп қайта атау туралы. (Сельсоветтің орталығын көшіру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1966. № 52.).

15 желтоқсан 1966 ж. Преснов ауданы Екатерина сельсоветін Матросов сельсоветі деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Солтүстік Қазақстан облысы. 1973 жылғы 1 сәуірге әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Петропавл. 1973. 147-бет).

8 желтоқсан 1966 ж. Бұрынғы әскери санаториді Щучинск қалалық советінің құрамынан алып, Щучинский сельсоветіне беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

28 желтоқсан 1966 ж. Булаев ауданы Веселов сельсоветін Таман сельсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4700-іс. 196-парақ.).



2 қаңтар 1967 ж. Қазақ ССР-нда жаңа аудандар құру және кейбір әкімшілік-аумақтық өзгерістер туралы. Көкшетау облысында орталығы Арықбалық селосы болатын Арықбалық және орталығы Зеренді селосы болатын Зеренді аудандары (Сельсоветтерді беру). Солтүстік Қазақстан облысында орталығы Бескөл селосы болатын Бескөл ауданы, орталығы Возвышенка селосы болатын Возвышен ауданы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4857-іс. 1-3-парақтар.)

6 қаңтар 1967 ж. Булаев, Ленин, Мамлют, Преснов және Совет аудандарының әкімшілік-аумақтық өзгерістері туралы. районов. (Сельсоветтерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4935-іс. 4-парақ. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1967. № 4. 83-бет).

27 ақпан 1967 ж. Щучинск ауданы Александров сельсоветінен Зеренді ауданы Қарабұлақ құрамына: Қарабұлақ, Игілік, Кіші Жамантүз елді мекендерін беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

24 наурыз 1967 ж. Щучинск ауданы Жасыл сельсоветін Климов сельсоветі деп қайта атау туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1967. № 21).

31 наурыз 1967 ж. Кондратовка станциясы, Кондратов орман питомнигі, № 116, № 119 теміржол құжыраларын, Смирнов елді мекенін Бескөл ауданы Петерфельд сельсоветінің құрамынан алып, Мамлют ауданы Мамлют поссоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4941-іс. 7-парақ.).

27 сәуір 1967 ж. Красноармейск ауданы Многоцветинский сельсоветін орталығы Леонидовка селосы болғандықтан Леонидовский сельсовет деп қайта атау туралы. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

27 сәуір 1967 ж. Көкшетау ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгеріс енгізу туралы. (Елді мекендерді беру).



Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

. 14 маусым 1967 ж. Көкшетау ауданы Қиындық сельсоветін Сәкен Сейфуллин сельсоветі деп қайта атау туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1967. № 32.).

5 тамыз 1967 ж. Көкшетау облысы Қызылту ауданы Сарыкөл сельсоветін Чапаев сельсоветі деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1967. № 33.).

5 тамыз 1967 ж.. Көкшетау облысы Көкшетау ауданы Самарбай сельсоветін Молодежный сельсоветі деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары.

5 тамыз 1967 ж. Көкшетау облысы Чистопольский ауданы Чапаев сельсоветін Ждановский сельсоветі деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1967. № 33.).

23 тамыз 1967 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1967 жылғы 27 шілдедегі шешімімен Соколов ауданының құрамында, орталығы Сивково селосы болған сельсоветке Виноградовский деген атау беру туралы. (Елді мекендерді беру туралы). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1967. № 35., СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4935-іс. 103-парақ.).

21 желтоқсан 1967 ж. Ленинград ауданы Колосов сельсоветін барлық елді мекендерімен Ленинград ауданы Талшық поссоветінің құрамына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1968. № 2.).

25 қаңтар 1968 ж. Чистяков сельсоветін Щучинск ауданының құрамынан алып, Ленинград ауданының құрамына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

15 ақпан 1968 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімімен Зеренді ауданының құрамында, орталығы Под-



лесное селосы болған сельсоветке Подлесный деген атау беру туралы. (Елді мекендерді беру туралы). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1968. № 9.).

25 ақпан 1968 ж. Ленинград ауданы «Колос» совхозының орталығын Талшық жұмысшы поселкесіне көшірілді

25 ақпан 1968 ж. Шүкірлік елді мекені Көкшетау облысы Зеренді ауданы Камышный сельсоветінің құрамынан алып, Украина сельсоветінің құрамына берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1968. № 15.).

27 ақпан 1968 ж. Володар ауданы Жетікөл және Орлов сельсоветтерін Жетікөл сельсоветіне біріктіру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1968. № 15.).

19 наурыз 1968 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімімен Зеренді ауданының құрамында, орталығы Қарабұлақ селосы болған сельсоветке Қарабұлақ деген атау беру туралы. (Елді мекендерді беру туралы). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1968. № 15.).

11 сәуір 1968 ж. Марьевка сельсоветінің орталығы Сергеев селосына көшуіне байоанысты ол Сергеев сельсоветі деп аталсын. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4941-іс. 35-парақ.).

11 сәуір 1968 ж Сергеев сельсоветінің орталығы Марьев совхозы 1-бөлімшесіне көшуіне байланысты ол Марьев сельсоветі деп аталсын. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4941-іс. 36-парақ.).

8 мамыр 1968 ж. Новоберезов селосын Чкалов ауданы Абай сельсоветінен алып, Чкалов сельсоветінің құрамына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

29 мамыр 1968 ж. Боевик селосын Мамлют ауданы Троицк сельсоветінен алып, Преснов ауданы Архангельск сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан



облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5066-іс. 16-парақ.).

31 шілде 1968 ж. Жойылған елді пекендерді Соколов ауданының құрамынан шығару туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4941-іс. 42-парақ.).

5 тамыз 1968 ж. Володар ауданы Жоғарғы Бұрлық селосын Төменгі Бұрлық сельсоветінің құрамынан алып, Имантау сельсоветінің құрамына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

26 тамыз 1968 ж. Бескөл ауданында сельсовет құрып, Боголюбов сельсоветін тарату туралы. (Елді мекендерді беру Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5089-іс. 191-парақ. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1968. № 38)

26 тамыз 1968 ж. Ленин және Бескөл аудандары Терекөл және Заречного сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерту негізу туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5066-іс. 194-парақ.).

27 тамыз 1968 ж. «Лесные поляны» елді мекенін Совет ауданы Черкасск сельсоветінің құрамынан алып, Совет ауданы Иванов сельсоветіне беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 4941-іс. 51-парақ.).

19 қыркүйек 1968 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1968 жылғы 26 тамыздағы шешімімен Бескөл ауданында орталығы Рассвет селосы болып құрылған сельсоветке Рассвет деп атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

(СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5039-іс. 173-парақ.).

19 қыркүйек 1968 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1968 жылғы 29 тамыздағы шешімімен Совет ауданында орталығы Полтавка селосы болып құрылған сельсоветке Полтавский деп атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5039-іс. 174-парақ.).



6 қаңтар 1969 ж.. Арықбалық ауданы Арықбалық сельсоветін Златогор сельсоветіне қосып, Арықбалық сельсоветіне біріктіру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1969. № 9.).

6 қаңтар 1969 ж. Еңбекшілдер ауданы Макин және Заурал сельсоветтерін Макин сельсоветіне біріктіру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1969. № 9.).

15 қаңтар 1969 ж. Соколов ауданы Кустов сельсоветін Вагулинский сельсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5261-іс. 1-парақ.).

15 қаңтар 1969 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1969 ж. 6 қаңтардағы шешімімен Қызылту ауданының құрамында, орталығы Амангелді селосы болған сельсоветке Амангелді деген атау беру және орталығы Приречный селосы болған сельсоветке Приречный деген атау беру туралы туралы. (Елді мекендерді беру туралы). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1968. № 15.). ктов). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1969. № 4.).

13 мамыр 1969 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының Булаев ж. п. ауданға бағынатын қалалар санатына жатқызу туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5193-іс. 51-парақ.).

19 мамыр 1969 ж. Бескөл, Булаев, Ленин, Мамлют және Соколов аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу және жаңа сельсоветтер құру туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5261-іс. 68-парақ.).

19 мамыр 1969 ж. Булаев поссоветін еңбекшілер депутаттары қалалық советі деп өзгерту туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5261-іс. 65-парақ.).



21 мамыр 1969 ж Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының Сергеев ж. п. ауданға бағынатын қалалар санатына жатқызу туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5193-іс. 54-парақ.).

1969 жылғы 28 мамырда Қазақ ССР құрамында жаңа аудандар құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша Көкшетау облысында: орталығы Келлеровка селосы болатын Келлер ауданы және орталығы Трудовой қалалық паоселкесі болатын Куйбышев ауданы ұйымдастырылды. Сол Жарлықпен Куйбышев ауданының орталығы Трудовой жұмысшы поселкесі Куйбышев жұмысшы поселкесі деп қайта аталатын болды. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1969. № 23.).

9 маусым 1969 ж. Солтүстік Қазақстан облысында жаңадан құрылған сельсоветтерге атау беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығына сәйкес: орталығы Андреев селосы болған Бескөл ауданындағы сельсоветтің атауы Андреев; орталығы Фурманов селосы болған Булаев ауданындағы сельсоветтің атауы Фурманов; орталығы Ленин селосы болған Мамлют ауданындағы сельсоветке Ленин сельсоветі деген атау берген жөн болады деп ұйғарылды. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5261-іс. 64-парақ.).

11 маусым 1969 ж. Еңбекшілер депутаттары Сергеев селолық советі еңбекшілер депутаттары Сергеев қалалық советі болып құрылсын. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5261-іс. 27-парақ.).

13 маусым 1969 ж. Чкалов ауданы Ильич сельсоветін Красноармейск ауданының құрамына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1969. № 27.).

25 маусым 1969 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлют қ. п. ауданға бағынатын қалалар санатына жатқызу туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5293-іс. 73-парақ.).



30 маусым 1969 ж. еңбекшілер депутаттары Мамлют поссоветі еңбекшілер депутаттары Мамлют қалалық советі болып қайта құрылсын. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5242-іс. 297-298-парақтар).

13 тамыз 1969 ж. Еңбекшілдер ауданы Бірсуат сельсоветінің Құндақағаш селосын Макинск ауданының құрамына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор).

13 тамыз 1969 ж. Володар ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор.).

10 маусым 1970 ж. Ленин, Сергеев және Тимирязев аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу. (Елді мекендерді беру. Селолық советтерді құру.) Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 3388-іс. 40-41-парақтар).

2 шілде 1970 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1970 ж. 10 маусымдағы шешімімен құрылған сельсоветтерге атау беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шығып, Ленин ауданында орталығы Ясновка селосы болған сельсоветке Ясновский; Сергеев ауданында орталығы Ступинка селосы болған сельсоветке Ступинский, орталығы Крещенка селосы болған сельсоветке Крещенский деген атаулардың қонымды екені ұйғарылды (Елді мекендерді беру). (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5388-іс. 40-41-парақтар. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1970. № 28).

9 шілде 1970 ж. Рузаев ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор).

24 шілде 1970 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1970 ж. 9 шілдедегі шешімімен құрылған сельсоветке атау беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша орталығы Терновка селосы болған сельсоветті Терновский сельсоветі деп атау заңдастырылды. (Елді мекендерді беру). (Көкшетау облысының 1972 жылғы



1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 22-бет.).

1970 жылғы 17 желтоқсанда Қазақ ССР-ның құрамында жаңа аудандар құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шығып, Көкшетау облысында орталығы Авангард селосы болатын Уәлиханов ауданы мен Солтүстік Қазақстан облысында орталығы Благовещенка селосы болатын Жамбыл ауданы қалыптасатын болды (Селолық советтерді беру.) (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5360-іс. 152-153-парақтар).

15 желтоқсан 1970 ж. Ақсу, Донской, Щорс сельсоветтерін Щучинск ауданынан алып, Еңбекшілдер ауданына беру туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары. 1970. № 52.).

16 желтоқсан 1970 ж. Ленин сельсоветін Жамбыл ауданынан алып, Мамлют ауданының құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5399-іс. 36-парақ.).

16 желтоқсан 1970 ж. Кладбин сельсоветін Мамлют ауданынан алып, Преснов ауданының құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5399-іс. 21-парақ.).

3 ақпан 1971 ж. Булаев ауданында Авангард сельсоветін құру, Колос сельсоветін тарату және Фурманов, Чистов, Надежда сельсоветтерінің шегарасын өзгерту туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5549-іс. 24-25-парақтар).

9 наурыз 1971 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімімен 1971 ж. 3 ақпанда Булаев ауданында орталығы Полтавка селосы болған сельсоветке Авангардский деп атау беру туралы. (Елді мекендерді беру. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5528-іс. 11а-парақ).

9 наурыз 1971 ж. Келлер ауданында орталығы Ивангород селосы болатын Иванов сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор).



25 наурыз 1971 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімімен 1971 ж. 9 наурызда Шоқан Уәлиханов ауданында орталығы Авангард-Уәлиханов селосы болған сельсоветке Авангардский деп атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 8-бет).

29 наурыз 1971 ж. Көкшетау облысы Уәлиханов ауданының орталығы Авангард селосын Уәлиханов селосы деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 8-бет.).

30 маусым 1971 ж. Көкшетау облысы Рузаев ауданында орталығы Шұқыркөл селосы болатын Шұқыркөл сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ. 730-қор).

16 тамыз 1971 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Преснов, Сергеев, Совет, Соколов және Тимирязев аудандары елді мекендеріне атау беру және Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Преснов, Сергеев, Совет, Соколов және Тимирязев аудандары елді мекендерінің атауын өзгерту туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5528-іс. 126-134-парақтар).

30 тамыз 1971 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Сулы – центра Тимирязев ауданының орталығы Сулы селосын Тимирязев селосымен біріктіру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5528-іс. 136-парақ).

16 қараша 1971 ж. Бескөл ауданы Светлопольский сельсоветінің Пеньково селосын Соколов ауданының Берёзов сельсоветіне беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5439-іс. 38-парақ.).



29 желтоқсан 1971 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1971 ж. 25 қарашадағы шешімімен Красноармейск ауданында орталығы Заречное селосы болған сельсоветке – Зареченский деп атау беру туралы. (Елді мекендерді беру. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1972. № 2).

10 наурыз 1972 ж. Солтүстік Қазақстан облысының Мәскеу ауданында орталығы Корнеевка селосы болатын сельсовет құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (ГАСКО. Ф. 1189. Оп. 1. Д. 5690. Лл. 18-19).

12 наурыз 1972 ж. Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданында орталығы Заураловка селосы болатын Заураловский сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ. 730-қор).

17 наурыз 1972 ж. Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданындағы Жаңатөбе елді мекенін Целиноград облысы Алексеев ауданы Ақсу поссоветінің әкімшілік қамтуына беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ. 730-қор).

13 сәуір 1972 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1972 ж. 29 наурызда шешімімен құрылған сельсоветтерге: Володар ауданындағы орталығы Елецк селосы болған Елецкий сельсоветі; Қызылту ауданында орталығы Новокрасновское селосы болған Новокрасновский сельсоветі; орталығы Найдорф селосы болған Тельман сельсоветі; Көкшетау ауданында орталығы Қонысбай селосы болған Қонысбай сельсоветі; Чистопольский ауданында орталығы Гаршино селосы болған Гаршин сельсоветі; Щучинск ауданында орталығы Дорофеев селосы болған Зеленоборский сельсоветі; орталығы Қызылағаш селосы болған Фрунзе сельсоветі; Еңбекшілдер ауданында орталығы Заураловка – селосы болған Заураловский сельсоветі деген атаулар беріліп, олар Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен бекітілді (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1972. № 18).

7 шілде 1972 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 26 маусым 1972 ж. шешімімен: Бескөл ау-



данында орталығы Плоское селосы болған Шаховский сельсоветі; Булаев ауданында орталығы Медвежка селосы болған Медвежинский сельсоветі; Мамлют ауданында орталығы Покровка селосы болған Пригородный сельсоветі; Совет ауданында орталығы Астраханка селосы болған Астраханский сельсоветі; Сергеев ауданында Жаңажол селосы болған Жаңажол сельсоветі құрылып, оларға тиісті елді мекендер берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5690-іс. 70-парақ)

29 қараша 1972 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1972 ж. 17 қазандағы шешімімен құрылған сельсоветтерге атау беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығына сәйкес Рузаев ауданындағы орталығы Возвышенко селосы болған Возвышенский сельсоветі және Келлер ауданындағы орталығы Горькое селосы болған Березовский сельсоветі деп аталғаны жөн деген ұйғарым күшіне енді. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1972. № 47).

27 қараша 1972 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1972 ж. 17 қазандағы шешімімен құрылған сельсоветтерге атау беру туралы құжат бойынша Чистопольский ауданындағы орталығы Чистополье-2 селосы болған Юбилейный сельсоветіне қарайтын Чистополье – 2 елді мекенінің атын Юбилейный деп өзгертілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 31-бет. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1972. № 52).

14 наурыз 1973 ж. Калугин сельсоветінің орталығы Краснознамённый селосына көшуіне байланысты сельсоветтің атауы Краснознамённый болып өзгертілді. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор.1-тізбе. 5430-іс. 188-парақ.).

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1973. № 19).

9 сәуір 1973 ж. Зеренді ауданында орталығы Қызылегіс селосы болып, Қызылегіс сельсоветі құрылды. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің



шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1973. № 19).

9 сәуір 1973 ж. Арықбалық ауданындағы орталығы Златогорка селосы болған сельсоветке Златогорский деп атау берілді. (Елді мекендерді беру. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1973. № 19.).

Сол күні Володар ауданы Жетыкөл сельсоветіне қараған Мәдениет селосын Арықбалық ауданы Златогор сельсоветінің құрамына беру туралы Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі жарыққа шықты. (АО ММ. 730-қор).

15 тамыз 1973 ж. Ленин ауданының Петров сельсоветіне қараған Қаратал селосын Николаев сельсоветінің құрамына беру туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі күшіне енді. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 5957-іс. 20-парақ).

17 қыркүйек 1973 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1973 жылғы 29 тамыздағы шешімімен Ленин ауданында құрылған, орталығы Спасовка селосы болған сельсоветке Дружбинский деген атау беріп, Возвышен ауданында орталығы Александровка селосы болған сельсоветті Александровский деп атау қажеттігі заңдастырылды. (Елді мекендерді беру. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1973. № 39).

11 қазан 1973 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық Совет ауданы «Смирновский» жұмысшы поселкесі Смирново деп қайта аталатын болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (ГАСКО. Ф. 1189. ОП. 1. Д. 5881. Л. 24).

17 қараша 1973 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1973 жылғы 29 қазандағы шешіміне сәйкес Чистопольск ауданы Юбилейный сельсоветі Чистополье селосына көшірілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1973. № 48).

7 желтоқсан 1973 ж. Көкшетау облысы Куйбышев ауданы Ишим сельсоветін Буденовский деп қайта атау жөн деп табылды және Ленинград ауданының орталығын Ленинград



селосынан Совхозное селосына көшіру ұйғарылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1973. № 51).

25 желтоқсан 1973 ж. Қазақ ССР құрамында жаңа аудандар құру және Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісіне кейбір өзгерістер енгізу туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының тиісті Жарлығы бойынша Көкшетау облысында орталығы Талшық қалалық поселкесі болатын Ленин ауданы мен Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында Киров және Куйбышев аудандары құрылды. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1974. № 3).

28 ақпан 1974 ж. Булаев, Мамлют және Соколов аудандарының құрамында жаңа сельсоветтер құру туралы. (Елді мекендерді беру. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6056-іс. 40-41-парақтар).

25 маусым 1974 ж. Тимирязев ауданында орталығы Приозёрный селосы болатын Приозерный сельсоветін құру туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6062-іс. 55-парақ.).

10 қыркүйек 1974 ж. Володар ауданындағы елді мекендердің атауын орысша дұрыс жазу туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығында «село Берлистик» емес, дұрысы «Берлистик»; «с. Кенащи» емес, дұрысы «Кенащы» екендігі мемлекет билігі атынан заңдастырылды. Айта кету керек, бұл құжат бұрын жіберілген өрескел қателерді түзетуге бастаған қадамдардың алғашқысы болған. (АО ММ. 730-қор.).

24 шілде 1975 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев және Жамбыл аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу. Сергеев ауданында орталығы Ольгинка селосы болатын сельсовет және (Елді мекендерді беру.) Жамбыл ауданы Майбалық сельсоветінің Жаңажол селосын сол ауданның Озёрный сельсоветіне беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешім. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6241-іс. 256-257-парақтар).



5 тамыз 1975 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1975 жылғы 24 шілдедегі шешімімен Сергеев ауданында орталығы Ольга селосы болып құрылған сельсоветке Ольгинский деген атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Сергеев ауданындағы орталығы Сухорабовка селосы болған Ольгинский сельсоветін Сухорабовка сельсоветі деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6339-іс. 256–257-парақтар).

28 қараша 1975 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1975 жылғы 29 қазандағы шешімімен Куйбышев ауданында орталығы Ставрополка селосы болып құрылған сельсоветті Ставропольский деп атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1975. № 49).

28 қараша 1975 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1975 жылғы 29 қазандағы шешімімен Володар ауданында орталығы Дәуқара селосы болып құрылған сельсоветті Дәуқара деп атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1975. № 49).

4 наурыз 1976 ж. Мамлют ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру.) Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6434-іс. 90-парақ).

22 сәуір 1976 ж. Солтүстік Қазақстан облысының Ленин, Преснов және Совет аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6437-іс. 158-парақ).

13 мамыр 1976 ж. Жамбыл және Тимирязев аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6438-іс. 98-парақ).

3 шілде 1976 ж. Бескөл, Мәскеу, Соколов және Тимирязев аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру.) Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6439-іс. 100-парақ).



гізу туралы. (Селолық советтер құру.). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6440-іс. 37-38-парақтар).

20 шілде 1976 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1976 жылғы 26 шілдедегі шешімімен құрылған сельсоветтерге атау беру туралы: Бескөл ауданында орталығы Новокаменка селосы болған – Новокаменский сельсоветі; в Мәскеу ауданында орталығы Новоузенка селосы болған – Новоузенский; в Соколов ауданында орталығы Берёзовка селосы болған – Рощинский; Тимирязев ауданында орталығы Дмитриевка селосы болған – Дмитриевский сельсоветі деп атау туралы ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі жарық көрген күн. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6440-іс. 37-парақ.). (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1976. № 30).

6 қазан 1976 ж. Жамбыл ауданында орталығы Жанажол селосы болған Жанажол сельсоветі құрылды. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6443-іс. 131-парақ).

10 қараша 1976 ж. Қазақ ССР-ның әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізіліп, Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1976ж. 13 қазандағы шешімімен Шоқан Уәлиханов, Красноармейск, Ленин, Рузаев, Чистопольск, Чкалов, Еңбекшілдер аудандарында құрылған сельсоветтерге атау беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1976. № 47).

3 ақпан 1977 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1976 ж. 6 қазандағы шешімімен орталығы Жанажол селосы болған сельсоветке Жанажол деп атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6443-іс. 131-парақ).

24 наурыз 1977 ж. Соколов ауданындағы Рощинский сельсоветінің орталығы Березовка селосынан Пеньково селосына көшірілді. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6592-іс. 78-парақ).



31 наурыз 1977 ж. Булаев, Возвышен, Жамбыл, Мамлют және Сергеев аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне кейбір өзгерістер енгізу туралы (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі күшіне енді. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6592-іс. 137-парақ).

11 тамыз 1977 ж. Бескөл ауданы Шаховский сельсоветінің орталығын Плоское селосынан Шаховское селосына көшіру туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі қабылданды. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6599-іс. 21-парақ).

25 тамыз 1977 ж. Ленин ауданы Покровка сельсоветінің аумағындағы елді мекенді Есильское деп атап, қайта тіркеу туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі алынды. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6600-іс. 13-парақ).

1977 жылғы дәл сол күні Возвышен, Жамбыл, Совет аудандарының аумағында жаңа сельсоветтер құрылды. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6575-іс. 66-67-парақтар).

1 қыркүйекке 1977 ж. Веселов селосын Возвышен ауданы Писарев сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6600-іс. 70-парақ).

6 қыркүйекке 1977 ж. Солтүстік Қазақстан облысының 1977 жылғы 25 тамыздағы шешімімен құрылған сельсоветтерге мынадай атаулар берген жөн деп табылды: бе Возвышен ауданында орталығы Писарев селосы болған – Писаревский; Жамбыл ауданында орталығы Баян селосы болған – Баянаул; Соколов ауданында орталығы Новороссийск селосы болған – Новороссийский сельсоветі. (Елді мекендерді беру). ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1977. № 37.). (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6575-іс. 78-парақ).

23 қыркүйекке 1977 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1977 жылғы 25 тамыздағы шешімімен Ленин ауданы Покров сельсоветінде орталығы Есіл селосы болып құрылған сельсоветке Есіл сельсоветі деп атаса жөн екендігі заңдастырылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президи-



диумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6600-іс. 13-парақ).

13 желтоқсан 1977 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1977 жылғы 25 қарашадағы шешімімен Айыртау ауданында орталығы Айыртау селосы болып құрылған сельсоветке Айыртау сельсоветі деген атау беру туралы. Бұрынғы Айыртау сельсоветі Светловский болып қайта аталған, орталығы Светлое селосы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ. 730-қор).

12 қаңтар 1978 ж. Бескөл ауданы Петерфельд сельсоветінің Гепкино селосын Мамлют ауданының Пригородный сельсоветіне беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6721-іс. 37-парақ).

24 наурыз 1978 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1978 жылғы 24 наурыздағы шешімімен орталығы Гусаков селосы болып құрылған сельсоветке Гусаков сельсоветі деген атау берілді. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ. 730-қор).

6 сәуір 1978 ж. Жамбыл ауданы Жаркен сельсоветінің Жаркен селосын Тимирязев ауданы Дмитриев сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6727-іс. 60-парақ).

13 сәуір 1978 ж. Жамбыл ауданында Петров және Макарьев сельсоветтерін құру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6557-іс. 77-78-парақтар).

13 сәуір 1978 ж. Ленин ауданында орталығы Оседлое селосы болатын сельсовет құрып, оның құрамына Петров Амангелді сельсоветтерінің аумағын беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6528-іс. 71-парақ).

20 сәуір 1978 ж. Солтүстік Қазақстан облысының Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Преснов, Совет, Мәскеу, Соколов, Тимирязев аудандарында орнымен жойылған елді мекендерді есептен шығару



туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі қабылданды. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6728-іс. 34,82-83-парақ.).

5 мамыр 1978 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1978 ж. 13 сәуірдегі шешімімен құрылған сельсоветтерге атау беру туралы. Возвышен ауданында орталығы Бастомар селосы болған сельсоветке – Бастомар; Ленин ауданында орталығы Оседлое селосы болған сельсоветке – Мереке, орталығы Жарқайың селосы болған сельсоветке – Алматы; Мамлют ауданында Менкесер селосы болған сельсоветке – Менкесерский, орталығы Михайловка селосы болған сельсоветке – Михайловский; Преснов ауданында Макарьевка селосы болған сельсоветке – Макарьевский, орталығы Петровка селосы болған сельсоветке – Петровский; Совет ауданында орталығы Аралағаш селосы болған сельсоветке – Аралағаш; в Тимирязев ауданында Белоградовка селосы болған сельсоветке – Белоградовский атаулары берілсе дұрыс болады деген ұйғарым заңдастырылды. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6703-іс. 133-134-парақтар, 6728-іс. 71-73-парақтар).

5 мамыр 1978 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жаркен сельсоветін таратып, орталығы Жамбыл селосы болатын Жамбыл сельсоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6703-іс. 135-парақ).

5 мамыр 1978 ж. Ленин ауданы орталығы Жарқайың селосы болып құрылған сельсоветке Алматы деген атау беру туралы Советі Президиумының Жарлығы шықты. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6703-іс. 133-парақ).

7 маусым 1979 ж. Соколов ауданы Рошинск сельсоветінің Новоавловка еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6900-іс. 30-парақ).

7 маусым 1979 ж. Приозёрный сельсоветінің Рассвет селосын Тимирязев ауданы Тимирязев сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару



комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6592-іс. 28-парақ).

7 маусым 1979 ж. Тимирязев ауданы Приозёрный сельсоветінің орталығын Приозёрное селосынан Акжан селосына көшіру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6900-іс. 28-парақ).

7 қыркүйек 1979 ж. Бескөл, Булаев, Возвышен, Преснов, Сергеев, Тимирязев аудандарында жаңа сельсоветтер құру туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6908-іс. 52-54-парақтар).

24 қыркүйек 1979 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1979 жылғы 7 қыркүйектегі шешімімен құрылған сельсоветтерге атау беру туралы. Бескөл ауданында орталығы Леденёво селосы болған сельсоветке Леденёвский; Булаев ауданында орталығы Пролетарка селосы болған сельсоветке Пролетарский; Возвышен ауданында орталығы Сейфуллино селосы болған сельсоветке Сейфуллин; Преснов ауданында орталығы Казанка селосы болған сельсоветке Казанский; Сергеев ауданында орталығы Еңбек селосы болған сельсоветке Еңбек; Тимирязев ауданында орталығы Ақсуат селосы болған сельсоветке Ақсуат сельсоветі деген жаңа атаулар беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарияланды. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6908-іс. 53-парақ).

28 шілде 1980 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1980 ж. 2 маусымдағы шешімімен Володар ауданында орталығы Аксеновка селосы болып құрылған сельсоветке Аксенов селолық советі деген атау берілді. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы (АО ММ. 730-қор).

28 шілде 1980 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1980 ж. 13 мамырдағы маусымдағы шешімімен Уәлиханов ауданында орталығы Жарыққопа селосы болып құрылған сельсоветке Жарыққопа деген атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы (АО ММ. 730-қор).



28 шілде 1980 ж. Көкшетау облыстық атқару комитетінің 1980 ж. 18 маусымдағы маусымдағы шешімімен Зеренді ауданында орталығы Исақов селосы болып құрылған сельсоветке Исақов деген атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (АО ММ. 730-қор).

17 қазан 1980 ж. Солтүстік Қазақстан облысында орталығы Ақсуат станциясы болатын Целинный ауданы құрылатын болды. (Сельсоветтерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1- тізбе. 7022-іс. 5-парақ).

26 наурыз 1981 ж. Ташкент селосын Соколов ауданы Роцинск сельсоветінің құрамынан алып, Соколов ауданы Берёзов сельсоветінің құрамына беру туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі қабылданды. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 6592-іс. 287-парақ).

8 шілде 1981 ж. Арықбалық, Уәлиханов, Володар және Зеренді аудандарының құрамында жоқ елді мекендерді есептен шығару туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор).

10 желтоқсан 1981 ж. Есперлі селосын Украина сельсоветінің құрамынан алып, Жамбыл ауданы Жамбыл сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 7248-іс. 25-парақ).

28 қыркүйек 1982 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1982 ж. 20 тамыздағы шешімімен Жамбыл ауданында орталығы Суаткөл селосы болып құрылған сельсоветке Суаткөл деген атау беру туралы. (Елді мекендерді беру). Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 7339-іс. 119-парақ).

2 қазан 1982 ж. Көкшетау облысы Куйбышев ауданының Пески – Целинные теміржол станциясын «Новоишимский» деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 87-бет).



11 қазан 1982 ж. Көкшетау облысы Куйбышев ауданының Пески – Целинный теміржол станциясын жұмысшы поселкелері санатына жатқызу туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1 шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 87-бет).

24 қараша 1982 ж. Куйбышев ауданында орталығы «Новоишимский» селосы болатын Новоишимск поссоветін құру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1-шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 87-бет.).

11 сәуір 1983 ж. Көкшетау облысы Куйбышев ауданының Пески – Целинные теміржол станциясын «Новоишимский» деп қайта атау туралы. СССР ҚЖМ 11.04.1983 ж. № Г-12-038 бұйрығы. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1-шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 87-бет).

22 наурыз 1984 ж. Жойылған елді мекендерді Бескөл, Булаев, Ленин, Мамлют, Мәскеу, Сергеев, Совет, Соколов, Целинный аудандарының есебінен шығару туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 7684-іс. 203-204-парақтар).

8 тамыз 1984 ж. Володар ауданы сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1-шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 86-бет. АО ММ. 730-қор).

13 қыркүйек 1985 ж. Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданындағы Мемлекеттік диірмен елді мекенін Сосновка селосы деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Көкшетау облысының 1972 жылғы 1-шілдеге әкімшілік-аумақтық бөлінісінің анықтамалығы. Көкшетау. 1972. 87-бет).

18 қыркүйек 1985 ж. Қазақ ССР-ның әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Көкшетау облысы Красноармейск, Қызылту, Ленинград, Еңбекшілдер



ауданындағы сельсоветтерге атау беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1985. № 40. 19-бет).

5 қараша 1985 ж. Жойылған елді мекендерді Бескөл, Булаев, Возвышен, Ленин, Мамлют, Мәскеу, Совет, Соколов, Тимирязев және Целинный аудандарының есебінен шығару туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 7871-іс. 62-64-парақтар).

12 наурыз 1986 ж. Бескөл, Булаев, Возвышен, Мәскеу және Соколов аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне, елді мекендердің бағыныштылығына, есеп-қисап мағлұматтарына өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 8030-іс. 203-204-парақтар).

5 тамыз 1986 ж. Кейбір елді мекендерді Володар ауданының есебінен шығару туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор).

9 шілде 1988 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласындағы Киров және Куйбышев аудандарын тарату туралы. Солтүстік Қазақстан облысы Целинный ауданын таратып, Ақсуат, Белоградов, Держинский, Ишимский, Ленинский, Мичурин селолық Советтерін Тимирязев ауданының құрамына; Городец, Октябрь, Юбилейный, Интернациональный селолық Советтерін Сергеев ауданының құрамына беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ ССР-ның әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы» Жарлығы. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 8293-іс. 185-186-парақтар).

16 шілде 1988 ж. Булаев ауданы Красное селосын Надежда сельсоветінің құрамынан алып, Булаев ауданы Қарақоға сельсоветінің құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 8298-іс. 204-парақ.).

23 маусым 1989 ж. Сергеев ауданындағы Еңбек сельсоветін Сергеев ауданындағы орталығы Жаңасу селосы болатын Жаңасу сельсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік



Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 8416-іс. 100-парақтар).

30 маусым 1989 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1989 жылғы 26 мамырдағы шешімімен Возвышен ауданында орталығы Жданов селосы болып құрылған Жданов сельсоветінің орталығы Золотая нива, ал, Ждановского сельсоветі Золотонивский сельсовет деп қайта аталсын. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1989. № 27; СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 8416-іс. 221-парақтар).

15 тамыз 1990 ж. Володар ауданы Володар және Жетікөл сельсоветтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор).

13 қыркүйек 1990 ж. Бұрын таратылған аудандарды қалпына келтіру және Қазақ ССР-ның аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Көкшетау облысында әкімшілік орталығы Талшық ж. п. болған Ленин ауданы қалпына келтіріліп, оның құрамына Горький, Қазан, Колос, Құлықөл, Май, Новосельский, Тельман, Ұялы сельсоветтері мен Ленинград ауданының Талшық ж. п. беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Қаулысы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1990. № 37-38. 365-бет).

30 желтоқсан 1990 ж. Чистопольский ауданындағы орталығы селосы болған Қалмақкөл сельсоветін Қырымбет сельсоветі деп қайта атау туралы. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1991. № 6. 33-бет).

14 қараша 1991 ж. Уәлиханов ауданында орталығы Придорожное селосы болатын Ақбұлақ сельсоветі құрылсын. (Елді мекендерді беру). Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі. (АО ММ. 730-қор).

13 маусым 1992 ж. Мамлют және Соколов аудандарындағы әкімшілік маңызын жоғалтқан елді мекендерді есептен шығару туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 34-іс. 65-парақ).



14 шілде 1992 ж. Жамбыл ауылын Мырзағұл ауылы деп қайта атау туралы. Көкшетау облысы Қызылту ауданы әкімінің қаулысы. (АО ММ. 730-қор).

4 мамыр 1993 ж. Қазақстан Республикасындағы топонимдердің орысша транскрипциясын өзгеру және кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктердің жазылуын дұрыстау, қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданын орысша Жамбыльский деп жазу, тиісінше Жамбыл есіміне қатысты барлық сельсоветтер мен елді мекендерді орысша Жамбыльский и Жамбыл деп жазу туралы.

Көкшетау облысы бойынша Володар ауданын Айыртау ауданы деп; Зеренді ауданы Зеренді сельсоветінің Заборка селосын Айдарлы ауылы деп; Айыртау ауданындағы Дәуқара сельсоветіне қарасты Восточное селосын Егіндіағаш ауылы; Ленинград ауданы Алқатерек сельсоветінің орталығы Чистяков селосын Алқатерек деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Қаулысы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1993. № 11-12. 273-бет).

7 маусым 1993 ж. Булаев ауданы Қарақоға селолық округінің Красное селосын Ноғайбай ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 104-іс. 9-парақ).

7 қазан 1993 ж. Көкшетау облысының орысша транскрипциясын Кокшетауской область, город Кокшетау деп дұрыстау туралы.. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Қаулысы. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары 1993. № 15-16. 386-бет).

12 қаңтар 1994 ж. Бұрынғы сельсоветтердің шегарасында әкімшілік-аумақтық құрылымның негізгі буыны ретінде облыстың Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Мәскеу, Преснов, Сергеев, Совет, Соколов, Тимирязев аудандарында селолық округтер құру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі басшысының шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 173-іс. 37-41-парақтар).

1 наурыз 1994 ж. Мәскеу ауданының құрамында Горное және Жамбыл селоларының негізінде Горный селолық округін құру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілі-



гінің шешімі. (СҚО ММ.1189-қор. 1-тізбе. 104-іс. 9,126-парақтар.).

26 желтоқсан 1994 ж. Сергеев ауданы Ольга селолық округінің құрамындағы Көкшетау өнеркәсіптік су торабы поселкесін «Қорғантас» деп атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 118-іс. 103-парақ.).

12 ақпан 1997 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Мәскеу, Преснов, Сергеев, Совет, Соколов, Тимирязев аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру. Селолық округтерді тарату.) Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты 12-сессиясының және Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 22-іс. 76-79-парақтар).

18 сәуір 1997 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Мәскеу және Соколов аудандарын тарату, Солтүстік Қазақстан облысы Бескөл және Ленин аудандарының атауын өзгерту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 372-іс. 1-парақ. САПП РК. 1997. № 15. Ст. 118).

30 сәуір 1997 ж. Еңбекшілдер ауданының орысша транскрипциясын дұрыстап, орысша «Енбекшильдерский» деп жазу туралы. Көкшетау облыстық мәслихаты сессиясының және Көкшетау облысы әкімінің шешімі. (Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі (1997 ж. 1 қаңтар-1999 ж. 1 қаңтар) Қысқаша анықтамалық. 2- шығуы. Алматы-Астана. 2000. 73-бет).

30 сәуір 1997 ж. Куйбышев ауданының орталығы Куйбышев поселкесінің атауы Новоишимский болып өзгертілді. Көкшетау облыстық мәслихаты сессиясының және Көкшетау облысы әкімінің шешімі. (Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі (1997 ж. 1 қаңтар-1999 ж. 1 қаңтар.) Қысқаша анықтамалық. 2- шығуы. Алматы-Астана. 2000. 73-бет).

30 сәуір 1997 ж. Қызылту ауданының орталығы Қызылту поселкесінің атауын Кішкенекөл деп өзгерту туралы. Көкшетау облыстық мәслихаты сессиясының және Көкше-



тау облысы әкімінің шешімі. (Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі (1997 ж. 1 қаңтар-1999 ж. 1 қаңтар) Қысқаша анықтамалық. 2-шығуы. Алматы-Астана. 2000. 73-бет.)

30 сәуір 1997 ж. Айыртау ауданының орталығы Володар поселкесінің атауын Саумалкөл деп өзгерту туралы Көкшетау облыстық мәслихаты сессиясының және Көкшетау облысы әкімінің шешімі.. (Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі (1997 ж. 1 қаңтар-1999 ж. 1 қаңтар) Қысқаша анықтамалық. 2-шығуы. Алматы-Астана. 2000. 73-бет.)

30 сәуір 1997 ж. Көкшетау облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Көкшетау облысының Арықбалық, Уәлиханов, Келлер, Көкшетау, Ленинград, Рузаев, Чистопольск, Чкалов аудандарын тарату туралы. Щучинск қаласын аудандық дәрежедегі қалалар санатына жтқызу туралы.

Қызылту ауданының атауын Шоқан Уәлиханов; Красноармейск ауданының атауын Тайынша; Красноармейск қаласын Тайынша; Куйбышев ауданының атауын Целинный; Ленин ауданының атауын Ажар ауданы деп өзгерту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 373-іс. 4-парақ.). САПП РК. 1997. № 18. Ст. 156).

3 мамыр 1997 ж. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісін одан әрі жетілдіру туралы. Көкшетау облысын тарату туралы. Солтүстік Қазақстан облысын таратып, оған таратылатын Көкшетау облысының аумағын қосу туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 373-іс. 6-парақ.).

23 мамыр 1997 ж. Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Солтүстік Қазақстан облысының Возвышен және Преснов аудандарын тарату туралы. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының орталығын Благовещенка селосынан Преснов селосына көшіру туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 373-іс. 29-парақ.).



23 мамыр 1997 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің «Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы» Жарлығын жүзеге асыру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданына таратылған Возвышен ауданының; Жамбыл ауданына таратылған Преснов ауданының аумағын қосу туралы. Қазақстан Үкіметінің қаулысы. (САПП РК. 1997. № 19. Ст. 180.).

15 шілде 1997 ж. Калиновка селосын Қызылжар ауданы Новоникольский селолық округіне беру туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық маслихатының 13-сессиясы мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің біріккен шешімі. СҚО ММ. 999-қор. 1-тізбе. 23-іс. 19-парақ.)

22 шілде 1998. Орталығы Кішкенекөл ж. п. болатын Кішкенекөл селолық округін құру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің шешімі. (Мемлекеттік тіркеу туралы 1998 ж. 22 шілдедегі № 3720-1948-ГУ куәлік).

5 тамыз 1998 ж. Орталығы Комсомол селосы болатын Қарасу селолық округін құру туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің шешімі. (Мемлекеттік тіркеу туралы 1998 ж. 5 тамыздағы № 3752-1948-ГУ куәлік).

10 қаңтар 1999 ж. Жамбыл ауданындағы Комсомольское селосын Ұзынкөл селосы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 495-іс. 72-парақ.).

10 қаңтар 1999 ж. Совет ауданының Ленин селолық округін Лесной селолық округі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 609-іс. 54-парақ.).

5 ақпан 1999 ж. Селолық округтердің, елді мекендер мен географиялық-физикалық нысандардың атауларын өзгерту, транскрипциясын дұрыстау туралы. Совет ауданы Ленин селолық округін Лесной селолық округі деп қайта атау туралы. Жамбыл ауданындағы Комсомольское селосын Ұзынкөл селосы деп қайта атау туралы.

Орысша «озеро Катарколь» деген жазу дұрысталып, «Котырколь»; «село Катарколь – село Котырколь»; «Ка-



таркольский сельский округ – Котыркольский сельский округ Щучинского района» деп жазу туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының шешімі. (СҚО ММ. 999-қор. 1-тізбе. 37-іс. 86-парақ).

11 наурыз 1999 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданын Аққайың ауданы деп қайта атау туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 567-іс. 48-парақ).

8 сәуір 1999 ж. Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Ақмола облысының құрамына Солтүстік Қазақстан облысының Енбекшілдер, Зеренді, Щучинск аудандары мен Көкшетау қаласын беру туралы. Ақмола облысының әкімшілік орталығын Астана қаласынан Көкшетау қаласына көшіру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2 шақырылған 27-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 567-іс. 75-парақ).

6 желтоқсан 1999 ж. Жамбыл ауданындағы Киров селосын Баймаганбета Ізтөлин ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 568-іс. 47-48-парақтар).

6 желтоқсан 1999 ж. Уәлиханов ауданындағы Комсомол селосын Аққұдық ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 568-іс. 55-56-парақтар).

6 желтоқсан 1999 ж. Уәлиханов ауданындағы Новокрасновское селосын Мортқық ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 568-іс. 51-52-парақтар).

6 желтоқсан 1999 ж. Уәлиханов ауданындағы Херсонское селосын Қаратерек ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 618-іс. 43-44-парақтар).

14 желтоқсан 1999 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданын Шал ақын ауданы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2 шақырылған 27-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 568-іс. 110-парақ).



24 қаңтар 2000 ж. Айыртау ауданы Мәдениет ауылын Қарасай батыр ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 719-іс. 148-149-парақтар).

24 қаңтар 2000 ж. Айыртау ауданы Златогорка ауылын Ағынтай батыр ауылы деп қайта атау туралы. Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ. 669-қор. 1-тізбе. 719-іс. 155-156-парақтар).

28 наурыз 2000 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Целинный ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру. Селолық округтерді біріктіру беру). Ефимовка селосын Червонный селолық округінен алып, Нежинский селолық округіне беріп, Нежинский және Червонный селолық округтерінің шегараларына өзгеріс енгізу туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 3-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 47-іс. 59-парақ.).

23 маусым 2000 ж. Орталығы Қулықөл ауылы болатын Қулықөл селолық округін құру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің қаулысы. (Мемлекеттік тіркеу куәлігі № 5993-1948-ГУ. 23 маусым 2000 ж.).

27 маусым 2000 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау, Ақжар және Қызылжар аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Селолық округтер құру.)

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 4-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 724-іс. 52-53-парақтар.).

10 тамыз 2000 ж. Булаев ауданындағы Красное селосын Ноғайбай ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 725-іс. 25-25-парақтар.)

23 қараша 2000 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданын Мағжана Жумабаев ауданы деп қайта атау туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 673-іс. 235-парақ.); САПП РК. 2000. № 47-48. Ст. 554.).

12 қазан 2001 ж. Шал ақын ауданы Аютас селолық округінің Ленин ауылын Ысқақ Ыбыраев ауылы деп қайта атау



туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихаты мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 61-іс. 78-парақ.).

19 сәуір 2002 ж. Уәлиханов ауданы Құлықөл селолық округі «5 декабрь» селосын Береке ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2 шақырылған 17-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 69-іс. 138-парақ.)

11 маусым 2002 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Целинный ауданын Ғабит Мүсірепов ауданы деп қайта атау туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. (САПП РК. 2002. № 17. Ст. 179; (СҚО ММ.669-қор. 1-тізбе. 869-іс. 95-96-парақтар.)

24 желтоқсан 2002 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Талшық ж. п. село санатына жатқызу туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихаты мен облыс әкімінің біріккен шешімі.. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 74-іс. 158-парақ.).

24 желтоқсан 2002 ж. Уәлиханов ауданы Толбухин селосын Телжан ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихаты мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 74-іс. 159-парақ.).

25 желтоқсан 2002 ж. Орталығы Қайрат ауылы болатын Қайрат селолық округін құру туралы. (Елді мекендерді беру). (Мемлекеттік тіркеу куәлігі № 4003-1948-ГУ. 25 желтоқсан 2002 ж.).

1 наурыз 2003 ж. Уәлиханов ауданында орталығы Телжан ауылы болатын Телжан селолық округін құру туралы. (Елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің қаулысы. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).

27 наурыз 2003 ж. Мағжана Жумабаев ауданындағы Ленино селосын Байшілік ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихаты мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 80-іс. 75-парақ.).

27 наурыз 2003 ж. Тимирязев ауданы Приозёрный селолық округін Ақжан селолық округі деп қайта атау туралы.



Солтүстік Қазақстан облысы мәслихаты мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 80-іс. 74-парақ.).

27 наурыз 2003 ж. Қызылжар ауданында әкімшілік орталығы Элитное селосы болатын Қызылжар селолық округін құру туралы.

Тайынша ауданында әкімшілік орталығы Кантемиров селосы болатын Кантемиров селолық округін құру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихаты мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 80-іс. 79-парақ.).

16 мамыр 2004 ж. Уәлиханов ауданындағы Степное селосын Көбенсай ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің қаулысы. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).

13 маусым 2004 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Аютас селолық округін Сергеев ауданға бағынатын қаласының құрамынан алып, орталығын Қаратал ауылы деп белгілеу туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2 шақырылған 26-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 82-іс. 128-парақ.).

8 тамыз 2004 ж. Облыс аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. (Елді мекендерді беру. Селолық округтерді беру.

Уәлиханов ауданы Кішкенекөл поселкесін село санатына жатқызып, селолық елді мекен дәрежесін беру туралы.

Тайынша ауданындағы Большеизюмовский селолық округінің Тапшыл елді мекенін Абай селолық округінің әкімшілік қамтуына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2 шақырылған 27-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі.

(СҚО ММ.999-қор. 1-тізбе. 83-іс. 88-89-парақтар.).

9 тамыз 2004 ж. Уәлиханов ауданы Ақтүйесай селолық округінің Чернигово селосын Қондыбай ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің қаулысы. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).



27 қаңтар 2004 ж. Солтүстік Қазақстан облысы кейбір елді мекендердің дәрежесін: Аққайың ауданының Смирнов поселкесі -Смирнов селосы; Ғабит Мүсірепов ауданы Новоишимский поселкесі – Новоишимское селосы етіп өзгерту туралы. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 4-сессиясы мен облыс әкімінің біріккен шешімі. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).

27 мамыр 2005 ж. Елецкое, Колесников, Междуозерное, Кругловка, Айыртау орман ишаруашылығы елді мекендерін Жетікөл селолық округінен бөлу арқылы Айыртау ауданы аумағында орталығы Елецкое селосы болған Елецк селолық округін құру туралы. Спасовка, Тауағаш, Сарман селоларын Николаев селолық округінің құрамынан шығарып, Есіл ауданының аумағында орталығы Спасовка селосы болатын Спасов селолық округін құру туралы. Жаңажол, Жаңаталап, Кеңес елді мекендерін Приишим ауданы Ступин селолық округінің құрамынан алып, Шал ақын ауданында орталығы Жаңажол ауылы болатын Жаңажол селолық округін құру туралы..

Уәлиханов ауданының мына елді мекендерін таратып, есеп-қисаптан шығару туралы. Кайрат селолық округінің Балқабек және Бабеке ауылдары; Чермошнян селолық округінің Ынталы селосы, Алабота селолық округінің Ақкөтек, Миронов селолық округінің Берлиновка және Старо-Сухотино селолары, Летовка селолық округінің Летовка селосы, Теңдік селолық округінің Еңбек ауылы, Большеизюмский селолық округінің Московка селосы, Келлер селолық округінің Розовка, Тайынша ауданы Дон селолық округінің Ульянов селосы; Айыртау ауданы Гусаков селолық округінің Пронькино селосы; Есіл ауданы Заградов селолық округінің Малиновка селосы; Жамбыл ауданы Архангельск селолық округінің Боевик селосы; Ғабит Мүсірепов ауданы Рузаев селолық округінің Калиновка селосы; Дружба селолық округінің Дальнее селосы, Бірлік селолық округінің Ақжан ауылы, Приишим селолық округінің Новомихайловка селосы; Аққайың ауданы Черкасск және Токушы селолық округтерінің Целинный және Кольцовка селолары, Белоградков селолық округінің Аралкөл селосы, Целинно-



го селолық округінің Дальнее селосы; Тимирязев ауданы Держинский селолық округінің Григорьевка селосы; Айсары және Ұялы селолық округтерінің Қызылағаш және Амангелді ауылдары; Мағжан Жұмабаев ауданы Александров және Майбалық селолық округтерінің Григорьевка және Летовка селолары. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты (№ 16/6 (үшінші шақырылған XVI сессия (кезектен тыс) мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің «Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы» біріккен шешімі.

19 қазан 2005 ж. Тайынша ауданы Амандық селолық округінің Октябрь селосын Аймақ ауылы деп атау туралы. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).

31 шілде 2006 ж. Уәлиханов ауданы Қарасу селолық округінің Жарыққопа ауылын Аққұдық ауылына, Тоспа ауылын Көктерек селолық округі Көктерек ауылының құрамына беру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің қаулысы. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).

21 желтоқсан 2006 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мен Қызылжар ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы. Жерге орналастыру жобасына сәйкес Петропавл қаласына Қызылжар ауданының 238,4 га жерін жекеменшік тұрғын үй салуға беру туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің мен Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімі. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).

21 желтоқсан 2006 ж. Ғабит Мүсірепов ауданы Нежинский селолық округінің Западное селосын Тоқсан би ауылы, Уәлиханов ауданы Амангелді селолық округінің Озерное селосын Тілеусай ауылы деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігі мен Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімі. (Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ведомстволық мұрағаты).



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АХУАЛ

Облысымызда 13 аудан, олардың есебінде 689 елді мекен бар. Соның 237-сі немесе 34 пайызы қазақша атауларға ие. Соңғы жылдары 59 елді мекеннің атауы өзгертілді, тарихи атауы қайтарылды және транскрипциясы түзетілді. Петропавл қаласында 57 көшенің атауы өзгертілді және жаңа атауға ие болды. Тәуелсіздік жылдары 26 білім, мәдениет мекемелеріне белгілі тұлғалардың есімдері беріліп, 17 тұлғаны құрметтеу мақсатында есімі жазылған ескерткіш тақта орнатылды.

Жарнама агенттіктерінің, жеке кәсіпкерлердің, мемлекеттік органдардың 2013 жылы 309, 2014 жылы 260, 2015 жылы 80 эскизі келісілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы 1372-қаулысымен Қалалық классикалық гимназияға көрнекті жазушы Сафуан Шаймерденовтің, 20-орта мектепке Жұмабек Ташеневтің есімдері берілсе, Николаевка орта мектебінің атауы Асқар Игібаев атындағы орта мектеп болып өзгертілді.

Сонымен қатар, облысымызда атаулары отаршылдық, тоталитарлық сипаттағы 78, транскрипциясы бұрмаланған 21 елді мекен бар. Солтүстік Қазақстан облысындағы ономастикалық саясаттың жағдайы ұлттық құрамы ұқсас, еліміздің басқа да солтүстік, шығыс аймақтарындағыдай. Қайталап айтатын болсақ, бұл отаршылдық саясаттың 200-250 жылдан бері қалыптастырған ахуалынан шыға алмай отырғанымыздың айқын дәлелі. Демек, мәселе 5-10 жылдың ішінде шешіле қояды деуге болмайды. Бұған бірнеше себеп бар екендігін атап көрсетейік.

Біріншіден, орыс тіліндегі атаулардың өте-мөте көптігі. Бұл жөнінде біздің облысымыз республикада алдыңғы қатарда.

Екіншіден, халықтың басым көпшілігі орыс тілді болғандықтан, жергілікті билік органдары, қоғамдық ұйымдар, ономастикалық комиссиялар елді мекендердің бай-



ырғы атауларын қазақша қалпына келтіруге асықпайды. Жасыратыны жоқ, олар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінен туындайтын ономастикалық талапты толық түсініп отырған жоқ.

Үшіншіден, осы уақытқа дейін байыпты ғылыми-тарихи зерттеулер жүргізілме-гендіктен, ономастикалық комиссиялар сол елді мекендер орналасқан аймақтың ежелгі қазақша топонимикасынан бейхабар. Басшылыққа алатын қандай да бір топонимикалық сөздік, карта, анықтамалықтар аз. Ал, бүгін 60-70 жасқа келіп отырған азаматтардың көзін ашып көргені, әрі кетсе, колхоздастыру дәуіріндегі атаулар, өзінен бұрынғылардан естігендері болмаса, нақты мағлұматтары аз. Сондықтан олар да дәлелді, тиянақты пікір білдіріп, ұсыныстар айта алмайды. Бұл мәселе жөнінде біздің осы шағын еңбегіміз тілашар болуға тиіс деп ойлаймыз.

Солтүстікте қалыптасып отырған бұл жағдайдың түп-тамыры бүкіл Қазақстанға қатысты. Топонимикаға байланысты ғылыми-анықтамалық, әдістемелік құралдарды осылайша жасай бастауымыз керек. Қандай да игілікті іс, әуелі болымсыз бастаулардан көз алып, дамып, өсе бермек.

Тіпті мектеп балаларына арналған топонимикалық және лингвистикалық өлкетану бойынша оқулықтар мен оқу құралдары жоқ. Қазақстанның ономастикалық атласын жасайтын кезең де жетті¹. Туған жердің топонимикасына ұлттың қымбат мәдени мұрасы ретінде қарап, бұл мәселеге мемлекеттік дәрежеде көңіл бөлу қажет.

Бұл орайда географ-маманның мына тұжырымдарына толық қосыламыз:

«Топонимдерде аумақтарды қоныстанудың тарихи кезендері, адамдардың шаруашылық іс-қимылдары, байырғы көші-қон мен ұлтаралық қарым-қатынастары, этностардың ареалдары, елдегі көп ғасырлар бойы болған тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер көрсетілген. Олар кейінгі ұрпақтарға ата-бабалардың ел-жерін сыртқы жаулардан қорғау кезіндегі ерлік істері туралы естеріне салады. Халықтың рухани байлығы мен даналығының орасан зор қоймасы бола келіп, топонимдер мәдениет пен халықтың ауызша шығармашылығының ескерткіштері



ретінде, әрі қарай жинауды, сақтауды және ұқыпсыз пайдаланудан қорғауды қажет етеді»⁴².

Солтүстік Қазақстан әкімдігінің тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы 2005 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы елді мекендерінің тізімін» орыс және қазақ тілдерінде басып шығарған болатын. Аудандар және селолық округтер бойынша жиналған тізім ғана болғанымен, бұл құжат басшылыққа алуға, саралап-тексеруге сол арқылы тиісті ономастикалық шаралар жүргізуге біраз септігін тигізгені шындық.

Алдағы жоспарлар бойынша облыстағы ономастикалық жұмыстың ғылыми деңгейін көтеру, аумақтық орналасуы, табиғи жағдайы ерекше аймақтың елді мекендері мен жер-су аттарының Сөздігін жасау міндеті алдымызда тұр. Байыпты ғылыми-зерттеудің нәтижесі болып табылатын мұндай іргелі еңбектің практикалық және тәрбиелік маңызы бүгін өте-мөте көкейкесті. Бұл – әрине, алдағы жоспар, бірақ қолымыздан келетін іс. Енді осыған қысқаша тоқталатын болсақ, ұзаққа созбай, жақын келешекте жүргізілетін қолданбалы зерттеу жұмыстары мен олардың нәтижелері мынадай болуға тиіс:

Қазақстанның солтүстігінің өлкетану (Краеведческий портал Северного Казахстана) порталын ашу; Солтүстік Қазақстан облысы аумағы топонимиясының қазақша-орысша электронды қорын жасау; Солтүстік Қазақстан облысының тарихи топонимикасы – қазақ тарихының ажырамас бөлігі.

Солтүстік Қазақстан облысы қазақтарының есімдерін тарихи зерттеу; Солтүстік Қазақстан облысы көлдерінің атаулары (гидронимдері); Қала ономастикасының маңызды мәселелері. Бұл жоспарларды орындаудың ғылыми-әдістемелік мәселелері шешілу үстінде. Ономастикалық зерттеулер жүргізетін білікті мамандар жеткілікті.

Тізбеде облыстағы 207 селолық округ бойынша жалпы саны 722 елді мекен қамтылған. Әлбетте, бұл қазіргі

42. Әбдірахманов С. Топонимикалық атауларды қалыптастыру және стандарттау мәселелері. // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Астана, 2004, 35-бет.



әкімшілік-аумақтық бөлініс есебіндегі, сақталып отырған елді мекендер ғана. Ал, түрлі себептермен жоғалып кеткендері, тіпті олардың аттары да ұрпақтар жадынан өшіп қалғаны қаншама. Бір кездері (1955–1965) колхоздарды ірілендіру кезінде әсіресе көптеген қазақ ауылдары жойылып кеткені, олардың атаулары жаңадан пайда болған мекендерге берілмей, ескерусіз қалып, не тіл білімі, не тарихшы зерттеушілердің назарына ілікпей, құрдымға кетті. Жер-су атауларының түрлі саяси жағдайларға, мемлекеттік-басқару құрылымдарының өзгеруіне байланысты өзгергені арнайы сөз болуға тұрады. Мысалы, тың игеру дәуірінде салынған жаңа елді мекендердің атауы жаңаша қойылды. Мысалы, тың игерушілердің шыққан облысы мен қаласының атаулары ілесе келді. Кеңестік үкіметтің ұрандарымен, идеология сарынындағы дақпыртпен пайда болған атаулар қаншама. Бұл туралы жоғарыда 1921-2006 жылдардағы әкімшілік-аумақтық бөліністер туралы нақты құжаттар негізінде арнайы көрсетілді.

Облыстық әкімдік жанындағы ономастикалық комиссия аймақтағы ономастикалық жағдайды жіті бақылап, тиісті мәселелерді ақылдасып шешуде облыс әкіміне жанды көмек көрсетіп келеді. Ономастикалық комиссия құрамындағы білікті мамандар мен мемлекеттік мекемелердің басшылары Қазақстандағы тіл саясатын жүзеге асыру, ұлтаралық және конфессияаралық ынтымақ пен халықтар достығын нығайтуға үлес қосып келеді. Соңғы жылдары комиссия мәжілістерінің күн тәртібіне қойылып, қаралған мәселелердің маңызы соны көрсетеді.

Облыстық ономастика комиссиясы 2013-2015 жылдары мына мәселелердің жөнін талқылап, пікір білдірді:

1. Қалалық классикалық гимназияға Сафуан Шәймерденовтің есімін беру.
2. Петропавл қаласының № 20 орта мектебіне Жұмабек Тәшеневтің есімін беру.
3. Есіл ауданы Николаевка орта мектебіне Асқар Игібаевтің есімін беру.

Аталған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 1372 қаулысы



қабылданған болатын. Бұдан кейін комиссияның назарына мынадай ұсыныстар келіп түсті:

Мағжан Жұмабаев ауданы № 4 Булаев орта мектебіне Ерік Асқаровтың есімін беру.

Шал ақын ауданы Приишим орта мектебіне Зейнел-Ғаби Иманбаевтың есімін беру.

Тайынша ауданы Қарағаш орта мектебіне Жақан Сыздықовтың есімін беру.

Уәлиханов ауданының «Аудандық мәдениет үйіне» Сәкен Жүнісовтің (Сәкен серінің) есімін беру туралы

Петропавл қаласының қазақ мектеп-гимназиясына Шоқан Уәлихановтың есімін беру.

2014 жыл 7 қазанда комиссияның күн тәртібі мына мәселелерден жасақталды:

Жамбыл ауданы № 1 Благовещенка орта мектебіне Марат Кенжеғозиннің есімін беру туралы.

Петропавл қаласының қызмет көрсету саласы колледжіне Искандер Даутовтың есімін беру туралы

Қызылжар ауданы Новоникольское ауылындағы Революционная көшесін Кеңес Одағының Батыры Иван Куренковтың есімімен қайта атау туралы.

Қызылжар ауданы «Шаховский орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ұлы Отан соғысының ардагері Мәжит Қасеновтің есімін беру туралы.

Қызылжар ауданы «Березовка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Кеңес Одағының Батыры Филипп Васильевич Чижиковтің есімін беру туралы.

Әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде жиналған мәліметке қарағанда «Солтүстік Қазақстан облысы елді мекендердің тізімін» құрастырушы мамандар барлық атаулардың «60 пайызы қазіргі талап етіп отырған үкімет саясатына сай келмейді» деп есептейді. Әрине, бұл да тек осы мөлшердегі ойқонимдерді – елді мекен атауларын өзгерту қажет деген талапты қанағаттандырмайды. Ондай атаулар әлдеқайда көп. «Талапқа сай келмейтіндердің» қатарына мысалы: Наследниковка, Королевка, Ленинградское, Боевик, Чапаевка, Октябрь, Пулеметовка, тағы Чапаево, тағы Советское, Буденное т. б. құлаққа жайсыз, көңілге қонымсыз атаулар ғана енгізілген.



Тәуелсіздік алғанымыздан бері қарай бұл бағыттағы шараларды қысқаша былай саралауға болады.

Қазіргі күнге облыста он үш аудан болса, атауы заман талабына сай өзгертілген аудандар саны 1, олар мыналар:

Володар ауданының тарихи атауын қайтару мақсатында ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 4 мамырдағы № 2189 қаулысы бойынша Айыртау ауданы деп қайта атау ұйғарылды.

Ленин ауданы Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылыстың өзгеруіне байланысты ҚР Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы № 3482 Жарлығы бойынша Ленин ауданының атауы Ақжар ауданы болып өзгерді.

Ленин ауданы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 сәуірдегі № 3461 Жарлығы Есіл ауданы деп аталатын болды.

Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылыстың өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы № 3528 Жарлығымен Преснов ауданы Жамбыл ауданы деп аталатын болды.

Соколов ауданы мен Бескөл ауданы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі № 3461 Жарлығына сәйкес Қызылжар ауданы деп аталды.

Красноармейск ауданы облыстың әкімшілік-аумақтық құрылыстың өзгеруіне қарай Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы № 3482 Жарлығы бойынша Тайынша ауданы деп аталды.

Қызылту ауданы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы № 3482 Жарлығына сәйкес Шоқан Уәлиханов ауданы деп аталды.

Совет ауданы Мемлекеттік тіл саясатындағы ономастика саласын жүйеге келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 ж.11.03. № 3482 Жарлығына сәйкес Аққайың ауданы деп аталды.

Сергеев ауданы Шал ақынның есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы № 3482 Жарлығына сәйкес Шал ақын ауданы деп аталды.

Возвышен ауданы мен Булаев ауданы Мағжан Жұмабаевтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Қазақстан Респу-



бликасы Президентінің 2000 жылғы 23 қарашадағы № 490 Жарлығына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданы деп аталды.

Куйбышев ауданы, Рузаев ауданы, Целинный мен Чистопол ауданы Ғабит Мүсіреповтің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 мамырдағы № 890 Жарлығымен Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы аталды.

Облыс бойынша тізімге алынған елді мекендер саны 689 болса, оның ішінде: атауы қазақша елді мекендер саны 237 немесе 34 пайыз, атауы орысша елді мекендер саны 452 немесе 66 пайыз.

1992-2015 жылдар аралығында 9 ауылдық округтің және 59 елді мекеннің атауы өзгертіліп, тарихи атауы қайтарылды немесе транскрипциясы түзетілді.

Ленин селолық округінің атауы (Аққайың ауданы) Мемлекеттік тіл саясатындағы ономастика саласын жүйеге келтіру мақсатында ҚР Үкіметінің жанындағы Мемонкомның 2000 ж. 24.02. ұйғарымы бойынша Лесной ауылдық округі деп өзгертілді.

Приозерный селолық округі (Тимирязев ауданы) ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның 2003 ж. 19.09. Ұйғарымы бойынша Ақжан ауылдық округі болып қайта аталды.

Чехов селолық округі СҚО әкімдігінің № 251 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 28/5 шешімі бойынша 2010 жылғы 16 қыркүйектен бастап Ақбұлақ ауылдық округі деп аталатын болды.

Степной селолық округінің тарихи атауы қайтарылып, Құртай ауылдық округі (Тимирязев ауданы) деп атала бастады. 2009 ж. 14.10. СҚО әкімдігінің № 264 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 18/10 шешімі.

Ақжар ауданы Совхоз селолық округі деп аталып келген Ақжарқын ауылдық округінің атауы 2009 жылғы 14 қазанда СҚО әкімдігінің № 264 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 18/10 шешімі бойынша қайтарылды.



ТРАНСКРИПЦИЯСЫ ӨЗГЕРТІЛГЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР:

Транскрипцияны қазақ тілі нормаларына сәйкестендіру, Мемлекеттік тіл саясатындағы ономастика саласын жүйеге келтіру мақсатында:

Ишим селолық округі -Ишимский сельский округ деген атаулар **қазақша Есіл ауылдық округі, орысша Есильский аульный округ** (Тимирязев ауданы) деп жазылатын болды. 2009 ж. 20.12. СҚО әкімдігінің № 340 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 20/8 шешімі

Осы тәртіппен бұрын Бескөл селолық округі – Бишкульский сельский округ деп жазылып келсе, енді **Бескөл ауылдық округі-Бескольский аульный округ** (Қызылжар ауданы) деп жазған дұрыс деп табылды. 2009 ж. 20.12. СҚО әкімдігінің № 340 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 20/8 шешімі.

Көгалажар селолық округі-Когалажарский сельский округ деген атаулар қазақша **Көкалажар ауылдық округі, орысша Кокалажарский аульный округ** (Ғ. Мүсірепов ат-ғы аудан) деп 2009 ж. 20.12. бастап жазыла бастады. СҚО әкімдігінің № 340 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 20/8 шешімі.

Шағалы селолық округі, Чаглинский сельский округ деген жазулар **Шағалалы селолық округі және сельский округ Шагалалы** деп жазылуға тиіс екендігі СҚО әкімдігінің № 251 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 28/5, 2010 ж. 16.09. шешімімен заңдастырылды.

Тарихи атауын қайтару мақсатында Красноармейск қаласы Тайынша қаласы деп аталды. ҚР Президентінің 1997 ж. 2.05. № 3482 Жарлығы.

Осы жылдары Петропавл қаласында 33 көшенің атауы өзгертіліп, 24 көшеге жаңа атаулар берілді.

Халық алдындағы сіңірген зор еңбегі үшін құрметке бөленген тұлғалардың есімдері 1992–2015 жылдары берілген мекемелер саны: білім мекемелері 24, мәдениет мекемелері 2. Сонымен бірге атақты адамдардың есімдері жазылған 17 ескерткіш тақта орнатылды.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 ж. 07.04. № 523 қаулысы Солтүстік Қазақстан қазақ сазды-драма театры Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры және облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасына Ғабит Мүсіреповтің есімі берілді.



Тарихи атауы қайтарылған ауылдар (селолар)

Бұрынғы атауы	Жаңа атауы	Өзгертілуі туралы құжаттың датасы, №
Володарское селосы Село Володарское	Саумалкөл ауылы (Айыртау ауданы)	ҚР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1993 жылғы 04.05. № 2189-Х-2 Қаулысы
Комсомольское селосы Село Комсомольское	Ұзынкөл ауылы (Жамбыл ауданы)	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның 1999 ж. 28.06. Ұйғарымы
Новокрасновское селосы Село Новокрасновское	Мортық аулы/ аул Мортық (Уалиханов ауданы)	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның 2000 ж. 24. 02. Ұйғарымы
Комсомольское селосы Село Комсомольское	Аққұдық ауылы/аул Аққудук	
Херсонское село Село Херсонское	Қаратерек ауылы/ аул Қаратерек (Уәлиханов ауданы)	
Красное селосы Село Красное	Ноғайбай ауылы/ аул Ноғайбая (М. Жұмабаев ауданы)	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның 2000 ж. 9. 10. Ұйғарымы



«5 декабрь» селосы Село «5 декабрь»	Береке ауылы/ аул Береке (Уәлиханов ауданы)	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның 2002 ж. 06. 12. Ұйғарымы
Толбухинское селосы Село Толбухинское	Телжан ауылы/ аул Тельжан (Уәлиханов ауданы)	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның 2003 ж. 03. 04. Ұйғарымы
Ленин селосы Село Ленин	Байшілік ауылы/ село Байшилик (М. Жұмабаев ауданы)	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның 2003 ж. 19.09. Ұйғарымы
Менжин селосы Село Менжин	Кеңащы селосы/село Кеңащы (Ақжар ауданы)	2005 ж. 19.10. СҚО әкімдігінің № 4 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 19/6 шешімі
Октябрь селосы Село Октябрь	Аймақ ауылы/ аул Аймақ (Тайынша ауданы)	2005 ж. 19.10. СҚО әкімдігінің № 4 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 19/6 шешімі
Озерное селосы Село Озерное	Тілеусай ауылы/аул Тілеусай (Уәлиханов ауданы)	СҚО мәслихатының 2006 ж. 21.12. № 27/10 шешімі



Қызыләскер селосы Село Қызыләскер	Құмтөккен ауылы/ аул Құмтөккен (Айыртау ауданы)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі
Найдорф селосы Село Найдорф	Ақсары ауылы/ аул Ақсары (Ақжар ауданы)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі
Западное селосы Село Западное	Нұрымбет ауылы/ аул Нұрымбет (Жамбыл ауданы)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі
Гавриловка селосы Село Гавриловка	Көкалажар ауылы/аул Көкалажар (Ғ. Мүсірепов ат- ғы аудан)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі
Чапаевское селосы Село Чапаевское	Мерген ауылы/ аул Мерген (Шал ақын ауданы)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі
Октябрьское селосы Село Октябрьское	Ұзынжар ауылы аул Узынжар (Шал ақын ауданы)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі



Черниговское селосы Село Черниговское	Қондыбай ауылы/аул Қондыбай (Уәлиханов ауданы)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі
Наследниковка селосы Село Наследниковка	Баян ауылы/ аул Баян (Айыртау ауданы)	2009 ж. 14.10. СҚО әкімдігінің № 264 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 18/10 шешімі
Совхозное селосы Село Совхозное	Ақжарқын ауылы/ аул Ақжарқын (Ақжар ауданы)	
Кузбасское селосы Село Кузбасское	Ақсай ауылы/ аул Ақсай (Ақжар ауданы)	
Совхозное селосы село Совхозное	Ақжарқын ауылы/аул Ақжарқын	



Транскрипциясы өзгертілген ауылдар (селолар)

Бұрынғы атауы	Жаңа атауы	Өзгертілуі туралы құжаттың датасы, №
Альжанка селосы Село Альжанка	Әлжан ауылы/аул Альжан (Айыртау ауданы)	2008 ж. 5.06. СҚО әкімдігінің № 156 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 7/9 шешімі
Якши Янгизтау селосы Село Якши Янгизтау	Жақсы Жалғызтау ауылы аул Жақсы Жалғызтау	2009 ж. 14.10. СҚО әкімдігінің № 264 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 18/10 шешімі
Ульгули селосы Село Ульгули	Үлгілі ауылы/аул Ульгили	
Даут селосы Село Даут	Дәуіт ауылы/аул Дауит (Ақжар ауданы)	
Кызылтуское селосы Село Кызылтуское	Қызылту ауылы/аул Қызылту	
Ишимское селосы Село Ишимское	Есіл ауылы/аул Есиль (Тимирязев ауданы)	
Нарунгуль селосы Село Нарунгуль	Нарынгүл ауылы/аул Нарынгүль	



Ақанбурлук селосы Село Ақанбурлук	Ақанбұрлық ауылы/аул Ақанбурлық	2009 ж. 20.12. СҚО әкімдігінің № 340 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 20/8 шешімі
Ақчок селосы Село Ақчок	Ақшоқы ауылы/аул Ақшоқы	
Бурлукское селосы Село Бурлукское	Бұрлық ауылы/аул Бурлық	
Шукурлюк селосы Село Шукурлюк	Шүкірлік ауылы/аул Шукирлик	
Бурлук селосы Село Бурлук	Бұрлық ауылы/аул Бурлық	
Есперлы селосы Село Есперлы	Есперлі ауылы/аул Есперли (Жамбыл ауданы)	
Альва селосы Село Альва	Алуа ауылы/аул Алуа (М. Жұмабаев ауданы)	



Карагандинск селосы Село Карагандинск	Қарағанды ауылы/аул Карағанды	2009 ж. 20.12. СҚО әкімдігінің № 340 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 20/8 шешімі
Сейфуллино селосы Село Сейфуллино	Сейфолла ауылы/аул Сейфолла	
Беняш селосы Село Беняш	Бинаш ауылы/ аул Бинаш (М. Жұмабаев ауданы)	
Узунколь селосы Село Узунколь	Ұзынкөл ауылы/аул Узыколь (М. Жұмабаев ауданы)	
Бишкуль селосы Село Бишкуль	Бескөл ауылы/ аул Бесколь (Қызылжар ауданы)	
Бирликское селосы Село Бирликское	Бірлік ауылы/ аул Бирлик (Ғ. Мүсірепов ауданы)	2009 ж. 20.12. СҚО әкімдігінің № 340 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 20/8 шешімі
Тохты селосы Село Тохты	Тоқты ауылы/ аул Токты (Ғ. Мүсірепов ат- ғы аудан)	



Бидайыкское селосы Село Бидайыкское	Бидайык ауылы/аул Бидайык (Уәлиханов ауданы)	2009 ж. 20.12. СҚО әкімдігінің № 340 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 20/8 шешімі
Аккудук селосы Село Аккудук	Акқұдық ауылы/аул Аккудук (Уәлиханов ауданы)	
Курлеут селосы Село Аккудук	Күрлеуіт ауылы/аул Курлеут (Уәлиханов ауданы)	
Карагандинское селосы Село Карагандинское	Қарағанды ауылы/аул Карағанды (М. Жұмабаев ауданы)	
Шағалы селосы село Чаглы	Шағалалы ауылы/аул Шағалалы (Аққайың ауданы)	2010 ж. 16.09. СҚО әкімдігінің № 251 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 28/5 шешімі



**Белгілі қайраткерлердің есімін есте
қалдыру және Қмемлекеттік ономастикалық жұмыс
тұжырымдамасына сәйкес келтіру мақсатында атауы
өзгертілген ауылдар (селолар)**

Бұрынғы атауы	Жаңа атауы	Өзгертілуі туралы құжаттың датасы, №
Кировка селосы Село Кировка	Баймағамбет Ізтөлін ауылы аул Баймағамбета Изтолина	ҚР Үкіметінің жанындағы Мемонкомның 2000 ж. 24. 02. Ұйғарымы
Златогорка селосы Село Златогорка	Ағынтай батыр ауылы/ Аул Ағынтай батыра (Айыртау ауданы)	ҚР Үкіметінің жанындағы Мемонкомның 2000 ж. 14. 07. Ұйғарымы
Мәдениет ауылы Аул Мәдениет	Қарасай батыр ауылы/ аул Қарасай батыра (Айыртау ауданы)	ҚР Үкіметінің жанындағы Мемонкомның 2000 ж. 14. 07. Ұйғарымы
Ленино селосы Село Ленино	Ысқақ Ыбыраев ауылы/ аул Ысқака Ыбыраева (Шал ақын ауданы)	ҚР Үкіметінің жанындағы Мемонкомның 2001 ж. 21. 12. Ұйғарымы
Западное селосы Село Западное	Токсан би ауылы/аул Токсан би (Ғ. Мүсірепов ат- ғы аудан)	СҚО Мәслихатының 2006 ж. 21.12. № 27/10 шешімі



Фурмановка селосы Село Фурмановка	Бәйтерек ауылы/ аул Байтерек (М. Жұмабаев ауданы)	СҚО әкімдігінің 2008 ж. 5.06. № 156 қаулысы мен облыстық мәслихаттың VII сессиясының № 7/9 шешімі
Өскен селосы село Оскен	Үкілі Ыбырай ауылы аул Укили Ыбырай (Айыртау ауданы)	СҚО әкімдігінің 2010 ж. 16.09 № 251 қаулысы; СҚО мәслихатының 2010 ж. 16.09. № 28/5 шешімі
Элитное селосы Село Элитное	Бәйтерек ауылы/ аул Байтерек (Қызылжар ауданы)	2010 ж. 16.09. СҚО әкімдігінің № 251 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 28/5 шешімі
Чехово селосы Село Чехово	Ақбұлақ ауылы/ аул Акбулак	2010 ж. 16.09. СҚО әкімдігінің № 251 қаулысы және облыстық мәслихаттың № 28/5 шешімі



Қалалық білім мекемелерінің атаулары

Бұрынғы атауы	Жаңа атауы	Өзгертілуі туралы құжаттың датасы, №
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университет Северо-Казахстанский государственный университет	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университет Северо-Казахстанский государственный университет им. Манаша Козыбаева	ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30.05. № 497 қаулысы
Петропавл қ-ның № 18 мектеп-лицейі Школа-лицей № 18 г. Петропавловска	әл-Фараби ат-ғы № 18 мектеп-лицей Школа-лицей № 18 им. аль-Фарабиw	ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30.05. № 497 қаулысы
Мамлютка қ-ның № 3 орта мектебі Средняя школа № 3 г. Мамлютка	Хасан Бектұрғанов ат-ғы № 3 орта мектеп Средняя школа № 3 им. Хасана Бектурганова	ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30.05. № 497 қаулысы
Булаево қ-ның № 1 мектеп-гимназия Школа-гимназия № 1 г. Булаево	Батыр Баян ат-ғы № 1 мектеп-гимназия Школа-гимназия № 1 им. Батыр Баяна	ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30.05. № 497 қаулысы
Сергеевка қ-ның № 3 орта мектебі Средняя школа № 3 г. Сергеевка	Есім Шайкин ат-ғы № 3 орта мектеп Средняя школа № 3 им. Есима Шайкина	ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30.05. № 497 қаулысы



«Авангард» мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі Специализированная детско-юношеская спортивная школа «Авангард»	Қазбек Байболов ат-ғы мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі Специализированная детско-юношеская спортивная школа имени Казбека Байболова.	ҚР Үкіметінің 2005 ж. 03.03. № 200 қаулысы
В. И. Ленин ат-ғы № 1 орта жалпы білім беру инновациялық мектебі Средняя общеобразовательная инновационная школа №1 им. В. И. Ленина	Мұрат Айтқожин ат-ғы № 1 инновациялық мектеп Инновационная школа №1 им. Мурата Айтқожина (Петропавл қ-сы)	ҚР Үкіметінің 2005 ж. 03.03. № 200 қаулысы
Қалалық классикалық гимназия Городская классическая гимназия	Сафуан Шәймерденов атындағы классикалық гимназия Городская классическая гимназия имени Сафуана Шаймерденова	ҚР Үкіметінің 2014 ж. 24.12. № 1372 қаулысы
Петропавл қаласының №20 орта мектебі Средняя школа №20 города Петропавловска	Жұмабек Тәшенов атындағы №20 орта мектеп Средняя школа имени Жумабека Ташенова	ҚР Үкіметінің 2014 ж. 24.12. № 1372 қаулысы



Ауылдардағы білім мекемелерінің атаулары

Бұрынғы атауы	Жаңа атауы	Өзгертілуі туралы құжаттың датасы, №
Ленин негізгі орта мектеп Ленинская основная средняя школа (Шал ақын ауданы)	Мәркен Ахметбеков ат-ғы негізгі орта мектеп Основная средняя школа имени Маркена Ахметбекова	ҚР Үкіметінің 2000 ж. 7.04. № 523 қаулысы
Ленин ауылшаруашылық колледж Ленинский сельскохозяйственный колледж (Есіл ауданы)	Жәлел Қизатов ат-ғы Есіл ауылшаруашылық колледжі Есильский сельскохозяйственный колледж имени Жалела Кизатова	ҚР Үкіметінің 2000 ж. 7.04. № 523 қаулысы
Жаңасу негізгі орта мектебі Жанасуская основная средняя школа (Ғабит Мүсірепов ат-ғы аудан)	Еркін Нұржанұлы Әуелбеков ат-ғы Жаңасу негізгі орта мектебі Жанасуская основная средняя школа имени Еркина Ауельбекова	ҚР Үкіметінің 2000 ж. 16.02. № 257 қаулысы
Жаңаауыл орта мектебі Жанааульская средняя школа (Ақжар ауданы)	Қали Хадесов ат-ғы Жаңаауыл орта мектебі Жанааульская средняя школа им. Кали Хадесова	ҚР Үкіметінің 2000 ж. 20.10. № 1576 қаулысы



Тимирязев мектеп-гимназиясы Тимирязевская школа-гимназия	Сәбит Мұқанов ат-ғы жалпы білім беру мектеп-гимназиясы Общеобразовательная школа-гимназия им. Сабита Муканова	ҚР Үкіметінің 2000 ж. 20.10. № 1576 қаулысы
Жаңажол орта мектебі Жанажольская средняя школа (Жамбыл ауданы)	Ғабит Мүсірепов ат-ғы Жаңажол орта мектебі Жанажольская средняя школа им. Габита Мусрепова	ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30.05. № 497 қаулысы
Балуан орта мектебі Балуанская средняя школа	Сейтен Сауытбеков ат-ғы Балуан орта мектебі Балуанская средняя школа им. Сейтена Сауытбекова	ҚР Үкіметінің 2003 ж. 30.05. № 497 қаулысы
Аралағаш орта мектебі Аралағашская средняя школа (Аққайың ауданы)	Қайырбек Оразов ат-ғы Аралағаш орта мектебі Аралағашская средняя школа им. Каирбека Оразова	ҚР Үкіметінің 2004 ж. 19.02. № 195 қаулысы
Өрнек орта мектебі Орнекская средняя школа (Есіл ауданы)	Есләм Зікібаев ат-ғы Өрнек орта мектебі Орнекская средняя школа имени Есляма Зикибаева	ҚР Үкіметінің 2004 ж. 19.02. № 195 қаулысы



Явлен № 1 орта мектебі Явленская средняя школа № 1 (Есіл ауданы)	Тимофей Позолотин ат-ғы Явлен орта мектебі Явленская средняя школа имени Тимофея Позолотина	ҚР Үкіметінің 2004 ж. 19.02. № 195 қаулысы
Ұялы орта мектебі Уялинская средняя школа (Ақжар ауданы)	Смағұл Сәдуақасов ат-ғы Ұялы орта мектебі Уялинская средняя школа им. Смагула Садвокасова	ҚР Үкіметінің 2005 ж. 03.03. № 200 қаулысы
Қиялы орта мектебі Киялинская средняя школа (Аққайың ауданы)	Андрей Хищенко ат-ғы Қиялы орта мектебі Киялинская средняя школа им. Андрея Хищенко	ҚР Үкіметінің 2005 ж. 03.03. № 200 қаулысы
Явленка № 3 орта мектебі Явленская средняя школа № 3 (Есіл ауданы)	Аяған Шәжімбаев ат-ғы Явленка № 3 орта мектебі Явленская средняя школа № 3 им. Аяғана Шажимбаева	ҚР Үкіметінің 2005 ж. 03.03. № 200 қаулысы
Келлер орта мектебі Келлеровская средняя школа (Тайынша ауданы)	Иван Бережной атындағы орта мектеп Средняя школа имени Ивана Бережного	ҚР Үкіметінің 2006 ж. 31.05. № 480 қаулысы



<p>Николаевка орта мектебі Николаевская сред- няя школа (Есіл ауданы)</p>	<p>Асқар Игібаев атындағы орта мектеп Средняя школа имени Аскара Игибаева</p>	<p>ҚР Үкіметінің 2014 ж. 24.12. № 1372 қаулысы</p>
---	---	--



**Ескерткіш тақта орнатылған мекемелер,
тұрғын үйлер**

Мекеме атауы, мекенжайы	Орнату себебі	Өзгертілуі туралы құжаттың датасы, №
Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ-сы Д. Карбышев ат-ғы № 40 орта мектебі ғимаратының ішінде	Жауынгер-десантшы Илья Ильич Клепальскийдің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2006 ж. 14.11. № 03–5 / 2339-и келісімі
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жамбыл жоғары мектеп ғимаратының сыртында	ҚР еңбек сіңірген білім саласының қызметкері Мағел Әлмырзаұлы Басыбаевтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2006 ж. 14.11. № 03–5 / 2339-и келісімі
Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ-ның Қожаберген жырау ат-ғы № 6 орта мектебі ғимаратының сыртында	Кино-режиссер Аяған Қуандықұлы Шәжімбаевты есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2006 ж. 14.11. № 03–5 / 2339-и келісімі
Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ-сы Қазақстан Конституциясы к-сі, 13, бұрынғы партия обкомы орналасқан ғимаратының сыртында	Мемлекеттік және қоғам қайраткері Максим Кирович Аммосовтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 ж. келісімі



Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ-ның «Полиграфия» АҚ ғимаратының сыртында	Журналист Бақыт Мұталләпұлы Мұстафиннің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2008 ж. 14.01. № 08–03 / 5363 келісімі
Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ-сы Парковая к-сі, 126 (өзі тұрған үйі) мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің қасбетінде	Милицияның генерал-майоры Иван Спиридонович Гребеньдің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2008 ж. 08.04. № 11–3 / 1265 келісімі
Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ-сы Интернационал к-сі, 2а (өзі тұрған үйі) мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің қасбетінде	Журналист Уәп Әшімұлы Рақымжановесімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 ж. 12.06. № 10–02–13 / 2760 келісімі
Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ-сы Парковая к-сі, 130 мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің (өзі тұрған үйі) қасбетінде	Социалистік Еңбек Ері Петр Захарович Телюктің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 ж. 12.06. № 10–02–13 / 2760 келісімі



<p>Петропавл қ-сы Надежда к-сі, 20 мекенжайында орналасқан Тірек- қимыл аппараты зақымданған мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу эксперименттік орталығы орналасқан ғимаратының сыртқы қасбетінде</p>	<p>Тірек-қимыл аппа- раты зақымданған мүгедек балалар- ды оңалту және бейімдеу экспери- менторталығының негізін қалаушы және алғашқы директоры, Шәміл Тауфықұлы Шақ- шақбаев есімін мәңгі есте сақтау мақсатында</p>	<p>ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 ж. 19.08. № 10– 02–13 / 3773 СӘД келісімі</p>
<p>Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Преснов селосындағы Дружба к-сі, 6, орналасқан ғимаратының қабырғасында</p>	<p>Қоғам қайраткері Қайыржан Әубәкірұлы Күлетаевтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында</p>	<p>ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 ж. 17.10. № 10– 02–17 / 4721 келісімі</p>
<p>Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қ-дағы Школа-интернат к-сінде орналасқан Санаторлық мектеп- интернаттың қабырғасында</p>	<p>КСРО-ның халық мұғалімі, Қаз.КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері Григорий Максимович Кубраковтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында</p>	<p>ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2010 ж. 5.03. № 10–02– 24 / 1240 келісімі</p>



Солтүстік Қазақстан облысы Ғ. Мүсірепов ат-ғы аудандағы Жаңа Есіл жол дистанциясы ғимаратының	Жаңа Есіл жол дистанциясының бұрынғы басшысы Андрей Федорович Кунцевичтің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2010 ж. 31.05. № 10– 02–17 / 1447 СӘД келісімі
Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 13 үйдің (бұрынғы облыстық атқару комитеті ғимараты) қасбетіне	Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2010 ж. 29.06. № 0018– 10 / 1821 СӘД келісімі
Петропавл қаласы № 10 орта мектептің қабырғасына	Белгілі ұстаз Серік Ғаббасұлы Қапаровтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	2012 ж. 28.09. ынталы топтың ұсынысы және Петропавл қаласы әкімдігінің берген рұқсаты
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 2-корпусы ғимаратының қабырғасына	Белгілі қоғам қайраткері Феликс Алексеевич Симнің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында	2014 ж. ынталы топтың ұсынысы және Петропавл қаласы әкімдігінің берген рұқсаты



<p>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 6-корпусы ғимаратының қабырғасына</p>	<p>Белгілі қоғам қайраткері Шаймұрат Смағұлұлы Смағұловтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында</p>	<p>2014 ж. ынталы топтың ұсынысы және Петропавл қаласы әкімдігінің берген рұқсаты</p>
<p>Петропавл қ. қазақ классикалық гимназиясының қабырғасында</p>	<p>Қазақстанның халық жазушысы, Сафуан Шаймерденовтің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында</p>	<p>2014 ж. ынталы топтың ұсынысы және Петропавл қаласы әкімдігінің берген рұқсаты</p>



КӨЗІ ҚЫРАҒЫ, ОЙЫ ҰШҚЫР, БАБАЛАРЫМ...

Қазақ ономастикасында топонимдер семантикалық, құрылымдық әдіс тұрғысынан жүйелі түрде зерттеліп келеді. Тілдік таңбада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығы түрлі тілдік концепцияларда бірде «ғаламның тілдік репрезентациясы», бірде «ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде «тіларалық ғалам» деп көрсетіліп жүр.

Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты. Өйткені, тілдік таңбаның

таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады.

Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әр түрлі. Қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамығандығын өз облысымыздың тарихынан алынған мына мысалдармен кестелеуге болар еді. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін ономастиканың өмірде маңызды орын алып, олардың дала алқабы мен шөлді жайылымдары да көші-қон кезінде белгілі қызмет атқарғанын байқауға болады. «Ономастикалық атауларда этнос пен табиғат байланысын бейнелейтін атаулардың көп болуы топонимикалық нысандарға негізделгенін, қазақтардың тұрмыс-салты, этномәдени, тіршілігі мен шаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіруге болады. Белгілі бір топонимикалық нысанның *түрін, түсін, пішінін, көлемін көру, ұқсату* т.б. *уәжі* арқылы қабылдаған. Бұл қабылдауда ұлттық этнографиялық нысандар жататынын келтіреді⁴³.

Халық тарапынан қойылған жер-су атаулары – сол жердің табиғи құжаты болып табылады. Әрбір географиялық атау

43. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және колданбалы аспектілері. (ғылыми мақалалар. – Алматы: 2010. – 371 б.



географиялық картада, ресми құжаттарда өз орнын табуы керек. Ол үшін ел болып жұмылып, түзетіп, қалпына келтіру, зерттеулер жүргізу, баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Кез келген аймақтың (аумақтың, регионның, өңірдің, өлкенің) топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан: аймақтың табиғат жағдайларын, сол өлкені мекендеген халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген жалқы географиялық есімдер жиынтығы, кешені болып келеді.

«Аймақтық топонимиялық жүйе ұлттық топонимиялық жүйенің құрамдас бөлігі, сонымен қатар өзіндік аймақтық өзгешіліктері бар жүйелік топонимикалық құрылым болып табылады. Топонимиялық аймақтың межелері әкімшілік-экономикалық аумақтық межелерімен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ әкімшілік-экономикалық құрылыстың тарихи, саяси, шаруашылық, этномәдени факторлары аймақтық топонимиялық жүйені сипаттауда назарға алынады. Сонымен қатар жергілікті тіл ерекшеліктерінің де аймаққа қатысы ескерілмек» [1, 44 б.].

Біздің пікірімізше, белгілі бір аудан аумағындағы топонимдер жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйесін құра алады, себебі кейбір аудан (барлығы емес) топонимиясы сол алғышарттар мен олардың топонимиялық көріністерінің байланысын аймақтық деңгейде паш етеді. Басқаша айтқанда, аймақтық сипат сол аудан көлеміндегі топонимиялық жүйеге тән, демек, аудан топонимиясы басқа аудандар, басқа өңірлер, өлкелер топонимиясынан өзгеше, өзіндік ерекшеліктерге ие.

Солтүстік Қазақстан аймағы физикалық-географиялық жағдайының аймақтық топонимиялық жүйеде бейнеленуіне қарап отырсақ, өңіріміздің топонимиясының өзіндік, яғни аймақтық кейпін қалыптастырудағы географиялық фактордың мәні мен маңызы ерекше, сол себепті орманды, көлді, томар-жыралы ландшафтарының физикалық-географиялық жағдайлары аймақтық топонимдер мен микротопонимдердің бірқатарында өз көрінісін тапқан .



Антропотопонимдер – бабалардың атына қойылған ескерткіш

Солтүстік топонимиясы қалыптасуына көз салсақ, аймақтық топонимиялық жүйенің өзіндік келбетін қалыптастыратын алғышарттар ретінде ықпал ететін сол өңірдің физикалық-географиялық жағдайларымен қоса, сол өлкеде орын алған ел тарихы мен жер тарихының рөлі мен орны өте зор және маңызды.

Мәселен, мына антропотопонимдермен таныса отырып, өлкеміздің бір-екі ғасырлық тарихынан қаншама танымдық сағлұмат алуға болатынын байқасақ-шы. Жер-судың меншік иесін көрсетіп, нұсқап айқындайтын атаулардың бұдан ғасыр бұрын тіркелген бір тобы мынадай

Ағам қарағашы, Айбардың ағашы, Ақназардың ағашы, Ақжан қонған ағаш, Ақшидің қарағашы, Албан шоқысы, Алпысбай қыстауы, Алтайдың өзегі, Апай қарағай, Атабайдың қаратерегі,

Әже өлген сай, Әзібай бұлағы, Әлмен ағашы,

Балтабек шоқысы, Балуан ағаш, Бейсеу тоғайы, Бекбай шілігі, Бекболат ағашы, Бекмырза ағашы, Бектемісағашы, Бердібай ағашы, Боқайдың өткелі, Боранбайдың шоқысы, Бошан қарағайы, Бөке талы, Бумаиш шоқысы,

Дәметей ағашы, Дәулетқонған, Дінәліқыстаған, Дүйін бұлағы,

Егіз қыстаған, Елтінді жалы, Ералының көлі, Есенгелді жығылған, Есенәлі қонған, Есілбай түскен,

Жайсаң қыстаған, Жаман қонған, Жансүгір ағашы, Жаңабай томары, Жаңаберген ағаш, Жарқын қонған, Жәңке туған, Жүзік өлген, Жұба қонған, Жолтай қонасы, Жұмықтың қарағайы,

Иса қыстаған, Иманның көлі, Иса қыстаған, Итеке бейіті, Итсарының қарасуы,

Кебекең үй тескен, Кенжеболат қонған, Көшек қой сойған, Қабанбай ағашы, Қадырбай ағашы, Қалашы қонған, Қаңлы қонған, Қалашы қонған, Қойлыбай, Қарабастың көңі, Қәпірге той қылған, Қожса ағашы, Қойбағардың ашасы, Қойлыбай қонған, Қойшыбайдың ескі қыстауы, Қонтай қыстаған, Қотан қонған, Қошқарағаш, Құйғанның кеп-



есі, Құлтайдың шатқалы, Құлтуманың шілігі, Құтмәмбет қонған, Қылды қонған,

Майлыбай түскен, Мақпал қыстаған, Малтақ ілген, Маман қалған, Мезгілдің ағашы, Мезгілдің шоқысы, Мекшенің шоқысы, Мендеке шоқысы, Мешіт салған, Мәжиттің қызылы, Мәжір қонған, Мәт шоқысы, Мәті шатқалы, Монтай шілігі, Мырза ағашы,

Назардың ағашы, Назар қонған, Найман туған,

Опанның ағашы, Опанның қыстауы, Отарбай шоқысы,

Салпықтың қызылы, Салпықтың тауы, Салықпай шоқысы, Самайдың қызылы, Саржан шапқан, Саржаудың шоқысы, Сарқанның Орағашы, Сарман шапқан, Сартай қонған, Сарыбайдың жұрты, Сары қонған, Саурық кескен, Сауытбек туған, Сейітқұл қонған ағашы, Сейтеннің қызыл ағашы, Сеңкібай талы, Сералы көңі, Сәлиха ауырған, Сәмеке түскен, Сүлейменнің ағашы, Сұлтанның томары,

Тасболаттың шоқысы, Тасекең қыстаған, Тасыбайдың қарағашы, Темір қонған, Тәтібайдің терегі, Тілеудің қарағайы, Тойған қашқан, Тойқожаның қызылы, Тоқсан өлген, Торыбие өлген, Тосын қонған, Төлепберген туған, Төренің қызылағашы, Тәті қонған, Түйебайлаған көлденең, Тұматтың шоқысы, Тұрлыбай талы, Тұяқ қонған, Тілептің қараталы,

Хан түскен,

Шағыр қонған (2), Шақшақ қонған, Шалабай ағашы, Шалбан түбегі, Шама көмген, Шарман қонған, Шартай көңі, Шашдәулеттің қарағайы, Шеріннің ағашы, Шешем түскен, Шәкеннің бейіті, Шіліктіағаш, Шоға қонған ағаш, Шоқа кескен,

Ысты шапқан, Ыс ұстаған.

Ешбір ресми құжатта, баспасөз бетінде, естелікте, тіпті көркем әдебиет пен таңбалы ескерткіштен табыла бермейтін ғажайып тарих осында жатыр. Осындағы Ағам, Айбар, Ақназар, Албан,, Алпысбай, Алтай, Атабай, Балтабек... Бекбай, Бекболат... Бейсеу, Боранбай, Бөкей... кімдер. Олар – біздің ата-бабаларымыз. Сол бабаларымыздың ұрпақтары дәл қазір осы жерлерге: тоғайлар мен шіліктерге, қыстаулар мен шоқыларға, қарағайлар мен теректерге ие болып отыр.



Әттең, қазіргі ұрпақ осы есімдерді талдап, атын атап, таратып бере алмаса, сол аттары туған, өскен жерлерінде қалған бабаларымыз жазықты емес. Мына, біз кінәліміз. Кезінде мән бермей, ең болмаса, ел аузында там-тұм сақталған шежірелерді жинап алып, ұрпақтарымызды құлағына құя берсек, қағазға түсіре берсек, кім қой депті...

Осы тізімдегі: *Ақжан неге қонды*, оның қонған-қонбағанында қандай оқиға бар, немесе *Дәулет қонған*, *Дінәлі қыстаған*, *Жұба қонған* деген сөз тіркестері еріккеннен қоя салмаған атаулар. Яғни сол жылы, немесе сол айда, әйтпесе аты аталған атамыз сол жерге көлігін тоқтатып, жүгін түсіріп, керегесін керіп, шаңырағын көтерген. Сол жерден жерошақ қазған, тілеу тілеп, дастархан жайып, отбасы ошақ маңына жиналып, қол жайып бата беріскен, бет сипаған. Аз ба, көп пе, сол жерді, бәлкім, көлдің жағасын, ағаштың ортасындағы алаңқайды, шоқының етегін мекен етін, ғұмыр кешті, ұрпақ таратты, қонысында белгі қалды, содан бері есімі туған жерінің бетінде өшпес бедер болып жазылып қалды. Енді, міне тарихи, географиялық, тілдік нысан ретінде ономастика тұрғысынан, топоним, антропоним тұрғысынан зерттеліп, қағаз бетінде қалады. Өшпейді.

Сол атауға негіз болған есім ағаш, шоқы, көл, бұлақ, өзек, томар... т.б. апеллятивтерге анықтауыш ретінде тіркелгенін, тек қана ағаш, шоқы, көл, бұлақ, өзек, томар... т.б. емес, өздерінен кейінгі ұрпақтарға мекеннің қадір-қасиетін анықтаушы, түсіндіруші, жол көрсетіп, бағыт сілтеуші ретінде күрделі топоним құрап отыр. Бұл атаулардың астарындағы оқиғаларды сүзіп алып, жеке қарастыратын, зерттейтін жағдай болса, тіпті қызық қой. Айталық: *Есенгелді жығылған* (қалай, қашан, неге? Осындай бір адамның жығылуы неліктен ұмытылмас оқиға болып, жер атауында таңбаланған?)

Немесе, *«Итеке бейімі»* деп неге қойылған, қазақ даласында бейіт аз ба, әлде, әуелде сол жерге Итеке есімді, тірісінде беделді, белді болған адам жерленді ме? *«Кебекең үй тескен»* жердің ерекшелігі неде? Қазіргі жастар үй тескен дегеннің не екенін біле ме? Білмейді. Өйткені бұдан бекі-үш ғасыр бұрынғы қазақ тұрмысын білу керек.



«*Үй тескен*» деген сөз, жерді қазып кепе салған деген сөз. Ал «кепе» деген не? Орыстар балаған деп атайтын, жерді шұқырлап қазып, аршынға толар-толмас шым қабырға көтеріп, жасаған баспана. «*Кұйғанның кепесі*», «*Қаракепе*», «*Қоскепе*» деген атаулар содан шыққан. Демек, қазған дегеннің орнына «тескен» деген етістіктің қорлданылуында да мән бар. Тірі адам мекен ететін шұңқырды «қазған» деп айтуға ауыз бармаған болар. Бұл да әлеуметтік лингвистиканың көп сұрақтарының бірі. Топонимдер этнос тарихынан, оның өткендегі салт-дәстүрлері мен тіршілік ерекшеліктерінен хабар береді, дейтініміз, сондықтан. «*Көшек қой сойған*», «*Майлыбай түскен*», «*Мәжиттің қызылы*», «*Сауытбек туған*», «*Төлепберген туған*», «*Шама көмген*» т.с.с. әзірге бізге жұмбақ, шешуі қиын, бәлкім табылмайтын жерсу атаулары осындай. Әрқайсысы бір-бір тағдыр, бір-бір оқиға. Елін сыйлайтын, жерін сүйетін, Отанының өткен тарихына қызыққан әрбір талапкерді қымбағт оңайға жетелейтін түсініктер.

Осылардың арасынан «*Ыс ұстаған*» деген жер атының төркін-түсінігіне назар аударайық. «Ыс» дегеніміздің түсінігі мал терісін ыстау, ағашты ыстау, мал етін ыстау деген тіркестер түрінде ұғынықтырақ. Ал. «ыста» емес неге «ыс ұстаған» түрінде қалыптасқан? Ертеде, қымыз ашытып, сақтайтын саба, торсық тігу үшін қазақтар жүні алынып, иленген жылқы терісін ыстау үшін, ауыл маңынан аулағырақ жер қазып, үстіне шымнан күрке түрінде пана тұрғызып, ішіне тобылғы, қайын, арша түтінін жіберетін. Осы күркенің ішіндегі сырғауыл салдауларға жайылған жылқы терісі бірнеше күн бабымен ысталады. Сабалық теріні ыстау әркімнің қолынан келе бермейді, оған арнайы кәсіпке машықтанған шеберлер керек. Бұл шеберді «ыс ұстаушы» деп атайды. Ыс ұстаушы дегендер көп болмайды, сол сияқты ыс ұстайтын орындар да көп бола бермейді, маңайдағы бірнеше ауылдың ортасында, ұрымтал жерге орналасады. Міне, «Ыс ұстаған» деген мекеннің атауы қайдан, қалай шыққанын осылай түсіндірсек жөн.

Жоғарыда тіркелген антропонимдерден байқалған ерекшелік, кісі есімінің зат есімнен жасалған анықта-



уыштарға қабаттасып, географиялық нысанның кімге тиесілі екендігін, қандай оқиғаға қатысты екендігін ашатынында. Енді осыларды орыс тіліндегі дәстүрлі атаулармен салыстыратын болсақ, дәстүрлі ово, ова, ский форманттарының және жекелік, көптік жалғаулардың жоқ екенін байқаймыз.

Тағы бір атап көрсетерлік мәселе – «*Кене*», «*Ыс*», «*Ұстаған*», «*Тескен*» сияқты қазіргі замандастарымызға түсініксіз, шығу тегі белгісіз немесе табы қиын топонимдер көп кездесетіні. Бұларды көнерген (көмескі) ономастикалық лексемалар қатарына жатқызып, оларда тұнып қалған «құпия сыр-сипатты ашып, анықтау үшін халқымыздың көне тарихына зер салып, үңіле ізденуіміз қажет. Өйткені тіліміздегі жүздеген ономастикалық көне лексемалардың рулық-тайпалық және тайпалық одақтармен ұштас екені даусыз мәселе болса керек. Сол дәуірлерден сақталған аптаулардың тарих дөңгелегімен ілесе жүріп, қазіргі дәуірге жеткені, қартайып, мүжіліп, түрлі өзгерістерге ұшырап келгені кімге болса да аян. Сондықтан да ол лексикалық топтыр халық, қоғам тарихымен, тарихи-мәдени оқиғалармен сабақтас та ұштас, берік байланыстарда жатыр»⁴⁴.

«Ұзын» көп, қысқа неге жоқ

Қазақ ономастикасының этнолингвистикалық қырларын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында XIX ғасырдың екінші жартысында жиналған деректер тұрғысынан қарсақ, бірталай қызықты құбылыстарға кездесеміз. Айта кету керек, қазақ этнотопонимикасы кең-байтақ еліміздің әр қиырын мекендеген қазақтардың шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне сай қалыптасқанын дәл осы Солтүстік Қазақстанның мысалы арқылы кескіндеуге болады⁴⁵.

Мысалы, каталогта «Ұзын» сөзімен басталатын 41 атау тіркелген. Олардың ішінде. +ағаш 2, +жал 1, +жар 1, +көл 26.+қамыс+1, +қарасу 1,+қызыл 3,+су³, +томар 3 рет кезде-

44. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. 1 том. Алматы, 2006., 65-бет.

45. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, 2012. 2-том. 5-бет.



седі. Дәл осындай жағдай «тарихи» топонимикада да байқалды. Осыдан жүз жыл бұрынғы елді мекендер қатарында, яғни, «ойконим» есебінде «ұзынмен» басталатын 65 атау бар екен. Зер салып қарасақ, бұлар да шамамен қазіргіге ұқсас: +ағаш 16, +дуал 1, +жал 3, +көл 4, +қарағай 1, +қызыл 23, +қырат 1, +өзен 2 және +томар 4 рет кездесті.

Атақты топонимтанушы ғалым Э. Мурзоев те мұндай жиілікке назар аударып, «ұзын» сөзін «өзен» сөзімен шендестіре қарап көреді. Шынында, осы екеуінің арасында бір байланыс бар болуға тиіс деген оймен, бірнеше мысал келтіреді. Зерттеушінің ұстанымы «ұзын» тек қана заттың, нысанның ұзын-қысқалығын ғана білдіретін шама өлшемі немесе, «ұзыншақ», «ұзарып көрінген, «созыла біткен» сыртқы көрінісін ғана білдіріп қоймайды, басқа да сыры болуға тиіс дегенге саяды.

«Өзен» және «ұзын» деген ұқсас апеллятив сөздерді ССРО картасында өзенді бейнелейтін көгілдір сызықтардың қасынан байқаймыз. Қазақстаннан Саратов облысына ағып шығатын Улкен өзен, Кіші өзен дегендер бар. Башқортстандағы Белое өзенінің Орал тауларынан бастау алатын бір тармағы «Узян» деп аталады. Балқаш көлін ащы және тұщы бөліктерге бөліп тұратын ағыстың аты «Ұзынарал». Қазақстандағы Ұзынқарғалы өзені жағасында «Ұзынағаш» ауылы тұр, сол республиканың солтүстігінде «Ұзынбұлақ» деген су бар. Өзбекстанның Сұрхандария облысында Ұзын деген ауыл бар, Арменияның Өзірбайжанмен іргелес шеғарасында Ұзынтал селосы... Бірін-бірі қайталайтын, сырттай да, мағнасы да ұқсас бұл не қылған атаулар...»⁴⁶ деп таңданады автор. Сөйтеді де, жеке-жеке қарастырып көреді.

«Ұзынағаш» – ұзын немесе биік ағаш па? «Ұзынтал» – ұзын аңғар ма? Балқаштағы Ұзынаралға көз салсаңыз, шынында көлді екіге бөліп тұрған ұзынша біткен түбекті байқайсыз. Шынында, бұл түбек емес, бір кезде арал болуы да мүмкін.

Біздің мысалымызда «ұзын» сөзіне антоним болғандықтан (мысалы «ұзынды-қысқалы») топоним жасауға

46. Мурзоев Э. М. Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. –247-бет



«қысқа» сөзінің неге қатыспағаны да қызықтырады. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, 2012. (қысқаша: ҚРГАМ, 2-том.) жинағындағы 7 мың, біздің қолымыздағы 2,5 мың, барлығы 10 мыңға тарта жерсу, елді мекендер атаулары арасында «қысқа» сөзімен басталып жасалған бірде-бір топоним кездеспеуі де ономастика ғылымының бір құпиясы десек, артық айтқандық болмас.

«Ұзын» мен «шолақ

Осыдан 110 жыл бұрын қағазға түскен мәліметтерде облыс аумағындағы елді мекендердің арасында жиі кездесетін атаулардың бір парасы – ұзындық пен қысқалық өлшеміне байланысты түсінікке байланысты қалыптасқаны да назар аудартады. Мысалы, *Қызыл+ағаш (16)*, *Ұзын+дуал (1)*, *Ұзын+жал (3)*, *Ұзын+көл (4)* *Ұзын+қарағай (1)*, *Ұзын+қызыл (23)*, *Ұзын+қызыл+сай (1)*, *Ұзын+қырат (1)*, *Ұзын+өзек (1)*, *Ұзын+томар (4)* болып келеді. Енді осы «ұзынға» тіркеліп жасалған зат есімдердің жағдайы 2001 жылғы анықтамалықта мынадай: Мұндай топонимдер тізімінде +ағаш 2, +жал 1, + жар 1, +көл 26, +қамыс 1, + қарасу 1, +қызыл 3, +су 3, +томар 4 рет кездеседі.

Жоғарыдағы мысалда кеелтірілген «ұзын» сөзі, біздің ойымызша нысанның тура мағынасында сызық бойымен созылып, ұзарғандығын ғана емес, сонымен бірге көлемін де көрсететін сияқты. Және бұл жерде географиялық нысан ретінде алынған зат есім тұлғасында, айталық, ағаш, жал, жар, көл, қамыс, әйтпесе су мен томар жеке мысал ретінде алынбаған, жиынтық. Яғни, типтік түрде, бейнелеу, тұспалдау түрінде алынғаны байқалады. Енді осыған керісінше, «ұзынға» антоним «шолақ» сөзін алып қарасыратын болсақ, атаудың бейнелі екендігі тіпті жарқырап көрінгендей. «Тарихи топонимикада «шолақ» ұзыннан гөрі сиректеу қолданылып, қазақ қыстауларының мұндай қатары былайша тізілген: *Шолақжал*, *Шолаққайың*, *Шолаққарағаш*, *Шолаққарасу* (2 рет), *Шолақөзек* (4 рет). Түсінікті болу үшін, айта кету керек, бұл аталғандар, қыстау-мекендер.



Ал енді, жер-су атау ретінде, «шолақ» сөзінің негізінде жасалған 16 топонимнің қазіргі жайы мынадай: Шолақ ауылы – Мамлют ауданы, аудан орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай, орысша «Горькое» аталатын тұзды көлдің оңтүстік-батысында. Осы аттас екінші ауыл тағы осы ауданда, және Меңгесер көлінің солтүстік-шығысында, Новомихайловка селосынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Осы аттас үшінші ауыл, дәлірек айтқанда, Шолақ Досақ атымен Аққайың ауданындағы Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Талды-арал көлінің солтүстік-шығысында жатыр. Жамбыл ауданындағы Шолақжал, Тайынша ауданындағы Шолаққайың, Шал ақын ауданындағы Шолақ қарасу, Айыртау, Жамбыл және Шоқан Уәлиханов аудандарындағы Шолақөзек ауылдары қазақ халқының ежелгі құтты қоныстары ретінде талай тарихтан сыр бүгіп жатыр-ау. Қазақтың тіл байлығы синоним қатарының байлығымен өлшенетіні мәлім. Осы қасиетті қазақы жер атауларын талдап отырғанда айқын байқайды екенсіз. Мысалы, *қысқа, шолақ, келте, ықшам* деген сөздер қолданыста белгілі дәрежеде бірінің орнына бірі синоним болып жүре береді және түсінікті айшықтап, көркем кестелеуге, сойлемнің дәмін кіргізіп, сәнін келтіру үшін қолданылады. Соның бір мысалы мынау. *Шолақжал, Шолақ қарасу* деген әдеттегі қолданысты сәл өзгертіп, *Келте жал, Келте қарасу* деуге болады ғой. Ал, осы «қысқа» мен «шолақтың» орнына «келте» ауызға түссе ше?! Айталық, біздің өлкедегі екі *Келтеқона* және төрт *Келтеқыстау* бар екен. Саны жағынан аз, бірақ мағынасы түсініксіз бұл атаулар тамыры әріде, тарихы ұзақ көшпелі халықтың тұрмыс қажеттігінен туғанын біліп отырмыз. Анығында осындағы «келте» сөзі көлбеу жазықтықтағы ұзындық өлшемі емес, уақыт өлшемі болып шықты. Антрополог ғалым М. С. Мұқановтың көрсетуінше күзеу мен қыстаудың арасында, қыстауға ұрымтал пәйектің шөбін сақтай тұру яғни қори тұру үшін қыс қаһарына мінгенше отыратын мал тұрағы. Қазіргі лексикада қолданылудан қалған *келте* сөзі бұл жағдайда өтпелі, қысқа мерзім дегенді білдіреді. Бас-аяғы бір жүз жылдың ар – ақ-бер жағында жоғарыда біз



санаған төрт «келтеқыстаудың» біреуі ғана (Мамлют ауданындағы Меңкесер көлінен шығысқа, ал Становой көлінен оңтүстік-батысқа қарай) қалған, өзгесі қазақтың өзгерген тұрмысымен бірге жоғалған.

Кейінірек, Ішкі Ресейден тағдыр айдап, қоныс аударғандар да, өздерінің жаңа қоныстарының сыртқы көрінісін таңбалап, өз тілінде атай бастаған. Соның айғағы ретінде қазақша «ұзындардың қатары орысша «длинный» деген өлшем сипатымен толыға түскені де, бұл аймақтағы тарихи өзгерістердің заттық ескерткішіндей көрінеді. Облыс аумағында «Длинный» сөзінің негізінде 12 топоним жасалған болса, мұның сегізі қоныс атауы, яғни ойконимдер екенін байқадық. Жекелеп көрсетсек, Длинное көлі, Длинное, Длинные батпақтары, Длинный тоғайлары деген сияқты. Бірақ, орыс топонимдері арасында «короткое» сөзімен келетіндері екеу ғана, біреуі емен тоғайы, екіншісі батпақ.

Қазақтың халықтық географиялық терминологиясын көп зерттеген Ғ.Л. Қоңқашбаев Қазақстан табиғатының әртүрлілігіне қарай, мысалы, солтүстіктегі орман-тоғайлы, арқадағы шөлейтті дала, оңтүстіктегі құмды-сортаңды алқаптар мен биің таулы, ойлы қырлы бедерлердің әрқайсының өзіне ғана тән жер-су атаулары қалыптасқан. «Сайып келгенде мұның өзі қазақтардың мал шаруашылық кәсібін жүргізу ерекшеліктеріне тән екендігін», көрсетеді⁴⁷.

Солтүстік Қазақстанның көптеген топонимдері аумақтың физика-географиялық нысандарының басым белгілерін, атап айтқанда, көп кездесетін өсімдік түрлері, жер бедерінің өзіне ғана тән ерекшеліктері сияқты белгілерін бейнелейді. Бұл, сөз жоқ, нақты көріністің кескін келбетін айнадағыдай танытатын географиялық позитивтілік принципі болып табылады. Физика-географиялық атаулардан берік орын ала отырып, бұл табиғит белгілер, басқаша атауға болмайтын, тек қана осы атау жарасады деген принципке жауап беретінін байқау қиын емес. Себебі, зерттеу үстінде байқағанымыздай, өңірде кезде-

47. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Автореф. дисс. канд. географ. наук. Алма-Ата, 194-9, С. 7-8. Очерки по физической географии Казахстана. Алма-Ата, 1952, С.389.



сетін барлық өсімдік немесе аң-құс түрлері, жер бедері түгелдей топонимикадан көрініс таба бермейді.

Қазақ тілінің табиғатына тән бір ерекшелік: көптеген түр-түс атауларының шығу төркіні бүгінде белгісіз. Олардың кейбіреуін этимологиялық жолмен анықтауға болса да, кейбіреулерінің құпия сырын ашу мүмкін емес. Мәселен, **ақ, боз, сұр, көк, кер, ала** тәрізді бір буынды түр-түс атауларын талдап, анықтап жатудың қажеті де жоқ сияқты көрінеді. Өйткені, бұлар одан әрі жіктеуге, морфемаларға бөлшектеуге келмейді. Бұл атауларды көне түркі заманынан бері келе жатқан байырғы ілкі түбірлер санатына жатқызуға болады. Көптеген түркі тілдерінде кездесетін бұл сөздердің түстік мағынасы да көне болса керек. Мысалы: **ақ** сөзі түркі тілдерінде *aq//ax//ag//a*: қ формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, т.б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып. *Ақ* сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында ХХ ғасырдың өзінде-ақ түркологтар арасында әртүрлі пікірлер қалыптасты. Э.В. Севортян «ага» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ақ» – «оқ» (қартаю) етістігінен өрбіген дегенді айтады. Жалпы сүт тағамдарын білдіретін *ақ* атауы (қымыз, сүт, шұбат, құрт т.б.) *ақ* етістігі негізінен өрбігенін аңғаруға болады. Оған дәлел «ақ» – ағу, жоғары-төмен жылжу, құйылу» мәніндегі етістік. Сүттің төмен сауылып, сорғалап құйылатыны белгілі. Әрі өзі де ақ, басқа реңкі жоқ, өзгермейтін *ақ* түсті *ақ* атау да көңілге қонымды. Көне түркі тілінде «үрүн» атаудың тілден ығыстырылып шығуына да *ақ* сөзінің конверсиялануы әсер еткен. Көне мұраларда кездесетін «*таң ағару*» тіркесіндегі «ақ» жоғары көтерілу, «таң көтерілу» мағынасын беретін ақ – етістігінің әр түрлі сапада жеткендігін ғалым Б. Сағындықұлы дәлелдейді⁴⁸.

48. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 168-б.



«Ақ» 102 және «қара» қанша?

Облыстың жер-су атаулары тізілген каталогта **«ақ»** сын есімімен немесе осыдан туындайтын зат есімнен басталатын 102 атау бар екен. Солардың ішінде *Ақан, Ақанбет, Ақбай, Ақбас, Ақби, Ақжан, Ақжарқын, Аққошқар, Ақсары, Ақтай, Ақыш* бастатқан 25 антропоним болса, қалғандары +балық 2, «Ақбас» және «Ақбасты» аталатын тұзды көлдер 8, – бұлақ 2, +жар 2, +көл 4, +қайың 3, «аққу» 3, +құдық 3, +мола 3, +сай 3, +сораң 3, +су 7, +суат 7, +тас 3, +төбе 6 рет кездесті.

Ал, бұдан жүз жыл бұрынғы елді мекендердің атауы тізімі болып табылатын «Тарихи топонимикадан» қазақтардың «ақтан» басталатын 32 елді мекенін таптық. Бұлардың ішінде *Ақбас, Ақбота, Ақжан, Ақпан, Аққусақ* сияқты кісі есімдері мен, қазақ тұрмысын бейнелейтін: «Ақжан қонған ағаш», «Ақ ит өлген», «Ақбас тың көлі», «Ақ оба», «Ақ мола», «Ақ шығанақ», «Ақ өгіз», «Ақтөбел», «Ақтөс», «Аққойлы», «Ақөгіз», т.б. этнографиялық атаулар баршылық.

Жерлестеріміздің басым бөлігі қазақтан өзге ұлт өкілдері болғандықтан, зер сала қарасақ, осы «ақ» анықтауышының орысша аудармасы «белый», «белая», «белое» сөзіне қатысты 26 атау ұшырайды. Солардың ішінде «ақ топырақ», яғни «Белая глина» деп екі ауыл және Аққанбұрлық өзенінің бір саласы, өзенше аталады. Осыған ұқсас «Белоглинка» деген екі ауылдың біреуі Айыртау ауданында, екіншісі Шал ақын ауданында. 9 «Белое» болса, соның бесеуі көл, яғни Ақ көлдер, төртеуі село. Ойконимдер арасында төрт «Белоградовка» бар екен.

Біздің ойымызша, мағнасы жағынан «белоеге» жақынырақ сын есім «чистое» болса керек. Қазақша «таза» деген тура аудармасы болмаса да, бейнелі түрде «ақтың» мағнасын беретін 27 *чистое* санауымыз, соның бір айғағы болса керек. Атап айтқанда, Чистое деп аталатын көлдердің саны 17, қалғаны батпақтар немесе елді мекендердің аты.

Топонимист мамандар қазақ тілінде **«қара»** сын есімінен басталатын, немесе осы сөз жалғанған атаулардың көптігіне назар аударып, рсы құбылысты түсіндіруге ты-



рысады. Басқа халықтардағыдай *қазақ халқы үшін де әлем екі түске – ақ пен қараға бөлінген*. Оның бірі *ақ түс* – күллі игі жақсы қасиеттер иесі болса, *қара түс* – жамандық біткеннің белгісіне ие. Бұл түсінік халық санасына терең ұялап, оның тілі мен ойлау жүйесінен орын алған. Сондықтан *ақ түс* күні бүгінге дейін жақсы бастама атаулының бәрінен де табылады. Өйткені ол сұлулық әлемінің, адамгершілік қасиеттерінің біртұтас жиынтығын құрайды. Қазақ халқының ежелгі дүниетанымында дүниені төрт бұрышты деп түсініп, әр тұсқа өзіндік таңбалық түс бергені белгілі. Сонда *қара түс* солтүстікті белгілейді. Зерттеулерге сүйенсек, «Авестада» солтүстік жақтағы қасиетті тауды «Хукариа» деп атайтындығы айтылады. «Хукариа» атауының иран тіліндегі бастапқы айтылу нұсқасының «Хух Хара» болғандығын ескерсек, мұндағы «хара» о баста дей-түркінің (арғықазақ) «қара» формасынан шыққандығын айтуға болады. Яғни «Хух Хара» сөзі бүгінгі түркі тіліне «Харатау» – «Қаратау» деп аударылады. Бұл жердегі «қара» сөзі түсті емес, «түпкі, бастапқы» деген мағынаға ие болып тұр. Түркі тілдерінің бірі өзбек тілінде «қара» сөзі «темір» деген мағынада қолданылады. Мұндай ұғым буряттардың дүниетанымдық негіздегі фольклорында да болғандығы байқалады. «Қара» сөзі жер асты, төменгі әлем ұғымын білдірсе, «ақ» сөзі оған қарама-қарсы жоғарғы әлем, құдайлар мекені, аспанның символы болған.

Сонда, байқалғаны «Қара» деген сөз нысанның түсін көрсетіп қана қоймайды, «қара» сөзі «үлкен», «көп» «көлемді» деген сөздерге синоним ретінде жұмсалып, атаулардың бейнелі, көрнекті, есте қаларлық болуына, айтқанда әсерлі естілуіне байланысты күшейткіш шырай түрінде қолданылады. Ал, орыс тілінде олай емес екеніне осы өзіміздің солтүстік аймақтың жер-су атауларын зерттеу үстінде көз жеткіздік. Мысалы, «Черное» деген екі көл, Чернобаевка, Чернозубово және Чернолесье деген елді мекендер бар. Бұл арада әрбір этностың сыртқы әсерді бағалауы, қабылдауы және санадан өткізіп таңбалауы әртүрлі екендігі сөз болуға тиіс.



«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»⁴⁹ **қара** сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. **Қара** сөзінің тура мағынасы – «ақтың қарама-қарсы түрі». Бұл оның негізгі мағынасы. Бірақ бұл номинативтік мағына одан кейін пайда болған коннотативтік мағынаның қалыптасуының барлығына бірдей ұйытқы бола алмайды. Оны мына мысалдардан байқауға болады.

Енді осы көрсеткішті бұдан 100 жылдан аса бұрын қағазға түскен мәліметтермен салыстыратын болсақ, ел тарихының, демографиясының, тұрмыс жағдайының түбегейлі өзгерістерін байқауға болады. Айталық, «тарихи топонимикада» *«қара»* сөзінен басталатын елді мекендер (географиялық атаулардың ішінен бөлініп алынған ойконимдер.-авт.) саны 171 болса, соның ішінде: +ағаш 43, +тал 43, +терек 37, +шілік 7, +мойыл 11, +томар 5, +шоқы 5, +шоқ 4 т.б. адамға жайлы қоныс болатын табиғи нысандар екенін байқаймыз. Назар аударатын ерекшелік, қазақ халқының отырықшылыққа қарай бейімделуіне байланысты өзгерген атаулардың көбеюі немесе азаюы.

2012 жылы шыққан тізбеде облыс аумағындағы жер-су атауларының арасында «Қара» сөзінен басталатын 167 атау болса, соның 14-і «Қарағаш», +балық 3, +4 бие, «Қарағай», «Қарағайлысы» 10, +көл 7, +қамыс 4, +қоға 14, +қожа 4, +мойыл 3, +мола 4, +сор 5, +су 12, +тал 10, +терек 6, + томар 9, +шоқ 3, +шоқы 1, +шілік 5 жиілігінде байқалуы да өңіріміздің табиғи келбетін ерекшелеп көрсететін белгілер деуге әбден болады. Және де айта кету керек, «қара» сын есімінің көмегімен жасалған топонимдер орысшаға аударылмай, қазақша сақталған.

Қара түсті білдіретін атаудың *«ақ»* түсті білдіретін атау сияқты көп мағынаға ие болуы, біріншіден, оның табиғаттағы ең негізгі, көрнекті және басқа да көп түстердің құрамында кездесетін табиғаты күрделі түс болуына бай-

49. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1982, 6-том. – 36-бет.



ланысты болса, екіншіден, қоғамдық өмірдегі көптеген құбылыстармен түр-түсіне байланысты сәйкестігі, ұқсастығы, мән-дес-мағыналасығы негіз болған деп қарауға болады. *Қара* сөзінің түркі тілдеріндегі ауыспалы мағыналары бұдан да көп деп көрсетіледі, ал қазақ тілінде, ғалымдардың беруінше, талдауымызға нысана болған отыз шақтысын ғана кездестірдік. Сонымен қазақ тіліндегі *қара сөзінің* ауыспалы мағынасы нақтылы бір сөздермен тіркесте қолданылғанда ғана көрініп, молая түсері белгілі.

Қоңыр, Көк, Қызыл, Сары...

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – ***қоңыр түсі***. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *қоңыр* түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: *қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн*. *Қоңыр* – жер түсі, тірлік, өмір бейнесі. Қазақ нанымында бұл түс ерекше орын иеленеді. *Қоңыр*– алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. *Қоңыр* сөзі түстік мағынадан басқа мынадай: *қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр әңгіме, қоңыр қабақ, қоңыр тірлік, қоңыр сөз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр салқын, қоңыр кеш, қойдай қоңыр, майда қоңыр* сияқты тіркестермен келіп, әртүрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебіrentетін нәзік те әсем сәттерін, өмір, тіршіліктің жайбарақат, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі. Мысалы: *қоңыр кеш, қоңыр үн, қоңыр үй, қоңыр көлеңке, қоңыр төбе, қоңырқай көз, т.б.*

«Қоңыр» сын есімі+зат есім түрінде жасалған топонимдер де көңіл аударуға тұрады. Біздің қолымыздағы көне деректерде бұлардың саны аз – жетеу ғана: *екі Қоңыр, Қоңыр+ағаш, Қоңыр+бұзау, Қоңыр+қасқыр, Қоңыр+лан, Қоңыр+лы+шоқы, Қоңыр+шоқы*. Ал қазір, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде бұлардың өзі сиреп, *Қоңыркөл, Қоңырсиыр және екі Қоңырсу түрінде* ғана қалуы уақыт өткен сайын қазақы әлеуметтік лексикасының ежелгі тамырынан



ажырап, жүдеу тартқанын көрсететін сыңайлы. Мысалы, «қоңыр» сапалық сын есімі фольклорлық-этнографиялық әнші-күйшілер ансамблінің аты түрінде ғана сақталғанына қарап, «қоңыр» деген сөздің басқа, жанама мағналарын түсінбейтіндер аз емес.

Топонимжасамда қоңыр түсті, яғни қашықтықтан қоңырайып көрінетін бұта, қарағаны мол тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» табиғи нысандарды белгілейді (Ақкөзов Ә. 2005, 150). Шын мәнінде «Қоңыр» сын есіміне зат есім тіркелу жолымен жасалған жер атауларының саны аздығы табиғаттағы қоңыр түстің уақытша ғана, күз айларына тән екендігімен түсіндіруге болар. Іздей түсу керек шығар

Солтүстік Қазақстанның тарихи топонимдері қатарында едәуір орын алған «көк» сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған топонимдерге тоқталудың қажеті бар. *Көк* сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі болып есептеледі (көк тәңірі, көк түрік, көк бөрі концептілері). *Көк* сөзінің *көкішіл*, *көгірек* деген *түстік* мағыналарына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстардың танымдық құрылымы арқылы берілетін бейненің ортақ сипатымен байланысты. Аспанды *көк* деп атап, *көк тәңірге табынған*, *көк бөрінің ұрпағы* саналған түркі тектес халықтардың танымында аспанның түсі барлық осы түстес белгілерге атау ретінде берілген. Неге аспан деп аталынбаған деген сұраққа «аспан» сөзінің өзі таза түркілік емес, әрі қолдану уақыты да кейін енген деуге болады. *Көк* сөзі – түркі тектес халықтарға ортақ сөз.

Заттық мәндегі *көк* (аспан) пен түр-түс атауы *көкті* синкретикалық түбір деп қарастырып жүр. Аспан мағынасындағы *көк* сөзі мен онымен түстес нәрселердің салыстырмалы түрде *көк* аталуы әбден мүмкін. Көне түркі тілдерінде «*көк*» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкяң» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Мұндай мағына «көгі жақсы», «көгі жаман» тіркестерінде сақталған.

Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. М. Қашқаридың еңбегіндегі «көгің кім» тіркесінің аудармасы «шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді.



Номадтар үшін көк сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: көк – аспан, көк – көктем, көк-жаз, өріс кеңейіп, мал тойынатын кез. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы қыстаулар тізбесінен сүзіп алған деректеріміз мынау: *Көк+ала+би*, *е Көк+аяқ*, *Көк+байтал*, *Көк+бас*, *Көк+бие+өлген*, *Көки*, *Көк+өгіз*, 18 рет *Көк+терек*, *Көк+терек+тоғай*, 2 рет *Көк+шалғын*, 3 рет *Көк+ше+ағаш*, *Көк+ше+тал*, *Көк+шіл+ағаш*. Мысалдарда сын есім+зат есім+зат есім, немесе сын есім+ күшейткіш шырай жалғауы+зат есім түрінде топонимдер жасалуының бірнеше жолын келтірдік.

Облысымыздың аумағын мекендеген ертеректегі ата-балаларымыздың жер-қоныс атауларында көзге оқшау көрінетін аса қызық құбылыс «Қызыл» сын есімін жетектеген зат есімдер мен сын есімдерден жасалған атаулардың жиілігі. Бір қарағанда сыры ашыла қоймайтын бұл «қызылдар» әлдеқайда тереңірек зерттеуді қажет ететіндіктен, кейбір авторлардың пікірлерімен ғана шектелмекпіз.

Әуелі мысалдар мынадай. Жақшаға алынған сандар бұл атаулардың неше рет кездесетінін айғақтайды. Сонымен: *Ащылықызыл (2)*, *Байқызыл (2)*, *Басқызыл (4)*, *Басқызылағаш (2)*, *Бейітқызыл*, *Бірқызыл*, *Дөңқызыл*, *Желқызыл (7)*, *Жақсықызыл*, *Жаңақызыл*, *Жаңақызыл*, *Желқызыл (7)*, *Жоңқызыл*, *Кепеқызыл*, *Көлденеңқызыл (2)* *Қалыңқызыл (3)*, *Қарағаш (Ортақызыл)*, *Қожақызыл*, *Қосқызыл*, *Құрықтықызыл*, *Қызқызыл*, *Қызылағаш (31)* *Қызылат*, *Қызылкүйген*, *Қызылқұм*, *Қызылмөңке*, *Қызылой*, *Қызылөзек*, *Қызылтал (3)*, *Қызылтау*, *Қызылтоғай (2)*, *Қызылтомар*, *Қызылшілік (2)*, *Қызылшоқ*, *Қызылшырпы (2)*, *Қылқалықызыл*, *Миқызыл*, *Милықызыл*, *Ойқызыл (7)*, *Ортақызыл*, *Салпыққызыл*, *Тойқожақызыл*, *Үшқызыл 4*, *Ұзынқызыл 25*, *Шарбақтықызыл*, *Шөлқызыл (12)*.

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі **ҚЫЗЫЛ** мен **ЖАСЫЛ** сөздерінің түбірі «қыз» бен «жас» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Сондағы ғалымдардың дәлелі: бұлардың екеуі де – *ыл – іл* моделі негізінде бүгінде жеке-дара қолданылмаса да, бөліп алып қарауға болатындығы. Ал белгілі топонимист Е. Қойшыбаев *қызыл* сөзін тіліміздегі *қысыл* (тар, қысылу) етістігімен байланыстырады. Ғалымның



мұндағы сүйенетін дерегі – Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аты – *Қызылауыз* («узкие ворота» мағынасында). Бірақ та көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жоғарыдағыдай, *қызыл* сөзінің түбірі – *қыз*: бірде етістік («краснеть», «пламенеть»), бірде сын есім мағынасында («красный», «багровый») екіұдай қолданылған екен. Сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін **қызар** етістігін алып, *боз – бозар, көк – көгер, ақ – азар* моделі бойынша талдаса да жеткілікті. Бұл жердегі түбір тек зат есім немесе сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі **қызыл** сөзінің құрамындағы о бастағы дербестігін жойған «*қыз*» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек *қызыл* түстің ғана емес, тіпті алабұртып, қызу қанды, сұлу ренді мағынасындағы «*қыз*» сөзінің шығуына да негіз болса керек. М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» сөздігінде бұл **қыз** түбірінің тағы бір мағынасы беріледі: *Бұ ат қыз алдым – Бұл атты қымбат* алдым. Сонда *қыз* түбірінің мағынасы: 1) *қызыл*; 2) *қымбат*, соған тағы да -ыл жұрнағы қосылып, тарихи тұрғыдан қатыстық сын туғызса, біздің тілімізде сапа сыны болып қалыптасқан⁵⁰.

Облыс аумағындағы қазіргі топонимикалық кеңістікте орысша «Красныйға» тән 33 атау бар екен. Біз сөз етіп отырған мәселеге бұлардың қатысы шамалы сияқты, себебі, басым көпшілігі коммунистік «қызылдың» әсерінен пайда болған сияқты. Сондай-ақ, қазір қазақша қызылдардың да назар аударатындай ізі жоқ.

Қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де **сары** түс атауы сындық мағынада қолданылады. Жоғарыдағы талданған түр-түс атаулары сияқты бұл сөздің де шығу тегін, этимологиясын анықтау оңай емес. *Сары* сөзінің негізгі түстік мағынасымен қатар түрлі-түрлі ауыс мағыналары да аз емес. *Сары* сөзі – жиі қолданыста болатын, көп жағдайда түсті білдіретін лексема. Бірақ ол да кез келген қолданысында түсті білдіре бермейді. «*Сары*» сөзі жер-су атауларымен тіркескенде «*сар*» түлғасында қолданылатынын байқау қиын

50. Лауланбекова Р. Т. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты (сын есім + зат есім үлгісі бойынша). Астана, 2006. 37-бет.



емес. Топономист Е. Қойшыбаев «сар» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, кең, негізгі, басты» деген мағынада жұмсалатынын айтады. Ал, Р. Сыздықова «сары алтын» тіркесіндегі *сары* сөзінің мағынасы *қоспасыз, таза*, ал «сары уайым» дегендегі «сары» сөзі парсы тілінде *уайым, қайғы* екенін айта келіп, «сары уайым» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болып, бала-шаға, бекер-босқа сияқты бір сыңары парсыша – *уайым (сар)*, екіншісі – қазақша *уайым* сөзінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», – дейді.⁵¹ Сондай-ақ «сары алтын» тіркесіндегі «сары» сөзінің негізгі мағынасы «таза», «шынайы» екендігінде дау жоқ, ал «сары уайым» тіркесіндегі «сары» сөзі түсті білдірмейді, плеонастық тіркес те емес. Себебі, «сар (ы)» сөзінің түркі тілдеріндегі бір мағынасы – «шын», «нағыз». Е. Қойшыбаевтың «сары» туралы «айқын», «анық көрінген», «басты» деуі біздің мысалдарымызды көркейте түсетін қисынға жақын. Осыған орай «сары уайым» – «негізгі, анық уайым», ал «сарыла күту» – «шыдаммен, нағыз күту» дегенге саяды. «Сары» сөзінің «нағыз, таза» деген мағынасының барлығын тарихшы ғалым Х. Көктәнді де *сары* сөзіне берген талдамасында анықтайды. Ғалым *сары* сөзінің түбірін *са/со* деп бөліп алып, «са» түбірі *дала* деген ұғымды білдіретінін айтады. Кейбір тарихшылар *сары ұйғыр* дегенді *көне ұйғыр* ұғымын береді деген пікір айтады.⁵²

Бұл, асылы, *таза далалық ұйғыр* деген сөз. *Ра* – *таза*, *шын* деген сөз. *Со* – *дала, со сөзі, салқар (с/ш), сақара* деген сөздердің түпкі буынында сақталған. *Сайын* сөзі жеке тұлғасында ұғынықсыз болған соң, кейін халықтың өзі *сайын дала* деп калькалық тәсілмен көшірме аударма жасаған. Осы күнге дейін бұл екі сөз қосарланып айтылады. «Сары» түс туралы ғылымда белгілі-белгісіз жорамалдарға тереңдемей-ақ, өзіміздің солтүстіктегі Есіл бойының топонимикасының мысалдарына көз салып, ой-

51. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Мектеп, 1980. – 125-бет.

52. Көктәнді Х. Аспан мен даланың арасындағы ұмытылған тарих. М.: Қасиет, 2001. – 462-бет.



ланып көрсек...*Сары+қамыс, Сары+май, Сары+оба, Сары+өзек (2), Сар+өлең+ағаш, Сары+терек, Сары+айғыр, Сары+ат+сойған, Сары+бай+жұрт Сары+байтал, Сары+бас, Сары+бауыр, Сары+бие, Сар+ала+айғыр, Сараланың үйірі, Сары жабағы...* Тізімді одан әрі жалғастырып, туған өлкеміздің тарихынан тамыр тартқан көңілге тоқ, көркем атаулардың үлгісін ұсынар болсақ: *Ақбайтал, Аққойлы, Ақөгіз, Алаатөлген, Алабие, Алаатөлген, Алабие, Аткескен, Атшаптырған, Бозат, Бие сойған (3), Бота, Ботажеген, Ботантай, Ботатуған, Бұзаужығылған, Бұзауқырған, Бұзаусойған, Бұзау сүйегі, Қара бұзау, Қара жабағы, Қара құнан, Қарала айғыр, Қарала жабағы, Қарасиыр, Торы бие, Торыбиеөлген, Қоңырбұзау, Қоңырқасқыр, Қоңырлан, Көкалабие Көкаяқ, Көкбайтал, Көкбиеөлген, Көки, Көкөгіз, Күреңайғыр Қызылат, Шабдар ат, Шошқалы (5), Шұбарбие, Сиырқырылған, Сиырөлген, Сиырсалған, Төрт өгіз, Түйе байлаған көлденең, Түйе боз, Түйе өлген (2,) Түйес ойған, Түйе қамыс, Қозыбайыс, Қозыке, Қойағаш Қойбағар (5), Қойбағардыңашасы, Қойбас, Қойғақ, Қойгелді, Қойқырған, Қойқырыл, Қойқырылған, Қойлыбайқонған, Қоймақойған (4), Қойөзек, Қойсалған, Қойсойған, Қойсойғаншоқы, Қойтал, Қойшыбайдың Ескіқыстауы, Ешкіқырған, Қызылат, Жорғаат, Жылқыалған, Жылқыөлген, Тайжүзген, Тайлақ, Тайлақжеген, Тайлыбай, Тайсойған...*

Бұлардың бәрі – ерте кездегі қазақ ауылдарының, қыстаулары мен күзектерінің атаулары. Ата-бабаларымыздың кәсібі мен тұрмысы, салт-дәстүрлері, қоршаған ортаға қатынасы, дүеиетанымы мен мінез-құлқына дейін ақпарат беретін өшпес құжаттар

Талдыкөл, Талдықарасу, Талдықыстау, Талдыөзек, Талкестірген, Талқыстау, Талмаш, Терек (4), Терекағаш, Терекбайлағанағаш, Терекқарасу, Терекқыстау, Терект (3), Теректіағаш (3), Терекше алтүбек, Тауағаш, Қазанкөмген, Қазанқойған, Қазанқойма, Кеңарал, Кеңаралағаш, Кеңөзек, Кеңөлең, Кеңтоғай, Кеңшабыс, Кеңшоқы, Күйген, Күйген жұрт (4), Күйгенкепе (8), Күйгенқыстау, Күздік, Күздікағаш, Күздікағаш, Күздікқарағаш, Күзек, Құдық, Құдықағаш (2), Құдыққазған, Құдықтомар, Құдықты, Құ-



дықтыағаш (2), Құдықшілік, Құдықшоқ, Құдықшоқы, Қуарған шоқы, Қужақ, Қуқазық, Қуқамыс, Қусақ (6).

Түз аңдары болғандығы

Арқаркөл, Арқарандыз, Арқаркөл, Аюбасқан, Аюқамаған, Аюлықаратал, Қарғалы, Бұлантал, Бөрілі (2), Борсықағаш, Жыланды, Итемір, Итсары (3), Қасқыр қамаған, Қасқырлы (3), Қоңырқасқыр, Түлкіалған, Түлкішықпас, Тұзаққұрған, Тұйғынтүскен, Шағалалы, Шәулі ұстаған, Шошқалы (5), Үкі атқан (3), Үкілі.

Байқап отырсақ, қазір «қыстау» деген апеллятив-мекен жойылуға таяп, олардың орнын ауыл, село, кент, поселке деген атаулар басқан кезде, «тарихи топонимикада» 30 мәрте сақталып қалған «жұрт» атауы, немесе 31 рет аталып отырған «көң», 13 рет қайталанған «кепе», 5 рет жазылған «қоныс» атаулары қазіргі ұрпаққа таныс емес болуы мүмкін. Бұл сөздердің архаизм қатарына қосылып, сөзіктерде ғана кездесетініне таң қалуға болмас. Бұл да қазақ тарихының, әсіресе осыдан 150-200 жыл бұрын қазақ даласының солтүстігін мекендеген бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін мәдени есерткіштер деуге болады. Ғылыми-танымдық құны жағынан археологиялық қазба жәдігерлерден бір де кем түспейтін бұл құнылықтарды ұмытуға немесе ұмыттыруға болмайды.

Жақсы мен жаман

Жақсықызыл, Жаманағаш (2), Жаманжан, Жаманқара, Жаманқонған, Жаманқұдық, Жаманқыз, Жаманөзек, Жамантал, Жамантерек, Жамантомар (5), Жаманшілік (4), Жаманшоқы, Жаманшұбар (3), Сұлуағаш (2), Сұлужал, Сұлукөл, Сұлұқызыл, Сұлүзек, Сұлутомар (5), Сұлұшоқ, Сұлұшоқы (3) деген атаулардың әрқайсысы-ақ, көңіл аударуға, ерінбей зерттеуге тұрады.

Бас пен аяқ

Басағаш (3), Басбұлақ, Басқызыл (4), Басқызылағаш (2), Баспаекескен, Бастал, Басшоқы, Басыбай, Басынкескен, Аяқағаш, Аяқкөл, Аяққарасу, Аяққызыл (6), Аяқтал (3).



Үлкен-кіші, Жуан мен жіңішке

Қалыңағаш, Қалыңқызыл (3), Қалыңөзек, Қалыңтал, Қалыңтұмсық, Қалыңшоқы, Кіші Керейқонған, Кішіақсораң, Кішімтоғай, Кішкенекөл, Кішкенекөпа, Кішкенемүйіс, Кішкентайшоқы. Үлкенәқсораң, Үлкенқондыағаш, Үлкенқона (2), Үлкентоғай, Үлкеншоқы (2), Үлкенқаратерек, Жалпаққарасу, Жалпаққызыл (3), Жалпақтал, Жалпақшілік, Жуанағаш (3), Жуанқайың, Жуаншоқы.

«Ащы-тұщы» көлдер

Облыс аумағының жаратылыс ерекшеліктеріне қарай көл атауына байланысты топонимдер жиі кездеседі. Бұлай болатын жөні де бар, өйткені ресми дерек бойынша Солтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан аса көл бар. Олардың жалпы ауданы 4800 шаршы шақырым. Қазақстанның солтүстік облыстары арасында ең көлі көп осы облыс аумағының 9 пайызын көлдер алып жатыр.

Көл атауларында түркілік гидронимдер басым болғанымен, славян текті атаулар да баршылық. Бұл арада соңғыларының қазақша атауларға қосақталып та айтыла-жазыла беретінін ескерткеніміз жөн. Және де орысша атаулардың кейінде, шамамен ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағаны тарихи тұрғыда дәлелденген. Мысалы, Ресей үкіметі тарпынан 1901-1908 жылдары арнайы есепке алынып, тіркелген елді мекендер арасында, көлдерге байланысты атаулардың – гидронимдердің бірде-біреуі орысша емес екені көңіл аудартады. Бұдан шығатын қорытынды, кейін орысша аталып кеткен көлдердің әуелде қазақша атауы болғандығы, кейін Ресейден қоныс аударған келімсектердің көшіп келіп, иемдене бастауына байланысты ғана өзгергені деп пайымдауға болады.

Су қоймаларының айқын байқалған сыртқы бейне-бітімі немесе суының тұздылық құрамы, суда тіршілік ететін жандықтардың түрі-тегіне қарай, немесе сол көлдердің жағасына салынған қыстау-күзеу түріндегі елді мекеннің атына қарай қазақша атын өшіріп, жаңаша атаған. Көлдердің байырғы қазақша атауына тоқталмай-ақ, мысал ретінде бірнеше орысша гидронимді келтірсек те жеткілік-



ті. Мысалы: *Горькое, Соленое, Пестрое, Кривоозерное, Питное, Широкое*. Кейде көл атауларында меншік иесіне тәндік белгісі де байқалады: Плеханово, Пономарево, Шитово, Марушкино т.б. Бірқатар көлдер сол аймақта өсетін өсімдік түрлері мен мекендеген жан-жануарлардың түріне аталған: *Камышиное, Рогозянка, Волчье, Собачье, Кобылье, Кояндыколь*.

Солтүстік Қазақстан облысындағы көлдердің ауданы орта есеппен бір шаршы шақырымдай және мұндай көлдер 10 пайыз. Ал, жеке-жеке қарастыратын болсақ, ауыз толтырып айтарлық үлкендері де, есепке алуға тұрмайтын ұсақтары да аз емес. Айталық, ең үлкен деген көлдің беті 750,3 шаршы шақырым болса, одан кішіректері 29,8 шаршы шақырым. Мысалы, ең ірі деген: *Сілетітеңіз, Үлкен Қарой, Теке, Кіші Қарой, Қалибек, Имантау* көлдерінің су қоры 4 миллиард текше метрден асады. Олардың ішінде Шағалалытеңіздің суы 600 миллион текше метр, Имантау –279, Саумалкөл –99 миллион текше метр. Тағы бір ерекшелік сол, облыстағы көптеген елді мекендер сол ащы көлдер мен тұщы көлдердің жағасынан қоныс тепкен. Көлдеріміз қамысты, қалың өсімдікке бай келеді, көлдердің түбінде өсетін өсімдіктер дүниесі, шөккен мол шымтезек қоры да бағалы байлық болып есептеледі.

Жаманкөл, Мәңгісор, Қисықкөл сияқты су қоймаларында емдік саз балшық кені баршылық.

Сулы жер – нулы жер, деп ежелден халқымыз айтқандай, қатар-қатар көлдердің жағасына 30-дан астам құс жыл сайын ұя салады, ал осыншама балық қорының халық игілігіне тигізер пайдасы да өзінше.

Көлдердің аталуы да қызық және белгілі бір иесіне тәуелділік, немесе антропоним түрінде атрибуты жалқы есім түрінде, балығы бары-жоғы; балығының атауы: атрибут бөлігі анықтауышпенкелетіндері: *Жанакөл, Ұзынкөл, Жалтыркөл*, суының ащы-тұщылығы; *Сасықкөл*, бітімінің сыртқы көрінісі, терең-тайыздығы: *Аяқкөл, Көтенкөл*, маңайындағы өсімдіктер дүниесіне қарай; жан-жануарлардың көптігі немесе аздығына қарай: көлдердің сандық есімдері, т.б.



Бір деректерде облыс аумағында 3,5 мың көл бар делінеді. Әрине, бұлардың ішінде сырт бейне-бітімі көлге ұқсас, шын мәнінде «көл» атауына толық жауап бере қоймайтын табиғи нысандар да баршылық. 1901 қағазға түсіріліп, 1908 жылы қайта қаралып, толықтырылған санақ мәліметінде осы өңірдегі қазақтардың меншігі саналған көлдердің тізбеге түсіргенде олардың алтауының ғана атауы антропоидроном түрінде, меншік иесіне телінгені анықталды: *Ақастың көлді, Ақжанның көлі, Бекболаттың көлі, Бөрінің көлі, Жаншораның көлі, Өтетілеудің көлі.*

Талдап отырсақ, тізімге алынған 2544 қыстақ атаының (ойконимдердің) ішінде қазатың меншігіне тиген көлдердің мұнша аз болуы (48 ғана) ойлантады. Бұл кезде, қазақ жерлері түгелдей «мемлекет меншігіне айналып», билік орындарының арнайы кесіп-пішіп, қағаздап берген жерлері ғана есепке алынған деп топшылауға болады.

Ақаскөл (2), Ақбаскөл (2), Ақжанкөл, Арқаркөл, Батпақкөл, Бекболаткөл, Бөрінің көлі, Жалғызкөл, Жаншора көлі, Жаңакөл, Жаркөл (2), Жекекөл (2), Кішкенекөл, Көлдікөл, Көтенкөл, Қаракөл, Қоскөл (8), Құркөл, Майлықөл, Өтетілеу көлі, Сарыкөл (2), Сұлукөл, Тазкөл, Тереңкөл (4), Төре көлі (2), Улыкөл, Шағалалы, Шұңқыркөл (3).

Байқап отырғанымыздай, мал өсіретін қазақ үшін тұзды, ащы көлдер қоныс болмаған. Қыстақтар қатарында тек бір ғана «Улыкөл» аталады, бәлкім, солай аталғанымен суы ащы болмаған шығар.

Жергілікті халық, осы ерекшеліктің өзіне назар аударып, олардың атауын өзінше айыра белгілеп қойған. Айталық, жазда, әсіресе, құрғақшылық жылдары суы азайып, тіпті кей жерлерінде түбі көрініп жататын көлшіктер «қайраңкөл» деп аталса, біздің облыста қазір, немесе соңғы жылдардағы тіркеу бойынша 12 «Қайраңкөл», 7 «Құмкөл» бар екен. Бұл көлдердің суы азайып, «қайраңы» көрініп жатуы кейінде, айталық соңғы 50-60 жылдан бері болса керек.

Неге десеңіз, «тарихи топонимикада» бір ғана «Құркөл» болуы бірде-бір «Қайраңкөлдің» кездеспеуі осыны көрсетеді. Яғни ол кезде суы болған, «қайраң» немесе «құм» деген атауларға тиісті сыртқы белгіден ада деген сөз. Демек,



жер-су атауларының тарихтан хабар беретіні, ата-бабаларымыздың бізге жазып қалдырған ескерткіш хаты екендігі, осы бір ғана мысалдан да көрінеді екен.

Өлкеміздің этнодемографиялық ерекшеліктері топонимика қорына да таңба салғаны көрінетінін айттық. Енді осы топшылауымызды нақты мысалдармен кестелейтін болсақ, қазіргі заманда облыс аумағындағы ащы көлдер тұщы көлдерден көбірек көрінеді. Айталық, қазақша «ащы» деп аталған көлдердің саны 30 болса, бұған «тұздыларды» (4), «сортандарды» (5), «сасықкөлдерді» (5), қоссақ та, орысша 51 «солёное» мен 22 «горькое» маңайын да көрмей қалады. Бір ғажабы *тұщы* көлдердің атауына анықтауышы қойылмайды екен. Ал, орысшасында суы ішуге жарайтындары мадақталып, «пресное» 9, «питное» 12, «сладкое» 5 болып кете береді. Терең көлдер, жалпақ көлдер, шайтанкөлдер, талды немесе шілікті көлдер қазақша өз алдына, орысша өз алдына аталады. Бұл арада көлдердің атауының аударылмай, екі тілде дербес, жарыса қолданылатыны да қызық. Демек, топоним дегендеріңізді оп-оңай аударып, немесе бұрмалап айта қою оңай емес екен. Мысалы, орысша «старое» деген 10 көл болса, қазақша бір ғана «ескікөл» аталуы да қызық құбылыс. «Ақ» көлдер мен «светлое» көлдері туралы да осыны айтуға болады. Бұл арада әр этностың қоршаған ортадан алынған ақпаратты өзінше қорытып, қабылдайтын ерекшеліктері туралы сөз болуға тиіс. Осыған мысал ретінде «Балықтыкөлдердің» 8 ғана, ал «Рыбное» көлдердің 24 екендігін айтсақ та жеткілікті. Қазақ өзге ұлттарға қарағанда балыққа онша жерік емес қой. Сол сияқты орысша «Лебедь» аталған 14 көл болса, «Аққуөлген» деген бір ғана көл кездесті. 19-ғасырдағы бір әдеби нұсқада Сібір халықтарының аққуды атып алып, оның терісі мен мамығынан ақсүйектердің әйелдері үшін сәнді баскиім тігетіні жазылып, бұл өзі адам таң қалғандай, қызық мысал ретінде көрсетілген. Әрине, бұл қазақ салтына жат үрдіс, сондықтан ұлттық топонимиядан да көрініс таппауы заңды құбылыс десек болғандай.

Адам баласы, сыртқы ортаны сезім мүшелері арқылы сезіп, айталық, көзбен көргенін қорытып, өзінше бағалап,



ерекшелігін таңбалап, жалқы есім ретінде атап, есте сақтауға тырысатын саналы тіршілік иесі ғой. Алыстан көрген бетте-ақ көлдің сырт бітімін шамалап қисық болса – «Криво» деген 39 көл, ал, дөңгелене бітсе – «Круглое» деп 34 көлге орысша ат берген екен. Ал, қазақша қисық немесе дөңгелек көл деген атаулар жоқтың қасы. Оның есесіне көлеміне қарап, мөлшерлеген «Үлкен көлдер» елуге тарта, ал «кіші» сын есімі 38 көлге, «кішкене» сын есімі 34 көлге таңылуы да тегін емес. «Қамысты» деп аталған көлдердің саны орысша- қазақша шамалас.

Табиғаттың осы сыйы топонимдерден ерекше көрініс тапқанын қысқаша қызықтап қана тоқтайыз. Әйтпесе, аймақ гидронимдері талай ғылыми зерттеулерге арқау болғандай әрі бай, әрі қызықты. Бұдан жүз жыл бұрын да, қазір де көлдердің бірінші әлеуметтік сипаттамасы, әлбетте, суының ащы-тұщылығы, азды-көптігі, адам мен малға суын азық болатын-болмайтыны. *Ащылы, Ащылы Қаратал, Ащылыағаш (4), Ащылықарасу, Ащылықызыл, ащыөзек (2), Ащылысай, Ащылытал (3), Ащылышілік, Ащылышоқы (2), Бүйрекащы, Кемеращы, Кенащы* дегенде, көлмен іргелес сортаң, ащылы топырағы бар жерді де мезгеген.

Жалғыз, екеу, үшеу...көп

Жалаңшілік, Жалғызағаш (2), Жалғызкөл, Жалғызқарагай (9), Жалғызқұдық (3), Жалғызтерек, Бірқызыл, Егізбай, Қос қаратал, Қосағаш, Қосағаш (Бұрыл), Қоскөл (8), Қосқабат, Қосқаратал, Қосқызыл, Қосми, Қоспақтал, Қоспақшығыз, Қостіккен, Қостомар, Қосшілік, Қосқарағаш, Үшкеліншек, Үшкөл, Үшқарағаш, Үшқарасу (2), Үшқұдық (3), Үшқызыл (4), Үшотау, Үшсала (2), Үштаған (2), Үштау, Үшшоқы, Төртарал, Төртіккен, Төртөгіз, Бесағаш (2), Бесқарагай (4), Бесқұдық (3), Бестал (2), Бестамас (3), Бестерек (5), Бесшошақ, Жетіқұдық, Жетісай, Тоғызбай, Тоғызбөлек, Тоғызтоқпақ, Қырыққұдық (4), Қырықтал, Жүзбай, Көпқұдық, Көптал, Мыңшұңқыр.

Аймақтың этнодемографиялық ерекшеліктеріне қарай туындаған *Орыс жатқан, Орыс келген ағаш, Орыс қонған, Орыс құрған, Орыс сүйегі, Орыс томары, Орыс шоқысы*



деген атаулар азайып, тіпті жоғалып (Айыртау ауданына қарайтын Құсбек көлінің оңтүстік-шығысындағы *Орысбай* деген жер аты мен Мамлют ауданындағы Новомихайловка селосының солтүстік-батысындағы *Русское* көлінің атауы сақталған.-авт.) кеткен. Әйтеуір, көне тарихтың ескерткішіндей, башқұрт, мордва, неміс, поляк, өзбек, қалмақ, татар ұлтарына байланысты жекелеген этнонимдерден жалған атаулар сақталған.

Жаңасы да, ескісі де баршылық

Ескіжұрт (3), Ескікөң (25), Ескікөң, Ескікүздік, Ескіқора, Ескіқыстау (8), Ескіөлең деген атаулардың жиі кездесетіні де үйреншікті жағдай сияқты. Шынында да солай ма. Мысалы, осы «ескілі-жаңалы» топонимдердің өзге ұлт тіліндегі жиілігіне назар аударсақ, белгілі-бір типтік жағдайды байқауға болатын сияқты. Облыстағы жер-су атауларының, елді мекендердің қазіргі жайына көз салсақ, «*Ново-жаңа*» деп басталатын 39 топоним бар екен және олар түгелге жуық, елді мекендер, тек бір көл мен бір төбешіктің ғана «жаңа» екені байқалады. Осыған керісінше «*старо-ескілердің*» саны 15, бұлардың екеуі ғана қоныстар. Қалғаны көлдер, батпақтар, құрөзектер. Осы екі мысалдың өзінен тағы бір қорытындыға келуге болар еді. Әр ұлттың өкілдері бір табиғат аясында өмір кешіп, қоршаған ортаны қабылдауда да ұқсас талғам танытады екен.

Бұл арада ұлттың талғамы, ұлттық ерекшеліктерге ғана тән сараптау және екшеу үрдісінен жаңылмайтын мінез байқаймыз. Яғни топонимдерден халықтың тұрмысы, этномәдени тіршілік салты жаңылмай, көрініс тапқан.

Мысалы: *Шешемтүскен, Төлепбергентуған, Қырыққұдық, Қойсойған, Қояншықпас, Талдықыстау, Болысқыстаған, Атабайдың Қаратерегі, Сарқанның Орағашы, Құлтуманың шілігі* т.б. басқалармен шатыстыруға болмайтындай, нағыз қазақы құдықтар, қыстаулар, теректер, шіліктер екенін қиналмай танысыз.

Топонимдердің шығу тегін анықтау мәселесі – тілшілер мен тарихшылардың, этнографтар мен географтардың, жаратылыстанушылардың ізденістері үстінде жемісті болатын



күрделі де қызықты шаруа, өзіндік жүйесі, тәртібі бар ғылыми-зерттеу үдерісі. Қалыптасқан бейнелі аталымды тек тілдік талдау әдісімен саралау жеткіліксіз, сонымен қатар тарихи және географиялық дереккөздерін кеңінен пайдалану қажет. Тілдік тұрғыдан талдау көп жағдайда топонимдерді екі жақты түсіндіру сияқты мүмкіндіктерді береді, ол үшін аумақтың тек табиғи ерекшеліктерін білу жеткіліксіз, сондай-ақ жергілікті жердің табиғи тарихымен бірге әлеуметтік-шаруашылық тарихын, мекен иелерінің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білу арқылы ғана барынша шынайы этимологияға жақындап, ғылыми жүйелі қорытынды жасауға болады. Ежелгі заманнан осы кезеңге дейін жеткен көптеген топонимдік аталымдар бірнеше мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келеді. Кейде кейбір топонимдік атаулардың басқа реңк алып, өзгерген түрде жетуі де тарихи факт. Немесе топонимнің *уәжі, негізі* болып табылатын аталымдардың *мағынасы, семантикасы* қазіргі қолданыста басқа мағынаға, семантикалық өріске ие болуы, тіпті танымастай өзгеріске түсуі әбден мүмкін, сондықтан бүгінгі ұрпақ кейбір қала, ауыл, елді мекен немесе өзен атауының беретін мағынасын біле бермеуі, түсінбеуі шындық. Мысалы, *Жел+қызыл (7), Жоң+қызыл, Кепе+қызыл, Көлденең+қызыл (2) Қалың+қызыл (3), Орта+қызыл, Қожа+қызыл, Қос+қызыл, Құрықты+қызыл, Қыз+қызыл, Қызылат, Қызылкүйген, Қызылқұм, Қызылмөңке, Қызылой, Қызылөзек, Қызылтал (3), Қызылтау, Қызылтоғай (2), Қызылтомар, Қызылшілік (2), Қызылшоқ, Қызылшырпы (2), Қылқалықызыл, Миқызыл*, деген атауларға қызыға қараған бүгінгі ұрпақ, осынау жеке сөздердің астарында қандай қастерлі түсінік жатқанын аңғарсақ қой! Осыларға қызығып, сырын білуге ұмтылу, майдан қылшық суырғандай, тау-тастан кен іздегендей, тамсана-таңдана талпынып, іздесек қана отан-сүйгіштігімізге айғақ болар еді.

Өзірше білетініміз – «қызыл» сын есімі көркемдіктің, жан жадыратар жылудың, тіпті қызудың баламасы, құштарлыққа бастайтын қызықты түс. Жоғарыдағы «қызылдардың тізімге түскеніне бір ғасырдан асса, қазіргі жағдайы қалай екен, деп те қарадық. Қазақша 27 топоним



«қызылдан» басталады екен де, күрделі сөздің екінші компоненті ретінде (Аяққызыл, Қалыңқызыл, Көлденеңқызыл т.с.) түрінде дәл қазір үш рет қана кездесті. Ал, орысша «красно...» 38 рет тіркелді және басым көпшілігі коммунистік «қызылдар». Қазақшада төрт «Қызыл ту» және бір «Қызыл жұлдыз» және бір «Қызыләскер», бір «Қызыл шопан» ғана, қалғаны —4 сор, 2 томар, екі оба, болса, орысша «қызылмен боялғандардың» қатары қалың болуы да тегін емес.

Әрбір топонимдік атаулар кең көлемдегі тарихи ақпаратты береді және шығу, қалыптасу тұрғысынан қандай тілге және ұлтқа тиесілі екендігі, халықтардың көші-қоны, аймаққа қоныстану тарихы, атаудың пайда болуы, өзгеруі, мағыналық беретін мазмұны туралы мәліметтерді алуға болады. Сол сияқты оған топонимдерді бір тілден екінші тілге жазу, ауыстыру да жатады. Бұл дегеніміз топонимика бірқатар ғылымдар үшін, мәселен, тарих, әлеуметтану, география, лингвистика, этнография сияқты ғылымдар үшін өте маңызды мәнге ие болады деген сөз. Оның ішінде бірінші кезекте жалқы атаулар тіл мамандарының өте мұқият назар аудару нысанына айналады. Оның себебі кез-келген атау жанды немесе жансыз табиғаттың қандай нысанына – адамға, жануарларға, өзен, көлдерге, ауыл-аймаққа және т.б. байланысты болуына қарамастан, бұл – аталым. Ал, аталым ретінде ол тіл жүйесіне енеді, тіл заңы бойынша түзіледі, белгілі бір заңдылық бойынша атауға айналады және одан әрі тілдің заңдылықтарымен өзгерістерге ұшырайды.

А.. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі, филол. ғылым. докторы О. Жұбаева «А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы» деген мақаласында А. Байтұрсынұлы еңбектерінде когнитивті лингвистика туралы аталмаса да, «сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан» ретінде тілдің ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратыны айтылатынына назар аударған. Яғни, адамның сезу мүшесімен қабылданған білім, ақпа-



рат «...тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізілетіндіктен, Ахаң: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарайды. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [1, 343-б.]. Көптеген лингвистер, психологтар мен философтар тіл мен объективті дене түріндегі нысан арасында «когнитивті» деп аталатын тағы бір аралық деңгей бар екеніне назар аударуда⁵³.

Пәнаралық сипаты бар бұл құбылыстың ономастика тәжірибесіне, әсіресе, топонимикаға тікелей қатысы бар екендігіне зерттеу барысында көз жеткіздік. Адам, өзін қоршаған ортадан алған мағлұматты өзінше қорытып, оның сыртқы пішін-бейнесіне, осы тектес басқа нысаннан айрықша белгісіне, сол тұрған жерінде қандай қызмет атқарып тұрғанына, осының бәрін жиып, қорытып келіп, көрушінің сезіміне, зердесіне, психологиясына... қандай әсер еткеніне қарай атау береді. Бұл арада салыстыру, шендестіру, байланыстыру әдіс-тәсілдерінің бәрі қолданылуы мүмкін. Ал, сол нысанды «салыстыру, шендестіру, байланыстыру...» үшін үлгі, нобай ретінде не алынуы мүмкін? Әрине, сол адамның өзіне жақсы таныс, күнде көріп жүрген, қолданып, сын-сынақтан өткізіп жүрген заттық бейнелер, мысалы, адам, жан-жануарлар, өсімдік әлемі т.с. ны-

53. Молчанова О. Т., «Пропримальная номинация в свете когнитизма». Вопросы ономастики, 2009. С.47-51.



сандар және олардың дене мүшелері алынуы мүмкін.

Қазақ даласында, бас, төбе, иек, иық, иін, бел, жота, қолтық, сырт, арт, жаға, мойын, аяқ, қабырға, ауыз, бүйрек, жүрек т.с. сөздердің қатысуымен жасалған жер-су аттары кездеседі. Бұлардың бәрі адам мен жануарлардың дене мүшелері, немесе олардың бітім-бейнесі. Топонимдердің мағналық жағына назар аударғанда, қазақ сол нысанның *бас, төбе, иек, иық, бел, жота, қолтық, жаға, мойын, аяқ, қабырға, ауыз, бүйрек... деп аталуына қарап-ақ, көрмесе де, көзге елесетеді*. Ал, бұлардың мағнасының когнитивті екендігін түсіндіріп жату артық болар. Себебі, «бас ағаш», «бас бұлақ» десе, олар адамның немесе малдың басы емес, белгілі бір ерекшелігі бар ағаш пен бұлақ, «қабырға терек» пен «бүйректал», немесе «кең қолтық» пен «қылта...» да осындай. Табиғи нысанды көрген бетте адам, әуелде өз ұғымына оңай сиғыза алмай жайсызданады («когнитивті әрекет» дегеніміз осы жайсызданудан, қиналыстан туған арнайы атау.-авт.) сол нысанды жан-жақты бағалап, өзіне қолайлы ат қойып алады. Тілші-ғалымдар когнитивті семантика теориясына негізделген когнитивті әрекетті сатылап, дәрежелеп, адамның түйсіну, ойлау, ой қорыту қабылеттеріне қарай жіктейді, әрекет деңгейін, тездігін, сипатын түсіндіреді. Ғылым ретінде қызықтырғанымен, біз бұл мәселеге тоқталмаймыз, когнитивті семантиканың нәтижелерін өз өлкеміздің топонимикасынан алған мысалдармен топшылаймыз.

Жалғызкөл, Жаркөл, Құркөл, Майлықөл – көлдердің саны, жағалауының ерекшелігі, суының азы-көптігі, адамға, жан-жануарға жайлылығы. Қазақтардың жер-су атауын таңдағанда жиі кездесетіні – бірден сыртқы көрінісі, түрі мен бояуы екен. Мұдай жағдайда адам көп ойлап-толғана қоймайды, көзбен көргенін бірден қабылдап, когнитивтілікке ұрынбау үшін, оңай әдіс іздеген және тапқандай әсер қалдырады. Мысалы: *Көкшалғын, Көкшеағаш (3), Көкшетал, Көкшілағаш* десек, мұндағы атаулар бір ғана шалғынға, немесе ағаш пен талға қойылған ат емес, сол маңайға, сол ортаға қойылып, айшықты, бедерлі-ау деген белгісін таңдау арқылы логикаға жүгініп, түсінігін тиянақтаған. Ал, мына мысалдағы қатарланған «қызыл»



түстерді біраз ойланбай, ақыл жүгіртіп, салыстырмай, қолданылған теңеулер, бояулар мен сипаттамалар екшемей ой қорыта салу оңай емес сияқты: *Жонқызыл, Кепеқызыл, Көлденеңқызыл, Қалыңқызыл. Алыстан құбылып, қызара, шуақтана көрінген орман-тоғайлардың түсі, әсте, қызыл емес (күзгі сары, күрең, қоңыр жапырауларды айтпағанда), бірақ көз тойғандай көркем. Жонда тұрған тоғай, жер үйдің маңында тұрған тоғай, көлденеңдеп көрінген тоғай, қарауытып, қалың көрінген тоғай т.с.с. Көзбен көріп, қабылдауға біршама жеңіл, бояуы қанық болмаса да, түрлі-түсті әсер қалдыратын Сары+оба, Сары+өзек, Сары+өлең+ағаш, Сары+терек топонимдері көңілге бірден қонып, ата-бабаларымыздың жер бетіне сары бояумен салып кеткен өрнегіндей әсер қалдырады, ұмыттырмайды, адаспайсың да. Ал енді Шешем түскен, Төлепберген туған, Қой сойған, Қоян шықпас, Талды қыстау, Болыс қыстаған мекендердің атауы есту бойынша, жұрт аузында қалған әуезе-әңгімені қорытып, топшылау арқылы ел арасына тараған атауларды, соларға байланысты болған оқиғалар мен құбылыстарды бірден естен шығара қою оңай болмас. Бір кезде орын алған оқиғаны, адам әрекетін, қазақтың ата кәсібімен ажырамас бірлікте, ұмытпастай етіп шегелеген атаулар мынадай-ақ болар: Сиыр салған, Төрт өгіз, Түйе байлаған көлденең, Түлкі алған, Қасқыр қамаған, Үкі атқан, Күйген қыстау, Кең арал+ағаш т.с.с.*

Топонимдерді талдап отырғанда, көзге түсетіні – адам баласының өзі назар аударып, көз тоқтатқан нысанды басқалардан оқшаулап, бөліп алып сипаттайтын қабылеті. *Үлкен қона, Үлкен тоғай, Үлкен шоқы, Үлкен қара+терек, Жалғыз қарағай, Жалғыз құдық, Жалғыз терек, Бір қызыл, Егіз+бай, Қос қара+тал, Қос+ағаш, Қос+көл, Қос+қабат, Қос+қызыл, Қос+ми, Қос+пақ+тал, Қос+пақ+шағыл, Сұлу+жал, Сұлу+көл, Сұлу+қызыл, Жалпақ+қара+су, Жалпақ+қызыл, Жалпақ+тал* тағы басқа мысалдар осы қағидаға жеткілікті дәлел бола алады деп ойлаймыз. Өзі мекен еткен, мұңсыз-қамсыз тіршілігіне құтты қоныс болған өлкенің өткенінен хабар беретін, бәлкім, мәңгі ұмытылмастай орныққан атаулар топонимиканың тарихи ескерткіш ретін-



дегі құнын арттыра түсетінін маңызды фактор ретінде атап көрсетсек, артық емес. Сол кездегілер мен олардың замандастары біліп, еске алып қана қоймай, келер ұрпақтың санасына аманат етіп сіңірген мұндай топонимдер өте көп. Оларды былайша шартты түрде саралап қарастырсақ:

1) Оқиғалы, жасалуы күрделі атаулар: Ақжан қонған ағаш, Есенгелді жығылған, Есенәлі қонған, Есілбай түскен, Әже өлген сай, Жарқын қонған, Жәңке туған, Жүзік өлген, Дәулет қонған, Дінәлі қыстаған, Егіз қыстаған, Қалашы қонған, Қаңлы, қонған, Қарабастың көні, Кәпірге той қылған, Кебекең үй тескен, Кенжеболат қонған, Көшек қой сойған, Қойшыбайдың ескі қыстауы, Қонтай қыстаған, Қотан қонған, Құтмәмбет қонған, Майлыбай түскен, Назар қонған, Найман туған, Опанның ағашы, Оспанның қыстауы, Отарбай шоқысы, Сәлиха ауырған, Сәмеке түскен, Салпықтың қызылы, Салпықтың тауы, Салықпай шоқысы, Самайдың қызылы, Саржан шапқан, Саржаудың шоқысы, Сары қонған, Саурық кескен, Сауытбек туған, Сейітқұл қонған ағашы, Тойған қашқан, Қылды қонған, Мақпал қыстаған, Малтақ ілген, Маман қалған, Мешіт салған, Хан түскен, Шағыр қонған, Шақшақ қонған, Шәулі ұстаған т.б.

2) Белгілі бір адамның есіміне байланысты: Албан шоқысы, Бөке талы, Дүйін бұлағы, Елтінді жалы Боқайдың өткелі, Боранбайдың шоқысы, Бумаш шоқысы, Дәметей ағашы, Құлтайдың шатқалы, Құлтуманың шілігі Мезгілдің ағашы, Мезгілдің шоқысы, Мекшенің шоқысы, Мендеке шоқысы, Тәті қонған, Түйебайлаған көлденең сияқты ата-бабаларымыздың құтты мекендері бұл күнде елсіз, иесіз қалғаны да ойлантады.

3) Тек қана антропонимдерден тұратын топонимдерге негіз болған есім иелерінің ет-сүйектен жаралған қоңыртөбел пенде емес, өз заманында, өз ортасында әлеуметтік биік сатыда тұрған, ағайын-туыстың тұрмыс-тіршілігіне белгілі дәрежеде пайдалы әсері болған, қоғамдық тұлға немесе, тіпті билік-байлық иесі болғанын кәміл сеніммен айтуға болады. Өзге этностардың жөні бөлек, оларды жеке тексеріп, зерттеу керек, ал қазақ ұлтында жағымсыз қылықпен аты шыққан, беделсіз сүйкімсіз жандардың есімдері антропоним



ретінде сирек екенін, тіпті кездеспейтінін байқадық. Бұл да уақыт сыншысы, тарих таразысы, яғни халқымыздың лайықты азаматтарын тарихта таңбалап қалдырудың бір жолы десек болар.

Сонымен бірге, қазақтар көру аясындағы көп нысанды бірден тәртіптеп, жалпылап, ортақ атау беруге шебер екендігін жоғарыда келтірілген және басқа да мысалдар ерекшелейді. Сол нысандардың алып тұрған орнын бағалап, көп нысанның арасынан кейбіреуін бөліп алып, басқалармен арақатынасын қашықтық, биіктік белгілерімен бағамдап, немесе санын анықтап, көңіліне жаққан дәрежеде жалқы есім беретін мысалары да аз емес.

